

1 2005

Мәуkenқызы

8309_к

Ай

аруы



Айнаш Мәуkenқызы

АЙ АРУЫ



“АУДАРМА” БАСПАСЫ
АСТАНА – 2004

ББК 82.3 Қаз
М 37

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Мәуkenқызы Айнаш.
М 37 Ай аруы. Ертегілер.
Астана: Аударма, 2004. — 198 бет.


ISBN 9965-18-100-4

Таңгажайып тылсым сырға толы ертегілер әлемі кез келген жанның жүргегін жаулап, ғұмыр бойы өзіне тартып өтері сөзсіз. Әдебиет әлеміне жол тартқан “Ақерке”, “Ай аруы”, “Махаббат құдіреті”, “Көл бетіндегі бейінс” – адам жүргегін махаббат пен сұлулыққа, тазалыққа парасатқа баулып, орбір жаннның алдында тұрған асқақ арман-мақсатына жан-дүниесін кіршикісіз, мәлдір қалпында жеткізуге жетелейді. Нұр-шапағат, шаттықтан туратын Ғажайыптар Жер бетіне сапар шеккен “Ай аруының” кейіпкерлері өз оқырмандарының жан-жүректерін қуаныш, бақыт нұрына бөлөр деген сенімлеміз. Өйткені, жас талап Айнаш Мәуkenқызының тұңғыш кітабы жып-жылы сезімге оранған, әдемі ойларға толы.

Кітап көпшілік оқырмандарға арналған.

M 4601000000-112
00 (05) - 04

ББК 82.3 Қаз



ISBN 9965-18-100-4

© Мәуkenқызы А., 2004
© “Аударма” баспасы, 2004

*Аяулым – Айнұрыма, жиыр-
ма алты жасында көз жүмған
жалғыз сіңліме, сұлу сіңліме
арнаймын.*

Айкөлтайға – Аядан.

АҚЕРКЕ

Ертегі-повесть

Шексіз-шетсіз кең жазира өлкеде билік құрған Баһадүр хан әлемдегі ең бір құдіретті де қуатты, қаһарлы әміршілер санатынан еді. Ит тұмсығы сыналаса да батпайтын ну ормандар мен асу бермес асқар таулар, айдын шалқар көлдер қорғап, қоршап түр еді оның елін. Түгін тартса майы шыққан, асыл қазына, кен атаулыдан аяқ алып жүргісіз көз жауын алған көркем өлке көршилес хандардың көз құртына айналып, бірнеше хандықпен одактасып, күш-қуаттарын біріктіріп, сансыз мәрте соғыс ашып, жалықтырған болатын. Жер қайысқан елін жауладап, халқын табанына салып, құл мен күңге айналдыруды армандағандарымен, ел шетіне ілікпей-ақ кері қарай қашуға мәжбүр болған қаһарман қалың әскерге төтеп бере алмаған басқыншысымақтардың сардарлары мен сарбаздары қалың жыныс нұр орманда адасып, тулаған теңіз толқынында қақпақыл ойнап, асу бермес асқар таулардың етегінде сүйектері қурап қалатын. “Итке – ит өлімі” дейтін қарттар оларды немерелеріне көрсетіп.

Баһадүр ханға қарсы бас көтергендері үшін жазықты болып, өздерін-өздері кіріптар еткен хандар ақыры жалынып-жалпайып, кешірім сұрап, ат-шапан айыптарын өтеп, қаһарлы ханға өздері ерікті түрде бағынышты болатын еді. Сол себепті де бұл елге соңғы жылдары жау атаулы маңайлауды қойған еді.

Жерүйік деп аталатын Баһадүр ханның елі. Шын мәнінде ол жер бетіндегі жұмақты көзге елестететін. Көсегесі қөгеріп, жан рахатына батқан халық той-думанмен өмір өткізетін. Баһадүр хан мен оның жеңімпаз өскерлері тұрганда өздерін ешқандай жау ала алмайтынына халықтың сенімі көміл еді.

Тұн-шуақ

Баһадүр ханмен қатар халықтың сүйіктісі, мақтаныш-махаббаты оның жан дегенде жалғыз қызы, зарығып көрген сүйікті перзенті, асқан сұлу, ержүрек, қаһарман қызы - Ақерке ханша еді. Барша халық аяғына бас ұрған қызы үшін хан қеудесінен шыбын жанын ойланbastan суырып беруге даяр-тын.

Ақерке ару дүниеге келгенде тұн тұндігі түрліліп, аспаннан жерге нұр құйылып, шапағат-шуақ шашылып, бар әлем арайланып жүре беріп еді деп еске алатын көз коргендер.

Бұл сөздің төркіні тегін емес еді.

Баһадүр ханның сүйікті зайыбы Таңшолпан ханым толғатып жатқанда тұн қараңғылығын жамылған жалғыз қайыршы хан сарайының қақпасын қаққан-ды. Киімінің жыртығынан күн көрінген қайыршыға қараған бетте тұлабойын белгісіз шуақ кернеп, өзін-өзі билеуден қалған қарауыл басшысы: “Ханым өл үстінде жатқанда бейсауат жандарды сарайға енгізбендер” деген хан әмірін жадынан шығарып, қайыршыны хан сарайының төріне дейін жеткізіп салып еді.

Саналы ғұмырын қаріп-қасер, жетім-жесірge жебеуші болып, жәрдем беруге арнаған Баһадүр хан тұңғыш перзенті дүниеге келер түні құтты мекен-сарайына ақ сақалды қарттың қонаққа келгенін жақсылыққа жорып: “Лайым, ақжолтай болғай!” деп құрметті қонақ ретінде төрге шығарып, алтынмен зерленген жібек шапан жауып, барынша сый-құрмет көрсеткен еді.

Хан нөкерлері тікеден-тік тұрып күтіп, қас-қабағына қарағанымен, баса-көктеп төрге озбай, елеусіз бір бұрышқа жайғасқан диуана өзіне ықыластана назар салған Баһадүр ханға қарап, кенеттен тіл қатады: “Дүниеге қыз бала келмек. Ақерке деп қоярсындар есімін. Жан атаулының жүрегіне шапағат-мейірім ұялатқан аса дарқан, парасатты, ел анасы болады ол. Көрген көз ұялып, тіке қарай алмайтын гажайып сұлұлығы ақын атаулыны шабыттандырып өтеді өмірден. Бірақ Баһадүр хан (қайыршы қарттың өзіне хан ием я тақсыр деп құлдық ұрмай, тікеден-тіке есімін атағанын ол қаперіне алмайды: сұнғыла хан бұл қарттың тегін емес екенін ішкі түйсік арқылы-ақ сезіп ұлгірген еді), ханшаның өмірі жиырма жасқа дейін қауіп-қатер, сынаққа толы болмақ. Сақтанғайсың. Сақтанып қана қоймай, ханшаға төнер қауіптің алдын-алып, қарсы шара қолдану қажет. Жеті жасқа дейін қызынды сарайдың сыртына шығармай, көзіңнің қарашибіркүндей сақтап, күт. Жетіге толған күні жеркөктен небір ғұлама ғалымдарды жинап, қызынды әрдайым қорғап жүретін арнаулы тылсым оқыт. Сол тылсым оған жауыз күштермен бетпе-бет келген сәттерде сүйеніш, медет, қорғаныш болып, зұлымдыққа берістірмей, алып шығып отыратын болады. Бар өмірін ол өзіңдей тіршілік иесі атаулыға жақсылық жасауға арнар. Жасы отыздан асқасын қауіп-қатер атаулы біржола сейіліп, ғұмырының соына дейін бойындағы бар куатын қарамағындағы халқын көркейтіп, ғұлдендіруге

арнап, сүйген жары мен бала-шагасының арасында мамыражай, бақытты ғұмыр кешіп өтер.”

Осыны айтып, ханға қарап басын изеген қарт кенет көз алдарында ғайып болады. Қайыршы отырган жерде жарқырап, жарық нұр төгіліп, тұн тұндігі қақ айрылып, жер-әлем жарқырап жүре береді. Демін ішінен алған қалпы үн-тұңсіз қарт отырган жерге қадала қараған Баһадур хан сарайға туған қарындасты – өнері елден асқан сиқыршы Гұлсім ханша келіп кіргенде ғана есін жиып, өз-өзіне келген еді. “Сүйінші, қызы!” деген Гұлсім бірден өні өзгеріп: “Аға, неткен бақытты едің. Қыдыр бабамен дидарласып, ғибратына ие болу мәртебесі екінің біріне берілмеген. Осында… жаңа ғана Қыдыр болып кетті ғой” деп айқайладап жібереді. Сосын басын шайқайды: “Қап, көріп үлгірмедім. Маңдайым… жазылмай тұр да.” “Уайымдама, қарындастым, – дейді Баһадур хан, Гұлсім ханшаны құшақтап. – Қыдыр бабамен жүздесудің саған да сәті түсер. Есесіне, сіңлінді алғаш көрген – сен.”

Сүйген жары қиналмай, қол-аяғын бауырына алып, тұла-бойы тұңғышы дүниеге келгеніне жүрегі жарыла қуанған Баһадур хан жер-көкті жаңғырықтырып, көрген жанның таңдайын қақтырып, тамсандырған ұлан-асыр той жасады. Тойға ол ежелгі, ескі достары Теніздің ұлы патшасы мен Күн-Атаны арнайы шақырған еді.

Кен ақылдың иесі болып табылатын дара дана – Теніз патшасының есімі жер жүзіне мәшінр-тұғын. Жаңа туған жас сәбиге емірене қарап, мойнына інжу-маржаннан тізілген титімдей алқа таққан Теніз патшасы:

– Теніздей терең, дариядай сабырлы, мұхиттай түпсіз бол, балам, – деп батасын беріп, ауыздықпен алысқан арынды аттарын отты күйимеге жегіп, соңын ала жеткен Күн-Атамен төс қағыстырып амандасты.

– Ал, халайық, – деді Баһадүр хан, барша жұрттың назарын өзіне аударып. – Тұла-бойы тұңғышымның кіндік атасы Күн болса... – Осыны айтЫП, жан-жағын шола қарап, халықтың пікірін күтті.

– Табылған ақыл, – деді бәрі бірауыздан.

Бөленіп, бесікте жатқан нәрестеге мейірлене қараған Күн-Ата көкірегін кернеген қуанышын жасыра алмады:

– Ондай сенімге лайық болсам... Ақеркедей қызыма кіндік ата болудан артық мәртебе бар ма мен үшін.

Қыдыр бабаның нұсқауын Баһадүр хан бұлжытпай орындағы. Жалғыз қызын ол жеті жасқа толғанша сарайдың сыртына шығармай, жеті жыл бойы жер-көкке шабармандар аттандырып, әлемге мәшіүр ғұламағалымдарды сарайына жинаумен болды. Ақеркенің жасы жетіге толған күні әлемнің әр түкпірінен жиылған ғалымдар бас қосып, біріге отырып, ханшаны ортаға алып, арнаулы тылсым оқып, оны жамандық, жауыздық, пәле-жала, сиқыр атаулыдан арашалап, қорғап-қоршайтын қорғаныс қабатымен қоршап, бекітіп еді. “Ең сенімді тәсіл осы. Бойтұмар оқып берсек, жоғалтып алуы мүмкін. Эрі шарты – өте қыын. Ханшаға ауыртпалық түсіруі мүмкін”.

Жасы жетіге толғаннан бастап аспан аясы мен теңіз қойнауы Ақеркенің тұрақты мекен-тұрағына айналды. Кіндік атасы мен Теңіздің ұлы патшасы құртақандай қыздың көңілін аулауга бар ынты-шынтыларымен беріліп, Ақеркемен қосылып бала болып кеткендерін аңғармайтын.

– Сендей қызы бар Баһадүрдің арманы бар ма екен, – деп өзіне мейірлене қараған кіндік атасын көріп, Ақеркенің шек-сілесі қатып күлетін.

– Арманы жоқ, ата.

Баһадүр хан, расында, армансыз еді.

Құралай

Қыдыр баба айтқандай, Ақерке ханша сұлұлығы жырдастанға өзек болған асқан мейірім, шапағат иесі, сонымен қатар қалың қолға бір өзі тайсалмай қарсы шығар, қарсы шығып қана қоймай, жер қайыстырған жау әскеріне бір өзі төтеп бере білер батыр да батыл, ержүрек болып ер жетті. Қаршадайынан қырық қызын қасына ертіп, орман-тауды аралаған ханша құралайды көзге атқан аса мерген еді.

Кіндік атасы мен Ұлы Теніз патшасына қонаққа ол енді қырық қызымен бірге баратын. Аспан асты мен тулаған теңіз толқындарын сыңырлаған күміс күлкіге толтырған қырық қызы өз ханшалары дегенде шығарда жаны басқа Күн-Ата мен Ұлы Теніз патшасының сарайларында апталап, айлап жатып, мәре-сәре болып, аунап-қунап, әбден көңіл көтеріп қайтатын-ды.

— Сағындым ғой сені, — дейтін Баһадүр, қызын елжірей бауырына басып.

— Әке, мен де сені сағындым.

Баһадүр хан кейде қызын іздеп, Күн-Атаның я Ұлы теңіз патшасының сарайларына саяхатқа аттанатын.

— Тым сирек көрінесің, Баһадүр, — дейтін екеуі де. — Жерді қимайсың-ау, тегі.

Баһадүр құлетін.

— Ақерке — менің өзім емес пе. Өздерің ше. Жерліктер сендерді сарғая сағынып, дидарларыңды көруге ынтық болып, мен арқылы арнайы сөлем жолдаса да, айна-жылына бір ат басын бұрасыңдар. Оның өзінде...

— Қарағым-ау, Баһадүр, хал-жайым менің өзгеге болмаса да, өзіңе мәлім. — Күн-Атаның ақшулан қабағы түйіліп, күйіп-жанып, өртеніп өле жаздайтын. — Жер бетіне күймелетіп, күндіз келгенім — Ақерке туғандаған екен. Оның өзінде сенің сиқырлы өрісін қорғамаса,

адамдарың күлге айналып, демде өртеніп кетер еді. Тұнде болмаса, мен саған күндіз келе алмаймын ғой, – өзің білесің. Бағытымнан сәл ауытқысам, аспан асты қараң қалып, жер жүрісінен жаңылады ғой.

Ұлы Теңіз патшасы оны жымия қостайтын:

– Ой, Баһадүр, менің ұлдарымның қанаттары қата-йып, буындары бекіп, теңіз тубінде менімен қатар тұрып, аса таяғымды қолдарына алғанша… жерге барып, өзің-мен армансыз әңгіме-дүкен құрып, саятшылыққа да бір сәт бой ұрып, сауық-сайран салғанға не жетсін, бірақ… Ақжал толқындармен алысқан жолаушылар жазатайым мерт болып, суға қарық болып жатса… ондайдың беті өрман. Сәл шыда. Төремұратым ержетіп, темірқа-нннтанып, бекігесін аса таяғымды соған тапсырып, өзіңе бір қонаққа аттанармын.

– Лайым, соған жеткізгей, – дейді Баһадүр, қуана бас шүлғып.

– Е, маған ондай мүмкіндік те берілмеген, – дейді Күн, күрсініп. – Әрқайсысы өз өрісін айналып жүрген пер-зенттеріме күймемді сеніп тапсыру… Қайдам. Айрылып қалып жүрсе. Жүргім дауаламайды-ақ.

– Себебі, Күн – жалғыз, – дейді Баһадүр мен Ұлы Теңіз патшасы оған құлімдей қарап. – Алмастыру – мүмкін емес оны.

Осы сәтте сарай іші сыңғылаған күміс күлкіге то-лып, қырық қызы қоршаған Ақерке пайда болатын. Әке-сін көрген бетте қуана мойнына асылған ол:

– Әке, маған келдің бе, – дейді. – Өзім де Жерге аттанғалы отыр едім. Бірақ, әуелі ауқаттанып алмасақ, бәріміз де ашпыз. Шөлдедік.

– Қайда болдындар, қызым?

– О, білсен, әке. Керемет. Күннің бір бұрышында… Жүрші, мен саған көрсетейін.

– Қызым-ау, әуелі ауқаттанып ал, – деп Күн-Ата бә-йек болады. – Қарның аш қой.

Әке балаға сыншы. Қызының елден ерек көркем келбеті мен көрген жанды еріксіз тәнті етер кемел ақыл-парасатын көріп, көзі жеткен сайын көңіліне нұр қүйілып, Аллаға тәуба айтқанымен, Ақеркені өз тағына мұрагер етіп қалдырмаққа бекіген Баһадүр хан бәрінен бұрын қол астындағы халықтың болашағын ойладап, қызының бойына ел билеушіге қажетті ізгі де игі қасиеттерді сініруге күш салды. Оң-солын танығалы бері әкесімен бірге жорыққа аттанып, басқыншы жаудан туған елін қорғаған Ақерке ержете келе ел басқарудың қырсырына қанығып, қарапайым бұқара халықтың хал ахуалымен жете танысты. Қолы қалт етіп, босаған сәттердегі оның сүйікті ісі – қасына қырық қызын ертіп, өзен-көл, орман-тауларды аралап, арғымақ атпен сайын далада жұлдыздай ағып, туған жердің көусар ауасын сіміре жұту болатын. “Жер … қандай ғажайып, таңғажайып керемет екенін адамдар біліп, бағамдай бермейді-ау” деп ойлайтын ол кейде, еріксіз бас шайқап. Өз елінің, өз жерінің әр бұта, әр түкпірін хал-қадарынша жете зерттең, білуге, кем-кетік, олқылығын түзеп, жетістігін халық иғілігіне жаратуға үмтыйлатын.

Саятшылық құрып, аң аулағанда да Ақерке қорғансыз, әлсіз аң-құстарға садақ кезеніп, олжалаудың орнына, керісінше, оларды жыртқыш аңдардың әлім-жеттігі мен қорлық-зорлық, зомбылығынан құтқаруға күш салатын. Қасындағы қыздарды да соған баулитын. Жыртқыш аңдарға да қолы еріксіз көтерілетін – тығырыққа тірелгенде ғана. Орман тағылары оны өздерінің қорғаушы, жебеушісі ретінде танитын.

Ақерке ханша көкейін оңай олжа тескен қарақшылар қазған орға түсіп, қанға боялып, қансырап жатқан жерінен құтқарып алған аң төресі – жолбарыс оның орманға бет алғанын күндік жерден сезіп, көш шақырым қашықтықтан қарсы алатын. Алдынан шыққан бетте

басын атының ер-тұрманына салып, ханшаның тізесіне жалын төгіп, еркелеген жолбарыс жүрелеп, жата қалып атынан қарғып түсіп, үстіне қарғып мінетін сөтін күтетін. Сосын, жан-жағына мақтанышпен қарап алып, Ақеркені арқалап, орман аралап, серуендеуге аттанатын.

Ақеркенің қайырым-шапағатына ие болған бір жолбарыс емес еді. Ханшаны көрген бетте бар әлемді ұмытып, қуанышы қойына сыймай, маймандаңап билей жөнелетін тағы бір досы бар-тұғын. Ол – маймақ аю еді.

Өткен жазда қасындағы қырық қызымен бірге орман аралап келе жатқан Ақерке кенет құлақ жара өкіріп-бақырған күніренген аңы дауысты естіп, ат басын еріксіз солай қарай бүрған болатын Қараса... аю. Жан-жағы толған ызылдаған бал арасы. Қара бұлтша қаптаған бал аралары аюды жан-жағынан жабысып, құжынап, қоршап алышты. Балға қызығып, қауіп-қатер атаулыны қаперінен шығарып алған маймақ ағаштың ұңғысында орналасқан омартаға тұмсығын тығып жіберіп, жайына жатқан аралардың ашуына тиіп, талапайға түскен екен. Ту-талақайы шығып, таланғаны өз алдына, ет қызуымен аюекең қауқиған басын бері шығарып алмақ болып, тысқа қарай тұмсығын тартқан сайын басы, керісінше, ағаштың арғы түкпіріне кеулей кіріп, жан қинаған азапқа шыдай алмай, ақыры аюлық намысты жайына жиып қойып, жер-көкке дабыл қағып: “Мен бөлеге шатылдым” деп ақырып, айқайлауға кіріскең екен. Анадайда бастарын шайқап, алпамсадай аналық аю мен қонжықтары тықыршып тұр. Әрегіректе қорбандаپ, басқа аюлар қарандайды. Қолдан келер дәрмен жок, орманды басына көтеріп, өкіріп-бақырған достарына қарап, олар да ақырып, үн қосып қояды. Көріне мінген аралар ызың қағып, оларды да айнала ұшып жүр.

Көз алдында кенеттен пайда болған тосын суретті көргенде құлқісін тия алмаған Ақерке ағаштың ұңғысындағы

аюдың аянышты халін көріп, күлкісін сап тыйды.
“Бейшара. Обал-ай. Сәл шыда енді.” Гұлсім апайынан
үйренген сиқырлы сөздерді айтып, алақаңын ағашқа
бағыттағанда ағаш ұңғысы бір сәтке кеңейіп, аю басын
бері тартып, шалт қимылдан бір-екі рет аунап түсті. Бет-
аузы – бал. Құп болып ісіп кеткен. Ыңыранып қояды.
Оку оқып, араларды омартаға қайта кіргізген Ақерке енді
бет-аузын жалаңған аюды емдеуге кірісті.

Қорбандаған маймақ та содан бері Ақеркенің орманға
келуін күтетін болып алды. Қыскы үйқысынан оянған
бетте Ақерке досына сәлем берген аю қорбаң қағып,
салт атты қыздарды бал толы омарталарға қарай бастай
жөнелетін. Ақыры, аң аулап, орман аралауға келген қыз-
дар “қанжығалары қанданып”, күбі-күбі бал арқалап,
көңілді күлкі-думанмен хан ордасына оралатын. Бал
арқалаған қызын көріп, Баһадүр ханның шек-сілесі
қатып күлетін-ді. “Қызым, орман тағысының досына
айналудың өзі де шексіз өнер.”

Көнілге қуат бітіріп, жан-жүректі жадыратып, еріткен
жаз құндерінің бірінде Ақерке нөкер қыздарын ертіп,
орманға аттанды. Сейілдеп, серуендең қайтпақ. Ормандағы достарымен жұздесіп. Жолбарысқа мініп,
біраз серуендегесін орман ортасындағы жазық алаңқайға
шыққан Ақеркенің көзіне өзіне шоқия қарап, күтіп
отырған еліктің лағы түсті. Бірер ай бұрын Ақерке оны
көкжал қасқырдың азуынан арашалап, алып қалып еді,
Содан бері еліктің лағы оны көргенде құлдырандалап,
алдынан жүгіріп шығатын. Ақеркенің сүйіктісіне
жыртқыш андар да маңайлауды қойған. Ханшаның
тізесіне сүйеніп, еркелеген еліктің лағының көзінде мұн
бар еді... Сосын – жалбарыныш. “Не болды, елігім?” деп
басынан сипаған Ақеркеге үн қатпаған қалпы тау жақ-

ты нұсқады. “Соңымнан ер” дегендей сиңайы. Ақерке ләм демей құралайдың соңынан ілесті.

Ұзамай екеуі тау бөктеріне жетіп, таудың көлденен қозден таса, ауаша орналасқан жықпылынан келіп шықты. Күтпеген көріністен көз ала алмай, таң-тамаша қалған Ақерке ханша үн-тұнсіз қалпы бірер сәт тұрып қалды.

Қынамен көмкерілген тау баурайында жарқ-жүрк еткен бауырлары күн нұрына шағылысып, жондары жоталанып, көрген көзді еріксіз арбаған екі жылан өліспей беріспейтін ақтық айқасқа тұсуде еді. Таңғажайып, ерекше көрініс еді бұл. Қанды қактығыс өзінің шырқау шегіне жеткені көрініп тұр: екеуі де титықтап, өлім халіне жеткен. Бүйірлері солықтап, өл-қуаттан өбден айрылғандарымен, айқасқан құшактары жазылар емес. Бір-бірімен бірігіп, кірігіп кеткендей. Тек тұрлери өртүрлі: біреуі ақсары да, енді бірі – қараашұбар. Қараашұбар жылан Ақеркеге ақсарыға қарағанда анағұрлым ірілеу де өлуеттілеу көрінді.

Бір өредікте есін жиып, өздеріне аңтарыла қараған ханшаға көзі түскен қараашұбар жылан: “Кет, адамзат, бұл жерден, – деді ысылдап. – Адам баласының араласуға хақы жоқ бұған”. Ақсары жыланнның үн қатуға дәрмені жоқ; тек бүйірі ғана солқылдайды. “Жыландардың ішкі ісі болса...” Кезенген садағын кері тартқан Ақеркенің көзі құралайға тұсті. Аялы жанарына жас толған ол ақсары жыланға көзін ала алмай, қадала қарап қалыпты. Ақеркенің солқылдаған шешімін бекіткен сол көзқарас болды. Сәл кешеуілдесе, кеш болатының ұғынған ол оқтаулы садағын қараашұбар жыланға бағыттады. Желдей ескен жебе діттеген нысананаға дөп тиді: қараашұбар жыланнның көзі ағып тұсті. Бөгелмей, бірден қорамсаққа қол салған Ақерке жебесін тағы оқтады. Бұл

жолы, бірақ, асықпай көздеген. Ақсары жыланға тиіп кетуден қауіптенген еді. Қансырап, әбден титығына жеткен қарашұбар жыланның құшағы сылқ жазылып жүре берді. Өз көзіне өзі сенбеген ханша жылан жатқан жерге қайыра үцілген: ақсары жыланның орнында дулыға, сауыт киіп, ер қаруы – бес қаруын асынған көріп көз тоймас керемет сұлу жігіт жатыр еді. “Міне, мәселе қайда. Білген ғой құралайым... адам екенін.” Ес-түссіз талып жатқан жігіттің дулығасын шешіп, аузына су тамызған Ақерке тау аралап, дәру шөптерді жинастыруға кірісті. Қаны тоқтаған жерлерге емдік шөптерді таңған ол жан-жағына қарап, құралайды көре алмады.

Бірер сәт өткесін жігіт ыңыранып, көзін ашты. Демін ішінен алып, өзіне қараған елес-аруды көріп:” Жұмақта жүр екенмін ғой” деп көзін қайта жұмған жігіт сағымбейнені жоғалтып алушан қорқып, көзін ашып, Ақеркеге таңдана қарады. “Тұс шығар. Жер бетінде мұндай сұлулық болуы...”

“Мен – Баһадүр ханның қызы Ақерке ханшамын, – деді Ақерке, жігіттің есін жиғанын көріп. – Сіз кім боласыз?” “Мен – сіздермен көршілес жатқан елдің егесі – атышулы Досым ханның ұлы Нұрлыхан ханзадамын.”

Досым ханның есіміне Ақеркенің құлағы қанық еді. “Оның ұлы қалайша жылан бейнесіне еніп, біздің тауға тап болып жүр?” Әлсіреген жігітті мазаламауға тырысқан қыздың сырын көзінен аңғарған жігіт біртіндең әңгімесін бастап кетті.

Айқас сыры

– Біздің ел сіздің елініздей Жерүйық атанып, көрген жаннның көз құртына айналмағанымен, ықылым замандардан бері дәуірлеп, гүлденіп, өркендеп келе жатқан аты аңызға айналған аса ірі хандықтардың бірі.

Баһадүр ханға біздің хандардың бір ұқсастығы – қара халыққа деген қамқорлық пен махаббат-мейірімді бір-біrine хан тәжімен бірге мұра ретінде қалдырып, беріп, қабылдау дәстүрге айналған. Сондықтан да халқымыз ханы үшін қашанда қасық қанын бір сәтке ойланбастан қыып, төгуге даяр.

Досым ханның жалғыз ұлы – мұрагері – менмін. Бетімнен қақпай, бұла өсірді өкем. Дегенмен, қажет деп тапқан сәттерде қатаң талап та қоя білді. Мемлекет ісіне ерте араласып, ел басқарудың қыр-сырына қанықтым. Әкемнің талап етуімен жыртық шапан жамылып, кедей-кепшіктің кебін киіп, бірге өмір сүріп жүрген кезім де болды. Сол үшін де өкеме алғысым шексіз. Қарашибаның халін білмеген ханның хан болып не қайыры болуы мүмкін.

Жалғыз ұлы болғасын ба, өкем мені көзінің қарашығындай сақтады. Сыннан өткен сенімді екі досын – қос уәзірін қайда барсам да қасымнан қалдырмай, қосақтап, қосып беретін. Балалық қой, қалт еткен сәтті пайдаланып, бой тасалап, қашып құтылуға асығатынмын. Аң-ғырттық та болар. Қасымда солар жүрсе, қарадай қауіпке бас тігіп, жаныма жазым шақырмас едім фой.

Нөкерлеріммен бірге аң аулап жүр едім. Ымырт үйірліп, қайтуға жиналғанбыз. Кенет көзіме жұмбақ жарық шалынды. Сол жарыққа қарадай аңсарым ауғаны. Бойымды белгісіз күш билеп, ерік-жігерден айырды ма, білмеймін, қайдан келіп, қайдан тұрғанымды ұмытып, жылт-жылт етіп, өзіне тартқан жұмбақ жарықтың сонынан ере беріппін. Жан-жағымнан қаумалай қоршаған нөкерлерімнің қай уақытта жырылып, бөлініп қалғандарын байқамаппын да. Қасымнан бір елі қалмай, мені әрдайым көздерінен таса етпеуге тырысатын әкемнің уәзірлерін одан бірер сағат бұрын орманның бір

түкпірінде қалдырып, достарыммен бірге бөлініп кетіп едім. Емін-еркін сейілдеп, серуен демек болғанмын.

Кенет, кілт тоқтадым. Айнала – жым-жырт. Әлденеден үркіп, осқырынған аттың үні ғана естіледі. Шегірткенің шырылы да... шалынса-шы құлаққа. Жұмбақ жарық ғайып болған. Жан-жағыма қарай беруім мұн, белгісіз бір күш алып ұшты. Ұшуым әлемет болды – желдей зуладым. Көзді ашып-жұмғанша ай нұрына шомылған тау бектерінен бір-ақ шықтым. Тұн – сүттей жарық. Қара киінген қарулы адам шықты алдыннан.

– Сен – Досым ханның ұлы Нұрлыхан ханзадасың ғой.

Аты-жөнімді айтпай білген адамға таңдана қарап, басымды изедім. Таңданысымды ұдеткен әлгі адамның жыланша ысылдал сөйлегені болды. Аузынан да жыланның айыр тілі ысылдал, сумандап тұрғандай. “О, тоба, – деп ойладым, қарадай ішім сұып. – Қой, көзіме елестеген болар.”

Құдігімді сейілткен қара шапанды адамның өзі болды:

– Көзіңе ештеңе елестеген жоқ, – деді ол, қарсы алдыма келіп, бетіме қадала қарап. “Апыр-ау, ойымды оқып тұр ма? Сиқыршы болмаса етті?”

– Ойыңды оқып тұрғаным рас. Сиқыр туралы... Сенің оған қатысың жоқ. Тында, Нұрлыхан ханзада. Құлақ қойып, мұқият тында. Бір сөзімді жібермей, жадында сақта. Адам ретінде естіп тұрған соңғы сөздерің. Жарық күнмен қоштасар кезің келді. Әкең – Қасым ханның күнәсін өтеуге дайындал. Өтеу – міндетің сенің.

Зер сал, ханзада. Назарымыз неге саған ауғанын білесің қазір.

Біз бір өркендереп, құлаш жайған ордалы жылан едік. Жан баласының маңына жуымай, өсіп-өніп, өзімізбен-өзіміз өмір сүрдік. Мекен-жайымыз – сенің әкеңнің ордасының маңы еді. Құндердің күнінде жылан

ордасының күл-талқаны шықты. Досым хан орданы кеңейтпек болып, құжынап жатқан жыландардың бірін қалдырмай, қыруға өмір беріпті. Файыптан-тайып, бір жылан тірі қалса, бар орданың кегін қайтармай тынбайтынын білсе керек. Жылан тілін түсінетін ғұламасын жіберіп, бірер күн мұрсат берсе, өзіміз-ақ көшіп, ауып, қарамызды батырар едік қой. Ордалы жылан ондай құрметке лайық емес деп тапқан, тәрізі. Бірақ бұның саған қатысы жоқ, ханзада. Адамзатқа деген ішкі қызыл, қатқан кек ерік бермей, тілімді шешіп тұрган. Қанды қырғыннан бассауғалап, амалын тауып, қашып шыққан мені мен бір үрғашы жылан болдық. – Өнменімнен өткен сұық жанаға еріксіз жалт қарадым. Сұр шапан киген сұрша әйел тесіле қарап тұр екен. Көзінде – кек. Көзімді бірден бұрып әкеттім. – Міне, менің серігім – содан бері. Екеумізді құтқарған орда иесі – ең кәрі де ең дана жылан болды. “Кегімізді қайтарындар. Аманат”, – деп қоя беріп еді ол бізді.

Ұзақ уақыт күттік сені, Нұрлыхан. Ер жетіп, кемеліңе келер сәтінді күттік. Адам, – осыны айтып, ол ысылдай күліп алды, – ақымақ, қалай айтсаң да. Өз еркінен өзі ада, көрсекқызыар, бейшара. Көzsіз көбелекше ойнаған оттың сонынан ерген сенен не сұрарсың. Өз обалың өзіңе енді.

Сені шағып өлтірсек те болар еді, алайда не үшің, не себептен өлгенінді айтып барып, көзінді күртаяқ деп шештік. Арнайы айла қолданып, тауға неге жеткізді деп тұрсың ғой; мақұл, ұғындырайын: өз Отанында сені жеңу мүмкін емес. Шыр етіп жерге түскен сәттен бастап өкең сені тылсым күштермен қоршап, арнайы қорғаныс берген. Ол тылсымның қуат-кілті қайда барсан да қасынан бір елі қалмай, қапталдасып, үнемі еріп жүретін қос нөкерінде. Сол екеуінен ажыратудың амалын таппадық біз.

Одан әрі тыңдауға дәтім бармады.

– Енді, – дедім, тістеніп.

– Енді? – Бір нүктеге қадалып, ойланған сөйлеген қара шапанды адам маған кенет жалт бұрылды. Көзі – от. Иманыңды үйіре бер, ханзада. Шала-жансар қалпында жеткіземіз әкеңнің алдына. Жас өмірің не үшін қылғанын айттып барып, адам айтқысыз азаппен жан тапсырасын, – әкеңнің көз алдында. Кегіміз сонда қайтады біздің.

Нұрлыхан... Сені өлтіріп, өлігінді осында қалдырып, сосын сенің бейнеңе еніп, ордаға барып, иен хандықтың билігін қолыма алсам да болар еді, бірақ. Адами өмірдің қажеті жоқ маған. Кек. Кек қана.

Журегімде үміт оты жылт етті.

– Соншалық әділ болсан, соғы тілегімді бер, – дедім.

Бұл бейшара қайда кетер деді ме, қара шапанды басын изеді.

– Жекпе-жек, – дедім бірден. – Нағыз жылан болсан, ашық айқаста күш сынас.

Қара шапанды адам ойланбады. Өзі де соны құткен тәрізді.

– Мақұл, – деді бөгелмesten. – Тек бір шартым бар. Жылан бейнесінде айқасамыз. Жәбір-жапа шеккен мен, төлем өтеуге тиісті – сен.

Келістім.

Сол-ақ екен, адам бейнесінен арылып, жылан кейпіне ендім. Айыр тілін жалаңдатып, ирелендеген қара жылан түр еді алдында.

Шабуылды бастаған қара жылан болды.

Үш күн, үш түн үзбей алыстық. Жылан бейнесін жатырқасам да, жан керек, қорғануға мәжбүр болдым. Көзімді тырнап ашқаннан шынығып, жаттыққанымнан да болар, жылан айқасының әдіс-тәсілін менгеріп, біраздан

кейін қара жыланға қарсы шабуылға шықтым. Үстібасымыз қызыл-ала қанға боялып, жарапанбаған жеріміз қалмады. Алайда, қара жылан екеуміздің арамызда орасан зор айырма бар еді. Оқтын-оқтын сұр жылан пайдада болып, сыйбайласының әлі құрып, дәрмені таусылған сәттерде бір бүйірінен ысылдал, дем беріп түрді. Күшкуатымды бойыма жиып, қасық қаным қалғанша айқасып, адамдық намысымды сақтауға бел буып едім.

– Ханзада Акеркеге елжірей қарады. – Шексіз алғыс Сізге. Мәңгі-баки қарыздармын.

– Арзымайды. – Ақерке алаулаған жүзін бұрып өкетті.

– Маған емес, еліктің лағына алғыс айтыңыз.

Жігіттің жүзіне көлеңке жүгірді.

– Япыр-ай, сұр жыланды жадымыздан шығарып алыштыз-ау. Аңдаусызда...

– Қам жеменіз. – Ақерке сәл жымиды. – Мен тұрғанда жүрегі дауалап, бұл маңға келе алмайды ол. Керек де сеніз, бұл елден қарасын батырып үлгірді қазір. Ақерке ханша мен Баһадүр хан тұрған біздің елдің кез келген нүктесінде жауыз құштер тұрақтап, тұра алмай, бассауғалап, қашуға мәжбүр болады. Киелі топырағымыздың бізге берген бір қасиет-қуаты ол.

Ханзада енді еркін тыныстыады.

– Е, бәсе. Өз жұбына көмекке келмегені содан екен ғой.

Жер танабын қуырған аттардың дабысы құлаққа шалынды. Көп ұзамай, тау бөктерін бетке алған қырық қыздың да қарасы көрінді. Топ басында – құралай. Ханшасын жалғыз қалдырмай, нәкер қыздарын жеткізген сол екен.

Еліктің лағын айналып-толғанып, құшағына қысқан Ақерке бөгелмей, іске кірісті.

– Ханзаданы бұл қалпында орнынан қозғауға болмайды, – деді ол – Гұлсімнің көмегі қажет.

Қырық қыздың басшысы – Гүлжамал Ақерке ұсынған бір тал шөпті алып, тұтатып жіберді. Шөптің иісі шыққан бетте алыстан бұлдырап, шөкімдей ақ бұлт көрінді.

– Уф, – деді Ақерке, ханзадаға қыла қарап. – Енді – айығасыз.

Шөкімдей бұлт қас-қағым сәтте Гүлсімге айналды.

– Армысың, Нұрлыхан ханзада!

– Гүлсім ханша. Экемнің туған қарындасы, – деді Ақерке мақтанышпен. Немере апасын ол жан-тәнімен жақсы көретін. Әлі күнге дейін жалғыз жүргені де жанына қатты бататын. Келбеті күндей көркем Гүлсім ару алып-ұшып, жан-жүргегін ұсынған қыруар хан-патшаның тауын шағып, келген іздерімен кері қайтуға мәжбүр етіп еді. Қарындасының еркіне Баһадүр хан да қол сұқпаған.

Гүлсім арудың тұрмыс құрудан бас тартқан себебіне сол ғана қанық-тұғын.

Сінлісінің ойын айтпай білген Гүлсімнің жүзінен құпия бір жымыс жүгіріп өтті. Сол жымыған қалпы өзіне өң мен түстің арасындағы бейуақ халде аңтарыла қараған ханзадаға үңілген. Нұрлыханның жүзін қолымен жайқап өтіп, көздері жұмылған бетте дем салуға кірісті. Көзді ашып-жұмғанша бүкіл денесін қаусыра қаптаған жарақаттың ізі де қалмай, Нұрлыхан ханзада құр аттай аунап шыға келді. Өз көзіне өзі сенбей, үстібасын ұстап қараған – сау. Ұшып тұрған ханзада бірден Ақерке мен Гүлсімге басын иіп, жүрекжарды алғысын білдірді.

– Экем де қайғыдан қан жұтып, мені жоқтап жатқан болар, – деді ол. – Алайда, жер-жahanға мәшінүр Баһадүр ханның еліне келіп, табан тіреп тұрып, арнайы іздеп барып, дидарласып, сәлемімді бермесем, ханзада атыма лайық болмас.

Әрі – Ақеркедей қызды дүниеге әкелгені үшін алғыс айту – адамдық парызым.

Бұл сөздерді естігенде Ақеркенің жүзі ду етті.
Ханзадаға орманда жайылып жүрген қанатты аттардың бірін берген қыздар шерулетіп, құлкі-думан, әнкүймен Баһадүр ханның ордасына бет алды.

Сенен басқа әйел затын көрмей өтейін

Баһадүр хан Нұрлыханды құшақ жая қарсы алды. “Досым хан – оң-солымды андал, ат жалын тартып мінген жасөрім шағымнан басқыншы жауға қасқая қарсы турып, қатар соғысып, сан мәрте тойтарыс берген ескікез досым, – деді ол – Оның ұлы – менің ұлым. Хош келіпсің, ханзада. Бой жазып, құш-қуат жинап, алаңсыз демалғайсың. Әкенді ойлап, қам жеме; арнайы шабарман жіберіп, амандық-саулығынды айтып, сүйінші сұраттырармын”.

Бұл шешім бәрінің көкейіне қонды.

Нұрлыхан ханзаданың өз еліне тап болуының тарихын естігенде Баһадүр хан ойга батып, тұнжырап, төмен үңілді. Сөлден соң басын көтерген:

– Обал-сауап, қасиет-кие сынды адами үғымдарды ана сүтімен бойына дарытқан Досым ханның ордалы жыланды талқандау туралы бүйрек бере қоюы екіталай, – деді сосын, бурыл сақалын салалай, тарамдай сипап. – Адам наңғысыз. Тұп-төркінін басқадан іздең жөн болар. Солай ма, Гұлсім?

Гұлсім ханша ойланған бас шайқады. Қарындастының: “Сыр ашуға – хақым жоқ” деген ишаратын сөзсіз үғынған хан сөзбүйідаға салмай, әнгімені бірден додарды.

Жерүйікта жан-жүрегі түлеп, жұмақта жүргендей ғажайып, ерекше күйді басынан кешкен Нұрлыхан ханзада Баһадүр ханмен хош айтсып, өз еліне қайтуға асықпады. Жас жігіттің жан-жүрегін жаулап алған сиқыр-құштің есімі – Ақерке еді. Ақыл-естен айырған

таңғажайып сұлуға жан-тәнімен беріліп, махаббат отына еріксіз күйіп-жанған жігіт тәкаппар сұлудың жауап-үкімінен үркіп, бойын билеген алапат өрт-сезімді сез-дірмеуге күш салған. Тек жігіттің күрсінісі күн өткен сайын жиілеп еді. “Бүгін-ертең... Ақеркемен мәңгіге хош айттысып, өз жөнінді табуға тұра келеді” деген ой жанын жегідей жеген. Сонда да болса сұлуға сыр ашып, сөз салуға жүргегі дауалап, дәті бармай-ақ қойды. Ақеркені күн сайын көріп, бірге жүріп-тұрғанының өзін қанағат тұтқан.

Кешкі бақта серуендеген ай мен күндей екі жасты сүйсіне тамашалаған Баһадұр хан жан-жүргегін кернеген сезімін жасыра алмады:

– Қараши, қандай жарасады. Қос ақкудай. Сыңарын адаспай тапқан аққу дерсің, расында.

Гұлсім ханша қатар жүзген қос ақкудай екі жасқа ойланған көз тастаған. Ақберен ханзада ордада орналасқалы бері өуелден сөзге сараң ханшаның ағасымен ой белісіп, шешіліп, сыр ашуы тіпті сиреп кетіп еді. Ақерке мен Ақберенді қабағының астымен бағып, үн-тұңсіз басын шайқайтын да қоятын. Қарындасының көңілін алаңдатқан жұмбақ жағдайды аңғарған сұңғыла хан біртіндеп сыр тартуға бекінген. Ақеркені Гұлсім өз қызындағы сүйетінін ол жақсы білетін.

– Лауһулмахфузда белгіленіп, маңдайына жазылған жазмыштан пенде баласы қайда қашып құтылуышы еді, – деді ай жүзіне кенеттен көлеңке түскен Гұлсім. – Кезінде Қыдыр баба арнайы айтып, ескерткен сынақ сәті тууда Ақеркенің. Қарсы тұrap қайран бізде жоқ. Тек тап басып, дер кезінде қол ұшын бере білсек... жағдайды ушықтырмай. Алаңдама, аға, – деді сосын, жүзіне қан жүгіріп. – Сен маған. Сіңлімді тағдыр-талайдың тәлкегіне бермеуге дәрменім әбден жетеді менің.

Баһадұр ханның қойғаны жалғыз сауал болды:

– Нұрлыхан ба?

Гүлсім үнсіз бас изеді.

– Аға... Ақеркенің таңдауына қарсы тұруға хақымыз жоқ. Жан-жүргегі қалаған жаңнан айыра алмаймыз оны.

Хан ойға батқан қалпы екі жасқа үн-тұнсіз қадала қарады.

Ақерке Нұрлыханға бұрылған. Жұзінде – алан.

– Ханзада, сізге сауал қойсам...

Ауыр ойдан серпілген жігіт жүзі жаңып, қызға жалт қарады. Жүрегін жандырған жалын-сезім алаулап, бетіне шыққан. Қарадай қысылып,abdыраған Ақерке қапелімде жігіттің жүзіне туралап қарай алмай, кірпігін төмен түсірді.

– Ақерке, сіздің әр сөзіңіз... Әр сөзіңіз – заң мен үшін.

Асып-сасып, еркінен айрылған жігіттің түрін көріп, қыз шек-сілесі қатып, күліп жіберді:

– Ханзаданың сөзі, керісінше, заң болса керек. Бұкара халық үшін. Бірақ... Жаныңызды жеген ой бар-ау, тегі. Өлде... денсаулығыңыз болмай жүр ме? Құрсіне бергеп-ніңізге қарағанда... Еліңізді сағындыңыз ба?

Қыз сөзі жігіт тілінің күрмеуін шешкендей болды. Не айтып, не қойғанына есеп беруге мұршасы болмаған жігіт жүрек тұтқынына біржола беріліп, Ақеркенің қарсы алдына тізерлең отыра кетіп, аяғын құшып, зарлай берді:

– Ақерке, жаным, жүрегім. Турагап төңген ажалдан шыбын жанымды құтқарып, алып қалған өзің едің, енді өмірімнің мәңгілік иесі, жүрегімнің өмірші-бileушісі өзің болшы. Сенен басқа әйел затын көрмей өтейін өмірден. Мен үшін бар ғаламда сен ғана барсың, Ақерке.

Буыны босап, бойын билеуден қалған қыз сылқ құлап түсе жаздады. Бұндай сөздерді ол Нұрлыханнан күтпеген. Жүрегі лүпілдеп жүре бергені несі?

– Нұрлыхан...

– Ақерке, жаным. Жарық таңым. Жүрегім.

Екі жас бірін-бірі үнсіз ұғынысты.

Ертеңінде екеуі Баһадүр ханның алдына келіп, тізерлей отырып, алақандарын жайған.

— Батаңды бер, әке. Жүргегімнің таңдауы түскен жан — Нұрлыхан.

Баһадүр хан ойланбады. Екі жасқа мейірімін төге қараған ол алақанын жайып, ақ батасын берген. Қауіп-қатер, қастандық туралы алаң-ойды жадынан шығаруға бекінген еді ол “Тағдырдың жазуын... кезінде көрерміз. Жеңерміз де.”

— Қызыма Досым ханның өзі келіп, құда түссін, — деген. — Отыз күн ойынын, қырық күн тойын жасап, Баһадүр ханның қызына лайық сый-құрмет, қошаметпен аттандырамын елімнен.

Араға бірер күн салып, Досым ханға арналған тарту-таралғыны алып, шабарман-нөкерлердің қоршауында Нұрлыхан ханзада еліне аттанды.

Алғаш естуім, балам, ол туралы

Досым хан ұлын өлгені тіріліп, өшкені жаңғандай шекіз шадыман-шаттық, қуанышпен қарсы алды. Нұрлыханды көргенде дүниеге қайта келгендей күйді басынан кешкен. Бақытты әке Баһадүр ханға алғысын жаудырып, қуанғаннан ұлын құшағына қыса берді. Алайда, жігіттің жүзін торлаған көлеңке-кірбің сейілер болмады. Өз әкесіне ол еріктен тыс күдік-күмәнмен қараған. Баһадүр ханның сөзі жүргегіне сына болып қадалып, үйқы-күлкіден айырған суық сезімді ыдыратқандай болғанымен, еліне жетіп, әкесімен жүздескесін көкейдегі көп сауалды оған қалай жеткізерін білмеді. Бір есептен өз әкесіне күмән келтіргеніне де үялған. “Әкем... тит-тейімнен мені әділдікке, адалдыққа баулыған әкем жазықсыз жыландарды сарайын кеніту үшін ғана ажалға қиуы мүмкін бе?”

Досым хан ұлының қас-қабағынан жанын жегідей жеген ойды шуббасіз сезініп, түйсініп еді. Нұрлыхан келген күннің ертеңінде орданың бас сиқыршысын шақыртып, кеңес ашқан хан ертеңінде таңтерең аңға жиналған ханзадаға:

– Бөгеле тұр, балам, – деген.

Нұрлыхан бірден аттан түсіп, сарайға енді.

Ұлына қадала қараған хан:

– Сырыңды ашу-ашпау өз еркінде, бірақ, күмәнің – орынсыз, – деді нықтап тұрып.

Нұрлыханның жүзі ду етті.

– Кешір, әке. – Келгелі бері тас-түйін түйіліп, әкесімен жүздесуден қашқақтаған жігіт бар оқиганы бір демде жайып салды. ... Қара шапанды адам, сүр жылан, Ақерке...

Досым хан ұлын зейін қоя тыңдады.

– Алғаш естуім, балам, ол туралы, – деген сосын, ұлына ойлана қарап. – Дегенмен, ескі досым Баһадүр маған күмән келтірмегендег... – Ар жағын Нұрлыхан айтқызбай үққан.

– Әке! – Жігіттің үнінен өксік естілді.

– Балам, хан – көреген болуға тиіс. Бүкіл елдің тағдырын ертең қолыңда аласын. Қандай істің болсын байыбына жетіп, түп-төркінің тексермей, үстірт байлам жасамаған жөн.

– Рахмет, әке. Сен болмасаң...

Досым хан сол күні орда кеңесін құрды.

Алғашқы болып жауап берген сарай құрылышын басқарған бас уәзір болды.

– Жылан ордасы? Естімеппің, – деді ол, аң-таң қалып.

– Бір білсе, бұл жағдайдың қыр-сырын бас сөүлетші білуге тиіс. Сарай салуға қажетті жерлерді тексеріп, дайындауға қатысты шараларды басқарған сол

– Жеткізіндер, бас сөүлетшіні.

– Тақсыр, ол... хал үстінде.

Хан ұн-тұңсіз бас сиқырышыға иек қақты. Хан әмірін үнсіз ұғынған бас сиқырышы орнынан атып тұрып, сарайдың бас сөuletші тұратын бүйіріне бет алды. Арада жарты сағат өтер-өтпесте бар дертінен құлан-таза айық-қан бас сөuletші хан тағының алдына келіп, басын жерге жеткенше иіп, қошамет көрсетіп жатты.

– Тұр! – деді хан, қаһарлы. – Жылан ордасын құртуға қатысты бүйрық берген кім?

Тікелей, тұра берілген сауалдан бас сиқырышы қапелімде жалтарып, ой қорытып үлгірмеді:

– Мен едім, тақсыр, – деген сөзді қалай айтып салғанын анғармаған. Әміршісінің өң-тұсі түнеріп журе бергенінен шақша басына қауіп бұлты мықтап үйірілгенін андал үлгірген аяр нөкер бас уәзір жаққа жалбарына көз салып, қаһарлы ханның алдына жалп етіп құлай кетті.

– Қасық қанымды қызыңыз, хан-ием!

Алайда, оның өтінішіне құлақ асар хан болмады.

– Дарға!

Нұрлыхан отырған орнынан атып тұрды. Бас уәзір де бірден ханның алдына келіп, шарт жүгінген.

– Тақсыр, жағдайыңызды түсінемін. Бас сөuletшінің алды-артын андамайтын жойдасыз мінезі жан дегенде жалғыз перзентіңізден айыра жаздады. Дегенмен, дат, тақсыр.

Досым хан бас уәзірге сүзіле қарады.

– Айт, датынды.

Уәзір сайрай жөнелді:

– Жалғыз ұлыңыздың жанының садағасы. Бұлжымас зан ретінде сақталып, орындалып келе жатқан әділеттілік, қиянатқа жол бермеу, қан төкпеу туралы сіздің талабыңызды аяқасты етіп, қанішерлік, каталдыққа орын берген бас сөuletшіге өлім жазасы лайық, бірақ, балаңыз аман-сау оралды ғой. Хан ием...

Нұрлыхан да үн қатпаған қалпы әкесінің алдына келіп, бас иген.

Досым хан бас сәулетшіге қадала қарап, үн-тұнсіз біраз отырды. Сосын – басын изеген. Алды-артына қарауға мұршасы болмаған бас сәулетші ханнан козін алмаған қалпы қолын жүргегіне қойып, біртіндеп кері шегіне берді. Сарайдан шыққан бетте жаны қалғанына сенер-сенбесін білмей, өз үйіне жедей ұшып, зулап жеткен ол діңкесі әбден құрып, сылқ етіп, төсегіне құлаған. “Құдайым-ай, қу жаным...”

Көңілі орныққан хан жалғыз ұлы аман-сау оралғанына арнап құдайы садақа беріп, ұлан-асыр той жасап, бұқара халықтың алғаусызы, шәксіз алғысына кенелді.

Той тәмамдалып, ордадағы өмір байырғы қалпына қайта түскенде Нұрлыхан әкесі мен бас уәзірге айтатын әңгімесі бар екенін жеткізген. Көзін тырнап ашқалы бері бірге өскен ескі досы – бас уәзірді әкесі өзіндей көріп, сенетінін жақсы біletін Нұрлыханның да одан жасырын сыры жоқ болатын.

– Эке. Үйленсем...

– О, мұның ақыл, балам. Таңдауың – кім?

– Таңдауым... өмірлік, мәңгілік жан-жарым, жүрегімнің шуағы деп танығаным – Баһадүр ханың қызы Ақерке.

Қабырғасы қайысқан хан үн-тұнсіз отырып қалды.

– Түсінемің, балам. Жүрегінді ғашықтық оты шарпыған екен. Бірақ... Алақанына салып, аялаған жалғыз қызын Баһадүр хан жан баласына көзі қиып, бере қояр ма екен?

Әкесін одан әрі қинауға Нұрлыханның дәті бармады.

– Эке, қуана бер. Батасын алып қайттым осы жолы. Досым хан өзі келіп, құда түссін деген. Сән-салтанатпен ұзатпақ қызын.

Досым хан бірден жолға жиналды.

Тойға арнаған қазына-байлығын артып, қыруар нөкерімен құдалыққа аттанған Досым хан орта жолға жеткенде ұлына бұрылды.

– Балам, Баһадүр ханның еліне бейсауат жан ене алмаушы еді. Жол ашатын арнайы сөзді білу қажет ол үшін. Құпия сөздерден бейхабар болсан...

– Аландама, әке, – деді Нұрлыхан. – Баһадүр досың оны бірден ескерген. Құпия сөздер: "Баһадүр." "Ақерке." Дегенмен, ой-ниеті бөгде жандар Баһадүр ханның елінің қақпасын айқара ашатын бұл кілтке ие болғандарымен, шекараны бәрібір аттай алмайды деп еді. Ақ ниетті адамдарға ғана жәрдемін тигізеді бұл сөздер.

Көңілі орныққан хан басын изеді.

Айна

Сән-салтанаты барша әлемге таралып, анызға айналған Ақерке ханша мен Нұрлыхан ханзаданың үйлену тойында жүзінен ой табы арылмаған жалғыз жан Гүлсім ханша болды.

– Сақ болғайсың, – деген ол Ақеркеге. Сөзге сараң ханшаның ескертуінде гәп бар екенін Ақерке бірден сезінген. Апайының жанын жегідей жеген беймаза ойды да аңғарып еді.

Ақерке Гүлсімге сұраулы жүзбен қадала қарады.

Сінлісіне ойлана көз тастаған Гүлсім әңгімені әріден бастады.

– Тұрмысқа шығудан не себептен бас тартқанымды білесің бе?

Ақеркенің жүзі ду етті. Жылдар бойы оқталып, Гүлсімге қоюға батылы жетпеген сауалы. Өзі шешілсе...

– Әкем... ғана біледі-ау деймін себебін.

– Оның рас. Анаң марқұм, – бірер жыл бұрын қапыда көз жұмған аяулы анасын есіне алған Ақеркенің көзі

жасқа толып жүре берді. Сіңлісінің жүргегіндегі жазыл-маған жараны андаусыз тырнал алғанын аңғарған Гұлсім оны құшағына алып, жұбата отырып, әңгімесін жалғастырды. – Таңшолпан ханым да білмей етті сымды. Ақерке... Ер адамға тұрақсыздық тән. Тұрлау-лылық күтпе одан. Күтсең – өзінді-өзін саналы түрде тағдыр төлкегіне айналдырдың деген сөз. Сақтан-дырғаным деп ұққайсың бұны. Жадында сақта... әрдайым.

Сосын, көзін бір нүктеге қадаған қалпы әңгімесін бастап кетті.

– Он жеті жаста едім. Сенің жасың. Ұлы ханның бұла өскен ерке қызы – өмірдің бар жақсылығы маған арналғанына шәгім жоқ-тын. Жер түбінде орналасқан елдің ханының тұңғышы – Ирек, – Гұлсім сәл кідіріп барып, әңгімесін қайта жалғады. – Жүрегімді бірден жаулады. Сонда да болса, сүйіктімді армансыз сынап, сын тезіне төтеп бере алса ғана келісімімді берейін деп шештім. Жүрегін ұсынып, жер-көктен жиылған жұздеген ханзада, патшазаданың арасынан жеке-дара озып шығып, жан баласына дес бермеген Ирек ханзада болды. Бұл мениң оған деген сезімімді бекіте түсті.

Ақерке таңданысын жасыра алмады:

– Сен сиқыршы емессің бе? Сынамай-ақ, тануға мүмкіндігің бар ғой.

Гұлсім ашы жымиды:

– Қыз жігітке ғашық болғанда сүйіктісінің кемшіліктерін тану мүмкіндігінен айрылады. Сезім – соқыр. Сосын шығар, Иректі сынамағаным. Өз сезіміме сенбенгеннен.

Таңдауым Ирек ханзада түскенін білгенде мен үшін сайысқа түсіп, бақ сынаған басқа ханзада, патшазадалардың үнжырғалары түсіп, жұздерін төмен салып, елді-елдеріне аттанды да, біз тойға дайындыққа кірістік.

Мен бақытты едім, Ақерке.

Иректің бұл өмірде бар екенін сезіп-білудің өзі мен үшін өлшеусіз бақыт еді. Той болатын күнді тағатсыздана күттім.

Көнілім, бірақ, күпті еді. Жамандық, қастандық я опасызыңдық орын алатын кезде көрініп, арнайы белгі беретін ақ киімді әйел көрінді көзіме. Қай жақтан, қандай қауіп келетінін егжей-тегжейлі түсіндіріп, ол қауіптің алдын-алудың амал-айласын да ұқтыруышы еді, бұл жолы бетіме қадала қарап, үн-түнсіз біраз тұрды да: “Гұлсім... өзің үғасың,” – деді де ғайып болды. Өнінде – мұн. Содан бастап сабыр-тағаттан айрылдым. “Не... күтуде?”

Әйелдің сөзінің әсері – өзім ойлад шығарған жамандыққа қатысты жағдай болғанда белгі беретін дабыл жүйесін іске қосып, өзімді-өзім іштей төтенше жағдайға даярладым.

Сол күні, түн ортасы ауа шырт үйқыдан ояндым. Оятқан – дабыл жүйесі. Атып тұрып, киіндім де, бірден баққа бет алдым. Қасымда ақ киімді әйел пайда болған. Жол көрсетіп келеді.

Бақтың бір елеусіз бұрышына жеткенде кілт тоқтадым. Қарсы алдымда... қос қарсақ шағылысыда еді. Ай сөүлесіне бөленген бауырлары ақ қайрандай жалт-жұлт етеді. “Неліктен... әкелді мұнда?” деп жан-жағыма қарасам, жол бастаушы әйел зым-зия ғайып болған. Көнілім әлденеден секем алып, бір бұтанаң түбіне жасырынып, қос қарсаққа көз тіктім. Бірер сөттен кейін екеуі сілкініп, адам бейнелеріне енді. Жүргім тас-төбеме шыға жаздады. Сасқанымнан өз аузымды өзім баса беріппін. Аң бейнесіне еніп, түнгі бақта табысып жүрген өзімнің сүйікті нөкер қызыым мен... Ирек еді. Қасымда кенет тағы да ақ киімді әйел пайда болды. Сол болмаса, білмеймің, не істер едім.

Ертеңінде ағама барып, бар жағдайды жайып салдым.
Иректің бетіне қарағым келмеген. “Қандай шешім
қабылдасан да өз еркін, – деді ағам. – Қолғабыс қажет
болса, қол ұшын беруге даярмын.” “Қолғабыс емес,
келісімің қажет,” – дедім.

Сол күні Ирек пен нөкер қызыым екеуін жарбандаған
жапалақ бейнесіне енгізіп, Иректің еліне аттандырыдым.
“Анадан жаңа туғандай тыржалаңаш қалыптарыңда
орда кеңесінің үстінен түсіп, масқараларың шықсын,” –
болды соңғы сөздерім.

Содан бері екеуін де көрген емеспін.

Әрине, адам бейнесінен мәңгіге айыруыма болар еді,
әсіреле, Иректі. Алайда, ұстазымның: ”Жан баласына
қиянат жасама” деген бір ауыз сөзі ұстады. Ұстазым –
сенің анаң Таңшолпан ханым еді, Ақерке. Анамнан ерте
айрылған мені бауырына басып, өз анамнан бетер қам-
қорлық көрсетіп еді. Жанымдай сүйетінмін оны. Тенденсі
жоқ сұлулығына қасиет-дарыны сай еді. Қасиетіне барша
халық бас иген өз елінің мақтаныш-дауасы болатын.
Адам ретінде қалыптастырып, сиқыр өнерінің қыр-
сырына қанықтырған – сол Бар білгенін үйретті маған.
Теңіз түбіне кетіп, апатқа ұшырай жаздаған бір тайпа
елді құтқарамын деп қапыда қаза тапты ғой. Ол тайпа,
қазір, өзің білесің, “Таңшолпан” деп аталады. Сол кез-
де... қасында мен болғанда. Әттең. Адамға мәңгілік өмір
сыйлайтын дәру іздел, жер түбіне аттанып кеттім ғой
сол мезетте. Соны өзіме әлі күнге кешпеймін.

Ақерке үн қатпаған қалпы Гүлсімнің иығына басын
сүйеді. “Қазіргі бақыттымды анам көрсе ғой. Нұрлы-
ханды таныстырыар едім. “Қызыым, сен үшін жаралған
жан” я болмаса “Маңына жуыма” деп бірден айттар еді.
Анашым...”

Қыздың ойын Гүлсімнің сөзі бөлді.

– Ақерке. Тағдырдың талай-сынағы құтуде сені. Айту – ауыр, алайда, ескерту – парызым. Нұрлыханға байланысты болмақ ол. Қандай жағдай деп сұрама – айта алмаймын. Адамзаттың болашағын айту құқығы сиқыршыларға берілмеген. Тыйым салынған – әуелден. Со-сын... әркімнің таңдау еркі бар. Нұрлыхан туралы мен саған не айтсам да, сен одан ажырамасың хақ. Таңдауың түскен жан сол, себебі. Алайда... Сақ болғайсың, сіңлім. Саған тікелей қауіп төнсе, өзің білесің, маған бірден дабыл беріледі. Құстай ұшып, сол сөтте жетермін. Оған дейін – дәрменсізбін. Тағдырдың жазуына қарсы тұруға хақым жоқ. Әркім өз таңдауының қорытынды-салдарын басынан өткеруге тиіс.

Гұлсімнің соңғы сөздері Ақеркені елең еткізді.

– Нұрлыхан туралы айтып берші маған.

Гұлсім сіңлісіне толғана қарап отырып, сөйлеп кетті:

– Бұл туралы айтуға рұқсат. Нұрлыхан екеуінің одағың болашақта ұлы одаққа айналмақ. Жылдар өте маңайдағы бар хандықты бір тудың астына біріктіріп, гүлденген кең жазираға айналдырып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай заман орнатасындар. Ақтық демдерінді алғанша бір-біріңе сүйеніш-демеу болып, үбірлі-шұбірлі, немере-шеберелерінің өзі кең жазира даланың о шеті мен бұ шетін мекендең, қоныстанған мерейлі ата-анаға айналып, алансыз да бақытты ғұмыр кешесіндер. Бірақ... Басы қатты болмақ өмірлерінің. Себел – Нұрлыхан. Анасы марқұм женілtek жан еді. Көрсекзызар, тұрлаусыз болатын. Сол “дертінің” ұшығы Нұрлыханға берілген. Дегенмен, оның бойында әкесі Досым ханға тән дарқандық пен дегдарлық басым. Өмірдің ауыр сынақ-соққысы басынан әбден өтіп, тас гүрзіше тарс ұрып, мәңгіртіп кеткенде барып, біржола айығады ол бойындағы тұрлаусыздық салқынынан. Со-сын – мәңгілік қорытынды жасайды.

Ал қазір... мына айнаны алғайсың. Жүрегің қобалжып, қауіп төнген сәттерде ғана қолдан оны. Өзіңе, ошағыңа төнген тікелей қауіп болмаса, қаз-қалпында мөлдіреп тұра береді. Сын сағат соққанда бірден түсі өзгеріп, тұманданып сала берер. Сол кезде: "Аш құпияңды, айнам" деп айту қажет. Қай тұстан, қандай жамандық келіп тұр, қалай қорғану қажет – қыр-сырына қанықтырып, бағыт-бағдар сілтеп отырады. Сенен басқа жанға ол сырын ашпайды. Өз еркінмен біреуге берсең ғана сол жанға қызмет көрсетуі мүмкін.

Досты сүйіндіріп, дүшпанды күйіндіріп, дүбірі жер-кекке жайылған үйлену тойы өтіп, екі жастың некесі қыылғасын Ақерке мен Нұрлыхан нөкерлерінің қоршауында екеуі алғаш жүздескен тауға бет алды. Жан жарымен кездестірген жерге барып, тәу етіп, жүрекжарды алғысын білдірмек еді Нұрлыхан. Ақерке болса, туған жерімен қоштаспаққа бекінген.

Екеуі алғаш жүздескен жерге келіп, армансыз сырласқан жас жұбайлар "Ақерке орманы" аталған орманға ат басын бұрды.

Орманға ену мүмкін емес еді. Ақеркені шығарып салуға жиналған аңдар мен құстар күннің көзін көле-гейлеп, сайын далада сынадай саңылау қалдырмаған. Сүйіктілерін соңғы рет көріп қалуға асырулы бәрі. Енді қайтып жүздескенше...

Аңдардың арасынан суырылып, жолбарыс, аю мен құралай шықты. Аң патшасы – арыстанға қарап, бастарын иген үшеуі. Сосын барып Ақерке мен Нұрлыханға беттеді.

Тіл қатқан – маймақ болды.

– Ақерке, мені өзіңмен бірге алып кетпесен, ішім пысып өлемің, – деді ол, ойындағысын бірден ақтарып.
– Туған орманым ешқайда кетпес, келіп тұрамын фой.

Ал, сенен айрылсам... Айтпақшы, жалғыз емеспін, бала-шағаммен бірге көшемін.

Ақерке мен Нұрлыхан бұны естігенде ішек-сілелері қатып, күліп жіберді. Күлкілерін тыйған бетте жолбарыс пен еліктің лағына бұрылған:

– Сүйіктілерім, сендерді де бірге ала кетсек.

Жолбарыс пен құралай үн қатпаған қалыптары аю-дың қасына барып тұрды. Сосын үшеуі:

– Сендер қайда болсандар, біз сондамыз, – деді.

– Бауырларым менің, – деді жүрегі елжіреп кеткен Ақерке.

Бұл кезде қос құда бас қосып, кеңес құруда еді. Досым хан Баһадүрден көңілін құпті етіп, жанын жеген дүдәмал ойын жасырмады.

– Құда, сенің ұсынысынды қуана құп алыш, ел билігін Нұрлыхан мен Ақеркеге беріп, сенің еліңе қоныс аударып, елінді бірге басқаруға ойланбастан келісімімді берер едім. Жылдар бойы жүздесуге мүмкіндігің болмаған ескі досынмен үзенгілесіп қатар жүріп, өмірдің рахатигілігіне кенелгенге не жетсін. Бірак... Ордалы жыланың соңғы өкілі – сұр жылан талма тұстан андып, жастардың тәжірибесіздігін пайдаланып, сүттей үйыған елімді іштен ірітіп, лаң сала ма деген ой миыма келсе, тұнгі үйқым төрт бөлінеді.

Бірер жыл күте тұрайық. Екі-үш жылда өзі де сыр берер. Сосын, құда, сенің Жерүйғында орнығып, бала-лардың қызығын көріп, бірге өмір сүрermіз.

Баһадүр хан да бұл шешімді жөн деп тапқан.

Фажайып қондырғы

Досым хан Ақеркені туған қызындай қабылдан, алақанына салып аялап, жүрегінің бар мейірім-шапағатын төгумен болды. Ақерке мен Нұрлыхан бір-бірінен

бір сәтке ажырамай, әрдайым бірге болуға ұмтылатын. Екі жастың бір-біріне деген қалтқысыз махаббаты ел арасында аңызға айналып, естіген жанның аузының суын құртты.

Қызын қатты сағынып, көңілі жабыққан Баһадүр хан да құдасына қонаққа жиі келетін. Ол еліне жеткесін ағасы жоқта ел билігін қолына алған Гұлсім де іле-шала Досым ханның еліне жол тартатын. Жан-жүрегімен қадірлеп, қатты мақтан тұтатын құдасын көрген сайын Досым ханның көңілі тасып, бір жасап қалатын. Баһадүр ханның шексіз даналығы мен бойынан асып-төгілген қасиет-қуатына қайран қалып, құдасының бойындағы асыл қасиеттерін қабылдауға ұмтылатын-ды Досым хан.

— Әке, Ақеркені менен де артық көресің-ау деймін, — дейтін кейде Нұрлыхан, әкесіне өзілдеп әрі еркелеп. — Келініңің әр сөзіне тақ тұрасың.

— Е, балам, — дейтін Досым, ұлына ойлана қарап. — Ақерке — жер бетіне жүздеген жылда бір келетін біртуар, дара тұлға. Жастыққа тән жеңілтектікпен қадір-қасиетін бағамдап, бағалай алмай, жүрегін жарапап аласың-ау деп қауіптенемін кейде.

Өз ұлының “қыр-сырын”, “ұңғыл-шұңғылын” жетік білетін Досым ханның қаупі де тегін емес еді.

Досым ханның елінде той-думан, тамашаға толы алаңсыз, бейқам өмір біртіндеп жалғаса берді. Мамыражай, тымық тірліктің көбесін сөгер қауіп бұлтынан титтей де қылаң болмаған. Сонда да болса, қырағылығын ұдетпесе, әлсіретпеген Досым хан сұр жылан алда-жалда тұтқылдан соғып, тосыннан шабуыл жасаған жағдайда қолданар қарсы шараларды қамдастырып қоюды жадынан шығармаған-ды. Көңіліндегі қудігімен ол ұлы мен келінімен бөлісуді жөн көрмеген. “Бір жыланның лаңынан арашалап, алып қалуға өзімнің де қауқарым жетер.”

Бір қарын майды қашанда бір құмалақ шіріткен. Жылан ордасына қатысты оқиғадан кейін хан иесінің сенімінен айрылып, өр қадамы қатаң бақылауға алынғанын анғарған бас сөuletші біrtіндеп біrnеше жыл бойы жадында жүрген жоспарын жүзеге асырудың амалын қарастырды. “Ah, oh, ауырдым. О дүниеге аттанып кетпесем етті,” – деп өуелі төсек тартып, көзі алақтап, тілі салактап, аузынан ақ көбігі ағып, сылқ түсіп, жатып қалды. Үздіксіз үш ай бойы “төсек тартып”, хал-жағдайының мүшкілдігіне дос-таныстарының көзін әбден жеткізген бас сөuletші – Құдияр құндердің күнінде атының аузы-басын түмшалап, табанындағы тағасын алып, аяғын киіз байпаққа орап, көзге түртсе көргісіз айсыз қараңғы түнде қара киім киініп, жан баласының көзіне түспеуге тырысып, куыс-куысты тасалап, түн қараңғылығын жамылып айшылық алыс сапарға аттанды. Бет алысы – Құддыс ханның елі еді.

Арып-ашып, азып-тозып, жағы қуарып, көрінгеннен қайыр сұрап, ел шетіне әрсөтінде әркін көрінгенде Құддыс ханның бас сиқыршысы Шайық көзіне еріксіз жас алып:

– Жаным-ау, сені мұндай халге жеткізіп, бейшара-байқұсқа айналдырған кім? – деді ағасының алдына тәтті-дәмді тағамды үйіп-төгіп.

– Сен сұрама, мен айтпайын, – болды Құдиярдың есін жиып, өзіне-өзі келген бетте аузынан шыққан алғашқы сөздері. – Жылан ордасын талқандау туралы бүйріым өзіме бәле болып жабысып, басымнан айрыла жаздадым. Файыптан тайып, қылشا басым талша үшпай, аман қалдым әйтеуір. Бірақ, басқан ізім аңдулы қазір. Бар үміт – тірі қалған сүр жыланда.

– Тоқта. Тоқта. Басынан бастап түсіндірші. – Шайық ағасына қарады. – Тетігін басқан бетте маған жеткізетін үшқыш жамылығы сыйлап едім ғой. Одан қалай айрылып

жүрсін? Қысылтаяң сөттерде байланысқа түсіп отыратын қондырғы да соңғы кездері мұлдем жауап бермейді.

Құдияр бетінен оты шығып, төмен қарады.

– Сен мені білесің гой, інім. Оның бәрінен бір жыл бұрын айрылғанмын. Жетесіз ақымақ деп сөгіп жүрме-өзім де өлейін деп отырмын. Бүрнағы жылы бір сай-қалмен таныстым. Басыма бәле болып жабысты ол. Жантәніммен беріліп, бар құпиямды ашып жүрсем, бар қазына-байлығым мен сен берген сиқырлы заттарды алышп, аузымды аңқитып, аяқасты файып болды. Содан бері... көрген емеспін.

– Ім-м... – Шайық ойға батып, біраз отырды. – Енді менен қандай жәрдем күтудесін?

– О, сенің көмегің қазір ауадай қажет. – Көзі жанып, алақанын ыскылаған Құдияр орнынан атып тұрды. – Қасым ханды талма тұстан ұру керек. Менде бір жоспар бар.

Ағасының сөзін естіп, Шайық басын шайқады.

– Оған қыруар қаржы қажет. Әрі – уақыт.

– Ол жағын ойламады дейсің бе, інім? Ағаның басы істейді, саспа. Әйел затына әлсіздігім болмаса, мен дегенің... – Сағасынан асып, лепіре жөнелген бас сәулетші інісінің ызғарлы көзқарасынан ығып, біртіндең істің жөніне көшті. – Құддыс хан Гүлсімге өле ғашық емес пе. Ал оның ұлы Тауыс ханзада Ақерке десе кеудесінен шыбын жанын суырып беруге даяр. Оларды уыстарына түсіру үшін екеуі ештеңеден тайынбайды. Дүниенің тұтқасын ұстаған Құддыс хан үшін алтын, асыл сөз болып па, тәйірі.

– Дұрыс айтасың, шақшабас. – Шайық ацы жымиды.

– Тек, әлемді билеген Баһадүр ханмен тіресеміз деп қайғыдан қан жұтып, аяғымыз аспаннан бірақ шықпаса...

– Жарайды, енді, – Құдияр бүрк етті. – Жаны қызылғанда жалғыз ағаңа себің тимесе...

– Мақұл, – деді Шайық, біраз ойланып барып. – Сенің... көңілің үшін. Құддыс ханмен өзім сөйлесермін. Бұл мәселенің жай-жапсарын маған қалдыр. Ал өзің, бөгелмей, еліңе қайт. Қалған өміріңе жетерлік сабак алған шығарсың, енді басыңа бөле іздемей, бетегеден биік, жусаннан аласа, неғұрлым елеусіз де жатаган ғұмыр кеш. Елден аттанғалы ай өтті дейсің бе? Ізіңе түсіп үлгірмей тұрғанда... Міне, мына жамылғыны алып, оранғайсың. Қас-қағым сәтте қалаған жерінде тұрасың. Мына алтын, – Шайық Құдиярга бір дорба алтын ұстартты. – Қалай шашсан да адамша өмір сүруіңе жетеді. Екі жарым жыл күт мені. Сол мерзімде жетіп үлгірермін. Бет-бейнемді өзгертіп келуім мүмкін. Орданы дүрліктірген хабар арқылы білерсің мен туралы. Сенімен жүздесспесем, ренжіме. Құдік тудырудың қажеті жоқ. Ал, әзірше, қайыр-хош. Сақ бол Жүздесу қажет болғанда өзім белгі беремін.

Құдияр үнсіз басын изеді.

Шайық сиқыршы ертеңінде Құддыс ханның алдында тұрды.

Бас сиқыршысын Құддыс хан қаһарлана қарсы алды.

– Ұры иттей тіміскілеген жымысқы ағаң елімнің маңына жуымасын деп ескертіп едім ғой. Хан бүйріғын жадыңнан шығардың ба, сиқыршы?! Әлде өзінді құдірет иесі деп танығаннан саумысың?

Бір уыс болып бүріскең Шайыққа қарап айызы қанған Құддыс хан қарқ-қарқ күлді. Әміршілерінің қас-қабағын аңдыған жандайшап-уәзірлері қоса қарқылдалап, орданы бастарына көтерді.

– Өзінді құрбақаға айналдырып жіберейін дедім де, шектен шыққан қылышыңың түсінік-себебі болса керек деп бөгелдім. Сөйле!

Зәре-иманы үшқан Шайық хан тағының алдына жалп етіп құлады. Тұмсығы бұзылып, мұрны қанаса да, ондай “ұсақ-түйекке “ назар аударуға мұршасы жоқ. Тенденсі жоқ сиқыршы ретінде танылған Құддыс ханның қол астындағы халық қашанда қарадай үркіп, өз көлеңкесінен қорқып болатын. Қанағын төккен сәттерде хан жанына жақпаған адамды кез келген мақұлыққа айналдырып жіберетін-ді. “Масқара, аяқ астынан...” Құты қашқан сиқыршы мандайын жерге ұрып, бассауғалап, зарлай берді.

— Ләббай, тақсыр. Әміріңізге құлдық. Арсыз ағамды қабылдағаным рас. Қайтейін, бірге туған... Жанымды қазір алсаңыз да бейілмін, бірақ. — Жалбыр қастары жапқан кірпігін көтеріп, әміршісінің қас-қабағын анданған сиқыршы оның тағатынан айрыла бастағанын аңғарған бетте бөгелмей, іске кірісті. — Жанға жағымды жаңалық ала келіпті Құдияр ағам бүл жолы. Кереметтей ұсыныс жеткізді маған. Қасым ханды талма тұстан ұрып, хандығына лаң салып, Нұрлыханның көзін құртып, Ақерке ару мен Гүлсім ханшаны қолға түсірудің жолын көрсепті. Тек... алтын қажет. Сосын – уақыт.

Сиқыршының сөзін естігенде Құддыс қарадай абдырап, әбден есі шықты.

— Құдиярдың... басы істейді осы. Өзіміздің миымызға мұндай ой неғып келмеген? Бөгелме, іске кіріс. Қазынадан қанша алтын қажет болса да, ал Қандай затқа болсын қажеттілік туындаса, бірден өзіме кел. Ал, іске сәт!

Баһадүр ханмен құдандалы болғалы бері Досым ханның елі бұрынғыдан бетер көркейіп, гүлденген үстіне гүлденіп, қарыштап, қатты дамыды. Құдасының ақыл-кеңестерін жүзеге асырып, ел басқару тәсілдерін жетілдіріп, кемелдендірген сайын бұқара халық берекебірлік, ынтымаққа бас ұрып, молшылық-тоқшылыққа

толы мамыражай заман орнады. Жоқшылық, таршылық атаулы біргіндеп біржола ығысып, жетім-жесір, кем-бағалдар мемлекеттің арнайы қамқорлығына алынды. Бұл халықтың Досым хан мен Нұрлыхан, Ақеркеге деген маҳаббатын үдегіп, күшайте түсті. Жаугершілікті кәсіп еткен көрші мемлекеттер бұл елге басқыншылық жорыққа аттану туралы ойды жадыларынан мұлдем шығарды. Досым хан әр ойың, әр шешімін Нұрлыханмен, Ақеркемен ақылдастып қана қабылдайтын. Ондағы ойы, бір жағынаң, ақыл – жастаң, ұлы мен келіні арқылы өз ойын сарапқа салып, екшеп, ой-пікірлерін ескеру болса, бір жағынаң, ертең ел тізгінің қолдарына алатын Нұрлыхан мен Ақеркемен ғұмыр бойы жинаған бай тәжірибесімен бөлісіп, бойларына сіңіру еді. Уақыт еткен сайын Досым хан келінің кемел ақылына тәнті болып, Аллаға шүкіршілігін айтып, амандағын тілеумен болды. Ұлы мен келініне қарап, ханның көз жанары қуаныш, мейірімге толып, жүрегі шаттық өнін салатын.

Күндердің бір күнінде... Иә, күндердің бір күнінде Досым ханның өмір ағысын басқа бағытқа күрт бұрган төтенше оқиға орын алды.

Сәске тұс ауа хан сарайында сақалы белуарына тұсқен, жібек зерлі шапан киіп, белін шарт буған бейтаныс біреу пайда болды. Ұысында – көз қарықтырып, жалт-жұлт еткен дөңгелек зат. Бейтаныстың бір ноқатқа тұрақтамай, жан-жаққа жүгіріп тұрган көзқарасы көнілге күдік келтіргенімен, қолындағы жалтылдаған жұмбақ заттың сырын білуге Досым ханның қарадай аңсары ауды.

– Сізге сыйлық, хан ием, – болды бейтаныстың алғашқы сөздері. Өзіне қаһарлана қараған қарулы нәкерлерге көзінің астымен қараған жібек шапанды алақанын жазып, әлдене деп күбірлеп, дем салуы мұн, – жалт-жұлт еткен дөңгелек жерге домалап тұсіп, бір

демде күміс тұстес төрт бұрышты, төрт тағанды таңғажайып қондырғыға айналды. Жұмбақ затты еріксіз тамашалаған ханға сұктана көз сүзген жібек шапанды зуылдал, сөйлей жөнелді.

Жер-көкті жеті айналсаңыз да, мұндай кереметтің көлеңкесін де таппайсыз, тақсыр. Саналы ғұмырымды сарп етіп, көз майымды тауысып, жер-көктегі кітап атаулыны ақтарып, Сізге арнап әдейі жасаған дүнием. Дүниенің кілті – осы. Адамның шектеулі мүмкіндігін шексіздік кеңістігіне шығарып, жан-дүниеңізді тәтті ләззатқа бөлейтін шексіз рахат көзі де осы. Үш бөліктен тұрады бұл қондырғы. Басқару тетігі, міне, қолымда. Тетікті бір бұрағанда қас-қағым сәтте жер бетінің қалаған нүктесінде тұрасыз. Келесі бұрағаныңызда өткен өміріңіздің қалаған сәтіне қайта оралып, қателіктеп ріңізден корытынды шығарып, бақытқа бөленген шақтарыңызды басыңыздан қайта өткересіз. Үшінші рет бұрағанда – таңғажайып тамаша мың бір тұн әлеміне еніп, ойын-сауық, той-думанға кенеліп, үр қыздарынан өткен өңшең арулар мен лыпып тұрған көріп көз тоймас керемет көркем бозбалалармен бірге шаттық-шадыман, рахатқа батып, өмірдің бар қызығына бөленесіз.

Қондырғыға жер өлшемі жүрмейді. Тетікті басып, өміріңіздің белгілі бір уақытын анықтап қойсаңыз болғаны, айталақ, жарты сағат я он минут, қондырғыда айлап-жылдаған өміріңізді өткізіп, өзіңіз белгілеген сәтте жер бетіне қайта оралуыңызға болады. Бұдан басқа да қызықтары толып жатыр. Мен тек басты қасиеттерін ғана тізбелеп шықтым.

“Тілі тәтті, – деп ойлады бейтанисқа зер сала қараған хан. – Кім біледі... Жаһаннамға аттандыру туралы өміршісінен арнаулы тапсырма алған жансыз болмаса.”

Өнменінен өткен уытты көзқарасқа төтеп бере алмаған зер шапанды жүзін төмен салып, қарадай қысылып, қуыстانا берді. Хан көңілінде бұл күдік тудырған. Ұрының арты – қуыс болмаса етті.

– ھм, – деді Досым хан, бейтанысқа сынай қарап, біраз отырғасын. – Өзіңді таныстырып өтсеңіз.

Сол-ақ екен, өз еркі өз қолына тигендей сезінген бейтаныс бірден тілінің тиегін ағытты.

– Тақсыр, адамзат атаулыдан ауаша, тау-тастың қойнауын тасалап, фәни жалғаның алдамшы қызығынан баяғыда баз кешіп, бар ғұмырын ғылымға арнаған міскініңізбін. Жылдар бойғы еңбегімнің қорытындыжемісі ретінде осы қондырғыны құрастырып, өзіңізге арнайы алып келіп, тарту етпек едім. Сіздің... ғафу өтінемін, хан ием. Біз байқұстың бар еркіміз Сізде ғой. Көлеңке оймен әкелді деп құмәндансаңыз, сенімді адамдарыңыздың бірін менімен бірге ішіне енгізіңіз. Сөзімде титтей жалғандық болса, сол айтсын. Сонын – өзіңізбен бірге еніп көрейін ішіне.

Хан жан-жағын ойлана шолды.

Он жағында отырған бас уәзір ханның алдына келіп, басын иді. Досым ханның өміріне өз өмірін баяғыда садағаға берген жан еді ол

– Хан ием, рұқсат етсеңіз, мен енейін.

Бас уәзіріне өзіндей сенетін хан бөгелмеді.

– Мақұл. Рұқсат.

Арада жарты сағат уақыт өтті.

Орда іші – тым-тырыс. Демін ішінен алған халықта үн жоқ.

Шаттыққа толы көңілін баса алмай, жүрегі лұпілдеп, аузына тығылған бас уәзір қондырғыдан түскесін өз-өзіне келе алмай, біраз отырды. Аптығын басқан бетте:

– Керемет, – деген. – Хан ием, Сізге лайық сыйлық. Нанбасаңыз... бірге енейік. Көзіңізбен көрсөніз...

– Жарты сағат, – деді хан, ене беріп. Үшеуі қондырғыға кіріл, көзден ғайып болды.

Әкесінің соңынан еріксіз ұмсынған Нұрлыхан орнынан тұра беріп, қайта отырды. Қобалжыған көңілін басуға тырысқан. “Бас уәзір… аман-сау шықты ғой.”

Жеңілтектік көрсету – ханға жат қасиет. Көңілін жайлаған шексіз қуанышты сырт көзге сездірмеуге күш салған Досым ханның ризалығы бір ғана сөзben білінді.

– Ақерке, Нұрлыхан. Ішіне еніп, көріндер, – деген.

Араға он минут салып, екеуі қондырғыдан атып шықты. “Айтса – айтқандай” болды екеуінің пікірі.

Сый-құрметке бөленген өнертапқыш-ғалым қондырғыны қалдырып, өз мекеніне оралды. Мұртынан құлген ол: “Көрерміз… енді” деген көзінде жұмбақ от ойнап.

Қондырғы Досым ханның журегін әбден жаулады. Бірте-бірте оны құдасы Баһадұр ханға көрсетіп, бар қызығын бірге бөлісуге аңсары ауған.

Ұлымен, келінімен ақылдастып, көңіліндегі ойымен бөліскең Досым хан бірде орда кеңесін шақырды.

– Нұрлыхан мен Ақерке бас қосып, шаңырақ көтергелі де үш жылдың жүзі болды, – деді ол – Сүр жыланнан хабар бола ма деген дүдемал-қауіп сонда да болса ел тізгінін қолымнан жібермей, ұстай тұруға мәжбүр етті. Ол қауіп бүгін сейілгендей. Үш жылда бір хабар болса етті.

Асыл – тастан, ақыл – жастан. Хандықтың билігін ұлым мен келініме беріп, Баһадұр құдама барып, ел аралап, қарттықтың қызығын көрсем деймін.

Тіл қатқан – бас уәзір болды.

– Хан ием, рұқсат болса, мен де бірге аттансам. Орнымда қалдырар ізбасарым, соңымнан ерген тұяғым, Хақназардың жан досы – Нартайым бар. Әміршісіне сүйеу болмаса, бөгет бола қоймас деймін.

Бұл ұсынысты хан сөзге келмей, қабыл алды.

Хақназардың салтанатты түрде таққа отыруына арналған той-думан бір айға созылды. Бал татыған шараптар суша ағып, құлақ құрышын қандырган әсем ән мен тәтті күй әуелеп аспанға өрледі.

Арада ай өткесін Досым хан мен бас уәзірі бір топ нөкерлерімен бірге ел-жұрттымен хош айттысып, қондырғыға еніп, көзден ғайып болды.

Хандықтың тізгінін қолына Нұрлыхан алды.

Сен мені танымадың ба, Нұрлыхан!

Қасым ханның бағытын бұлжытпай ұстанған Нұрлыхан мен Ақерке халықтың көңілінен шыға білді. Сүйікті ханы мен ханымы үшін кез-келген жан бір сөтке де ойланбастан жаңын пида етуге даяр еді.

Бас уәзір – Нартай да досына таяныш-тірек бола білді.

Жарты жылға созылды бұл мамыражай өмір.

Нұрлыханның балалық шақтан бойына сіңген сүйікті кәсібі саятшылық құрып, ан аулау еді. Дегенмен, Ақеркемен бірге сейіл-серуен құрып, саятшылыққа шыға жүріп, ол біртіндеп жан жарының өмірлік фәлсафасын қабылдап, қорғансыз, әлсіз аңдарды індеп, аулауды біржола доғарған болатын. Керісінше, жыртқыш аңдардан жапа шеккен аң-құстарға араша түсіп, өмірлерін корғауды әдетке айналдырып еді. “Маған аңшы-саятшы емес, орманшы атағын беру керек” деп күлетін ол кейде осыған орай.

Нұрлыхан бұл жолы аңға әдеттен тыс ұзақ жиналды. Беймәлім бір күш адымын еріксіз түсап түрғандай, ілгері басқан аяғы кері кетіп, жүрген жүрісі мандымай-ақ қойған. Көнілі әлденеден секем алып, қарадай қобалжыса да алған бетінен қайтып көрмеген қызуқанды хан: “Саятшылық үшін сәтсіз күн” деген бас сиқыршының ескертпесін елең етпей, ер каруы – бес қаруын сақадай

сайлап, аңшы дос-нөкерлерімен бірге аңға аттанған. Сүйген жарын сапарға шығарып салу ежелгі дағдысына айналған Ақерке Нұрлыханмен хош айтысып, сәт-сапар тілеп, сарай алдында қала берді. Жас ханымның мөлдіреген көзінен елжірей сүйген хан атының басын бұра беріп, қалыптасқан дағдысынан жазып, Ақеркеге қайырылып қарап барып аттанды. Күйеуінің көзіне тұнған жұмбақ мұң жас ханымның жүргегін еріксіз шым еткізген. Сол-ақ екен, тұла-бойын белгісіз зіл қара тас басып, қарадай еңсесі түсті. Қара бұлттай қаумалап, қоршаған тұнек-ойға бой алдырмауға күш салған Ақерке: "Апыр-ай, Гұлсім айтқан сын-сағат соққаны ма шынымен? – деді өз-өзінен дегбірі қашып. – Нұрлыхан да соны сезбесе етті."

Нұрлыхан аңдан қас қарай бір-ақ оралды. Өні – әлемтаптырық. Өрт сөндіргендей. Сарай алдында күтіп тұрған Ақеркеге көз қызыны салмаған қалпы бейтаныс, бөтен адамдай үн-тұнсіз өтіп кеткен. Хан иенің оң қапталын ала келе жатқан Нартай ханымға қарап, басын иді. Ләм деп жақ ашпаған қалпы жан баласына тіл қатпай, тұнеріп, үнсіз жатып алған Нұрлыхан ертеңінде таң сыз бере атын ерттеп, алқын-жұлқын аңға аттанды. Ертеңінде – тағы. Ойда жоқ бұл суыт жүріс азды-көпті бір айға созылды. Арада аттай бір ай өткесін хан қабағынан қар жауып келіп, үн-тұнсіз бұқтұсіп жатып қалған. Өзі жатқан бөлмені қара тұнек көленкеге ораған хан мемлекет билігін Нартай мен Ақеркеге беріп, өзінің жан баласымен жүздесіп, тілдесуге зауқы жоқ екенін айтып, бұл әлемде Нұрлыханның бар екенін ұмытуды өтінген. Күйеуінің тосын қылышынан секем алған Ақерке Нартайды шақыртты. Кезімен жер шұқып, әміршісінің елде-жүртта жоқ оғаш қылышы үшін Ақеркенің алдында жерге кіре жаздаған бас уәзір көрген-білгенін жасырмады.

– Аңға аттанған күні алдымыздан ай мүйізді әппак марал пайда болды. Сілтідей тынып, тұрып қалыптыз. Есін жиған Нұрлыхан болды. “Бұл менің меншігім болуға тиіс!” деп қиқулап сонына тұсті. Соны күтіп тұрғандай, марал да жалт беріп, ай мүйізі күнге шағылышып, күншығысқа бет бұрган. Хан иеміздің сонынан іле-шала аттанғанымызбен, оның арғымак ақбозының бауыры жазылғасын әбден қаны қызып, шаңына ілестірмей кететіні мәлім, бірер сағаттан соң көз жазып қалдық.

Қас қарада оралды хан ием. Қабағы – суық. Жан-жағына танымаған жандай жатырқай қарайды. Жүзінде жұмбақ күлкінің табы тұныпты. Көзі бір нұктеге тұрактамай, жан-жағына жалтаңдап, қарай береді. Бар айтқаңы: ”Fажап.” Басқа сөз жоқ. Содан бері... осы.

Ақерке ойға батты. Гұлсім берген сиқырлы айнаны алып, жұмбақ жәйттің сырына үңілуге бұған дейін дәті бармаған ханым енді өзі үшін одан басқа үміт жоқ екенін айқын ұқты. Тұрмыс құрғалы бері қажеті болып, өжетіне жарамаса да, сүйікті апасының аманатын көзінің қарашығындақ сақтаушы еді. “Аш құпияңды, айнам”, – деді ол ақырын, айнаның бетін алақанымен сипап өтіп. Сол-ақ екен, айнаның беті толқып жүре берді. Келесі сәтте көз алдында ай мүйізді ақ марал жарқ етті. Ақеркенің жүрегі толқып, дүрсілдеп жүре берді.

Орман. Марал Нұрлыхан. Беймәлім анды індете құған хан. Орманның шетіне жетіп, кенет көзден ғайып болған аң. Жан-жағына аңтарыла қарал, ақ маралды іздеген Нұрлыхан. Марал ғайып болған тұста кенеттен пайда болған жібек шатыр. Шатырдан шыққан көз жауын алып, үлде мен бұлдеге бөленген сұлу қыз.

– Сен мені танымадың ба, Нұрлыхан?! – деп сиңқылдай құледі ол. Ессіз жандай өзінен көзін алмай

қадала қараған ханға қарай қызыңан шашылған бу түстес жұмбақ зат. Әл-дәрмені құрып, қарадай сылқ құлаған ханға қадала қарап тұрып, буға айналып, жоқ болған ару. Бірер минутта есін жиып, шатыр тұрган орында басын тоқпақтап, бейтаныс аруды іздең, аласұрған Нұрлыхан.

Айна беті толқып барып, байырғы қалпына қайта оралды. Ақерке ауыр күрсінді. Төніп келген қауіп бұлтын ол жазбай таныған. “Бекем бол, Ақерке. Сын сағат... басталды. Бойындағы бар күшінді жиғайсың. Нұрлыхан өтер өткел – осы.”

Қырық күнге созылды Нұрлыхан ханның қараптан-қарап қара жамылған жұмбақ жатысы. Фәни жалғаннан біржола баз кешіп, адам атаулыны танудан қалған хан бірде жер-әлемді құлқі-дұманға бөлеп, кернейлетіп, сырнайлатқан тамаша-тойдың лебі құлағын жарып, орынан еріксіз атып тұрган. “Хан... адам баласының бетін көрмей жатқанда бұл не басыну? Неткен бейбастақтық.” Орда есігін күзеткен нөкерлердің біріне ол дереу ел әміршісінің тыныштығын алған нақұрыстарды алдына салып, айдал келуді тапсырған. Араға аттай бір сағат салып, әзер оралған нөкер қаһар төгіп, қадала қараған ханға туралап бет бұра алмай, әлсін-әлсін бас иіп, тізерлей келіп, уысындағы тілдей қағазды ұсынды. Бағжаң етіп, қағазға көз тіккен Нұрлыхан өз көзіне өзі сенбей, қайыра қарады. Сол! Бейтаныс сұлу. “Кім берді?” болды ханның аузынан шыққан алғашқы сөз. “Сурет... иесі”. Ханның көзінен жарқылдай шашылған от-лепке төтеп бере алмаған нөкер тағы төмен тұқырды. “Өртеп жібермес пе екен? Баста” болды ханның сөзі.

Көзді ашып-жұмғанша сән-салтанаты асқан қырық шатырдың ортасында ерекше көз тартқан ең ірі жібек шатырға асыға жетіп, есігін серпи ашқан Нұрлыхан

төрде отырган сұлудың аяғын құшып, аузына келген сөзді айтып, балпылдай берді. Ханға қарап, кекесінмен жымыған сұлу:

— Армысың, Нұрлыхан хан! – деді саңқ етіп.

Сонда ғана өзінің оғаш қылышын бағамдаған Нұрлыхан бойын билеп, тіктеліп, шатыр иесінің амандық-саулығын сұраған.

Той-думан, тамаша артық-кемі жоқ үш күнге созылды. Көрер көзге өзгеріп, құлпырып журе берген Нұрлыхан құшағындағы сұлудан басқа бар әлемді ұмытты. Араға үш күн салып, із-түzsіз жоғалған ханның сонынан қуып келген Нартай бастаған уәзір-нөкерлерін көрген Нұрлыхан өзін Салиха деп таныстырған сұлуды сарайына шақырып, өзімен бірге алыш жүрді.

— Ақерке... қалай қарар екен? – деп жегідей жеген қауіп-оймен бөліскең Нартайға алая қараған хан:

— Ақерке... кім ол? – деді ақырын – Kіrіспе, Нартай.

Нартай үн қатпаған қалпы Салихаға ойланған қарады да, атының басын ханның оң қапталына бүрді. “Әліптің артын бағып... көрерміз. Дәл қазір – қайран жоқ.”

Той-думан хан ордасында жалғасын тауып, буын-буынды алыш, бойды балқытқан қанқызыл шарап сел болып ақты.

Күйеуінің жұмбақ қылышына ләм деп тіл қатпаған Ақерке ақыры бар жайға өз көзімен қанығуға бел буған.

Сенімді серігі Гүлжамалды ертіп, Ақерке сарайдың той өтіп жатқан бөлмесіне енгенде Нұрлыхан Салиха сұлуды аймалап, елтіп, балқып, бар әлемді ұмытуда еді. Ханымды көрген бетте сарай сазшылары саз-әуендерін кілт тыйған. Жан біткеннің назары ханым мен ханға ауды.

— Не... жетті? – деген Нұрлыханның барқыраған дауысы естілгенде сазшылар аспаптарын қолдарына амалсыз қайыра алды.

Үн қатпаған қалпы өзіне ойланған қараған Ақеркеге шарап уытынан қызырып, домбығып, ісіп кеткен көздерін керенау көтерген Нұрлыхан ә дегенде өз көзіне өзі сенбекен. Білегімен көзін үқалап, қайта қараған ол Ақеркенің қараашығымен қараашығы түйіскенде қарадай қып-қызыл болып, от болып лаулап, алаулап жаңып жүре берді. Ақыл-санасын шараптың тұтқынына беріп, ерік-жігер атаулыдан мақұрым қалып, тойымсыз нәпсінің құрдымына өз еркімен беріліп, шым батса да: “Сенен басқа әйел затын көрмей өтейін” деп сол үшін жаңынан баз кешіп алған аяулы, асыл жарын көргендеге Нұрлыханның жан-жүрегі елжіреп, лұпіл қағып, дүрсілдеп жүре берді. Ақеркеге жүзін көтеріп, көз түйістіруге енді дәті шыдамаған хан еріксіз алға үмсінғанда сайқалдана құлген сиқырлы үн шықты:

– Қатыннан... қаймыққаның не, хан ием? Қанша жерден... ханым болса да. – Соңғы сөз уытты кекесінге толы еді.

Жағынан біреу шапалақпен осып жібергендей төмен тұқырған Нұрлыхан сылқ-сылқ құлген қалпы өзіне шарап толы құтыны ұсынған Салиха сұлуды құшағына қысқан қалпы Ақеркеге:

– Кет, – деген Сосын: – Көрінбеші, – деді. Үнінде қажу бар еді.

Ақерке кілт бұрылды. Гүлжамалға да қарамаған.

Екеуі сол күннен бастап бөтен, жат адамдарға айналды. Тіл қатысып, жүздесу жайына қалған. Шарап уыты басын айналдырып, Салиха сұлудың тұтқынына мықтап мatalған Нұрлыхан өзінің кім екенін, қайдан келіп, қайдан тұрғанын ұмытып, бейдауа бір есірік хал кешкен.

Ақерке сол түні көрер таңды көзімен атырды. Қаумалаған қорған-ойдың құшағында қалған ханым тығырықтан шығарар жолды іздеген. Миына келген

алғашқы ой Гұлсіммен ақылдасу я болмаса әкесіне хабар беру болды. Ол ойдан, бірақ, бірден бас тартты. “Нұрлыханды тандаған өзім. Мерзімінен бұрын дабыл қағып, әкемнің жүргегін ауыртқаннан не өнер. Өз отбасымның шырқын өзім де сактап алармын. Бірер айда... анықталуға тиіс өзі де. Сабырға жендірейін. Әліптің артын бағып көрейін.”

Жерүйық

Талықсып барып, таң қылаң бере үйқыға бойын жендірген Ақеркенің көзіне алғашқы болып іліккен өзінің сүйікті құралайы болды. Еліктің лағы бұған көзі жәудіреп, ойланған қарап отыр екен. Көзінде – мұң.

– Ақерке, – деді ол өң мен тұстің арасындағы әрі-сәрі халде өзіне антарыла қараған ханымға. – Ақылға сыймайтын таңғажайып, тамаша жәйттерді басынан кешсең де, түсініксіз, жұмбақ жағдайларға куәгер болсаң да, – титтей де таң қалмағайсың. Қалыпты жағдай ретінде қабылда, аяулым. – Үні мейірімге толы еді.

Соны айтты да Ақеркенің жүзін алақанымен ақырын жасқап өтті. Ақеркенің көзі еріксіз жұмылған.

Көзін ашқанда сөзбен айттып жеткізгісіз керемет сұлу қызыбен бірге аспан төсін тіліп, ұшып келе жатқанын бірақ аңғарды. Ақеркенің өзіне-өзі келгенін көріп, қыз құпия жүзбен сәл жымиды. Сол-ақ екен, жарқыраған аспанда жұлдызша ағып, зымырандай зырлаған қос ноқат пайда болды. Дем арасында екеуі ауыздығымен алысқан арғымақ ақбоз қанатты аттарға айналды. Бастарын шұлғып тұра қалған қос арғымаққа екеуі сөз айтпастан қарғып мініп, жұлдыздары жымындаған аспан төрін тілгілеп, айшылық жерді демде алып, ұшып бара жатты.

– Ұшудың қандай ғанибет екенін өзің көріп, сезсін деп көлігімізді кейінірек шақырып едім, – деді қыз сөлден

кейін Ақеркеге бұрылып. – Ұша беруге де болар еді, бірақ, жол шалғай. Сені текке шаршатып, әлсіретіп алам ба деп қорықтым. Ал арғымактар, – қыз пырағының сауырынан сипады, – үш жылдық қашықтықты үш сағатта алады.

Қам-қайғы, жамандық атаулыны жадынан шығарып, көз жанарын ұрлаған түнгі аспанды сүйсіне тамашалаған Ақерке үнсіз басын изеді. Алыстан арбап, өзіне тартқан сәулелі нұрға ой-назары еріксіз ауған. Нұр-сәуле біртебірте ұлғайып, зорая келіп, гаунар, ақық, зұбөржат сынды алтын, асыл тастардан соғылған салтанатты сұлу елге айналды. Қарықтырып, көз қаратпайтын сұлу елдің мінсіздігі соншалық, көрген жанды ақылдан адастырып, таң-тамаша етіп, еріксіз таңдай қақтыратын. Тіл жетпес таңғажайып сұлулығымен қатар бұл елдің басты қасиеттерінің бірі адам жанын мейірім-шапағат, шуаққа бөлеп, көніл-күйін көтеріп, уайым-қайғы атаулыны біржола ұмыттырып жіберетіндігі еді.

Қала толы – қарақұрым халық. Жүздерінен қуаныш нұры төгіліп, баға жетпес асыл киімдерге малына киінген халықтың аузында бір ғана сөз:

– Ақерке. – Ақерке деген жалғыз сөз аспан төрін жаңғырықтырып, жер-әлемді жаулап алғандай.

Қанша жерден таңданбаймын десе де, Ақерке бұл жұмбақ құбылыстың төркінін түсіне алмай, қасындағы қызға антарыла қарады. Қыз болса, өзін бастарын жерге жеткенше иіп, қошеметтей қарсы алған халыққа күлімдей қарап, бас изеуде.

Ақеркенің есімін үздіксіз қайталап, қуаныштан жүздерінде нұр ойнаған қарақұрым халықтың арасынан қолдарына шара толы қымыз бен бал-бауырсақ ұстаган қыз бен жігіт бөлініп шығып, бастарын иіп, екеуіне дәмтүз ұсынды. Қымыз бен бауырсақтан дәм татқан бетте қаумалай қоршаған халық екеуін сөн-салтанаты асқан

сұлу сарайға енгізіп, бастарын тағы бір иді де, Ақерке мен қасындағы қызды оңаша қалдырып, сарайдан шығып жүре берді.

– Ханым, бәрі дайын, – деді сонында қалған жас жігіт. Қызыңсыз бас изеді.

Оңаша қалған бетте өзіне дегбірсіздене көз тіккен қонағына қызыңсыз күлімдей қарады.

– Мың бір тұнгә тап болғандай болып отырғаныңды білемін. Ақерке. Мен сенің егізіңмін. Екеуміз осы елдің әміршілеріміз. Халық сенің дидарыңды көргенде ақылестен адаса қуанып жатқандарының себебі – сағынғаннан.

– Мен... Жер тұрғыны емеспін бе. – Ақерке таңдаңысын жасыра алмады.

– Әрине, – қызыңсыз жыныды. – Алайда, Жер – сенің уақытша тұрағың. Мәңгілік мекен, Отаның осы – Жер рүйік. Ақерке. Тек таңдаулы жандарға ғана мәлім құпияны ашайын. Тіршілік иесі атаулыға тек жақсылық қана тілейтің, адамгершіліктің үдесінен дәйім шыға билетін ақ ниетті адаптация жерге уақытша, өз міндеттерін атқарып, адамзаттың көзін ашып, жан-дүниелеріне Махаббат, Сұлулық, Тазалық нұрын сініру үшін жіберіледі. Жер бетіндегі кесімді мерзімі тәмамдалғасын олар өз Отандарына оралып, қуаныш-бақыт, шаттыққа толы мәңгілік ғұмыр кешеді. Сондай санаулы, сирек жандардың бірі – сен. Өздерінің кім екенін сендей жандар жер бетінде білмей өтеді. Өз міндеттерін адаптация, дегенмен. Біз текстес ғарыштық бауырлары сын сағатта оларға медет болып, рухтарын сүйемелден отырады. Дәл осы сөздер жерге жеткен бетте жадыңнан шығады. Мениң де кім екенімді ұмытасың. Сен үшін сүйікті елігіңе айналамын.

...Көзің жұмылып, фәнимен хош айттысып, мәңгілік сапарға аттанғасын өз Отаныңа ораласың. Шат-шадыман, думанды, қызықты өмір басталады сонда.

Ақерке оны елти тындағы.

Таңғажайып тамаша той үш күн, үш түнге созылды. Құрақ ұшып, қас-қабағына қараган жүздері мейірім-шапағатқа толы көркем, сұлу адамдар мен жан-жүректі бақыт құшағына бөлеген гажайып сұлу қаланы қимағанымен, жерде қалған әкесі – Баһадүр мен жан-жары Нұрлыханды ойлап, елегізген Ақерке егізіне белгі берген. Келгелі бері Ақеркені алақанына салып күткен ол еріксіз күрсінді. Сосын – басын изеген.

Жұлдызша жанған қанатты пырақтарға мінген қарақұрым халық Ақерке мен оның егізі – Алуаны ақшаңқан белдеу бейнесінде белгісіздікке жол тартқан Құс жолына дейін шығарып салды. Сосын... бәрі бір сәтте көзден файып болған.

Кеудесін кернеген қуаныш, шаттық сезімі біразға дейін Ақеркенің бойын жылтырып, жүргегіне нұр сеуіп жүрді.

Бұл сезімнің сейілуіне сарайдағы кездесу себеп болды. Гүлжамал бастаған нөкер қыздарын ертіп, сарайды аралап, серуендең жүрген Ақеркенің құлағына:

– Сарайдың бұл бөлігі кейінрек салынған-ау, шамасы, – деген дауыс шалынды.

Салиха сұлудың сиқырлы құлқісін жазбай таныған Ақерке бірден іш жиып, басқа есіктен шығып, кетуге асыққан. Дегенмен, қалт тоқтады. Нұрлыханның жауабын естігісі келген.

– Иә, бұл жерде бұрын жылан ордасы болған.

– Жылан ордасы? – Әйелдің үнінде пайда болған соны серпін Ақеркені еріксіз дір еткізді. “Төркіні... тегін емес, тегі, бұның”. – Ол ордаға не болды екен?

– О, ол ұзақ оқиға. Ол туралы ойламай-ақ қойшы, жаңым. Қарашы, қандай әдемі. – Салиха, бірақ, шегінер болмады.

– Нұрлыхан, кімнің... әмірімен ол орда орнынан көшірілді екен?

– Жаңым, сен жыландарға осынша құмар деп кім ойлаған. Амал нешік. Құрып кетті ол орда қазір. Атай көрме, менің де, әкемнің де қатысымыз жоқ. Бас сәүлетші – Құдияр екен өз бетімен бұйрық беріп, жайына жатқан жылан ордасының түбіне жеткен.

– Ол жауызға, – әйелдің үнінен ашу аңғарылды. – Қандай жаза қолданылды?

– Әкем басын алмақ болып еді, мен араша түстім. – Нұрлыхан бейғам жымиды. – Жалғыз ұлымның жанының садағасы деп бір уыс қанын кешті әкем. Қазір – сарайда. Бірақ, бас сәүлетшілік мансабынан айрылған.

Осы сәт үшеуі бір-біріне қарама-қарсы келіп, бетпебет түйісіп еді. Қапелімде жалт беріп, бұрылып үлгірмеген Ақеркенің зәре-құтын ұшырып, ақыл-ойын сансыратқан Салиханың көз түбінде тұнған өшпендейділік оты болды. Нұрлыханға қараған көзқарасында – кек жанып тұр.

Ақеркеге бейтаныс, бөтен адамдай немқұрайды қараған Нұрлыхан Салиха сұлуды аш белінен қыса құшып, некелі жарына тіл қатпаған қалпы қасынан өте берді.

Бұл масқараға Ақерке ләм деп жақ ашпағанымен, тазалықтың үлгісі ретінде танып, бас ие сыйлайтын Ақеркенің нағызы жерге тапталғаны әдетінше ханың оң жағында келе жатқан бас уәзір Нартайдың жанына қатты батты.

– Хан ием, – деген ол, тамағын қырнап. – Сізге жөн айттар мениң жолым жоқ. Хақым да жоқ. Бірақ... Ақеркедей асыл затты қорлауға...

– Асыл зат деймісің, – Нұрлыханың үнінен ызғар есті. – Біреудің қаңсығы біреуге таңсық деген. Жұбат енді. Тіпті... қидым саған. Аузыңның суы құрып жүрсе.

Нартай қап-қара болып, тұтігіп кетті.

Сонда да өзін қолда ұстауға тырысқан.

– Әттең, – деді ақырын. – Хан атағының бар, затыңыз дәл қазір бекзадалықтан әдірам қалып тұрса да. Әйтпесе... – Демін терең алып барып, сөзін өрең жалғады. – Өкінесіз, хан ием. Айтпады деменіз. – Соны айтты да, бұрылышп жүре берді.

– Басын алмайсың ба бұндай шектен шыққан тексіз құлдың. – Салиха қылымси күліп, Нұрлыханның мойнына асылды. – Қанден күшік бүгін шәуілдеп үрсе, ертен балағына жармаспасына кім кепіл.

Нұрлыхан ойланған бас шайқады.

– Нартайдың жөні басқа. Мен үшін басын бәйгіге сан мәрте тіккен қандықөйлек жан жолдасым. Жалғыз досым жалғандағы. Айтсын. Ауыз өзінікі. Ертең-ақ келер кешірім сұрап.

Ақеркені Нартай бақ ортасындағы хауыздың қасынан тапты. Үн қатпаған қалпы басын иіп, қожасының бассыздығы үшін үнсіз кешірім сұраған бас уәзірге Ақерке баяу бұрылды:

– Нартай, – деді ақырын. – Салиханың көзінен өшпендейлік отын көрдім. Нұрлыханға қастық жасап журмесін. Сақта оны.

Мән-жайды үнсіз ұғынған Нартай иығынан ауыр жүк түскендей Акеркеге қарап басын иді де, кері бұрылды.

Құдияр

Құдияр алты ұлдың үлкені еді. Арамза, мерез мінезі бесіктен белі шықпай жатып байқалған тұлабойы тұңғышынан әкесі әбден масқарасы шығып, ел бетіне қарағысыз жағдайға жеткесін адам ретінде күдер-үмітін үзіп, біржола бас тартып, үйінен қуып шығуға мәжбүр болған. Оған, бірақ, қыңа қойған Құдияр болмады. Ел ағасының әлпештеп алақанға салып, аялап отырған

бұлдіршіндегі қызының ар-абыройын айрандай төгіп, ата-анамды жерге қараттым-ау деген ой миына кіріп те шықпаған. “Өнерім аман болса, асыраң” деп ала дорбасын иығына ілген де, зар илеп, алақанын жая еніретен анасына да бұрылып қарамастан кете барған.

Ата-анасы көз жүмғасын бауырларының арасынан Құддыс ханның бас сиқыршысы Шайықты тауып, сонымен ғана араласқан. Шайық екеуі басқа бауырлары туралы сөз де қозғамайтын.

Соқыр сенімі Құдиярды алдамады. Ел шетіндегі шіріген байға барып жалданып, сарайын соққан жас сәuletшінің даңқы жер жарып, ұзамай Досым ханның құлағына жеткен. Жас сәuletшіні шабарман жіберіп, арнайы алдырған хан оның өнерін жан-жақты сарап-сынаудан өткізгесін ордада қалдырған.

Хан көңілінен шыға білген сәuletшінің өнеріне тәнті болған өмірші бірде:

– Отбасын құрып, отағасы атанатын мерзімің де келгендей. Көңілің жарасып, жүрегің табысса, қалаған қызыңмен қосайын. Бірақ, біреудің еркіне қол сұғып, зорлап жүрме, – деген.

Ұзамай Досым хан жер қайысқан қалың қолды басқарып, алыс сапарға шықты. Өзіне қарсы соғыс ашқан көрші мемлекеттің патшасына қарсы жорыққа аттанып еді ол. Баһадүр ханға Досым ханның ұқастығы – соғыс өртін ешқашан өз еркімен тұтатпайтын. Алайда, туған жерін кез-келген басқыншыдан қасық қаны қалғанша корғауға әрдайым даяр-тұғын.

Досым хан жорықтан женіспен оралды. Соғыста колға түскен тұтқындар да аз емес еді. Тұтқындардың арасынан сарбаз киімін киген сұлу қыз Құдиярдың көзіне ерекше тұсті. Ағаларымен бірге соғысқа аттанған жау сардарының қызы еді ол.

– Іздегенімді енді таптым, – деп алақанын ысқылаған Құдияр қыздың қасына жетіп келіп, бұрымынан жұлқа тартып, өзіне қаратқан. – Тү-у, кереметі-ай. Сұлуым, енді, жазған пақырыңың, һм... – Одан әрі сөз таптай, тұтығып қалған. Қыз Құдиярдың басынан аягына дейін асықпай, шолып шықты. Соғын басын сілкіп қалып, қолын қағып жіберген.

– Қолыңызды... тарта ұстасаңыз, жазған пақыр...

Ду құлкіге үдіреіе жалт қараған Құдиярдың қаны басына бірақ шашыды. Тұтқындар ішектерін ұстап, түйіліп қалыпты. Қыз гана үнсіз. Хан алдындағы Құдиярдың беделін білетіндіктен оның бассыздығына тыйым салмай, сырттай бақылауға мәжбүр болған түменбасы да алақанымен бетін көлегейлеп, мырс-мырс күледі. “Қап, мынаның тапайдың тал түсінде масқа-рамды шығарғаны-ай.”

– Қара мұны. Әспенсіп. Ханға барып, рұқсат сұрап, некелеп алғалы жүрсем. Ой-дәйт деген. Иттің басын... Табанымды жалайтын күніме айналдырам мен сені, қара да тұр. – Соны айтып, сұлудың қолаң шашын бірнеше бөліп, білегіне орап, дырау қамшымен сабауға ыңғайланған. – Көрсетейін мен саған.

Құлкі атаулы сап тыйылған. Оның себебі, бірақ басқа еді; түменбасы мен тұтқындар тосын құлкінің себебін білуге асығып, өздеріне бет түзеген Досым ханды көрген болатын. Ханды қөзі шалған бетте қыз шашының жұлынғанына қарамай, басын жұлқа тартты:

– Дат, тақсыр!

– Айт датынды, – деді хан өзіне меніреіе қараған Құдиярға босат дегенді ишаратпен білдіріп.

– Сіздің шексіз әділдігіңіз, әділеттілігіңіз туралы дақпырт-даңқ өз еліңіздің шекарасынан асып, аңыз болып біздің елге де жетіп жатады. Тұтқын болсам да, адаммын, адам болғанда әлсіз, нәзік әйел затымын, хан

ием. Анаңыздың ақ сүтімен өтінемін, құтқарыңыз мені мына нақұрыс, нойыстан. Эйтпесе... Бодандыққа берсеңіз де, қорлығына төзе алмаспын. Екі дүниеде обалым мойныңызда болады онда, хан ием.

– Көңілің қалаған қызды ал дегенсіз, – деді Құдияр, айылын жимай.

– Көңілің табысып, жүрегін жарасса дегенмін, – деді Досым хан, шаршаңқы. – Өзгенің еркіне зорлап билік жүргізгеніңе жол болсын. Жазықсызды жәбірлеу – жабайылықтың белгісі. Бұл қылышың үшін дарға асса да болар еді, бірақ, кешірдім бір жолға. Елу дүре, – деген сосын, жендеттеріне иек қағып.

Құдияр сосын бір ай бойы сарайда көрінбеді.

Досым хан қызға бұрылған:

– Қалауың кім?

Қыз өзімен бірге тұтқынға түскен сарбаздардың бірін нұскады:

– Сөз байласқан адамым осы еді.

Қырық түйеге жүк артып беріп, басқа тұтқындармен бірге Досым хан екеуін еліне аттандыруға бұйырғанда, қыз бен жігіт келіп аяғына жығылды:

– Хан ием, бізді өз қамқорлығыңызға алсаңыз. Боданыңыз болуға бел будық. Адал қызмет етуге ант етеміз.

Екі жас сонымен Досым ханның елінде қалып, біраз уақытта бақуатты отбасыларының қатарына қосылған.

Бұл оқиға Құдиярдың қеудесінде қанды кек болып қатып еді. Намысым аяққа тапталды деп шешкен ол. Қайдағы бір тәмен етектіге жығып берген ханды кешіре алмаған. Әрі өзінің өжеттігінің арқасында уысынан сыйылыштың кеткен сұлуды көрген сайын іші күйіп, өртеніп, өле жаздайтын. Дегенмен, қолдан келер дәрмен жоқ, құдіретті ханға қарсы тұрар қауқар қайда, бармақ шайнап, іштен тынуға тұра келетін.

Сарай құрылсының кеңітерде жылан ордасының үстінен түскен Құдияр аспаннан іздегені жерден табылғандай қуанған. “Оңтайлы сәт, міне, осы.” Ордалы жыланнан тірі қалғаны туыстары үшін кек алмай тынбайтынын ол жақсы білетін. Қара шұбар жылан мен сүр жыланға бой жасыруға мүмкіндік берген де Құдияр еді. Қуып жетіп, жаншып өлтірмек болғандарды:

– Не қылар дейсің, тәйірі. Жүре берсін, – деп әдейі тоқтатқан.

Қара шұбар жыланның мерт болғанын естігелі бері Құдияр сүр жыланның Досым ханның ордасын ойрандар сәтін күтумен болған. Сүр жыланның айналып соқпай тынбайтынына зәредей күмәні жоқ еді. Нұрлыхан таққа отырғалы бері жан баласына қажеті болмай, елеусіз қалған Құдиярдың құлазыған көнілін жұбатар жалғыз ой хан шаңырағы шайқалып, ортасына түскен күнді көріп барып өлеңтіндігі еді. Қара терге малшынған Құдияр тұн ортасында өз-өзінен шошып оянды. Аузында – жексүрын кермек дәм. Тамсанып, кереуеттің жанындағы шөлмекке қолын соза берген Құдияр қара тұнекті қақ жарып, өзіне арбай қадалған отты сәулені көріп, еріксіз жүрегін ұстай берді.

– Кім? – деді сосын қыр-қыр етіп, жан-жағын қармана. Қырсыққанда қымыран іриді деп, қапелімде майшам тапсашы.

– Әуре болма, Құдияр, – деген әйелдің үні шыққанда сәулетшінің тісі-тісіне тимей сақылдап, тұла-бойын ызғар буып жүре берді. – Есеп айырысуға қара тұнек қолайлыш.

– Есеп?

– Жылан ордасын талқандауға бүйрыйқ берген сен ғой.

– М-м-мен. Менмін.

– Неге? – Үн өктем. Нық.

Әзірейілдің алдында тұрғандай үрейі ұшып, қарадай калтыраған Құдияр бұлтаруға мұршасы болмай, имандай шынын айтты:

– Досым ханнан өшімді алу үшін. – Сосын, өзінің кіммен сөйлесіп тұрғаны санасына жеткендей жанжагына қармана қарап. – Сені... мен құтқарып едім ғой, – деді күбірлеп. Сөзі, бірақ, қараңғыда айқын естілді.

– Ха-ха-ха! – Қарлығыңқы үн Құдиярдың буынбуынын тұсап, матап тастады. – Жауды аяған жаралы, Құдияр. Өмірінмен қоштаса бер. Бауырларым үшін, – деді сосын, ақырын.

Іссылдай төңген сұр жыланның айыр тілінен қайда кашып құтыларын білмей, жандәрмен қабырганы қарманған Құдияр келесі сәтте сылқ етіп құлап тұсті.

Махаббат — сынақ

Хауыз шетінде, өзіне үнсіз ойлана қараған Гүлжамалға Ақерке: “Аттарды ерттеші. Орман аралап, сейілдеп, серуендер қайтайық, – деген.

Орманда алдарынан қорбаңдаған маймақ пен асыр сала секірген жолбарыс шықты.

– Ақерке, бізді ұмыттың ғой, – деді маймақ, қорбаң қағып, өкпесін жасыра алмай. Достарын көріп, көңіліндегі кіrbіні сейілгендей болған Ақерке еркелей келіп, тізесіне асылған жолбарыстың жалынан ұстап, арқасына шықты. Сүйікті иесін серуендетіп, орман арадай шапқылаған жолбарыс кенет кілт тоқтап:

– Ақерке, сені Теніздің ұлы патшасы қонаққа шақырған, – деді.

– Теніз... – Ақеркенің жүзі жылышп, мейірім шуағына бөленіп жүре берді. Таңғажайыптарға толы теңіз әлемі: “Мені жадынан шығарғаның қалай?” деп кінә артып, томсырая қарап тұрғандай.

– Теңіздің ұлы патшасын көрмегелі де бірер жылдың жүзі болыпты-ау. Ренішті де болар маған.

– Жоға, ренжіп... Сен дегенде шығарда жаны басқа ғой оның. Ақерке қызыма жеткіз, аунап-қунап, демалып, көніл көтеріп қайтсын деп арнайы сәлем айтып еді.

– Сәлем? Ақерке, сенбे бұл суайтқа. Қараши апа-рып... – Аяқ астынан пайда болған аюдың ашулы үні орманды жаңғырықтырып жіберді. – Бұрын шыққан мүйізден кейін шыққан құлақ озды деп... Эй, теңіз патшасы сәлемді екеумізге бірге айтып еді ғой. Қуын қараши, Ақеркемен бірге барып, сый-сияпат көріп қайтпақ. Мен қайда қалады екенмін?

Жолбарыстың жалы селк-селк етті. Құлгені.

– Досым-ау, мен өуелі Ақеркеге мән-жайды түсін-діріп, сені сосын қоспақ едім ғой. Теңіз әлеміне Ақеркеге қашанда болсын жол ашық; ал сен екеуміз онда бір-бірлеп ене алмайтынымыз бесенеден белгілі емес пе.

Торсандаған аюды сабасына түсіруге біраз уақыт кетті.

Жолбарыс кенет аюға қарап, елеусіз ғана бас шұлғыды. Аю да басын изеген.

– Енді бізді өз бейнемізде көресің.

Қас-қағым сөтте екеуінің орнында жалт-жұлт етіп, жарқырай жанып, көз қарықтырған алтын киім киген көріп көз тоймайтын көркем сұлу жігіт пен күміс түстес киімі сынапша сырғып, назарды еріксіз өзіне аударған әдемі жігіт ағасы пайда болды.

Ақерке екеуіне антарыла қараған. Өз көзіне өзі сенер емес. “Мениң сүйікті жолбарысым мен аюым – мен десе жанын беруге даяр ақкөніл, адал достарым – осылар ма? Кімдер... бұлар?”

Оның ойын айтқызбай үққан жолбарыс жігіт жымия құлді:

– Сәт-сағаты соққанда ұғарсың бәрін, Ақерке. Ал қазір, аттандық.

– Қорықпа. Бізге сен, – деді аю досы Ақеркеге күлімдей қарап.

Ушеуі қол ұстасқан қалыптары аспанға көтеріле берді. Келесі сәтте қалықта, ұша жөнелген. Көзді ашып-жүмғанша көкшуда толқындары аспанға атылған ақжал теңіздің жағасынан шыкты. Теңіз толы – қарақұрым халық. Сайдың тасындаі іріктеліп, көз тартқан өңшең көкжасыл сауыт киген сарбаздардың қақ ортасында – балдыр түстес сақалы желбіреп, беліне түскен теңіз патшасы. Ұлы патшаны қос қапталынан бірінен-бірі өткен ғажайып сұлу тоғыз ұлы қоршауда.

– О, теңіз халқы тұтасымен бізді қарсы алуға шығыпты, – деп жымиды жолбарыс. Сосын, Ақеркеге бұрылды.
– Бізді бұрынғыша жолбарыс, аю деп атай бер. Өз есі-мімізді... білдіруге хақымыз жоқ.

Теңіз патшасы бұларға құшағын жая ұмтылды. Жолбарыспен, аюмен төс қағыса құшактасқан ол:

– Қызым-ау, сени сағынып, теңіз тұрғындары тайлы-таяғы қалмай, құрылышқа жол тартты ғой. Көрі атанды осынша зарықтырып, қайда журсің, қарғам-ау. Көз түгіл, көңілден бұл-бұл ұшып, көрінбей кеттің ғой, – деп Ақеркеге өкпе-назы мен сағыныш, махаббатын бірдей білдірген ұлы патша оны мейірлене құшағына қысып, мандайынан емірене искеді.

Әке мейірімін сезінгендей, Ақеркенің жүрегі еріп жүре берді.

Теңіз патшасының сән-салтанаты тасып-төгілген сарайына ушеуі қол ұстасып, қатар енді.

Бітім-болмысы әуел бастан Жер әлемінен ерек жаралған сырлы саз, тұнған нұрға толы теңіз түбін армансыз аралап, балауса, бейғам балалық шағын бастан кешіп, көңіл шөлін қалауынша қандыруға мүмкіндік алған Ақерке арада апта өткенін де анғармаған. Жанжүрегін жадатып, жабырқатқан зілмауыр ойдан сөл де болса арылып, өңсе-бойын тіктеген мезет еді бұл күндер.

Аса құрметті, қадірлі қонақтарын Теніздің ұлы патшасы мен әкесінің әр сөзіне тақ тұратын тоғыз ұлы тікеден-тік тұрып, жандары қалмай күтті. Әкелік алғаусыз ақ көңілмен тоғыз ұлын да жанымен жақсы көріп, мақтаныш, сүйеніш тұтқанымен, Теніз патшасының төртінші ұлы – Төремұратты елден ерек іш тартып, арқа сүйеп, үміт артатыны Ақеркеге өуелден мәлім еді. Ақылпарасат, пайымына көрген жанды ақыл-естен адастырар сыртқы сұлу келбеті сай патшазаданың өзіне деген ынтақыласы бөлек екенін байқаған ол теңіз тұбінде асыр салып, бала кезден бірге өскен досына деген алғаусыз, пәк сезімін сақтауға ұмтылғанымен, қарадай қобалжып, алаbüрттып, алабөтен қиналған еді. Жас жігіттің журегін өртеген балауса сезім сынық көңіліне нұр, шуақ қүйғанын іштей еріксіз мойындауға да мәжбүр-тін.

Ақеркенің бойындағы алай-түлей сезімді аңғарған Жолбарыс досы:

– Саспа, – деді бірде. – Бәрі де ойдағыдай.

– Теніз тұбімен хош айтысар сәт те туғандай, – деді Ақерке, оған ойланған қарап. – Теніздегі бір апта жердегі төрт тәулікке теңелгенімен... Нұрлыхан... қандай тірлік кешуде екен.

– Нұрлыхан? Дәл қазір оған төніп тұрған қауіп жок. Қауіп төнсе, қазір жер бетінде саған төнуі мүмкін. Күн-Атанаң да бізді күтіп жатқанын ұмытпаған шығарсын. “Ақерке қызым мені мұлдем ұмытты” деп ерін бауырына алып, тулап жүрген. Тенізге келіп тұрып, Күнге соқпай кетсөң...

– Оның да рас. – Ақерке күліп жіберді. – Күн-Атам соңымнан қуып келуі де кәдік. Немесе, жер бетін қара түнек қапасқа айналдырып, тоң-торыс теріс қарап жатып алуы да мүмкін. Айтпа деймін, рас. – Балалық шағы есіне түскен Ақерке шек-сілесі қатып, күліп жіберді. – Баяғыда Төремұрат екеуміз жасырынбақ ойнап, жайын балықтың

бауырына тығылып, Күн-Ата қызымды жайын жұтып қойды деп жер бетін қара тұнекке бөлеп, қара жамылып, қайғырып, жатып алған. Мені көргенде қуанғанын көрсөң. Айналып-толғанып, қасымнан шықпай қойды. Сे-руендетіп, әкем екеумізді бір ай бойы күймесімен алып жүрді.

– Баһадүр ханның елі, сөйтіп, бір ай бойы қараусыз қалды де.

– Неге? Гұлсім бар ғой. – Туған жерін есіне алған Ақеркенің ақша жүзін мұн шалып өтті.

– Байқа енді. Күн-Атаң соңынан қуып келмесін. Ескі достығын ұмытып, Теніз патшасына қарсы соғыс ашып жүрсе, қызымды жібермедің деп.

Ақерке күліп жіберді.

– Ой, одан ондай шығуы мүмкін.

Қонақтары қайтуға бет алғанын біліп, Теніз патшасының нұрлы жүзін көлеңке шалып, шудаланған жасыл сақалы бір уыс болып, бүрісіп қалды. Дегенмен, көніл кірбіңін сездірмеуге тырысқан ол қисапсыз қыруар керуенге теңіз түбінің небір інжу-маржанын тиеп, қадірменді қонақтарын лайықты сый-құрметпен аттандырудың қамына кіріскең.

Қадірменді қонақтарын теңіз халкы ұлы дүбір думан-тоймен шығарып салды.

– Ұмытпа бізді, – деді Төремұрат Ақеркеге елжірей қарап. – Анда-санда болсын ат ізін салып тұр.

– Өздерін де... келіндер. – Ақеркенің дауысы дірілденеп жүре берді.

– Көрдің бе, қызым. – Ұлы патша бойын билеген мұнды басуға тырысып, дауысын көтере сөйлеген. – Сенімен бірге Күнге аттанайын деп едім, теңізде дауыл тұрады деп сиқыршыларым дабыл қағып, теңіз түбінде бола тұруымды талап етіп жатыр. Балаларға сенбейді, антүрғандар.

— Әлі талай кездесерміз, ата. Баһадүр әкем, Досым атам, бәріміз бірге бас қосып, қуана қауышар сәт алыс болмаса керек.

Теңіз халқы Ақеркемен қимай қоштасып, сонынан ұзақ уақыт қарап тұрды.

Ақеркені көргенде Күн-Ата күймесіне сыймай, ұшып кете жаздады.

— Балам-ау, сені сыртынан бақылап, сүйсінгеніміз болмаса, дидарласып, жүздесуден қалдық қой, — деп әңгімесін ол да базынадан бастаған. Сосын, күліп, қолын сілтеді. — Жә, жә, қойдым. Қызым-ау, енді саған еркелемегендегі кімге еркелейін. Мына балаларыма жөн айтудың, тегі, жөнін таппайсын. Бұл фәниде өмір сүріп жатқаныма азды-көпті бес-алты мың жылдан асты деп кез-келгені кеудесін ұрады, енді... — деп өзіне қулім қаға қараған қабағына кірбің орнай қалған қызы — Шолпанға ол шолжаң қағып, күле қарады. Жас шағына қайта оралғандай. — Өз қызым келді, енді сен...

Шолпан күліп жберді.

— Әкетай-ау, Ақерке кеткесін тағы маған қарайсың ғой.

— Қарағым-ау, сенсіз таң атушы ма еді. Таң Шолпаны деп тегін атай ма сені. Ақеркені анда-санда бір көргенде еркелеп жатқаным-дағы. Кәне, екеуің екі жағыма отырындар. Кеттік. Ақерке аспан әлемін шарлап, Күн-Ата-сымен бірге бой жазып, қыдырмағалы қанша жылдың жүзі болды десенші.

Аспан әлемін армансыз аралап, серуендең қайтқасын Ақерке Шолпанға бұрылған:

— Сырласып, сөйлессек.

Жас ханымның жүрегін жеген жады-ойға өуелден қанық Шолпан, дегенмен, сыр білдіре қоймады.

— Ақерке, жүр, баққа барып, асықпай әңгімелесейік. Әке, қызынды маған бірер сағатқа бере тұр, — деп сөзінін соңын өзілге сүйеген.

Күн-Ата елп етті.

– Макұл, қызым.

Өз-өзінен абдырап, қарадай асып-сасқан Ақерке көкірек түбіндегі түйткіл-ойды сөзге айналдырып сабактай алмай, біраз қиналды.

– Шолпан... Тіршілік иесі атаулыға махаббат сезімін сыйлап, жүректерді ерітіп, оята білу құдіреті өү бастан саған берілген. Сауалыма жауап берсөң...

– Эрине, Ақерке.

Көңілін тоқтатқан Ақерке шешіліп, сөйлеп кетті.

– Мәңгілік жарым деп жер-жаһаннан жаныммен қалап, жүргімен сүйген жалғыз жан – Нұрлыхан. “Сенен басқа әйел затын көрмей өтейін” деп ант-су ішіп еді. Қазір... Шолпан, махаббат – азап па, тозақ па? Жан жарым деп таныған жанның опасыздығын көзіммен көре жүріп, бас тартып, безіне алмадым. Неліктен?

Көзіне тұнған жасты тыя алмай, төмен қараған Ақеркенің шашынан аялай сипаған Шолпан ауыр күрсінді:

– Жаным-ау, адам тағдыры – Алланың қолындағы. Алайда махаббат – азап та, тозақ та емес. Махаббат – сынақ. Рух сынағы. Сүю арқылы өркендең, дамиды адам. Немесе, керісінше, кері кетіп, адами қасиеттен жүрдай болып, өз табиғатынан ада-күде ажырап тынады.

Сәл шыда, Ақерке. Шешуші сәт таяу. Жаныңды... қатайтып алма бәрінен бұрын Нұрлыхан... өзі үғады. Сол сәтте – кешіре білгейсің. Кешірімсіз махаббат – махаббат емес.

– Яғни махаббат – өзінді ұмытып, сүйгенің үшін өмір сұру деген сөз рой.

– Иә, солай, аяулым.

– Балам, сені енді көзімнен таса етпеймің, – болды Күн-Атаның Ақеркеге қоштасарда айтқан сөзі. – Анда-санда адамдардың арасынан ұрлап әкетіп, қонақ қылып тұрмасам. Оған жеткізбей, өзің де келіп тұр. Көрдің бе,

сенімен серуенде, бірге жүргеннің өзіне жастық шағым қайта оралғандай болды. Кәрі атанңы бір жасартып тастадын.

– Атамаңыз, – деді Ақерке құліп. – Қарттықтың ауылы алыс Сізге. Сіз деген қылышылдаған жігітсіз ғой.

– Қарашы қуын. – Құн-Атанаң шек-сілесі қатты. – Шалдың көңілін көтермекші, е.

– Құн-Ата, – деді Ақерке, еркелей үн қатып. – Сіздің шапағат-шуағынызды көрген кез келген жан Сізге жиырма бестен артық жас бермейді.

Құн-Атамен, Шолпанмен, оның басқа да бауырларымен қимай қоштасқан Ақерке оларға енді мүмкіндігінше жиірек келіп тұруға уәде берген. Нұрлыханға асығулы еді ол. Опасыз жарына деген алаңдаушылық сезімінен арыла алмай-ақ қойған.

Жерге қайта қонған бетте Жолбарыс пен Аю аң бейнесіне еніп, орманға аттанды.

Қорғанысың мықты екен

Қарадай жүрегі өрекпіген Ақерке сарайға енген бетте өз-өзінен елегізіп, Нұрлыханды іздеді. Салиха сұлуды қолтықтап, гүлзарды араған жан-жарын көріп, жүрегі орнына түскен ол өз жайына қарай аяңдаған.

– Ханым, – деген Нартайдың сөзі кілт тоқтатты.

– Нартай?

– Faфу өтінемің, бейmezгіл... мазаңызды алсам.

– Жок, айта бер.

Нартай ойын ірікпеді.

– Ақерке, Салиха Нұрлыханға қастандық жасайды-ау деп қауіптенбейсіз бе? Көзінен... өшпендейділік отын оқимын дәйім. Сақтансақ я болмаса сақтандырсақ.

Ақерке ойланып барып, баяу үн қатты:

— Ол туралы мен де ойладым, Нартай. Салиханың сырғашылар сәт таяу. Сөл шыдайық. Жұмбак... шешілуге тиіс. Нартай үнсіз басын иді.

Ақерке тұн ортасында өз-өзінен шошып ояңды. Тұс көріпті. Тұсіне Гұлсім енген. “Тұр, — деп бұны оятып жатыр. — Тұр да, қолыңа айнаңды ал.”

Жан-жағына елегізе қараған Ақерке мең-зені шығып, біраз отырды. Терезеден түскен ай сәулесінде көз тіккен ханым кенет: “Айна”, — деді өзіне-өзі. “Неге айнаңы айтты екен?” Ішкі бір күш тұрткі болып, қолына дереу айнаңы алған. Үңіліп, қарай беріп, айнаңың бетін алақанымен жапқан ол бойын билеген үрейді жеңіп, қайта қарады. Сол, өзі. Айна-қатесіз. Ысылдаған сүр жылан бұған қарай жылжып келеді. “Рахмет, Гұлсім,” — деді ішінен Ақерке. Аллаға сиынып, киімін киген ол қолына қанжарын алып, төсегіне қайта жатты. Келесі сәтте ысылдаған сүр жыланың дыбысы естілді. Есік алдындағы наизалы күзетшілердің көзіне шалынбай, елеусіз енген сүр жылан Ақеркенің жанына жақындағанда адам бейнесіне еніп, Салиха сұлуға айналды. Ауаны қармаған ол қолына ілінген қанжарды алып, Ақеркеге төнген. Езуінде кекесін күлкі ойнаған әйел:

— Ақтық сәтінді қарсы алуға дайындал, Ақерке ару, — деп жалт-жұлт еткен қос жүзді қанжарды қақ жүрекке бағыштап, сілтей бергенде ай сәулесінде шағылысып, жарқ еткен Ақеркенің қолындағы қанжарды көріп, қарадай ытырынып, кері шегінді.

Сөл дыбысы шықса сақадай-сай тұрған күзетшілер кіріп келетінін сезген Салиха сұлу — сүр жылан мысы құрып:

— Қорғанысың... мықты екен, — деді ақырын. Соны айтты да, буға айналып, жоқ болды.

Жорық

Ақеркенің алдында бетпердесі шешіліп, сырғы ашылған Салиха өз жанынан үріккен. Нұрлыхан езінің кім екенін білмей тұрғанда Ақеркеден ажыратып, бөліп әкетуді ойлаған сиқыршы сұр жылан таң ағарып атқан бетте жылдар бойы сұрыптап, жұптап, әбден жетілдірген жоспарын жүзеге асырудың қамына кіріскең.

— Хан ием, — деді ол Нұрлыханға наздана, еркелей сөйлеп. — Жорыққа шығып, жаугершілікпен айналыспаған хан хан ба, тегі? Қылышынызды тот басып, қара-йып қалғаннан саумысыз?

Нұрлыханның қаны басына шапты.

— Сөзінің жаны бар, сұлуым. Бейбітшілік, татулық деп, соғыстың дәм-ләззатын ұмытуға айналыппрын. Дегенмен, қапелімде… қайда жорық жасаған жөн екен?

Салиханың көзі жарқ етті:

— Ойланатын не бар, хан ием. Ең ірі олжа – Баһадүр хан емес пе.

— Баһадүр?! – Нұрлыхан ыршып түсті. – Ойнасан да, ойлап сөйле, Салиха. Ақеркенің елі – менің елім. Қайын атама қарсы шығып… Өлер бала молаға қарай жүгіредінің кебін киер жағдайым жоқ, шырағым.

Салиха теріс айналды.

Нұрлыханның жаны шыға жаздаған.

— Не болды, жаным? Жыламашы. Басқан ізіне құрбандық болайын. Бірақ, енді…

Салиха қорс-қорс етті.

— Сүйемін дегенің өтірік екең, хан ием. Жеме-жемге келгенде жалт беріп, Ақеркеге айырбастап жібердің ғой. Түсінікті-і…

— Ақеркесі несі? – Нұрлыхан басын ұстады. – Жүрөгімнен оны жұлып тастағалы қай заман. Сен фана жүрөгімде, жаным. Мақұл, дегенің болсын. Бір айдан кейін жорыққа аттанамыз.

– Ертең. – Салиханың даусы саңқ етті. – Ертең аттанаңыз. Ал бүгін – анға шықсақ.

– Шықсақ, шығайық, – деді Нұрлыхан, құлықсыз.

Хан жүргегі өлденеден секем алғандай. “Осы мен... не істеп жүрмін?” деген беймаза ой миын бір осып өтіп, өз-өзінен жоқ болды. Көзін алмай, өзіне қадала қараған Салиха сұлуға еріксіз ұмтылған хан ғашығын құшағына қыса берді.

Қас қарайғанша аң аулап, әбден сілесі қатқан Нұрлыхан келе төсегіне жығылған. Таң ата бөлмесіне еніп, үйқыдан оятқан Ақеркені көрген хан жындана жаздады.

– Ханым... – адасып жүргеннен саумысыз, – деді езуіне кекесін құлкі үйіріліп. Құлкісі, бірақ, сол заматта жоқ болды. Үн қатпаған қалпы өзіне қадала қараған Ақеркенің көзінде шексіз мұң бар еді. Уланған санасына сөule түскен Нұрлыхан Ақеркені жаңа көргендей антарыла қарады. “Жаным-ау, бұл менің жан жарым емес пе.” Ол ой, бірақ, сол сәтте өз-өзінен жоқ болды.

Ақерке Нұрлыханға сиқырлы айнаны ұсынды.

– Жорыққа аттанып бара жатқаныңды білемін. Алла төреші саған. Қас жауыңмен бірге аттанып барасын, бар өтінішім – осы айнаны ала кет. Бірде болмаса, бірде жәрдемі тиер.

“Қандай жау? Осы... не айтып тұр?” Жылт еткен күмән-ойға бой алдырып, айнадан бас тартуға тырысқанымен, өзіне жалбарына қараған Ақеркенің бетін қайтаруға дәті бармаған Нұрлыхан айнаны алып, төс қалтасына сала берді.

Жеңіл күрсінген Ақерке кілт бұрылып, шығып кетті.

Ертеңінде есік пен төрдей қарагер атты ойқастатып, қыруар қолды басқарып, Нұрлыхан хан жорыққа аттанды. Жорық туын алып журуді Нартайға тапсырған. “Тіктеп ұста. Көш шақырым жерден көрінетін болсын”

деген хан, қоқыланып. Төгілген жібек шатырды тігіп, сәлден соң қосынға Салиха сұлу қосылды. Салихага ілескен қарақұрым қолды көріп, Нұрлыханның қолындағы қаруы жерге түсे жаздады. “Жаным-ау, бұл... неткен қол?!” “Хан ием, мен де ханым емеспін бе, – Салиха сұлу сылқылдай күлді. – Көлденең көзге көрінбегені болмаса, сарбаздарым бір сөтке де алыстап, ұзаған емес. Кез келген сөтте көмекке келуге даяр. Ал қазір... Ортақ істі бірігіп атқарған жөн ғой. Жорыққа бірге шықсақ, несі айып?” “Рахмет, жаным, – деді жүрегі елжіреп, еріп жүре берген Нұрлыхан. – Олжаның тең жартысын қылдай бөліп, сениң сарбаздарыңа үлестіремін.” “О не дегенің. Сениң мерейің – менің мерейім. Жер жүзін тітірентіп, жан баласы бетіне келіп көрмеген Баһадүр ханды жер жастандырсақ, одан артық қандай олжа болмақ.”

Ақеркемен Нұрлыхан қоштаспаған. Жорықтан жеңіспен оралғасын ол Ақеркені біржола талақ тастанап, Салиха сұлумен некесін қидырмаққа бекінген-ди.

Шерулетіп, әндетіп, қалың қосын Баһадүр ханның елін бетке алыш, жолға аттанды. Жан-жүрегін еріксіз қаумалаған қалың құдіктен арылуға күш салған Нұрлыхан кернейлетіп, дабылдатып, сөн-салтанат, думанмен шеру тартып журуге бүйрық берген. Қайын атасының еліне жақындаған сайын көз алдына Ақерке, Баһадүр хан, өз әкесі – Досым хан елестеген Нұрлыхан өз-өзінен елегізіп, алаң-тағаттан айрылып, пұшайман халге түскен. Салиханың да сырын ұқпай, көніліне еріксіз құдік енген еді. Нұрлыханды бұрын бір сөтке де көзінен таса етпей, әрдайым қасынан табылатын Салиха сұлу жол бойы шатырынан шықпай, өзінің әскербасыларымен мәжіліс құрумен болған. “Япыр-ау, бұл ненің белгісі? Салиха менен айниын деп жүргеннен сау ма?”

Қас қарада қалың қол тоқтап, ауқаттың қамына кірісті.
“Осында түнейміз” деген Нұрлыхан.

Салиха шатырын оңаша, аулақ жерге апарып тікті. Сүйгенінің қылышынан сыр алғанымен, Нұрлыхан іштен жегідей жеген қалың ойдан арылуға тырысып, тұнгеге қарай қосынды өзі аралап шықпақ болған. Кенет... кенет көзі жан-жағына ұрлана қарап, Салиханың шатырына қарай бүқпантайлап беттеп бара жатқан өз қолбасшысына тұсті. “Мәссаған, безгелдек...” Жүргегі аузына тығылған Нұрлыхан бас қолбасшы шатырға енгенше тасада тұрған қалпы тапжылмай қарап, бақылаумен болды. Сосын барып тыныстаған. “Міне, мәселе қайда.” Дәл осы сәтте есіне сап етіп, Ақерке берген сиқырлы айна тұсті. “Қас жауыңмен бірге аттанып баراسың деп еді. Дегенмен, қарап көрейінші.”

Шатырына енген бетте Нұрлыхан айнаны қолына алды. Сиқырлы айнада – сылқ-сылқ күлген Салиха сұлу. Оған табына қараган өз қолбасшысы. “Маған ерсөң, әлемнің әміршісіне айналасың. Ал әлемнің тұтқасын қолыңа алуыңа бөгет болар жалғыз жан – Нұрлыхан. Ол жауыздың көзі құрымай тұрып, екеуміз қосыла алмаймыз.” “Әміршім, жанымның әміршісі, – дейді қолбасшы, қалжалақтап. – Оның көзін... құртуудың қандай амалы бар?” Салиханың қабағы қатуланып жүре берді. “Міне, мына қанжарды алып, тұн ортасы ауғанда Нұрлыханның шатырына енесің. Корықпа, ол еш алаңсыз тәтті үйқыда жатады. Қанжармен қақ жүрегінен бір үрсаң, саудасы біткені емес пе.” Салиха ұсынған болат жүзді қылпылдаған қанжарды алып, қынына салған қолбасшы оның аяғын құшып, ақылестен адаса тәу еткен қалпы шатырдан жылыстап шыға берді...

– Жалған! – деді Нұрлыхан, айнаны шатырдың бұрышына бірақ лақтырып. – Салиха мен екеуміздің

арамызға от салу үшін Ақеркенің әдейі жасаған айлашарғысы. Салиха маған қастандық жасаса... ха-ха-ха.

Торға тұсken арыстандай ыңыранып, шатырдың ішін ерсілі-қарсылы кезген Нұрлыхан кенет миына сап етіп, бір ой түсіп, айнаны қайта көтеріп алды. “Осы, Гұлсімнің сиқырлы айнасы емес пе. Ол айнаның жалған мәлімет беруі... кәдік, тегі.” Айнаға қайта қарағанда жүзінде сиқырлы құлкі ойнап, тәтті үйқыға алаңсыз берілген Салиха сұлуды көріп, өзіне-өзі сенер-сенбесін білмеген Нұрлыхан аш қасқырдай алқымнан алып, жан-жағынан қаумалаған қалың құдікті біржола серпіп тастап, көңілі жайланаңып, үйқыға бет қоюды ойлаған. “Е, бәсе, Салиха маған қастандық ойлауы... Алжыған айнаға сеніп, мен де...”

Тұн ортасы ауа Нұрлыхан Ақеркенің: “Нұрлыхан, жаным, аш көзінді. Қапы қалма. Сақ бол Сақтан,” – деген сезінен оянды. Өз-өзінен елегізіп, қарадай ауа қармаған ханның көз алдына қанжар ұстаған қолбасшысы елестеген. Нұрлыханнның бойы тітіркеніп жүре берді. Жоқ, елес емес, шындық. Жүзінде жымыскы құлкі ойнаған қолбасшы кереуеттің шымылдығын серпіп, қанжарын бұның қақ жүргегіне бағыттауда. Қара терге малшынып, жаны мұрнының үшына келген Нұрлыханнның аузына алғаш тұсken сөз: “Тәйт!” болды. Үйқыда жатқан ханды қанжармен қақ жүректен бір ұрып, о дүниеге аттандырып жібермек болған қолбасшы қарадай абдырап, қолынан қанжары жерге сылқ тұсkenін де аңғармады. “Кешір мені, хан ием, – деп жылап жіберген. – Қылша мойным талشا. Қу жанымды қия гөр.” “Тұр, – деді Нұрлыхан. Зілсіз. Дәл осылай болатынын білгендей. – Сыбайласынды ашып айтқаның жөн болар.”

Дәл осы сәтте шатырдың есігі айқара ашылып, Салиха сұлу кіріп келді. Көзінде – от. Өшпендейлік оты.

Қолбасшыға жиіркене қараған ол өзіне тіктеп қарай алмай, бұқпантайлап, бұға берген міскінді адам құрлы көрмей, аттап өтіп, Нұрлыханмен бетпе-бет келіп тоқтаған. “Бетпердемізді ашатын сәт туды-ау деймін, – деді ол, езуіне кекесін құлқі үйіріліп. – Сенің жаңынды жаһаннамға жіберу туралы бұйрық берген менмін. Білемін, бұл жолы жаңынды сақтаған – Ақерке.”

Нұрлыханның жүргегі тас-төбесіне шықты. Салиха сұлудың кім екені жетесіне сол сәтте ғана жетіп еді. “Масқара, менен өткен қылмыскер болмас. Қас жауымды қойныма салып… адам атына лайықтын ба осыдан кейін. Кешір мені, Ақерке.” Өз-өзінен күніренген Нұрлыханның санасына Салиха сұлудың сөздері талып жетті: ”Мына бейшараны бекер таңдаған екенмін. Ержүрек жауынгер ретінде белгілі болғасын қолы қалт етпес деп едім. Одан да гөрі өз әскербасыма айтқаным жөн екен. Дегенмен, әлі де кеш емес. Соңғы сәтің туды, Нұрлыхан. Сені… құртып, Баһадүр ханның қулін көкке ұшырсам, Ақеркеге арашашы табылар ма, тәйірі. Досым хан Шайық сиқыршының сый-лығының рахатына батып, еліне жеткенде жермен-жексен болған қу қорғанды құшып, қанды жасы көзінен аққан сәтке күә болам мен әлі. Сонда ғана кегім қайтып, кеудемді кернеген от-жалыннан сәл де болса арылармын. Қос хандықтың орнында сосын өз хандығымды құрып, бүкіл әлемнің билігін қолыма аламын.”

Нұрлыханда – үн жоқ. Тіл-ауыздан айрылғандай. Бірақ, миын балға болып шаққан ой тыным таптырап емес. “Қандай… қайран бар? Бұл тығырықтан қайткенде жол табуға болады? Қап, Ақеркені алып шыққанымда…”

Нұрлыханның ойын айтқызбай үққан Салиха сұлу – сүр жылан мысқылдай күлді.

– Ақеркеге үміт артпай-ақ қой, хан ием. Ұзамай, ол да сенің соңынан аттанады. Армансыз қауышарсындар… ана дүниеде.

Келесі сәтте Салиха сұлудың орнында ирелендеген сүр жылан тұрды. Ысылдай демалып, қыбырыз қатып қалған қалпы өзінен көз алмаған Нұрлыханға қарай жылжи бергенде:

– Сап, сүр жылан! – деген саңқ еткен Гүлсімнің дауысын естіп, ирелендеп солай қарай бұрылған.

Сүр жыланның соны

Жалғыз қалған Ақерке аш қасқырша алқымынан алып, жан-жағынан анталай қоршап, тынысын тарылтқан күмән-ойдың тұтқынына еріксіз берілді. Уайымы – Нұрлыхан. “Салиха – сүр жылан қапысын тауып, қапияда...” “жазым етсе” деген ой тілінің ұшында тұрғанымен, оны миынан қууға тырысқан.

Өз-өзінен теңселіп, сабыр-тағаттан айрылған Ақерке бір елі қасынан қалмай, көлеңкедей еріп жүрген Гүлжамалды да аңғармаған. Тынысын тарылтқан тымырсық сарайдан баққа шығып, кеудесін кере терең демалған ол өзіне қарай құлдыраңdap жүгірген елігін көріп, елжірей құшағына қысты. Құралайының ержетіп, ересек елікке айналмағанына ол назар аудармайтын. Неге? Ол жағын ойлаған емес. Құралай өзіне алғаш кезіккен қалпы қалғанын ол қалыпты құбылыс ретінде қабылдайтын.

– Құралайым, жүрегім алай-түлей, – деді Ақерке, мұнын шағып. – Нұрлыханды сүр жыланмен жібергенше, өзім неге еріп кетпедім деп те ойладым. Бірақ... намысым бөгет болды. Енді, міне... жазатайым... Ойлауға да қорқамын.

– Гүлсімге хабар жібер, – деді елік, кенет тіл қатып.

– Гүлсімге?

– Сол ғана – араша түсе алар. Ежелгі жауы – сүр жыланға жер бетінде соның ғана шамасы жетеді. Өз

апайыңың өнері асқан керемет сиқыршы екенін үміттүй ба?

— Рас, — деді Ақерке, ойлы. Сосын, даусын шығарып:

— Гұлсім! — деген. — Нұрлыханды құтқара гөр. Сүр жылан — сонымен бірге. Қазір оған жан-жақтан қауіп төнуде. Тезірек жет, Гұлсім! — Өз әкесі, елі туралы Ақерке ойламаған да. Баһадұр ханның еліне ханның өз еркінсіз жыбырлаған жан баласы жылжып өте алмайтынын ол өте жақсы білетін. Файыптан-тайып, Нұрлыхан мен Салиха Баһадұр ханның еліне жеткен күнде де текtentекке арамтер болып, ақыр соңы өз бастарымен қайфы болып кететіндеріне оның титтей де күмәні жоқ еді. Ақерке үшін мәселе бұл жерде Нұрлыханнның Баһадұр ханның еліне аман-сау жетер-жетпесі беймәлім екенінде болатын. Жорыққа аттанған бетте сүр жылан амалын тауып, Нұрлыханнның көзін құртуға тырысатынына Ақеркенің шәгі болмаған. Сарыуайымға салынғанына да себеп — сол еді. Ақ-адал көңілін аяқасты етіп, көлденең көк аттыға алтын басын айырбастап кеткенімен, өмірлік жарым деп таныған жалғыз жанды жамандыққа қиса да, жазымға қия алмаған Ақерке. “Кебенек киген келеді деген. Кебін кигеннен сақтасын.”

Қалың ойдан қалжыраған Ақерке әлі құрып, төсекке құлай бергенде терезеден ақ кептер ұшып кірді. Жерге түскен бетте кептер Гүлсімге айналған. Жылдар бойы жүздеспеген сүйікті апайын көріп, кеудесін лықси кернеген алапат қуаныштың әсерімен Гүлсімді қapsыра қысып, құшактаған Ақерке көзінен ұрлана ақкан мөлдір моншақ — жас тамшыларын да аңғармаған. Аңғарса да, көз жасына назар аударап халде емес еді ол.

— Гүлсім! — деп ес-түссіз қайталай берді Ақерке. — Гүлсім... — Бір ауыз сөздің аясына Ақерке сөзben айттып жеткізгісіз бар өксік, сағынышын, жүректі жегідей жеген жәбір-жапасын бірақ сыйғызған еді.

Жанындай жақсы көретін аяулы сіңлісін құшағына қысып, еркелете аялаған Гүлсім оның жас толы жана-рына үңіліп ұзақ қарады.

– Жұдеп кетіпсің, – деді сосын, басын шайқап.

Ақерке үн қатпады.

– Қарағым-ау, қу сүйегің қалыпты ғой.

Гүлсім ауыр күрсінді.

– Мақұл, дегенің болсын, – деді сосын, ақырын. – Нұрлыханды құтқарғың келсе... Бөгелмейік, Ақерке. Әр сәтіміз – санаулы.

Ақерке үнсіз басын изеді.

Келесі сәтте қос ақ кептер көк жүзін тіліп, қатарласа ұшып бара жатты. Кептер бейнесіне енген Ақерке мен Гүлсім еді олар.

– Үлгіреміз, – деді Гүлсім, қалың қосынның қарасы көрінгенде. – Уайымдама.

Ақ кептер бейнесінде шатырдың алдында тұрып, сұр жыланнның сөзін алансыз тыңдаған Гүлсім Нұрлыханға тікелей қауіп төнгенде ғана өз қалпына келіп, шатырга енген-ді.

Гүлсімнің өзі түгіл аты естілсе, зәре-иманы ұшып, жаны мұрнының ұшына жететін сұр жылан тұла-бойы түгел дірілдеп, зәресі зәр түбіне кеткеніне қарамай, өзін-өзі қолда ұстап, сыр бермеуге құш салды.

– Енді алдыннан шықпа деп едім... Өз тағдырынды өзің таңдадың, – деді Гүлсім ақырын.

Екеуінің таныстығының түп-төркіні теренде жатыр еді. Гүлсім онда он жетідегі буыны бекімеген балауса жас өрім болатын. Ақеркенің анасы – Таңшолпаннан сиқырдың сырына қанығып жүрген кезі еді. Жаратылыс – құдірет бойына ерекше дарын берген зерек шәкірт үзамай ұстазын басып озатынын да анғартып үлгірген.

Көрші елдердің бірінен жел айдаған қаңбақтай қаңғалақтап, Таңшолпаннан араша сұрап, алтын зермен

өрнектелген жібек шапанының дал-дұлы шығып, сақалмұрты істіктелген ер адам жетті. Келе жерге бас үрып, құдайдың зарын қылған. Сол елдегі бай-манаптардың бірі екен.

— Ханым, өзінізден қайран болмаса...

Айтуына қарағанда, мемлекетті жылдар бойы мұлтіксіз басқарған патшайым аяқ астынан ақылынан ада-сып, бір ауыз сөзі үшін өлімге баруға даяр өз нәкерлері мен төлеңгітеріне адам айтқысыз азап шектіріп, адам бейнесінен айыруға кіріскең. Қара халықтың көрген күні — күн емес. Жабайы андарды айтактап, жазықсыз жаңдарды қан-жоса қылудан ләzzат алады екен.

— Таңшолпан ханымға барып бас үрып, араша сұрап, басымыздан өтіп жатқан жағдайды жасырмай айт деп мені нәкерлердің бірі босатып жіберді, — деді міскін, зар илеп. — Эйтпесе, ендігі терім тірідей сызырылып, бойым бір елі үзарып, төмен қарап дарға асылып тұrap едім. Мұндай... қанқұйлы жауыздықты кім көрген. Кім ойлаған бұлай болуы мүмкін деп.

Жапа шеккен жанның әр сөзін қалт жібермей тыңдал, мән-жайға әбден қаныққан Гүлсім Таңшолпанға қарап, басын иген.

Таңшолпан басын изеген еді.

Жұмбақ жәйттің қыр-сырына қанығып, Гүлсім құпияның кілтін тауып үлгіргенін Таңшолпан айтқызбай білген. Дүға оқып, сүйікті шәкіртін жан-жақты қорғап-қоршап, өз күштерін көмекке берген Таңшолпан оны көрші мемлекетке алаңсыз аттандырып еді. Сонда да болса, сыртынан бақылап, қажет болса, езіне бірден хабар беруі үшін сиқыршыларының бірін бақылаушы ретінде аттандырған.

Қас қағым сәтте көрші мемлекетте тұрған Гүлсім бөгелмей, бірден хан сарайына енген. Тақта отырған патшайым қарсы алдында тұрған уыз жас қызды көріп,

өз-өзінен қалтырап, қарадай сасқаны соншалық, басындағы тәжі жерге ұшып түскен. Оған назар аударуға патшайымның мұршасы да болмады.

– Өз бейнеңе ен, – деді Гұлсім, ақырын.

Сол-ақ екен, патшайымның орнында ирелендеген сұр жылан пайда болды. Тақты қоршаған уәзірлер ішектерін тартып, қорыққандарынан тас мұсінге айнала жаздаған.

– Тескен Тау асырып, құртып жіберген патшайымды жеткіз!

Гұлсімнің бұйрығы сол сәтте орындалды. Таққа келіп, топ еткен патшайым жаң-жағына аң-таң қарай бергенде жерде жатқан тәж өз-өзінен ұшып барып, басына қонған.

Уәзірлер ду қол шапалақтап, сарай ішін жаңғыртып жіберді.

– Жазықсыз жапа шеккен жандардың бәрін қайыра қалпына келтір!

Бұл бұйрық та бірден орындалған.

– Итке – ит өлімі, – деген Гұлсім, сұр жыланға жиіркене қарап. – Қанқұйлы қылмысына қарай адам айтқысыз ауыр азаппен өлтіруге де болар еді. Бірақ... Кештім бір жолға. Көзіме енді түспеуге тырыс. Адамдардың ішкі ісіне араласуши болма.

Содан бері сұр жылан Гұлсімнің өзі түгіл есімі естілген жерден алды-артына қарауға мұршасы болмай, құйын-перен қашып-безіп жоғалатын.

– Адамзаттың ішкі ісіне араласуға тыйым салып едім ғой.

Сұр жылан ысылдай сөйледі:

– Адамзаттың өзі бізге – жыландар тұқымына қиянат жасаса ше? Мен тек кегімді алуға ұмтылдым бұл жолы. Өз өкілеттілігімді асырған жоқпын.

– Асырдың, – деді Гұлсім, ызгарлы. – Жазықсыз жандарға жапа шектіріп, гүлденген мемлекеттерді жермен-жексен етіп, жер бетінде өз билігінді құруға ұмтылдың.

Бұл – басқа қылмыстарыңды айтпағанда. Жауап берер сөт келді.

– О, мұрсат бер, – деді сүр жылан ысылдап. – Күш сынасып көрейік.

– Мақұл, – деді Гұлсім.

Ақерке жанұшыра жүгіріп келіп, Гұлсімді құшағына қысты.

– Мен – біргемін, – деді сосын. – Оны неге айтқанын өзі де аңғармады.

Гұлсім мен Салиха сұлудың бейнесіне енген сүр жылан шатырдың алдына шықты.

– Қосының – құрыған, – деді Гұлсім, қысқа қайырып.

– Білемін, – деді сүр жылан, төмен тұқырып.

Жапан далада өткен алапат айқас кейін азызға айналып, жүздеген жыр-дастанның өзегі болып, көптеген ғалымдардың өз болжамдарын жасап, адамзат пен қатар әлем иелері арасындағы байланыс туралы талай жаңалықтарды ашуына себепкер болып еді.

Салиха бірден сүр жыланға айналды. Гұлсім де жылан бейнесіне енген. Өз бейнесінде өзін сенімді сезінген сүр жылан қарсыласының мысы басып бара жатқасын жандәрмен жалын шашқан алапат отқа айналды. Сол сөтте суға айналып үлгірген Гұлсім телегей-теніз болып төгіліп, от-жалынды біржола бүркеп, сөндіре бергенде титтей үшқын бөлініп үшүп шығып, адамға айналды. Ер адам бейнесіне енген үшқын әп-сөтте Салихага айналып, Нұрлыханның алдына барып, бас ұрды:

– Нұрлыхан, жан жарым менің, туралап келген ажалдан құтқара көр. Араша түсе көр маған. Сүйгенім – сен деуші едің ғой.

Нұрлыхан оған жиіркене қарап, теріс айналды.

Өзіне үнсіз қадала қараған Гұлсімге еріксіз бұрылған Салиха аузы жыбырлап, дүға оқуға кірісті. Сол-ақ екен, аспан айналып, жерге түсе жаздалап, жарқ-жүрқ еткен

нажағайлар шатырлай жанып, жердің ішкі қыртысы сыртқа шығып, сырт-сырт етіп жарылып жүре берді. Бір гажабы, жарылған жер адамдарды жұтып алуудың орнына тұрған халық тұтасымен бар асай-мүсейімен бірге аспанға үшқан. Бұл жағдай бір сөтке ғана созылды. Келесі сөтте бәрі қалпына келіп, аспан ашылып, күн күлімдеп, жер-әлемнің қыртысы жазылып жүре берді. Салиха сұлу ирелендеген сүр жыланға айналып, “ыс-ыс” етіп ысылдаپ, өз құйрығымен өз денесін ұрған қалпы біртіндең ауаға сіңіп, біржола жоқ болды.

– Бітті, – деді Гұлсім, қасынан екі елі ұзамай, айқас бойы бірге болған Ақеркенің мандайынан аққан терді сүрте беріп. – Сүр жылан... өшті өмірден.

– Рас па? – Ақерке Гұлсімді құшағына қысып, бетінен сүйе берді. – Рахмет. Шексіз алғыс. Рахмет, Гұлсім!

– Рахмет, Гұлсім, – деді Нұрлыхан да оның алдына келіп, кеудесіне қолын қойып.

– Маған алғыс айтқанша... – деді Гұлсім, сәл жымып.

Жүзі өртенген Нұрлыханның Ақеркеге қарауға дәті бармаған. Кешірім сұрауға да батылды жетпеп еді.

Басын көтергенде Нұрлыхан аспанда ұшып бара жатқан қос кептерді көріп, дір етті.

Сүйіктісінің орнын сипап қалған хан сұып бара жатқан жүрегін ұстап, кілт құлай берді.

Таусылмас Теніз, Мұжілмес Тау, Алжыған кемпірдің үнгірі

Есін жиып, өзіне-өзі келгенде Нұрлыханның бай-қағаны басынан сүйеп отырған Нартай болды. Әректе әскербасылары үйліғып тұр. Көздерінде – үрей.

Айнала – тым-тырыс. Құлаққа ұрған танадай. Өлі тыныштық.

– Су, – деді Нұрлыхан, кезерген ернін икемге зорға келтіріп. Әскербасыларының бірі беліндегі су құйған құтысының аузын жол-жөнекей ашып, ханға қарай тұра үмтүлды. Келе құтыны Нартайға ұсынған.

Су ішіп, жан шақырған Нұрлыхан Нартайға жалыш пен үмітке қатар толы назарын тіккен.

– Нартай...

– Әу.

– Ақерке... мені кешіре ме? – Үнінде – діріл. Оған, бірақ, мән беруге мұршасы жоқ. Сардарларымның алдында хан басымды төмендеттім-ау деген ой да қаперіне кіріп-шығар емес.

Нартай басын шайқады. Сосын, ауыр күрсінген.

– Қайдам. – Үнінде екіұшты дудемалдан гөрі үміт-сіздік басым.

– Өзім, бәріне өзім кінәлімін. – Нұрлыхан орнынан ширақ тұрды. – Қолыммен істегенімді мойныммен көтепремін. Екі дүниеде кешпейтін күнә жасадым. Ендігі өмірім – Ақеркенің садағасы. – Жүзінен аңы жымыс орын тепкен. – Ақерке болмаса, сүйегім қурап, қара жердің қойнында жатар едім. Eh!

Соны айтты да, бойын тік ұстаған қалпы шатырға еніп кетті. Ене беріп, Нартайға иек қаққан.

Бас уәзірдің уәжіне Нұрлыхан иілмеді. Нартайды бас етіп, қалың қолды кері қайтарған.

– Мен я әкем оралғанша хандықтың тізгіні толығымен өзіңің иелігінде. Сенімімді ақтайтыныңа сенімім кәміл Ал, қайыр-хош. Тілеуімді Алладан тіле.

Соны айтқан да, қарагер арғымақтың тізгінің бұрып, Баһадүр ханның еліне аттанған.

Баһадүр ханның еліне Нұрлыхан ене алмады. Шекара межесіне тұяғы ілікпей жатып, қарагер ат өзіне жаттарпаң мінез танытып, құлақтарын қайшылап, өз-өзінен ытырынып, қара сүмекке малынып, кері қашқан.

Андаусыз, бейқам отырған Нұрлыхан аттан ауып түсे жаздал, зорға дегенде өрең түзелді. Бойын беймәлім бір алапат үрей билеген. Жылдар бойы синалған сенімді серігі сын сағатта сыр берді ме деп қорыққан. Сенгені – сол ғана. Мәссаған, безгелдек.

“Ала-бөтен мінез танытып. Жын жетті ме, не болды?”
Үрейдің көкесі алда екені оның санасына өлі жете қоймаған еді. Қайын атасының еліне еш бөгетсіз еніп үйренген жігіт оның жат ниетті жауды қойып, ойы бөтен келім-сектер үшін де алдырмас қамал, асу бермес бөгет екенін зерделеп, түсінер халде емес-тұғын.

Қарагер ат мың салса, бір баспай, бұрын-соңды бай-қалмаған бөгде мінез көрсетіп, езуінен ақ көбігі ағып, көзі аларып, шекара жаққа беттер болмады. Қарагерден қайран жоғына көзі жеткен Нұрлыхан, ақыры, тәуекелге бел буып, Баһадүр ханның еліне жаяу-жалпылап болса да жетейін деп шешкен. “Ақеркенің бұл да бір сынағы болар. Күнөсін... жусын дегені ме.”

Аттан түсіп, ел шетіне аяғын іліктіргенде Нұрлыхан құбыжық көргендей қарадай шошынып, өз бойын билеуден қалып, жандәрмен кері қашқан. Әудем жерге жетіп барып, ентігін басып, терең тыныстап, демалған ол өзінің енді бір қадам ілгері аттауға дәті жетпейтінін түсінген. Қарагер аттың қандай жәйтті басынан кешіргенін енді үққан ол еріксіз бас шайқады. “Раждап... Алапат, құбыжық қорқыныш. Есепсіз үрей. Сыры... неде екен?”
Алайда, бұл жұмбак сырды шешуге дәрменсіз екенін ол өте жақсы білетін. Еріксіз бас шайқап, бармағын қырши шайнаған Нұрлыхан бұрын Баһадүр ханның еліне ақ ниет, бейбіт көңілмен, кіршіксіз таза сеніммен келген-діктен ғана ене алғанын үққан. Бұл жолы... “Баһадур. Ақерке” деп сиқырлы сөздерді қанша жерден қайталаса да, өрнекті қара қақпа селт етер емес.

Тосын ой оның жүрегін қанжарша осып, тіліп өтті.
“Ақерке...менен біржола бас тартқаны ма? Түнілгені

ме... соншалық.” Жүрегі суып журе берген. “Сен... оның орнында, кешіре алар ма едін?” Өз сауалына өзі бас шайқай жауап берді. “Екіталай.”

Алайда, адамды алға жетелер – үміт, ой-санада жылт еткен соқыр сезім еріктен тыс алға ұмтылдырған. “Жоқ, Ақеркемен жүздеспей, ешқайда кетпеймін. Айтқаным – айтқан; қолыммен істегенімді мойныммен көтеремін. Еліне өзім ене алмасам, Ақеркенің я Баһадұрдің ел сыртына шығуын құтемін. Бірде болмаса, бірде... түптің түбінде олар да басқа мемлекеттермен қарым-қатынас жасауға тиіс қой.”

Осы оймен көңілін бекітіп, жүрегін демдеген Нұрлыхан жылт еткен жан иесін андышп, шекара түбінде қалды.

Бұл үміттен бірақ қайран болмады. Тырс етіп дыбыс беріп, жылт етіп көрінген жан баласы болмай, Нұрлыханның есепсіз үміт-сенімі ауаға сіңіп, ыдырауға айналды. Жан-жүрегін кернеген шексіз сағыныш пен өзегін өртеген ацы өкініштің ыстық запыранына төтеп бере алмай, аспанға қарап, шалқасынан түсіп жатқан Нұрлыхан бірде өз көзіне өзі сенбей, атып тұра жаздады. Ұшқыш кілем. Кілемде – жан-жағына шұғылалы сәуле шашып, көрген жаннның жүрегін еріксіз жаулаған Ақерке ару. Қасында – Гүлсім. Сосын... Нұрлыханның жүрегі атқақтай соқты. Алақанын шапаттап, анасына шаттана қарап, мәз-майрам болған үш жасар сәби. Нұрлыханның көзі бұлдырап, жүрегі шаншып жүре берді. Нариман! “Бауыр еті – баласын ұмытқан менен өткен қылмыскер болмас. Иә... Салиха – сұр жыланды кездестіргендеге... ерні кеберсіп, көзі қарауытты. – Ақерке... жүкті еді ғой. Өң мен түстей. Нартайдың сүйінші сұрағаны есімдеге. “Ұл деген не, тәйірі. Ақеркенің сәбиін де перзент деп. Ақ қошқардай ұл тауып беремін өзім” деп Салиха сол күні аңға алып кетіп еді ғой. Одан кейін... ұят-ай, масқара, Нариман туралы өзім де сұраған емеспін.

Әке болып, бала қызығын да көрмеппін. Кейінірек оны, Ақерке, сүр жыланнан қауіп күтті ме, Баһадұр ханың еліне жіберді деп естігенмін. Алайда, оған мән беретін мұрша болды ма мен бейбақта.”

Еңсесін жаншыған ауыр ойлар енді басқа бағытқа бет түзеген. “Тоқта. Сонда... Ақерке менің өзім түгіл көлеңкемді де көргісі келмегені ғой. Жер бетімен жүруді қойғаны...” Осы сөт оның назарын басқа бір сурет аударып, тартып әкетті. Сән-салтанаты асқан Баһадұр хан көгілдір аспандағы ақ шарбы бүлттармен астасып, шағы-лысқан есік пен төрдей ақ боз атқа мініп, шеру тартып, ауда жүзіп барады. Құдды жерде келе жатқандай. Жан-жағынан қаумалай қоршап, қас-қабағын аңдыған уәзірлерімен алаңсыз әңгіме-дүкен құруда.

Нұрлыхан жерге кіре жаздады. Өзінің кімге айналғанын ол енді үққан. “Сүйген жарым бас тартса... Қайын атамның алдындағы қадірімнен ада-күде арылсам. Жан дегенде жалғыз перзентіме әке болып жарытпай, қайдағы бір қаңғыған сиқыршының жетегіне ілесіп, адам атынан біржола айрылсам... Өмірден қандай үміт күтудемін? Жер бетінде мен қимайтын не қалды? Қарабет болып өмір сүргенше ақ-адал өліммен өз күнөмді – өзім үшін жуайын. Әкем мені түсінуге тиіс.” Осыны айтып, қылышылдаған алмас қанжарын қынынан суырып алып, жүргегіне қадай берді.

Құлағына кенет қарагер аттың осқырынған үні жеткен Алапат қара дауыл көтеріліп, алмас қанжар жүрегіне қадалудың орнына сарт етіп барып қынына қайта енді. Қарагер атқа мінген Нұрлыхан белгісіз күштің билігімен аспанда үшып бара жатты.

Көз қарықтырар жарыққа шыдас беріп, тұра қарай алмаған Нұрлыхан жүзін төмен салып, сәл түрді. Басын көтергенде көргені тақта отырған қайын атасы – Баһадұр

хан болды. Көзіне жас толған Нұрлыхан хан тағын құшактай жығылды. Үн қатуға – мұрша жоқ. Тұла-бойын тұтасымен ұят пен азап өртеп барады. Бас көтерсе, көнеки. Бәрінен бұрын қайын атасымен, Ақеркемен жүздесуден қорыққан. Кешірім сұрауға да дәті бармайтындей. Сөз... не берер.

Құлағына кенет:

– Апа, – деген үн шалынды. – Апа, мына қорқынышты кісі кім? Неге... тұрмайды, апа?

– Жоқ, балам, олай деме. Бұл кісі – әкең сенің. Алыс жолдан қажыған ғой. Жүре ғой, балам.

Жердің тесігі болса, Нұрлыхан сол сәтте ойланbastan кіріп кетер еді. Жүргі соғуын мәңгілікке тоқтатуын тілеген. Бірақ... сәт-сағаты соқпай, жүрек жүрісінен жаңылсын ба.

Баһадұр ханның үні құлағына талмаусырап жетті.

– Жуынып-шайынып, демалып, тынығып ал, балам. Өзіңе-өзің келгесін, сейлесерміз.

“Балам” деген бір ауыз сөз Нұрлыханның тілім-тілімі шыққан жүрегіне тамған тамшы ем-дәрумен тең болды.

Басын көтергенде ол Баһадұр ханды көре алмады.

Үш күннен кейін Нұрлыхан Баһадұр ханның тағынның алдында тұрды. Басын иіп, төменшіктеп тұрған ол Ақеркенің:

– Армысың, Нұрлыхан! – деген үнін естігенде еріксіз селт етті. Хан тағында Баһадұрдің орнында Ақерке отыр еді. Нұрлыханның жүзі жанып жүре берді. “Жетпегені осы еді. Өз әйелімнің алдында бас июім...” Қеудесін қарып өткен намыс отымен қатар ұят та бас көтерді. “Ақеркенің алдындағы қылмыс-күнәмді басымды оған қанша жерден исем де өтеп, жуа алмасым анық. Жалған намысқа берілу... не теңім, тәйірі.” Ол Ақеркенің шұғылалы, нұрлы жүзіне үрлана қарап, өз үкімін дегбір сіздене күтті. “Тек... біржола қумаса екен.”

– Үш шартым бар, Нұрлыхан, – деді Ақерке сабырлы, салқын қалпы. – Жердің бетін көктеп өтіп, Тескен Таудың түбіне жетіп, мекен-тұрағы жан иесі атаулыға беймәлім Таусылмас Теніз, Мұжілмес Tay, Алжыған Кемпірдің үңгірін табуға тиіс боласың.

Мұжілмес Тауда мәңгілік бақыт гүлі өседі. Бақыт гүлін иіскеген жан уайым-қайфы атаулымен біржола хош айттысып, шат-шадыман шаттыққа толы толық-қанды ғұмыр кешеді. Неғұрлым көп адам иіскеген са-йын гүлдің жұпар-қасиеті, кемудің орнына, керісінше, арта береді.

Таусылмас Теніздің түбіндегі жартастың шатқалында жасырынған жалғыз құты бар. Құтыдағы судан қала-уынша сіміріп бір жұтқан адам көрілікке бой алдырмай, мәңгі жас ғұмыр кешеді. Бір ұрттаған жан айықпас дер-тен құлан-таза ада болып, демде сауығып, адам қатарына қосылады. Құтыдағы су – түпсіз. Таусылмайды.

Алжыған Кемпірдің үңгірінде... жазықсыз жапа шегіп, сиқыр-күштің құрбандығына айналған мындаған жандар азап шегуде. Соларға азаттық беру қажет. Сенім-ді серігінді кемпірдің жанынан табарсың.

Соны айтты да, Ақерке үнсіз қалды.

Нұрлыхан қолын кеудесіне қойып, басын иді де, мұ-дірмей сөйлеп кетті:

– Ақерке. Қанша жерден кешірім өтініп, жер ба-уырлап, бас исем де, сенің алдыңдағы күнәмді жуа ал-майтынымды жақсы білемін. Қоштасар сәтте өтінерім: кешір. Кешіруден бас тартсаң... Сенің алдыңдағы қыл-мысымның қаншалық ауыр екенін жақсы білемін. Бетіме түкірсөң де, бейілмін қазір.

Ұзақ сапардан... аман-сау оралам ба, кім біледі. Кү-нәмді сәл де болса жуу үшін дәруіштердің салтымен жаяу-жалпылап жолға аттанбақпын. Қарагер ат... аман-сау оралсам, осы жерден мініп қайтармын.

Үн-түнсіз отырған Гұлсім кенет тамағын кенеді:

– Қарагер ат сені Алжыған Кемпірдің үнгірінде күтеді. Бұл – менің саған жәрдемім.

Ақерке Гұлсімге ойланған қарады да, қойды. “Өз еркін” дегендей.

Нұрлыханның үні қарлығып жүре берді.

– Ұлым... Нариманды кетерімде бір көріп, иіскеп кетсем... Кім біледі... қауышу... мандағыма жазылған ба.

Ақерке толқынысын жасыра алмады.

Томпаң қағып, жүгіріп, осы сәтте Нариман да енген. Келе Ақеркеге үмтүлды.

– Апа, қайда жоғалып кеттің. Гұлжамал сені қазір келеді, қазір келеді деп... әбден ішім пысты.

– Әуп деші, апа.

Баланың аты – бала. Анасының тақта отырған ханым екенінде шаруасы қанша.

Ақерке еріксіз жымиды. Қылышы тәтті-ақ ұлының.

Өз бойын билеуден біржола қалып, тұла-бойы шымырлап, бұған дейін басынан кешпеген кіреуке-мұңының еркіне берілген Нұрлыхан бар әлемді ұмытып, баласына қарай еріксіз ұмсына түскен. Бар ойы – құшағына бір қысып, құшырлана бір сую.

Өзіне қарай құшағын жая үмтүлған бейтаныс адамды көріп, қарадай үріккен Нариман зәре-құты ұшып, апасынан пана іздеді.

– Апа... – Ақеркенің етегіне тарс жабысқан.

Нұрлыхан состиып тұрып қалды.

– Нариман, ақылың бар ғой. – Сасқанынан Ақерке не айтып, не қойғанын аңғармады. – Балам. Ол... әкең ғой сенің.

– Әке? – Нариманның көзі бағжаң етті. – Әкең тү-у алыста деуші едің ғой.

– Міне, сені іздең келіп отыр. – Ақерке көзіне үйірілген жасты жасырып, теріс айналды.

Нұрлыхан қолын баласына тағы да созды:

– Нариман. Ұлым. Сәбиім. Жүргім менің.

Ақерке үн қатпаған қалпы Нариманды Нұрлыханға ұсынды.

Сәбидің аңқыған тәтті, жұпар іісін құшырлана, қанбай жүтқан Нұрлыхан ұлын шөпілдетіп сүйе берді.

– Балам, балам менің, – тарам-тарам ағып, сақалын жуған көз жасына қарауға мұршасы да жоқ.

– Әке, – деді Нариман кенет. – Әке. – Сәби жүргегін жарып шыққан үн Нұрлыханның жүргегін шексіз шаттық, бақытқа бөлеген. Ұлымен бірге болу үшін ол осы сәтте қандай құрбандыққа болсын баруға даяр еді.

– Ақерке, мұрсат, – деді басын көтеріп.

– Мақұл, – деді Ақерке. Соны айтты да, бұрылып қарамаған қалпы шығып журе берді.

Үш күн бойы сарайда болып, ұлымен армансыз қауышқан Нұрлыхан Ақеркеге алғысын жаудырып, жаяу-жалпылап алыс сапарға аттанды. Нариманды қолынан ұстаған қалпы Ақерке оның қарасы үзілгенише көз алмай, қадала қарап, ұзақ түрді.

Өткінші қызықтың соңынан құған жан мәңгілік рахаттан құр қалады

Жылдар бойы жер шарын шарлап, темір таяғы тебендей, темір етігі теңгедей болған Нұрлыхан Мұжілмес Тау мен Таусылмас Теніздің өзі түгіл ізін де таппай, өмірден әбден түніліп, жылтылдағ алға жетелеген үміт оты, акыры, біржола өшті. Елсіз-күйсіз шөл дала, сахараға тап болып, аптап ыстықта әбден өкпесі өшіп, аштық пен шөлдің азабын бірдей тартқан ол ақтық сәтім соқты-ау деп түйген. “Әттең, – болды талмаусырап, талып бара жатып, миына келген соңғы ой. – Ақерке мен Нариманды,

әкемді көріп өлсем, арманым болмас еді.” Нұрлыхан таңдайын жібітіп, бойына нәр берген жұтым судан талмап жатып оянды. Сонда да болса, өзіне-өзі сенбеген. “Тұс көріп жатқан шығармын. Тұсі несі... о дүниеде емеспін бе. Мен бейбаққа жұмақ қайда, тамұққа тұстім бе екен. Бірақ, тамұқта су болушы ма еді?” Сол сәтте кенет көзін ашиқан Аша беріп, қайта жұмды. Өз көзіне өзі сенбеген. Ми қайнатқан аптап ыстық, сахара шөл дала... ғайып болған. Жатқан жері – шалғыны майысқан балқұрақ көл жағасы. Гүлдердің жұпар іісі ішпей-жемей мас қылышып, бойды алышп барады. Жалт-жұлт еткен қанатын қағып, көз арбай ерсілі-қарсылы үшқан сансыз көбелек... Фажап.

– Нұрлыхан – Тосын үннен селт етіп, есін жиған Нұрлыхан басын көтере беріп, сылқ құлады. Үн иесін сонда да аңдап үлгірген. Жолбарыс! Ақеркенің жолбарысы. Апыр-ау, ол қайдан жүр?

– Сапарға шыққалы бері соңынан ілесудемің, – деді Жолбарыс. – Бір қапталында мен, келесі қапталында аю жүріп отырды. Жол бойы кездескен бәле-жаладан қағып отырдық. Алайда, өміріңе тікелей қауіп төнгенге дейін көзіңе көрініп, қол ұшын беруге хақымыз жоқ еді. Аю қазір демалып жатыр. Есінді жиып, өзіңе-өзің келгесін асықпай жолға шығармыз.

Бірер күннен кейін жолбарысқа салт мінген Нұрлыхан Мұжілмес Тауға аттанды. Аң тарланын ерттеген адамды көріп, көптеген жан жағаларын ұстап, көз көріп, құлақ естімеген құбылысты ауылдастарына айтуға асыққан. Жолбарыс болса, басын шүлғып қойып, бұлкек қаққан қалпы бейсауат жандарды қаперіне де ілмей, сапарын үнсіз жалғастыра берді.

Күндердің күнінде жолбарыс алыстан мұнартып, көз жанарын арбаған алышп таудың түбіне келіп, тізе бұқті.

– Осы жерден хош айттысуға тиіспіз, – деді ол Нұрлыханға. – Мұжілмес Таудың түбіне жеттің. Алда әлі талай

сынақ күтуде. Бекем бол Бәрі өзіне байла-нысты. Ал, қайыр-хош.

Соны айтты да, жалт бұрылышп, жоқ болды. Нұрлыхан өз көзіне өзі сенбей, жолбарыстың ізіне қайта қараған. “Ауаға сіңіп кетті ме... ғажап.”

Аңтарылып сәл тұрған ол Мұжілмес Таудан көз алмай, қадала қараған қалпы алға аттады. “Қандай сынак күтуде енді?” Алға аттауы мұн, ашық аспан аяқасты тұнеріп, дауыл тұрып, боран ұйтқып, қар борап жүре берді. Жер-көкті еңсөні езген қараңғы тұнек жапқан. Бағыт-бағдардан айрылып, сең соққан балықша мәңгіріп, мен-зеңі шыққан Нұрлыхан қарыс қадам аттауға мұршасы болмай, бетіне ұрган қардан жүзін қалқалағанда құлағына: ” Нұрлыхан, бері, бері жүр!” деген сынғырлаған сұлу үн мен сынқ-сынқ күміс күлкі шалынды. “Не де болса, талайымнан көрдім” деп күлкі шыққан бағытқа бет алған Нұрлыханның көз алдынан кенет қып-қызыл от жарқ етті. Құбыжықтар! Қара-құрым. Нұрлыханның бойы суып жүре берді. Көрген жанның зәре-құтын ұшырып, ақыл-естен ада етер құбыжықтар бірін-бірі басып-жанши үймелеп, қарқ-қарқ күліп, сойдиған саусақтарын сермеген сайын жан-жаққа қызыл-жасыл от шашырап, жарқ-жүрк етіп нажағай ойнап, қара тұнекті тіліп өтуде.

– Нұрлыхан хан, берірек, бізге қарай. Бұл сәтті біз күткелі қай заман. Жүргегінді суырып, қанынды сорғалатып, шіркін...

– Әй, тоқтаңдар. Мені күтпей... маған да бір кесек ет қалдырындар. Хан етінің дәмін татып көрейін, ха-ха-ха!

Құлақ тұндырған ашы дауысқа жалт бұрылған Нұрлыхан үш аяғына кезек-кезек сүйеніп, қүйрығын білеп, енкендей жүгірген жалғыз көзді құбыжықты көріп, жүрегі айнып, теріс айналды.

Құбыжықтар болса, қаумалап, төне түскен.

– Иманыңды үйіре бер, Нұрлыхан!

Нұрлыханның бойын кенет қуаныш кернеді. “Тілсіз, мылқау табиғатпен текке алысып, мән-мағынасыз үсіп өлгенше, құбыжықтармен айқасып, таза ажал құшқаным анағұрлым артық емес пе.”

Қарадай ширығып, қылышын қынынан суырып алып, қарсы алдындағы құбыжыққа құшырлана сілтеді. Ханға қарай қол ұстаса тап берген бірнеше құбыжық болат қылыштың дәмін біраз татып, еңсеріле құлап барып, “ха-ха-халап” өз-өздерінен файып болды. Қалғандары да солардың ізін құшқан. Тұра қашып, бой тасалауға тырысқан соңғы құбыжықтың шұбатылған құйрығынан бойын билеген жиіркенішке қарамай, шап беріп ұстаған Нұрлыхан:

– Кімсіндер? Қалай, қайдан пайда болдыңдар? – деп сұрап ұлгірді.

– Біз – қанішер, қара ниетті жауыз-сүмдардың түнде түстеріне кіріп, күндіз естерінен кетпей, зәре-құттарын алатын астралдық құбыжықтармыз. Мекеніміз – Мұжілмес Тау, – деп барып үні өшкен құбыжық өз-өзінен еріп, жоқ болды.

Маңдайынан аққан терді сүртіп, жан-жағын шола қарап, ойланып біраз тұрган Нұрлыхан қылышын қынына салып, қараңғыда қармалап жүріп, бір ықтасын тауып, бой жазбақ болып, отыра беруі мүн: “Ой, мені мыжып кеттің!” деп шар еткен баланың даусынан жылан шакқандай шошынып, қапелімде атып түрдү. “Елсіз-күнсіз айдалада қайдағы бала?” “Көмектесіндер. Өлтіріп жатыр!” деген әйелдің дауысын естіп, еріксіз тау қойнауына ұмтылған Нұрлыхан: ”Дұрыс. Дұрыс. Міне, осылай жүр” деген сынғыр күлкі мен сынқылдаған дауыстарды естіп, еріксіз қалт тоқтады.

– Кімсіндер, – деді сосын, бетіне ұрған қарлы боранды кері серпіп.

– Біз – жаңғырықпыз, – деді бірін-бірі жаңғырыға қайталаған сыңғыр үндер. – Жүре бер. Тура жүрсөн, жол табасын.

Әбден әлі құрып, діңкелеп, аштық пен шөлдің азабын бірдей тартқан Нұрлыхан тауды аралап, адасып, азды-көпті үш күн жүрді. Көрмеген жердің ой-шұқыры көп, тау-жартастан тырапай асып, домалап, қол-аяғын сындыра жаздаған сәттері де аз болмады. Қай бағытқа қадам басса да, жаңғырықтар сыңқ-сыңқ құліп, жанынан қалар емес.

– Нұрлыхан, былай жүр, былай. Ой, қайда кеттін, құлайсың ғой.

Ол аздай:

– Қасында құбыжықтар емес, біз жүргеніміз жақсы ғой, солай емес пе, – дейтіндерін қайтерсің.

Нұрлыханның ақыры олармен сөз жарыстырып, уәж қайтаруға да шамасы қалмады. Өз басымен әуре.

Үш күн, үш түн өткенде қарлы боран өз-өзінен тыйылып, аспан шайдай ашылышып, жарқ етіп күн шыққан. Сәнсалтанаты келіскең хан сарайын көріп, Нұрлыхан өз көзіне өзі сенбей, состып тұрып қалды.

– Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау дегендей, тау ішінде аяқасты жарқ етіп пайда болған бұл сарайдың сыры неде болуы мүмкін, – деп көзін құшырлана үқалаған ол: "Елес болар" деп ұры ойдың жетегіне берілген.

Сарайдан үлде мен бұлдеге бөленіп, көрген көздің жауын алған көремет сұлу әйел шықты. Басында – тәж.

– Хош келдің, Нұрлыхан хан! – деп зордың күшімен әрең тұрған Нұрлыханға иіле амандақан ханым кенет жан-жағына қаранып:

– Ойындарың қанды ма, жүгірмектер, – деді жұмсақ үнмен.

– О, өмірші, қанбағанда.

– Несін айтасың, армансыз бір рахаттандық.

– Рахмет!

Жаң-жақтан жамырай шыққан дауыс иелерін – жаңғырықтарды көріп, Нұрлыхан шалқасынан түсे жаздады. Жылт-жылт етіп жарқыраған жарқырауық көйлектер киген құртақандай қыздар көк жүзін жауып, титімдей қанаттарын желбірете желпіп, бірін-бірі қуалай ұшып жүр. Өз көзіңмен көрмесен, сенбейтін-ақ құбылыс.

– Менің құртақандай қолғанаттарым ғой, – деген ханым Нұрлыханды сарайға енгізіп, әл-ауқат, ас-суын беріп, үш күн, үш түн демалдырып, сый-құрметке армансыз бөледі. Мұжілмес Таудың иесі осы – Хадиша ханым екен.

– Нұрлыхан, – деді ол үш күн өткеннен кейін, қонағын арнайы қабылдап. – Бар бөгет-асулардан өтіп, қындық-қатерді жеңіп, Баһадүр ханның еліне қайыра оралсаң да, Ақерке сені қабылдай қоюы екіталай. Одан да өмірінді уайым-қайғысыз ен рахатта өткізіп, менімен бірге қалып, Мұжілмес Таудың билігін қолыңа алсаң қайтеді. Бұл таудың қазына-байлығы жер бетін тұтасымен асырауға артығымен жетеді. Қаласаң, сенің еліңе қоныс аударайық. Сенімен бірге болу үшін мен неге болсын бейілмін.

Қарадай ыттырынып, тітіркеніп жүре берген Нұрлыхан жарқ етіп төгілген ашу отын жасыра алмай, Хадишаға төне түсті:

– Мазағың ба бұл, азабың ба? Әлде қонақ ретінде қарсы алып, құрметтегеніңің ақысын талап етудесің бе?

Жүзі жанған Хадиша орнынан атып тұрды:

– Жан иесі бұлай намысыма тимеп еді...

Екеуі бір-біріне жеп қоя жаздап, қадала қараған қалыптары ұзақ тұрды. Сабасына түсіп, өзін-өзі қолына алған Хадиша болды.

– Тұсінемің, Нұрлыхан, – деді ол, ақырын. – Салиханы есіңе алып, жүзіме салық қылып тұр деп ойладың фой. Жолдан бір тайған жан тағы да таюы мүмкін деп есекдәменің еркіне берілгеннен айтып тұрған жоқпын бұл ұсынысты. Керісінше.

Мен саған он жылдан бері ғашықпын. Алғаш көргеннен. Кім біледі, ессіздік, соқыр сезім де болар. Уақыт қойнауына сіңіп, жоғалар да бұл сезім. Барға қанағат, жоққа салауат. Мені сүймеген жанның соңынан жүгірер есеп емеспін. Алла берген ризыққа тәуба. Өзінмен жүздесіп, дастарқандас болып, өз сарайымда қарсы алғаныма бақыттымын. Көңіліңе ауыр алма. Сезімнің еркіне беріліп, андаусыз айтқан сөздерімді, шаман келсе, ұмытқайсың. Кешір. – Соны айтып, ол көзімен жер шұқып, үнсіз қалды. Нұрлыханның бойын ұят қысқан.

– Керісінше, сен кешір мені, – деді ол, толқи сөйлеп.
– Қаласаң, мәңгі дос болайық.

– Мақұл – Хадишаның үні жарқын шықты. – Мәңгілік бақыт гүлі туралы ойламай-ақ қой. Ақеркеге оны өзім беріп жіберемін. Барған бетте алдыңнан шығады. Ал қазір... Жатып, демал, бойына күш-қуат жина, қаласан, тау ішін аралап, сейілде.

Мұжілмес Тауды Нұрлыхан армансыз аралап, әбден тамашалады. Сағ ауаны кеудесін кере, сіміре жұтқан ол тау қойнауына терендеп еніп кеткенін анғармаған. Хош иісі жер-көкке жайылып, ішпей-жемей мас қылған қызыл-жасыл гүлдерге толы тау баурайын аралаған Нұрлыхан өзіне қарай құшағын жая ұмтылған жан жары – Ақеркені көріп, жүрегі тоқтап қала жаздады.

– Құдайым-ау, елес пе? Өңім бе өлде тұсім бе.

Осы сәт таудың сол жақ бөктерінен Салиха сұлу көрінді. Құстай ұшқан Салиха Нұрлыханға қарай тұра ұмтылғанда Ақерке өз-өзінен тіксініп, қимылсыз, қалтұрып қалды. Келе өзіне жабықсан Салихага назар

аудармай, Нұрлыхан бір шетте өзіне ойлана қарап, үн-түнсіз тұрған Ақеркеге қарай қадам баса бергенде ол өз-өзінен аяға сіңіп, ғайып болды. Нұрлыхан состыып тұрып қалды.

Салиха сақылдап, сақ-сақ күлді:

– Ақеркеге менімен иყқ тенестіру қайда. Сен мендік-сің, Нұрлыхан. Мендіксін.

– Аулақ, аулақ, сұр жылан. Жолама, жолама маған.

– Сұр жылан? Шыныңды айтшы, Нұрлыхан, сұр жылан емес, адам болсам, Ақеркені талақ тастап, сен мәнгіге менімен қалар едің ғой.

– Жоқ. Сен сиқырмен басымды айналдырып, дуалап алмағанда сүйген жарымнан ажырамай, Ақеркеден басқа әйел затының бетіне қарамай өтер едім.

– Сиқырмен? Сонда менің сиқырым ғана кінәлі болды ма? Сиқырға бой алдыrsaң, несіне адам болып, жер басып жүрсің, бейшара. Бір елдің тағдырын қолында ұстаган хан дейді-ау сені де. – Осыны айтып, Салиха өз-өзінен жоқ болды.

Нұрлыхан мәнгірген қалпы жан-жағына алақтай қарап, ұзак тұрды.

Қонағының қабағы келіспей отырғанын кешкілік Хадиша бірден байқаған. Жегідей жеген күмән-ойды Нұрлыхан да жасырмады. Оның сөзін зейін қойып, мұқият тыңдаған Хадиша ауыр күрсінді:

– Е-е, таудың адам өзінің арымен кездесіп, өткен-кеткеніне есеп беретін баурайында болған екенсің. Ал енді, сауалыңа жауап берейін. Сенің бойында өу бастан тұра жолдан таюға деген бейімділік болған. Женілтектік атаулыдан ада, Ақеркеге деген махаббатың кіршіксіз таза жан болсан, Салиха – сұр жыланның арбауына берілмес едің. Тап басып, бірден таныр едің. Жүрегіндегі махаббат... сездірер еді саған. Бірақ. Сені құртқан – тәқаппарлық, Нұрлыхан. Өзінді Ақеркеден жоғары

қойып, сүйген жарынды қадірлеп, қастерлей білмегендіктен мұлт кетіп, шалыс қадамға бой алдырың. Құдай қосқан жалғандағы жалғыз қосағындың өмірін сол арқылы тозаққа айналдырың. Алайда, ол, шын мәнінде, даналық таныта білді. Сені де, өзін де қорғай білді. Сүр жыланның кім екенін ол бірден сезген еді.

Хадишаның әр сөзі тас гүрзі болып, еңесін езіп, көзімен жер шұқыған жігітке жаны ашыды ма:

– Енесіне... өмірлік сабақ алдың, – деді әйел, ақырын.

Нұрлыхан үн қатпаған қалпы серіппеше атылып, тысқа атып шықты. Біраз жүріп, оралған. Аузынан шыққан алғашқы сөз:

– Ендігі өміріме кепілдік бар ма? – болды. – Сондай оқиға енді қайталанбайтынына кепілдік бар ма?

Хадиша басын шайқады:

– Мен саған кепілдік бере алмаймын, Нұрлыхан. Сенімен жүздесіп, жаным бір жасап қалып еді. Жолымыз... айрылар сөт туды-ау деймін. Жер бетінде саған кепілдік бере алатын жалғыз жан бар. Теніздің ұлы патшасы. Аяғына жығылып, тілегінді жеткізгейсін. Аландама, жол көрсетіп, жеткізіп салар жолбасшың – осында. – Соны айтты да, қолын сілтеді. Ақеркенің ескі достарының бірі – аю пайда болғанда Нұрлыхан өз көзіне өзі сенбеді. Сосын барып жолбарыстың сөздері есіне түскен.

Хадишаға қарап, басын иген Нұрлыхан бір-ақ ауыз сөз айтты:

– Жолығармыз.

– Арманым – Ақеркемен танысу, – деді Хадиша, мұнды жымылып. – Есіміне қанық болғаныммен... дидарласу – арманым.

– О, Ақеркемен міндettі түрде таныстырамын. – Нұрлыханның жүзі жанып жүре берді. – Келесі кезек – менен. Сарайыма шақырып, арнайы қонақ қылармын.

Нұрлыханды аю Таусылмас Тәңізге бір демде жеткізді. Ақшулан толқындары аспанға атылған ақжал теңізге ол тандана өрі үркे қараған.

— Көзінді жұм да, теңізге ен, – деді аю, Нұрлыханның үстін елеусіз сипап өтіп. – Суға батпайсын. Қорықпа. Құрылықта жүргендей сезінесің өзінді. Ал, жолың болсын.

Нұрлыхан көзін жұмып, ақшулан толқындарға бірақ сұнгіді.

Көзің ашқанда... өзіне-өзі сенбеген. Інжу-маржан, зұбәржат, ақықтардан соғылған таңғажайып тамаша сұлу әлем көзін қарықтырып, ақылынан адастыра жаздаған. Кенет жер-көкті үрейді ұшырған қорқынышты гүйл кернеді.

— О, біздің Ақерке досымызға қаншама азап шектірген Нұрлыхан хан өзі келіп, өз еркімен қолымызға түскенін көрмейсің бе. Бұдан артық олжа болмас. Кәне, кім? Алғашқы кезек кімдікі?

Нұрлыхан жанынан қасым болды.

Үш-төрт қатар азу тістері ақсиып, көрген жаның зәре-иманың ұшырап теңіздің жыртқыш балықтары демалдышар саңылау қалдырмай, бір-бірімен иін тіресіп, Нұрлыханға төне түскен. Бойын билеген үрейді сездірмеуге күш салған хан жандәрмен қылышына қол созды.

— Қарай ғер, батырын. Бізге қарсы қылыш жұмсамақшы, ә. — Қарқ-қарқ құлкі жер-көкті жаңғырықтырып жіберді.

Кенеттен азы алты қарыс жыртқыштарды кимелеп, төрт қатар тісі ақсиған алып балық жан-жағын дауылдатып, ортаға атып шықты.

— Айттым фой, алғашқы кезек менікі деп. Күмөн келтіретін... қайсысың, көні?

Басқа балықтар үн-түнсіз ысырылып, алпауыт, алып жыртқышқа жол бере берді.

— Қылышыңды қынынан сұыра ғой, батырым. Қаруыңмен қосып, екі асап, бір қылғытайын.

Теңіз түбінде осы сәт тосын, тың толқыныс пайда болды. Балық атаулы қақ бөлініп, екіге айрылып, ортадан жол ашылған.

— Тәйт, — деген үн саңқ етті. — Сабыр сақта, жыртқыш.

Нәһан балық бір сәтте шөгіп, өзіне қадала қараған қара бүйра шашты көркем жігіттің алдына басын ие жығылды.

— Кеше гөр, әміршім. Сенің досын екенін білсем... Күнәмді өтеу үшін... күнекар жанымды қиюға әзірмін.

Жігіт жұмсақ жымиды.

— Сенің — жазығың жоқ. — Соны айтты да, қолын сілтеді. — Рұқсат.

Алып балық құйрығын бұлғаң еткізіп, теңіз түбіне шөгे берді.

— Төремұрат, — деді жігіт, өзіне аңтарыла қараған Нұрлыханға қолын ұсынып. — Ұлы теңіз патшасының төртінші ұлымын. Ал, әкеме жетейік. Күтіп отыр.

— Ақерке... деді ол сарайға табан тірегенде барып Нұрлыханға. — Сол үшін ғана құтқардым сені. Саған бола саусағымның ұшын да қимылдатпас едім.

Есіміне сырттай қанық Ұлы теңіз патшасының дидарын көргеніне есі шыға қуанған Нұрлыхан бақыттан басы айналып, шексіз рахатқа толы ерекше қүй кешті. Жанына тыным бермеген жұмбак сауалды сонда да болса жадынан шығармады. Жер адамының өні түгіл түсіне де енбеген теңіздің тіл үйірер тамаша тағамдарынан қалауынша дәм татып, ұлы патшаның алдына келгенде Нұрлыхан көкейіндегі сауалын ірікпеді:

— О, ұлы патша, Ақерке... осында болып па еді?

Теңіздің ұлы патшасы азы жымиды:

– Өткінші қызықтың соңынан құған жан мәңгілік рахаттан құр қалады, Нұрлыхан. Ақеркенің... кім екенине, қандай жан екенине зейін қоймағаныңа қайранмын. Теніз бен Күн – Ақеркенің бал балалық шағы өткен сүйікті мекендері. Төремұрат – жан досы оның. Салиха – Сұр жыланмен сайран салып жүргенінде жүдеп-жадаған көңілі түлеп, өмірге деген үміті өшпесін деп Күн-Ата екеуміз Ақеркені арнайы шақырып, қонақ қылышп едік.

– Күн-Ата? – Нұрлыхан өз құлағына өзі сенбеді.

– Айттым ғой, өз жарыңың кім екенін білмейсің. Ақерке – Күн-Атаның кіндік қызы. Екеуміздің сүйікті перзентіміз.

– Кешіріңіз. – Басқа сөзге Нұрлыханың әл-дәрмені жетпеді.

– Ақерке кешірсе, – біз де кешірерміз. Ал, қазір, – Теніз патшасы Төремұратқа иек қакты. – Теніз түбін аралатып, қонағымыздың көңілін көтергейсің.

Нұрлыхан мен Төремұрат теңіз түбін аралай жүріп, армансыз сырласты. Екеуі бір-бірінің көңілінен шыққан еді.

– Ақеркенің таңдауы саған неге түскенін енді ұқтым. Лайықсың оған. Мен де оған ғашықпын, Нұрлыхан. Бірақ бұл – басқа ғашықтық. Жаныңа тыным таптырмай жүрген күмән-тілегіңе келсек... Оны мен өз міндетіме алайын. Тілегінді әкеме өзім жеткізермін.

– Таусылмас Теңізге жол тартуыма басты себеп – Ақеркенің шарты еді, – деген Нұрлыханға Төремұрат жұмсақ жымиды. – Жүр.

Сосын, кенет, қалт тоқтаған:

– Дегенмен, қандай сынақ күтіп тұрғанын алдын-ала айтып, ескерткенім жөн болар. Ақерке қойған үш шарттың ең қыны – осы. Теңіз түбіндегі жартастың шатқалында жасырынған құтының өз тарихы бар.

Осыдан үш мың жыл бұрын оны жер бетіне Сұмбіле шоқжұлдызынаң өз елінен құғын көрген керемет сиқыршы жеткізіп еді. Менің әкем таққа отырып, теңіз билігін қолына алған күн-тұғын бұл. Жұз жыл ғұмырын сарп етіп жасаған ем-дәруіне мекен, өзіне пана беруді өтінген сиқыршы мәлім мерзімге жеткенде құты мен суды ақ ниетті адам баласы алып, адамзаттың игілігіне пайдаланатынын да жасырмадан. Теңіз тубінде тұрақтап, екі мың жыл ғұмырын осында өткізген сиқыршы мың жыл бұрын өз мекеніне оралған-ды. Жартастың шатқалындағы құтыға құзетші етіп, ол күндіз-түні көз жұмбайтын жалғыз көзді диюды қалдырған.

Мен сені жартасқа дейін ғана жеткізе аламын. Одан әрі жолсерік болуға жарамаймын. Жартастың үстіне шыққан бетте жер ойылып, басқа өлшем, бөгде әлемге енесің. Шет-шегі жоқ қым-қуыт қараңғы түнекте адасып, үш күн, үш түн жүресің. Үш тәулік өткенде жылтыраған жарық көрсөң – жаның қалғаны. Көрмесөң – тас мүсінге айналасың. Бірақ, бұл – сынақтың басы ғана. Жылтылдаған жарық – диюдың жалғыз көзі. Көрген бетте ол саған жалғыз сауал қояды. Қандай сауал екенін айта алмаймын: білмеймін. Білетінім – ол сауалдың жауабын тап басып, тапқан жан жоқ.

Шатқалдан қайта оралған жан иесі болған емес. Саған берер жалғыз жәрдемім бар. Бұл – бір-ақ адамға берілетін көмек. Мына жүзікті саусағына таққан жан жарықты таппай, текке адасып, азапқа түскен жағдайда я болмаса диюдың сауалына жауап бере алмай, текке мұдіріп, тосылған күнде де шатқалдан шығып, аман-сау орала алады. Бұл – сиқыршы менің әкеме қалдырған жүзік. Сен шатқалдан шыққан бетте ол ғайып болуға тиіс.

– Рахмет, Төремұрат, – деді Нұрлыхан, толқынысын жасыра алмай. – Сеніміңе рахмет. Бірақ, менде тандау

жоқ. Құтыны қалайда алып шығуға тиіспін. Ақеркеге онсыз орала алмаймын.

– Мен саған сенемін, – деді Төремұрат, нықтап тұрып. Бұл сөздер Нұрлыханға қанат байлағанмен бірдей болды.

Төремұраттың айтқаны айна-қатесіз, айнымай келді.

Бас-аяғы жоқ бұралаң жолмен адасып, әбден өзегі талған Нұрлыхан қаранды түнек көз алдында сейіліп, жарқ еткен жарықты көргендег үш күн, үш түн мерзімді артқа салып, диюдың мекеніне жеткенін бағамдаған. Бірер аттап, жартастың ық жағына шыққан ол бойы жартастың үшар басына жетіп, көлеңкесімен көк тіреген жалғыз көзді дәу диюды көріп, еріксіз мойнын жоғары қарай созуға мәжбүр болды. Сонда да болса, жалбыр қабағы тұксіп, бетін жапқан алыштың бет-жүзіне көз тоқтатып, қарай алмады: мойны талған. Бір байқағаны, диюдың қолында – шырақ. Шырақтың әлсіз сөулесі көңіліне дем берген Нұрлыхан енді бойын тіктей бергенде:

– Жауап беруге даярмысын, адамзат, – деген диюдың жер жаңғырықтырып, құлақты бітеген гүріл-даусының екпінінен жел үрген қаңбақтың кебін киіп, тұрған жерінен үшіп кете жаздады. Тоқтап қала жаздаған жүргегін үстаған Нұрлыхан:

– Даярмын, – деді сонда да болса сыр білдірмеуге күш салып. “Адамдық намысынды сақта, – деді ішінен, өзін-өзі қайрап. – Диюдан үркіп...”

Дию бөгелмеді:

– Адам өмірінің шамшырағы не, пенде?

– Махаббат. – Бұл сөздің аузынан қалай атып шыққанын Нұрлыханның өзі де аңғармады.

Дәл тапқанын өзі де үқты: дию кенет көз алдында кішірейіп, шөге берген. Бірте-бірте ол көзден өшіп, біржолағайып болды. Көз алдындағы көрініске антарыла

қараған Нұрлыхан есін жиганда қолында... шырақ түрғанын көрді. Диюдың қолындағы шырақ.

Шырақты қыса ұстаған қалпы Нұрлыхан алға жылжыды. Ілгері аттаған сайын қара түнек қоюлана түскен. Кенет ол өзінің қысқай, қия салынған баспалдаққа келіп тірелгенін байқады. Текшелей төмен түскен сатыны бойлап, құлдилай құлаған Нұрлыхан көз жауын алып, түн түнегін түре жұмбақ сәуле шашып, жалт-жұлт еткен құтыны көріп, “үх!” деп демін бірақ алған. Бірер сағат бойы қеудесін көріп, тыныстауға мұршасы болмағанын сонда ғана аңғарды ол Төмен еңкейіп, құдды бір жеркөкте жоқ қазынаға ие болғандай, құтыны қеудесіне аялай қысқан Нұрлыхан жан-жағына қарап та үлгірмеді: жартастың түбінен теңізге бірақ шықты. Көргені – Төремұрат.

– Уф! – деді ол – Енді... сәл кешіксең...

Нұрлыхан өз көзіне өзі сенбеді. Жартас – жоқ. Жыпжылмағай. Толқып жатқан теңіз ғана. Бірақ, құты – қолында.

– Жарайсың! – деді Төремұрат. – Құттықтаймын. Нұрлыхан сәл жымиды. “Ақерке... разы болса.”

Теңіз патшасы ризалығын жасырмады.

– Жөн, балам. – Сосын. – Соңымнан ер, – деп бұйырған.

Нұрлыхан үнсіз оның соңынан ілесті.

Сарайдың түкпіріне келіп, жер түбінен шымырлап шығып жатқан тұма бұлақтың басында тізе бүккен Теңіз патшасы Нұрлыханға бұрылды:

– Жаныңды жегідей жеген ішкі уайымың маған жақсы мәлім. Ендігі өміріңе кепілдік берер осы бұлақтың сусы. – Осыны айтты да, ол Нұрлыханға қасынан орын нұсқады.

Теңіз патшасы бұлақтан бір уыс суды іліп алып, күбірлеп дүға оқыды:

– Аузынды аш, балам. Көзінді жұм.

Нұрлыхан үн қатпаған қалпы көзін жұмып, аузын ашты.

Бұлак сұнының дәмі ерекше екен. Бұрын-сонды тат-паған таңсық дәм.

– Сенің алдыңда енді сиқыр атаулы дәрменсіз, – деді Теніз патшасы, бойын жазып. – Ақ-қараны бірден ажыратып, жамандық, жеңілтектік атаулыдан қырық шақырым қашық жүретін қасиет бітті бойыңа осы сәттен бастап. Көкірек сарайың ашылып, жан-дүниен сараланып, әкең – Қасымға тән қасиеттер дамиды бойында. Шын мәнінде Нұрлыхан хан атағына енді ие боласың. Іздеген кепілдігің – осы.

– Ата, алғысым...

Теніз патшасы қабағы тұксиіп, жалт қарады.

– Нұрлыхан! Ендігі жерде Ақеркенің көңілін қалдырысан, арашашы таппайсың. Күн-Ата екеуіміздің қана-рымызға ұшырайсың, себебі. Қорқыту, ескерту емес, шындық – бұл сөзім. Алғашқы кезек – әке ретінде – Баһадүрдікі болатын. Ол дегдарлық таныта білді. Әкелік махаббатын адамдық парызына жендеріп, жалғыз қызы қанша жерден қиналса да, ішкі еркіне – екеуінің ішкі өмірлеріңе араласпай, өзін-өзі ұстай білді. Ендігі жағдай – басқа. Баһадүрдің бойындағы қасиет Күн екеумізге берілмеген. Туған қызымыздай ардақтайтын Ақеркені жәбір-жапаға беріп қойып, қарап отырады екен деп ой-лап жүрме, қарағым.

Нұрлыхан толқынысын жасыра алмады.

– Ата. Қалған ғұмырымды Ақеркенің өміріне бодаулыққа беруге бел буғанмын. Маған – сенің. Ол болмаса... жарық дүниемен өлдекашан хош айтсыып, сүйегім жер қойнауында қурап жатар еді. Турагап төнген сүм ажалдан бір емес, бірнеше рет арашалап, алып қалған – Ақерке. Оның бақыты енді – менің бақыттым. – Соңғы сөздері – анты еді оның.

Теніз патшасының қабағы сәл жұмсарды.

– Үақыт – сыншы, балам. Бұдан кейін бірақ опасыздық атаулыдан өзің де ада болуға тиіссің.

Теңіз патшалығында бір апта жатып, аунап-қунап, күш-қуат жиып, тыңайған Нұрлыхан соңғы сынажа бет алып, Алжыған кемпірдің үнгіріне аттанды.

Сағадат

Алжыған кемпір бүгін әдеттен тыс ерте тұрды. Тұрған бетте етек-жеңін қағынып, зәулім сарайына жapsарлас орналасқан көрер көзге тым қораш, жұпның қараша үйге қарай асыға-аптыға тұра ұмтылған.

Алжыған кемпірдің көзге шыққан сүйелдей тым оғаш керінер қараша үйді соншалық дәріптеуінің себебін жан баласы білмейтін. Кейбіреулер жағасын ұстап, таң қалып, таңдай қақса, енді біреулер езуіне үйірілген кекесін құлкіні жасырмай, әжуалай:

– Әуейілік. Еріккен кемпірдің ермегі де, – деуші еді.

Жұпның, қараша үй. Бар ерекшелігі – тұтасымен темірден соғылған.

– Осында ғана жаным жай табады, – дейтін Алжыған кемпір. Бұл сөзді де ол екінің біріне айта бермейтін.

Бұкірейген белін жазып, төбеде ілінген бір бау шөпке кемпір қолын енді соза бергенде:

– Неғып ерте тұрғансың, – деген сыңғылаған сұлу үн естілді. – Тығыз жұмыс пайда болды ма?

– Көгермегір. – Кемпір зілсіз басын шайқады. – Апа деп айтуға аузың бармай-ақ қойды, ә.

– Сені апа деп айтсан. Жә, таң атпай бет жыртыспай-ақ қояйық. Айтшы, неге ерте тұрдың?

Бір уыс күлді алғып, былай қойып, бұрыштағы қаптан бір шөкім тарыны асықпай алғып шыққан кемпір қарсы алдына жүрелеп отыра кеткен көз тартқан керемет сұлу қызыға сығырая қарады. “Сыр ашсам ба, ашпасам ба?” сыңдайы. Сосын:

– О, бұғін мен үшін ерекше күн, – деді, дегенмен, сыр ашуға бекініп. – Торыма көптен күткен олжа келіп, топ етіп түсейін деп тұр.

– Олжа?

– Нұрлыхан хан. Бұл қонақтың, дегенмен, жөні бөлек. Сыртыңнан сенің даңқынды естіп, ғашықтық дертіне шалдығып, дидарынды көру үшін бар өмірін мансұқ етіп, бақ сынау үшін келе жатқан жан емес ол.

– Енді кім... асыға күткен қонағың? Мақсаты не?

Кемпір ойға батты.

– Е, бұған басқа айла қажет. Қадамын тұсап...

Қыз кемпірдің сөзін де, ойын да бөліп жіберді.

– Қашама адамдарды тасқа айналдырып, адам бейнесінен айырғанда... Құлқының да бітелмейді екен.

Кемпірдің көзі жарқ етті:

– Сен бе маған төреші болатын, Сағадат? Әй, арамсың-ау, арамсың. Шынашақтай болып алып, сөзін қарашы. – Соңың, аузы көпіре: – Саған айтпағанда, кімге айтамын, – деп күрсініп алып, ішкі сырын ақтаруға кірісті. – Жан баласына жамандық жасағанды жаңым сүйеді. Әсіресе, жақсы адамдарды зар қақсатып, көзінен қанды жасын ағызғанға не жетсін. Ғашықтардың, әсіресе. Жаман жандарға жамандық жасап, береке таппайсың. Кейде, бірақ, жауыздардың жауыздығын өздеріне қаз-қалпында қайтарып, көздеріне көк шыбын үймелетіп, әй, айызым қанатыны бар. Дегенмен... Батыр – анқау, ер – көдек. Жақсы адамдар аңқау келеді, Сағадат.

Адамзат. Адам заты. Тіпу. Ет пен сүйектен жараплан жартыкеш, бейшара пендे. Қеудесін ұрып: ”Жер кіндігімін” дейтінін қайтерсің. Жерден садаға кеткір.

Сағадат таңданысын жасыра алмады. Кемпірдің бұлай таусылуын алғаш көрүі:

– Адамзатқа неге сонша шүйліктің? Өзің де адам емессің бе?

– Жоқ. Мен адам емеспін. Өмірден қол үзбеу үшін адам жанын иеленуге мәжбүр болсам да. Жер бетінде адам затпен қатар, бірге, бірақ басқа өлшемде өмір сүретін қатар өлемнің өкілімін.

Біздің өлемде бәрі темірден құралған. Денелері темірден тұратын саналы тіршілік иелері ғана өмір сүре алады онда. Ой-хой, дүние-ай, өмір деген сонда. Мынау... өмір ме, тәйірі. Ой, арсыз, не болды шек-сілең қатып?

– Қойши, өтірік айтпашы. – Сағадат күлкісін тыя алмады. – Сен темірден жаралсан...

– Үйбәй, өтірік аитып... не көрініпті? Темірмін мен, темірмін. Білесің бе, темірдің ауруы не екенін?

– Тат па? – Сағадат езуіне үйірілген күлкісін еріксіз жиып алды. – Осы кемпір... шындықты айтпағай. Сыңайы жаман.

– Тат. – Сағадатты қабағының астымен бағып, көзін сығырайта, барлай қарап, ойланып отырған кемпір біраздан кейін барып сөзін қайыра сабактады. – Жырқылдай бермей, зейінінді беріп, тында енді. Жасым үш жүзге жеткенде... Қап, мына қыздың қорлығын-ай. Әй, ол кезде әлі шынашақтай бала болатынмын. Біздің халық, білесің бе, қанша жыл өмір сүреді. Сондықтан, мен жер бетінде Алжыған кемпір атанғаным болмаса, өз елімде қазір қалындық атанып, көрmede тұrap едім. Әттең.

– Адамдардың арасына қалайша тап болып жүрсін? – деді Сағадат, әншейінде өзі туралы тіс жармайтын кемпірдің сырын ашуға асығып.

– Айттым фой, тат деп. Емі табылмайтын тажал ауру ол біз үшін. Титтейімнен сол ауруға шалдыққанымды қайтерсің. Ата-анам қайғыдан қан жұтып, өле жаздады. Ақыры, ғұлама дәрігерлердің бірі жанымды алышп қала-тын жалғыз жолды ұсынды. Өте сирек қолданылатын,

бірақ өмір сүруіңе кепілдік беретін тәсіл еді ол Ата-анам бөгелмей іске кірісті.

Тұн қараңғылығын жамылып, адамдардың арасынан біздің елімізге ер-адам жеткізілді. Ғұлама дәрігер: “Жаның жынысы болмайды. Дені сау болса болғаны” деген екен. Сол адамның жаны маған салынып, қанды шенгеліне қаперсіз іліп алышп, о дүниеге енді өкетейін деп тұрған ажалдан аман қалдым.

Көзімді ашқанда көргенім жанұшырып, үстіме төне тұскен ата-анам болды.

Сағадаттың ойы бірақ басқада еді.

– Адам... не болды?

– Не болушы еді, темірге айналдырып, сақтап қойдық. Адамдардың арасына өткенде өзіммен бірге ала кеттім. Кейін тасқа айналдырып, үнгірдегі жандарға қостым.

– Солардың арасында ма?

– Эй, адам-ай. Жанашырлығынды қойғыза алмай-ақ қойдым-ау сенің. Одан да сөз тында, құлағынды түріп. Адамдардың арасына келуіме не себеп болғанын білгің келіп еді фой.

– Рас, кешір.

– Бәйге атынша қарадай делебем қозып, адам жаны салынғасын көзім алақтап, көңілім адамдарға тарта берді. Бізге беймәлім сезім деген қайдағы бір жоқ нәрсе көніліме орала ма-ау. Оны қойшы, қарадай үсті-басым дым-қылданып, ылғалданатын әдет таптым. “Кез жасы, – деп түсіндіріпті дәрігер ата-анама. – Адамдарды сағынып жүр.”

Әке-шешемнің үрейі ұшады. Тат басып, қызымыз құрып жүрсе. Перзентімізден біржола айрылып. Енді қайттік?

Өстіп жүргенде дәрігермен қосып, ата-анамды ел билеуші шақыртады. “Адамзат пен қатар әлем арасындағы тепе-теңдікті бұзуға сендерге кім рұқсат берді?

– дейді ол. – Жердегі өмірдің кетеуін кетіріп, қылмыс жасап. Адам затын алғаннан кейін оның орына біз сол сәтте салмағы оған сәйкес келетін тіршілік иесін салуға тиіспіз. Енді мәселені қалай шешеміз?”

Әке-шешем көзімен жер шүқиды. Ақыры, тәуекелге бел буады. Қызымыздан қарадай айрылғанша жер бетіне жіберіп, тірі жүргенін көнілге медет тұтайық деп шешеді.

Жер бетінде мен көк тіреген зәулім сарайға топ еттім. Алтын, асыл тастар деген біздің елде аяқ астында шашылып, үйіліп жатады. Адамдар қайдағы бір тастар үшін бір-бірімен қырылсып, өлеңді дегесін олардан да үйіп-төгіп, қалауымша арқалап, ала кеткенмін.

Үріп ішіп, шайқап төгіп, рахатқа батып, алансыз өмір сүрдім. Жаным да тынышталғандай.

Жан тыныштығынан бірақ, көп ұзамай, біржола ада болдым. Аяқ астынан мөлдіреген сұлу жігітке ғашық болып... Өзіме де обал жоқ. Ғашықтық не теңім десейші. Қайтесің енді, жүрекке әмір жүре ме. Бәрін айт та, бірін айт, әлгі жігіт маған бұрылып та қарамады ғой. Темір еkenім беймәлім бейшара өзінше әлдеқандай болып:”Махабbat. Ғашықпын. Сүйген қызыым бар. Үмітінді үз”, – деп қалай дейді сендерде, жүрек пе, иә, соған мұз тығып жібергені. Әй, қанымның қайнағаны-ай. Теріме сыймай, тарс етіп жарыла жаздал, өупіріммен аман қалдым.

Тасқа айналдырған алғашқы адамдарым сол жігіт пен сүйген қызы болды. Содан кейін көнілімдегі күйікті басу үшін ғашық-масықтар мен жақсы-жамандарды тасқа айналдыратын әдет таптым. Сөйтіп жүріп, саған кезіктім ғой. – Кемпір алақанымен көзін қалқалап, күнге үңілді. – Ойбу, әңгіме бұзау емізеді, бұзау таяқ жегізеді деген. Нұрлыханың уақыты да таяп қалған ба. Қой, тойдың қамына кірсейік.

– Той?

– Ой, үрікпе. Қол-аяғын бұғаулап, кісен салсан да, үйленбейді ол саған. Ол бейшараның, хи-хи-хи, ойында тек Ақерке ғана. Бірақ. Алжыған кемпір тірі тұрғанда Ақеркемен жүздесу қайда оған. Үңгірдегі тастардың санын толықтырады ол да. – Аяқ астынан ойға батқан қызға кемпір шүйіле қарап, ауыр күрсінді. – Әттен, жер қыртысына жасырынған бит қабығын білгенде сенің ойынды оқи алмайтыным діңкемді құртып бітті.

– Оған да шүкіршілік. – Сағадат еті мен терісінің арасында тұрған бойтұмарын аялай сипады. – Әйтпесе, мені де тасқа айналдырып жіберер едің.

– Ой, оңбаған. Сен болмасаң, ку жаным тыным тауып, жер бетінде тұрақтамай, әлі күнге ел кезіп, дуана болып жүрер едім. Сені тасқа айналдырып... Одан да алма піс, аузыма тұс деп кезекті құрбандықтарымды күтіп, жанымды бағып, тас сарайымды сағалап, отырғаным онды емес пе.

Гұлсім – менің мәңгілік маҳаббатым

Алжыған кемпір Нұрлыханға да сыннан өткен сенімді тәсілін қолданып, Сағадатты қалқан қылуды ойлаған.

Сағадат сұлудың даңқын естіп, сырттай өліп ғашық болған ханзада, бекзадаларды құрак ұшып, қалбалактай қарсы алатын ол күйеу жігітті жер-көкке сыйғызыбай мақтап, бөгелмей, бірден той қамына кірісетін. Бақыттан басы айналған күйеу жігіт бар өлемді ұмытып, Сағадат сұлуға қыла қараған сәтті аңдыған ол:

– Жіберші, жаның жай тапсын, – деп жігітке кәрлен кесені ұсынатын. Күйеу жігіт кесені алып, ернеуіне ернін тигізгесін:

– Тасқа айнал, – дейтін ақырын.

Оқиға осымен тәмамдалатын.

Алжыған кемпірдің жаны сүйетін тәсіл еді бұл.

Нұрлыханның ойы басқада екенін жақсы билетін кемпір бұл жолы да тұзак ретінде Сағадатты пайдалануды көздеген.

Нұрлыханды аса құрметті қонақ ретінде тікесінен-тік тұрып қарсы алған Алжыған кемпір оған жатып жастық, жайылып төсек болып, бар жағдайын жасаумен болды.

– Сағадат сұлудың дақпырты саған да жеткен екен, Нұрлыхан, – деді ол сөз арасында. – Қызымды сендей ұлы ханға қоссам, сол күні көз жұмсам да, армансызыбын. Қой, неғып тұрмын, той қамына кірісейін. Бой жазып, асықпай демала бер. – Соны айтты да, ол құлақ құрышын қандырған сазшылар мен мың бұралған биши қыздарға иек қағып, сарайдан шығып кетті.

Нұрлыхан аң-таң қалды. “Сағадаты несі? Әлде... әлде Ақерке айтқан кемпірдің жаңындағы жәрдемші сол ма екен?”

Кемпір келіп, біраздан кейін Нұрлыханды тысқа алып шықты. Көз қарықтырған сұлу қыз атқан тандай жарқ етіп, шыққан бетте көзіне оттай басылды. “Айтса, айтқандай, шынымен сұлу екен. Бірақ, бұл қыздың маған қандай қатысы бар?”

Кемпір көрлен кесені Нұрлыханға ұсына берді.

– Ал, Сағадат екеуінің уайым-қайғысыз, бақыттығұмыр кешіп, ұбірлі-шұбірлі болуларын үшін. Алып қой енді. Ақ ниетпен...

Нұрлыхан жан-жағына ойланған қарап, сөл үнсіз тұрды.

– Не айтып тұрсыз? – деді сосын. – Мен үшін Ақеркеден басқа әйел жоқ.

– Ә, солай ма. – Кемпір тісін ақситты. Сосын, өз-өзінен күбірлекен. – Дәл қазір – дәрменсізбін. Сөл шыдайын. Өуселесін... көрермін әлі.

Қаны қайнаған кемпір алақанын сарт-сұрт ұрды. Жерден жік шықты, екі құлағы тік шықты деп қылыштарын жаландатып, жер астынан атып шыққан жендеттеріне:

– Қапасқа қамаңдар, – деді түгі бетіне шығып.

Қол-аяғына бұғау салынған Нұрлыхан көзге тұртсे көргісіз қаранды қапастан бірақ шықты.

– Бір амалын табармын. Ұйқымды қандырып, тынышып алайын. Әл жинағаным жөн, – деп өзіне-өзі дем берген Нұрлыхан бұрыштағы шөпке жатып, жайғасқан бетте көзі ілініп кеткенін де аңғармаған.

– Нұрлыхан, – деген дауыстан оянған ол жан-жағына алақтай қарады. Бәрінен бұрын байқағаны – қол-аяғын матаған бұғау ғайып болған. Қаранды қапас жарық сәулеге бөленипті. Қарсы алдында – ай мен күндей сұлу қыз. Сағадат.

– Сағадат?!

– Ақырын, – деді қыз, қолын ерніне қойып. – Күзетшілерді ұйқтатып таstadtым. Еркін сейлессек болады енді. Бірақ, кемпір оянбасын де. Уақыт та тығыз.

– Кемпір? Ол сенің анаң емес пе?

– Қайдағы ана. – Қыз қолын сілтеді. – Қatal тағдыр қосақтаған жан ол кемпір мен үшін.

Мен – бір елдің патшасының алақанына салып, аялап, бұла өсірген ерке қызымын. Байлық-білікке мастанбай, он-солымды танып-білгеннен қарапайымдылық пен қайырымдылықты ту еттім. Оған себеп титтейімнен бір елі қасымнан қалмай, әрдайым бірге жүрген күтуші әйел болды. Өткінші қызықтарға бой үрмай, мәңгілік өлшемдермен өмір суруге баулыды ол мені.

– Дәуіттің отыз ұлын бір күнде алған Алла Тағаланың құдіреті шексіз, қарағым, – дейтін өз-өзінен ойға батып, бір нүктеге қадалып, біраз отырғасын.

– Сағадат, – деді ол бірде. – Тұс көрдім. Патшалыққа... зор апат келе жатыр. Қандай апат екенін анықтай алмадым. Бірақ, мерзімі мәлім. Үш жылға созылмақ бүл нәубет. Аман қалатын – сен ғана. Халқыңа араша түсетін де сен боласың. – Осының айтып, алақанын

жайып, тербеліп біраз дұға оқыды да, ет пен терімнің арасына көзге көрінбейтін, елеусіз бойтұмар оқып, салып берді. – Саған енді қауіп жоқ, – деді сосын, женәл күрсініп.

– Ата-анамды да алып қал, – деп жалбарына жабысып едім, мұная басын шайқады.

– Жоқ, қызым. Әуре болма. Олардың ой-өлшемі басқа.

Еңсем түсіп, тәмен қарадым.

Күтуші әйелдің айтқаны айдай келді.

Арада апта өткенде сарайда сәлделі диуана пайда болып, от жалап, қызған темірді қолымен иіп, түрлі өнер көрсетумен болды. Ата-анамнан бастап, барша жүрт оның өнеріне тәнті болып, аузын ашып, көзін жұма тамашалағанымен, неге екенін, қарадай ішім қабылдамай, диуанадан қауіп күтумен болдым. Тегіннен-тегін көңілім секем алмапты. Кенет... көз алдымда тақта отырған ата-анамнан бастап барша халық тасқа айнала бастады. Бойымды үрей билеп, далаға атып шықтым. Мәссаған, маңайымның бәрі тас. Тасқа айналған адамдар. Мен ғана... адам бейнесінде қалған.

Диуана ізімді ала тыскә атып шықты. Сәлдесін жұлып алып, шашы дудыраған кемпірге айналған сиқыршы өз-өзінен екі иығын жұлып жеп, шыр көбелек айналып, аузынан ақ көбігі ақса да, адам қалпынан айнымай, келемеждең, күліп тұра бердім. Құлқім – көрінеу көз қылып, сыр бермеуге тырысқан сыңайым еді. Жата қалып, жер бауырлап жылағым келіп, өзімді-өзім зордың күшімен өрен үстап тұрмын.

Кемпір кенет көзін қалқалап, маған қадала қарады.

– Е, бір жамандықтың бір жақсылығы бар деген осы. Сендей сұлудың даңқын естіп, мен деген бозбалалар өздері-ақ отқа үймелеген соқыр көбелектей сарайыма топ-тобымен жиылмай ма. Маңдайынан шертіп, шетінен санап отырып, тас үнгірге тыға берсем. Кірген із бар, шыққан із жоқ дегеннің дәл өзі болмақ. Кеттік.

Былай шыққасын кемпір маңдай тісін ақситып, сықсия күлді:

— Айламды асырып, қашып кетемін деп ойлауши болма. Одан да жақсылықпен дегеніме көн. Эйтпесе, отқа қақтатып, жендеттеріме етіңнен кәуап жасатамын.

Сағадат сәл тыныстап, сөзін жалғады:

— Содан бері үш жыл өтті. Сұрқия кемпір жанын жай таптырган қолайлы кәсіп тапты. Алайда, оны ондырмай есебінен жаңылдырып, талма тұстан дөп үрган алғашқы адам сен болдың. Қанына қарайып, кемпір кулін шашып отыр. Таң азаннан тірідей отқа өртеп, жаныңды шырқыратып, қызығынды көрмек. Жаныңды арашалап үлгірмесең...

Мына жүзік – саған аманат. – Сағадат саусағынан жарқыраған ақық көзді алтын жүзікті алып, Нұрлыханға ұсынды. – Сарайдың сыртына шыққанда құлағын қайшылаған қарагер тұлпарыңды көрерсің. Батыс жаққа бет түзегейсің. Межелі жерге қарагер өзі жеткізеді. Батыс бетте орналасқан көршілес патшалықты менің күйеу жігітім билейді. Бір-бірімізben сөз байласып, мәңгі-бақи бірге боламыз деп ант етісіп едік. Мына жүзік – соның сыйы. Қол астындағы сиқыршыларды жиып, бөгелмей бері аттануын өтінгенімді жеткізгейсің. Сені менің босатқанымды білген бетте кемпір қаһарына мініп, бар ашуын маған төгуі мүмкін.

Нұрлыханның ұнсіз сауалына Сағадат басын шайқады:

— Сарайдан қарыс қадам аттап шықсам, кемпір мені ізінше кері қайтарып алады. Бірнеше мәрте басымнан кешкен жәйт ол Ал, қайыр-хош. Бөгелме.

Қарагер атты көргенде туған өлкесі есіне түсіп, сенімді серігін аялай сипаған Нұрлыхан күнбатысты бетке алып, жолға шықты.

Таң қылаң бере ол қызылт мәрмәрдан соғылған ғажайып қаланың қакпасының алдында тұрды.

Беймөлім күшке бағынған қала қақпалары өз-өзінен ашылып, дем арасында Нұрлыхан қарагер атқа мінген қалпы патша сарайына енді. Қозіне алғаш іліккен – өзіне сынай қарап, тақта отырған алтын тәжді жас жігіт болды.

Аттан түсіп, сәлем берген Нұрлыхан жігітке ақық көзді алтын жүзікті ұсынды.

Жүзікті қолына алып, маңдайына басып, тәу еткен жігіт:

– Сағадат… қайда? – деді ақырын.

Бар жағдайды жасырмай баяндаған Нұрлыхан уақыттың тығызы екенін баса ескертті.

Жігіт үн қатпаған қалпы оң жағында отырған бас уәзірге иек қақты. Бас уәзір басын иіп, шығып кетті.

Келесі сәтте сұнғақ бойлы, мұсінді, шоқша сақалды жігіт ағасы пайда болды.

– Жан досым – Атымтай, – деп таныстырды оны патша. – Өз есімім – Шәкизат.

Алжыған кемпірдің үнгіріне сапар шегуді өзім де жоспарлап жүр едім. Тек алыс жолға аттанып, аяқасты кешіккен Атымтайды күткен болатынмын. Жер-көкті шарлап, Сағадаттың дерегін таппағасын Алжыған кемпірдің қолындағы даңқы шыққан сұлу қыз сол болмасын деген ой көніліме ұялаған-ды. Атымтай ол болжамымды бірден бекітті. Бірер күн шыда, Сағадаттан хабаршы келуге тиіс деп еді. – Шәкизат сәл жымиды. – Атымтай – өнері асқан атышулы сиқыршы. Сағадатты азат етуге бірге аттанбақ едік. Ал, не тұрыс. Жолға.

Нұрлыхан біраз әл жиып, ауқаттанып алғасын тұлпарларын ойнатып, үшеуі жолға аттанды.

– Кемпір бізді сақадай сайланып, күтіп отыр, – деді Атымтай, атын тебініп. – Ештеңе етпес. Алжыған кемпірден айламыз артылмаса…

– Сен оның темір екенін білесің бе, Шәкизат?

– Темір? Қайдағы темір?

– О, оның қызығы алда. Сәл шыда. Көресің. Әуелі...

Үшеуінің алдарынан аптарап-демдері апталық жерді шарпыған алпауыт дәулер шығып, бұтақтала иірілген қарағайдай мүйіздері көк тіреп, жер жүзін жауып, қарсы лап қойды. Алайда, Атымтайдың сиқырының алдында дәулер дәрменсіздік танытты: жер-көкті жаңғырықтырып, өгіздей өкіріп, бірінен соң бірі жер құшқан дәулер қак айрылған қара жердің қойнауына сіңіп, біржола жок болды. Сарай алаңы дәулерден азат болған бетте у-сөлі сорғалаған тікенектерден тұратын қорған-қамал өсіп шықты. Атымтай оны да оқып, дем арасында жок қылды. Сол сәтте алдарынан сарай ашылған. Бірак... сарайға жапсарлас орналасқан темір үй доп-домалақ жұмыртқаға айналып, дөңгеленіп тұр екен.

– Түсінікті, – деді аузы-мұрны жоқ отауды айналып шыққан Атымтай. – Алжыған кемпір, шық бері, – деді сосын. – Шықпасаң, Сағадатты босат.

– Шықпаймың, ал қайтесің, – деген шіңкілдеген дауыс шықты темір отаудан. – Көрейік, күш сынасып.

Атымтай сарайға еніп, бір бума шөпті алып шықты. Шөптерге дем салып, тұтатқанда темір отау ортасынан қак бөлініп, Сағадат сұлудың бұрымына жабысқан Алжыған кемпір жалп етіп, бері қарай атып шықты.

– Өй, есер неме, – деді ол, Атымтайды жерден алып, жерге салып. – Өз сиқырымды өзіме қарсы жұмсал, о несі-ей. Ойынның ондай шарты жок.

– Ойын ба, – Атымтай келемеждей күлді. – Тектен-текке обалына қалып, өз жаныңың рахаты үшін жазық-сыз жапа шеккізіп, тасқа айналдырған сан мындаған адамдарды да ойын дерсің сен.

– Ол енді, – кемпір төмен қарады. Сосын кенет жалп етіп, тізерлеп отыра кеткен. – Тек... тасқа айналдыра көрме. Тасқа айналсам... адам жанынан да айрылып, өз бейнеммен де біржола хош айттысуға тұра келеді. Ата-анам қайғыдан қан жұтып өледі ғой.

Бұл кезде Шәкізатпен амандасып үлгірген Сағадат бәрін Алжыған кемпірдің үңгіріне бастап еді. Нұрлыханның есіне кенет Ақерке берген Гүлсімнің айнасы түскен. Іс-әрекетіне есеп бере қоймаған ол өз-өзінен қалтасына қолын салып, айнаны алып шықты да, үңгірге бағыттады. Бұрын-соңды басынан кешпеген жұмбак сезім бойын билеген. Беймәлім күш бағыттап, әмір беріп, дегеніне көндіріп тұрғандай.

Атымтай оған аңтарыла қараған. Өңінде – толқыныс.

Айнаны бағыттаған бетте үңгірдің аузын бітеген үйдей тас өз-өзінен ыдырап, уатылып, үңгірдің ішінен үйіліп-төгіліп, ірілі-уакты әртурлі тастар атылып бері шығып жатты. Шыққан бетте бәрі адамға айналған. Дені – жігіттер. Ең соңғы болып қол ұстасқан қыз бен жігіт пайда болды. Бұл – Алжыған кемпір ғашық болған жігіт пен оның сүйген қызы еді. Екеуі бір-біріне албыртып, алабұрта қарайды.

– Бірге боламыз деп едім ғой, – дейді жігіт.

Кемпір екеуіне тұнере қарап, тісін шықырлатып, теріс айналды.

– Азаттық бер, – деді Атымтай, кемпірге. – Өзің де сол арқылы азаттық аласың.

– Жоқ, – деді кемпір. – Қинама. Одан да... өлгенім артық.

– Қорықпа, – деді Атымтай, кенет жұмсақ жымылып.

– Енді ешқашан тат баспайды сені. Айықтың – мәңгіге. Ауру атаулыны ұмытасың енді.

– Рас па. – Кемпір өз құлағына өзі сенер-сенбесін білмеді. – Онда... келістім.

Осыны айтуы мүн, кемпірдің кеудесінен зыр етіп бір тас домалап түсті де, жиырмадан жаңа асқан жас жігітке айналды. Кемпірдің орнында, керісінше, жан-жагына әлсіз сөүле шашқан қызылт түсті темір жатыр еді.

Барлығы жиылдып, темірге таңдана үнілді.

– Тс-с, – деді Атымтай. – Сәл шыңдандар.

Айтқандай-ақ, дем арасында қызылт темірдің жанында көкшіл түсті екі бірдей ірі темір пайда болды.

– Алла жарылқасын, Атымтай. Алғысымыз шексіз саған, – деді көкшіл темірлердің бірі, жыбыр-жыбыр етіп, күнгірлеген күңгірт үнмен. – Айықпас кеселге шалдықкан қызымыздың дертіне дауа тауып, қатарына қосылуға мүмкіндік бергеніңе бас иіп, алғыс айтамыз. Мақсатыңа жет.

Соны айтты да, үшеуі де біржола ғайып болды.

Жиылған халық бір-біріне аңтарыла қараған.

Сағадат өзін үйи тыңдаған халыққа Алжыған кемпірдің тарихын баяндауға кірісті.

Атымтай болса, өз ойымен әуре.

– Айнаңды... бере тұршы, – деді ол кенет, Нұрлыханға жалт қарап.

Хақназар сөзге келмestен тес қалтасынан сиқырлы айнаны алышп, Атымтайға ұсына берді.

Айнаны алышп, жұмбақ затты зерттегендей ғажаптана қараған Атымтайдың өні кенет құбылып жүре берді. Бір қызыарып, бір сұрланып, дегбір-тағаттан айрылған сиқыршы алақандай айнаны кеудесіне, сосын маңдайына басып, қарадай тәу етіп, құшырлана иіскеді.

– Бәсе, бірден сезіп едім, – деді сосын, күрсініп. – Гүлсімнің айнасы ғой. Нұрлыхан... оның айнасы сенде қайdan жүр? Қандай... қатысың бар оған?

Нұрлыханды бар зейінімен тыңдаған Атымтай ауыр күрсінді.

– Сен... өз өмірінді сең соққан балыққа айналдырып, жарық күнде қарадай адасып жүрсөн, мен, керісінше, бар өмірімді бір әйелдің жолына берген міскінмін.

Гұлсімді алғаш сиқыршылар сайысында көрдім. Баһадүр ханның елінде, Таңшолпан ханым үйымдастырып еді оны. Содан бастап жүргегімді бердім, мәңгіге. Міне, биыл он сегіз жыл, Гүлсімнен басқа әйел затына көз тоқтатып қараған емеспін.

Гүлсімге құда түсіп, жан-жүргегін ұсынған жүздеген патшазада, бекзадалардың арасында мен де болдым. Таңдауы Ирек ханзадаға түскенін біліп, жүргегім қан жылады. Шын мәнінде... Гүлсімге лайық жан болса, бақыт тілеп, жайыма кетер едім, бірақ. Ирек Гүлсімнің қара тырнағына да татымайтын, екіжүзді бейшара, аяр пенде екенін көріп, біле тұрып, Гүлсімді оған көзім де, көңілім де қимады. Дегенмен, намыс па, көкірек-кеуде ме, ғашығымның үкімін білген бетте басқаларша әліптің артын бағып, сағым-ұміттің алдамшы жетегіне ілесіп, есекдемеге ерік бермей, нөкерлерімнің басын құрап, қосынымды жидым да, сол күні атқа қонып, еліме бет бүрдым. Ирек ханзада мен Гүлсім екеуі екі жакқа кеткені туралы хабар кейінрек жетті маған. Бақ сынауыма болар еді, бірақ дәтім бармады. Бір жағынан, намысым жібермеді.

Содан бері әйел затының бетіне қараған емеспін.

Бұл жалғаннан жалғыз өтуге бел буған жанмын.

– Алайда, айна, Гүлсімнің айнасы жүргегімді ерітіп жібергені. Нұрлыхан.

– Әу.

– Жиырма жылға жуық уақыт, Гүлсімді көрмегелі. Ди-дарласып, жүздесіп, көніл құмарын қандырсам.

– Гүлсім де ескі танысын көргеніне қуанбаса, ренжи қоймас, – деді Нұрлыхан, қарадай толқыған Мәжнұннің көңілін аулауға күш салып.

– Рахмет! Толқыған көңілімді бекітіп, жаныма сенім қүйғаныңа рахмет. Аттандым, сенімен.

– Асықпа, – деді осы сәт қастарына келген Шәкізат.

– Сағадатты ата-анасымен қауыштырып, оларды да си-
қырдың өсерінен құтқарып, қалпына келтіруіміз керек
емес пе.

– Рас, – деді Атымтай, серпіліп. – Ондай болса,
бөгелмейік. Жолға!

– Байқаймын, бауырым, саған қанат біткен-ау деймін,
– деді Шәкизат, жымышп.

Атымтай қызырып, төмен қарады:

– Нұрлыхан... Гүлсімнің күйеу баласы екен.

– Енді сен... сонда аттанбақшысың фой. Гүлсімге?

– Иә.

– Игліктің ерте-кеші жоқ, Атымтай. Шешімің жөн.
Сүйгенінді бір көріп, жүздесудің өзі – тендессіз ғанибет.
Қаласаң, бірге аттанайық.

– Жоқ. – Атымтай жұмбақ жымиды. – Сағынысып
көрісken сүйген жарыңдан айырап жағдайым жоқ, қара-
ғым. Байқа, Сағадаттан айрылып... Сұлу қызға көз сала-
тын жігіттер жетіп артылады. Тезірек той жасамасаң.

Шәкизат қарқылдаپ күліп жіберді.

– Жөн айтасың, шақшабас.

Алжыған кемпірдің сарайындағы бар қазына-байлық-
ты өмірге қайта оралған адамдарға қалдырып, төртеуі сол
күні суыт жолға аттанды. Беталыстары – Сағадаттың елі.

Тасқа айналған тым-тырыс, меніреу патшалық көрген
жанның көңілін құлазытқандай еді. Ата жұртының ая-
нышты халін көріп, Сағадаттың көзіне еріксіз жас үйі-
рілді.

Атымтай үн қатпаған қалпы алға озды. Қалғандары
оның белгісіне үнсіз бағынып, ат басын бұрып, шаһар-
дың сыртына шықты. Кенет... меніреу патшалыққа жан
бітіп, сылдырап бұлактар ағып, арқырап аттар кісінеп,
жасыл желекке бөленген ағаштар желкілдей бой көтеріп,
қала іші тіршілік дүбіріне толып, бір-бірін жана көргендей
қуана қауышқан адамдардың дауыстары естілді.

– Алға, – деді Сағадат. – Оны неге айтканын өзі де білмей, жандәрмен қалага атып кірген. Көзінде – жас. Куаныш жасы. Алдынан шыққан Атымтайды елжірей құшақтаған қызы: – Екі дүниеде қарыздармын Сізге, – деді өксігін тыя алмай.

Атымтай оған ойланған қарады.

– Шәкізат досымның бақыты – менің бақыттым, – деді сосын, ақырын.

Сағадаттың жүзі лап етті:

– Атымтай... Шәкізаттың бақыты маған байланысты болса, оның бақытына мен кепілдік берес аламын.

Сиқырдан құтылған қаланың тұрындары құтқарушыларын тікеден-тік тұрып, құдайдай көріп, шексіз қошамет-құрметпен күтті. Атымтайға, дегенмен, айрықша құрмет көрсетілді.

Арада апта өткенде Сағадат пен Шәкізаттың некесі қылып, ұлан-асыр той жасалды. Қырық қүнге созылған тойдан кейін жас жұбайларға бақыт тілеп, қонақжай шаһармен хош айтысқан Нұрлыхан мен Атымтай Баһадүр ханның еліне аттанды.

Құддыс хан мен Тауыс ханзада

Ақеркенің өзі түгіл көлеңкесіне өлердей ғашық Тауыс ханзада бірте-бірте, біртіндеп әл-тағаттан айрылып: "Ақеркенің жолында жаным құрбан" деп жынынан айрылған бақсыдай мен-ゼңі шығып, мәңгіріп, өң мен түстің арасындағы бейдауа бір жындысүрей күйге бой алдыра бастаған.

Құддыс ханды бұл шынымен шошытып еді. "Япырау, кім ойлаған... Алтыншы әжесі – нағашы әжесі жынданып өліп еді..."

– Балам, бұл махабbat басынды жұтпаса игі, – деп курсінген хан ұлын бұл бейдауа халден арылтудың

амалын жанұшыра іздеуге көшкен. Көкейін тескен тағы бір ой-себеп – Гұлсім еді. Өз қамын да ойлауда-тын Құддыс хан.

Екі рет қатарынан қыруар қазына артып, құдалық жібергенде жерге қаратып, Құддыс ханның маңынан жүрмейтінін ашықтан-ашық айтқаны өз алдына, ақыл-еркін сиқырмен бауламақ болып, сайысқа түскенде дүйім жүрттың көзінше жерге қаратып, сағын сындырып кеткен тәқаппар сұлу хан жүргегіне қанды кек болып қатқан еді. Гұлсімді қолына түсіріп, тәқаппар басын төмен иғізіп, ақыл-еркін өз дегеніне көндіріп, бағындыру Құддыс ханның соңғы жылдары жатса-тұрса жанына жай таптырмайтын басты арман-мақсатына айналған. Ол ойына біртіндең ұлы – Тауыстың уайымы жамалды.

Шайық құрастырған сиқырлы қондырғының жұмбак сиріна бой алдырып, Қасым хан беймәлім сапарға аттанғалы бері ол сүр жылан сахнаға шығар сөтті дегбіртағаттан айрыла күткен. Бірақ... Бар үміті бір-ак күнде көкке ұшып, тып-типыл күйреп, құрыды да кетті. Құддыс хан санын соққан. “Қап... Алдыңды орай берді-ау мына Гұлсім.”

Салиха – Сүр жыланның көзі жойылғалы бері қарадай ұнжырғасы түсіп, бұл жалғаннан баз кешіп, нәр татпай, теріс қарап жатып алған Құддыс хан бірде тұн ортасы ауа орнынан жау қуғандай атып тұрды.

– Сәт-сағаты соқты-ау деймін, – деді сосын, жанжағына қаранып.

Ұрлана басып, сарайдың өзінен басқа жан баласы жуымайтын жер астындағы бөлігіне беттеген.

Жер астына түскен бетте жапалақша жарбыып, жалға етіп отыра кетіп, күбірлеп әлденені оқыған Құддыс:

– Шайық, – деді, дауысын шығарып.

– Хан ием, кешеден бері өзіңізben байланысқа түсеп алмай... – Шайықтың дауысы жер астынан шыққандай, күнгірлей естілді.

– Эй, Шайық-ай. Жаңа ғана жетті маған хабарың. Және жаңалық?

– Жаңалық – басты бөгет – Нұрлыхан басы ауған жакқа қанғырып, Тескен Тау асып, Алжыған кемпірдің үнгірін іздеп кетті. Аман-сау қайта оралып, елін табуы... қайдам.

– Қалайша... ол сапарға аттанып жүр?

– Ақерке.. шарт қойып...

– Бәсе... Енді, Шайық, екеуінің де басқан ізін аңди бер. Жазатайым көз жазсан, – басыңмен хош айтыса беруіңе болады. Ертеңгілік сонда боламыз.

Шырт үйқыда жатқан ұлын Құддыс хан жүлқылай ояты.

– Эй, Ақерке керек пе саған, жоқ па?

– Не болды, әке?

– Тұр, жолға аттанамыз. Жол-жөнекей түсіндірермін.

Баһадүр ханның елінің шекарасын Құддыс хан мен Тауыс, Шайық үшеуі аттай бір жыл аңдыған. Тұмысынан тұрақсыз, осал Тауыс ханзада әбден үміті үзіліп, Ақеркеден біржола бас тартып, еліне қайта оралуға қанша жерден оқталса да, қаһарлы әкесінің қас-қабағынан қаймығып, қара қақпаны аңдуға мәжбүр болған.

– Гүлсім біздің осында екенімізді білмесе етті, – деді бірде Құддыс хан Шайықты өңгімеге шақырып. – Ел ішінде бекініп алғанына сол себеп болмаса.

– Қайдам, – деді Шайық, үнжырғасы түсіп. – Күтейік. Кім біледі...

Сол күні тұн ортасы ауа Шайық шырт үйқыда жатқан Құддыс пен Тауысты оятып алды:

– Хан ием... Ақерке... шекараны аттап, ел шетіне шықты.

Ұйқысы шәйдай ашылған хан орнынан атып тұрды.

– Рас па? Онда... Гұлсім де қолға түсті дей бер.

Сүйген жары – Нұрлыханды ойлап, күн озған сайын бойын билеген сағыныш өртіне төтеп берер дәрмен таппаған Ақерке сабыр-тағаттан айрылып, сарыуайымға әбден берілген. “Беймәлім сапарға... бекер аттандырдым ба? Жазатайым... Иә, Аю мен Жолбарыс қорғауға тиіс, Күн-Ата да бақылаймын деген, бірақ...”

Тұн ортасы ауғанша үйқтай алмай, әрі-сәрі күй кешкен Ақерке бойын билеген белгісіз күшке еріксіз мойынсұнып, алтын жіппен әдіптеліп, асыл тастармен өрнектелген мақпал қамзолын желбегей жамылған қалпы сарайдан шыға берді. Беталысы – ел шеті. Нариманды қолынан ұстап тұрып, Нұрлыханды шығарып салған жерге барып, сүйіктісінің басқан ізін басқысы келген.

Жазатайым қауіп тәнгенде белгі беретін ақ киімді әйел көз алдынан көлбен өткенде шырт үйқыда жатқан Гұлсім кенет көзін ашып алды.

– Ақерке... деді де, әйел ғайып болды.

Гұлсім бірден Ақеркенің тәсегіне үмтыйлды. Бос. Жаңағана тұрғаны көрініп тұр.

“Түсінікті.” Қолына тұскен киімді іле салған Гұлсім Ақеркенің ізін ала ел шетіне атып шықты.

Сіңлісінің соңғы кездері үйқы-күлкіден қалып, қарадай жүдеуінің себебін жақсы білгенімен, қолдан келер қайран болмай, іштей қынжылатын да қоятын. Сағыныш дертіне дауа жоқ екенін ол жақсы білетін. Сонда да болса, жол-жөнекей өзін іштей жерлеумен болды. “Қап... Байланыс қабатын орнатпай. Бірден дабыл беретін. Сиқырға қарсы қорғаныс та қоймаппыш. Қартайдым ба, не болды өзі?”

Өзін-өзі алдандырып, қолқа-жүйесін қауып, қадамын тұсаған сұық сезімге бой алдырмауға күш салған.

Ақеркенің жау қолына тұскенін Гұлсім ел шетіне шыққанда-ақ аңғарған. Алайда, алды-артын аңдап үлгірмеді: көз алды қарауытып, бұлдырай берген. Келесі сәтте ол түйғынға айналып, темір торға тұскенін бірак бағамдады. Қатар тұрган тордағы түйғынды бірден таныған – Ақерке.

Құддыстың куанышында шек жоқ. Алақанын ыскылап, жан-жағына қоқилана қараған хан сарайға келіп, ес жиып, ауқаттанған бетте түйғындар тұрган торларды алдырып, Гұлсімді Шайыққа аңдытып қойып, Ақеркені өз бейнесіне енгізіп, тордан шығарып:

– Таныс болындар. Менің ұлым – Тауыс ханзада, – деді, ұлын көрсетіп.

Жылдар бойы елесіне ғашық болған арман аруы көз алдында жарқ етіп пайда болғанда Тауыс ақыл-естен адаса жаздал, Ақеркеден көзін алмай, қадалып қарай берді.

Құддыс ханның көзі жыпылықтап жүре берді; карсы алдында ай мен күндей нұрланып, Гұлсім тұр еді. Ез-үінде – жымыыс. Ашы жымыыс. Құддыс бірден торға қараған: бос.

– Маған сиқыр бөгет болмайтынын жақсы білесін, Құддыс, – деді Гүлсім, ханға тіке, тұра қарап. – Сондықтан, әуре болмай, босат.

– Сиқыр саған бөгет емес, оның рас, – деді Құддыс, ойлы. – Сондықтан да, амал жоқ... – Соны айтты да, қолын сілтеді. Ақеркеге ойлана қараған Гүлсім де онымен бірге түйғын бейнесіне қайта еніп, торға қайыра қамалды.

– Қаппен қапта, – деп бүйірған Құддыс хан. – Сәл шыда, балам, – деді ұлына бұрылып. – Үш жылдан кейін екеуі де жібектей болып, айтқаныңа жүріп, айдағаныңа көніп, әр сөзіңе тәк тұратын болады.

Үшеуі аспан төріне көтеріле берді. Фарыштың қырышетінде орналасқан шоқжұлдызға жеткенде түй-ғындарды тордан босатып, Ақерке мен Гұлсімді өз бейнелеріне енгізген Құддыс хан жұлдыздан ұшып шыққан бетте оны жан-жағынан шаң-тозаң, бұлтпен қоршап:

– Жоқ іздеушілерді әбден жаңылыстырық, – деді тоқмейіл – Баһадұр мен Нұрлыхан бұл жұлдызды жеркөкті шарлап, ғұмыр бойы іздесе де таппайды. – Осыны айтып, аяқ астынан қасында пайда болған бойы бір қарыс ергежейліге бұрылды. – Басыңмен жауап бересің. Бұл жұлдызға жан баласы аяқ баспауға тиіс.

Ергежейлі үн қатпаған қалпы қолын қеудесіне қойып, басын иді.

– Жаман айтпай, жақсы жоқ, алда-жалда, – деді Құддыс, былай шыға беріп. – Тауыс, есінде болсын, Зура шоқжұлдызының төртінші нысаны. Әйел жынысынан ғана құралған нысан бұл. Биліктеріне берілген жанының ақыл-ой, санасына тікелей әсер ету арқылы оны мұлдем басқа жанға айналдырып, өздері қалаған қалыппен қайта құйып шығарады. Бұл нысандағы үш күн, бірақ, жер бетіндегі үш жылға тең. Сондыктан, балам, үш жыл шыдауға тұра келеді. Есесіне, Ақерке қолына тигенде басыбайлы күніңе айналып, басқан ізіңе тәу етіп тұратын болады.

– Бұл... жұлдыздың тұрғындары да саған бағынышты ма? – Тауыстың үні тым күнгірт естілді.

– Ескі достарым деген жөн болар. Қын сәттерде бір-бірімізге қол ұшын беріп тұрамыз. Екеуін де қандай қалыпқа салып, қандай адамдарға айналдыру қажет екенін түсіндіріп, тапсырма беріп кеттім. Қам жеме.

Гұлсім... Ақерке болмаса, оны мұнда жеткізу мүмкін болмас еді. Өз бейнесіне еніп, жол-жөнекей қашып

ұлгірер еді. Өз сінлісін босата алмайтын болғандықтан келісті – амалсыз.

Сондықтан, саған раҳмет, ұлым.

Атымтай Нұрлыханды таң атпай оятты.

– Жайсыз түс көріп, – деді ол, көңіліндегі құдігін жасыра алмай. – Қара құзғын мен қүшіген күш біріктіріп. Ақерке мен Гұлсімді ақ түйғынға айналдырып, темір торға салып, ұрлап кеткен екен деймін. Темір тордан екеуін құтқаруға ұмтылып, жандәрмен ауа қармап, жанұшыра қол созып, құстай ұшып жүгіріп келе жатып, шошып ояндым.

– Айна, – болды Нұрлыханның аузына түскен алғашқы сөз. Екеуі жандәрмен сиқырлы айнаға үнілген.

Жүректері тас-төбесінен шыға жаздады. Гұлсім де, Ақерке де жоқ. Жым-жылас. Жер жұтып кеткендей. Баһадүрдің елінде де, Досым ханның елінде де. Ізім-қайым.

Атымтай айнаны қолына алып, ойға батты.

– Жер бетінде – жоқ. Астында да. Яғни... яғни демек, ғарышта.

– Қай жұлдыздан табасың оны. – Нұрлыханның үнінен шарасыздық аңғарылды.

– Табамыз. Сиқырлы айнаның арқасында. Сосын – ғарыштық құштердің.

Нұрлыхан үнсіз бас шайқады.

Сәлден соң барып Атымтай:

– Құддыс ханинан келген кер екен, – деді айнаға үніле қарап отырып. – Ұлы – Таусыс ханзада екеуі Шайық сиқыршымен бірге ұрлаған. Ақ түйғынға айналдырып, жер бетінен ғарышқа алып шығыпты. Одан әрі...

Баһадүр хан да қызы мен қарындастың іздестіріп жатқан болар. Сонымен ақылдақсан жөн.

Күш біріктіріп, Құддыс ханның еліне аттанармыз.

– Нариманды құшағыма қыссам болды, – деді

Нұрлыхан, ауыр күрсініп. – Одан кейін ғарыштың қай түкпіріне болсын сапар шегуге бейілмін.

– Тоқта. Нариман – сенің елінде, Досым ханның жанында.

– Әкем оралып па?

– Иә. Ел тізгінің қолына алған Баһадүр хан елінде жоқ. Қазір... Қап тауының аржағында, Ақерке мен Гұлсімді іздеп жүр.

– Онда біздің елге аттанғанымыз жөн.

Нариман әкесін көрген бетте құлдырандай жүгіріп келіп, құшағына қойып кеткен.

– Әке, мен сені сағынды!

Ет-жүрегі елжіреп, көзінен жас ытқи жаздаған Нұрлыхан баласын құшағына қысып, шөпілдетіп бетінен сүйе берді.

Үрпіп өсіп кеткен әкесінің сақал-мұртыймен ойнап отырып, Нариман:

– Әке, апам... жоқ, – деді, мұнын шағып.

Досым хан ұлы мен қонағынан өзіне мәлім жәйттерді жасырмады. Ақерке мен Гұлсімнің кімге, қалай қолды болғандарын білмейтіндерін де айтқан.

– Бар үміт-медеуіміз – тірі деген ой тек, – деді ол, даусына діріл араласып. – Хандықты Нартайға тапсырып, мен де бірге аттанбақ едім, Баһадүр құдам кезектесіп іздейік, Нұрлыхан оралса, біріміз болмаса біріміз орнымыздан табылғанымыз жөн болар дегесін күте тұруға келістім.

– Ұрлаған – Құддыс хан, – деді Атымтай, даусы қарлығып. – Таң атпай сонда аттану қажет. Бағыт көрсетіп, жол нұсқар жолбасшы – Гұлсімнің айнасы. Жер бетінде оған жасырын жәйт жоқ. Тек... Құддыс хан сырын аша қояр ма екен

Нұрлыхан мен Атымтайдың әнгімесіне қаныққасын Досым хан басын изеді.

– Иә, Құддыс хан арқылы қимылдау қажет. Басқа жол жоқ.

Таң қылаң бере Нұрлыхан мен Атымтай ат жалын тартып мініп, Құддыс ханның ордасына бет алды.

Сиқырлы айнаны бетке ұстаған екеуі бағыттан адаспайтындарына шәк келтірмеген.

Жер танабын қуырған тұлпарлар апталық жерді үш күнде алып, әне-міне дегенше Құддыс ханның елі де жақындады. Хан сарайының төбесі көрінгенде Атымтай Нұрлыханға бұрылған.

– Ал, Нұрлыхан, сиқыршылардың айқасын тамашалауға даярлана бер.

Айтып ауыз жиғанша болған жоқ, қара жер өз-өзінен ойылып жүре берді. Сәл жымыған Атымтай құбірлеп дұға оқи беріп еді, жер қайыра жамалып, байырғы қалпына қайта келді. Аттаған сайын ойылған жерді Атымтай үздіксіз дұға оқып, қайыра қалпына келтірумен болды.

Сарайға жүз қадамдай қалғанда өзіне-өзі сенбеген Нұрлыхан көзін үқалап, қайта қараған. Сарай сырты қаптаған қарақұрым құбыжықтардан құрылған тірі қорғанға айналыпты. Иір-иір мүйіздері күннің көзін көлегейлекен дәулер жер жаңғырықтыра ақырып, бірін-бірі баса-көктеп, төніп келеді.

– Құддыс хан бізді қарсы алуға әбден дайындалған екен, – деді Атымтай. – Саспа. Іс тізгінін маған бер. Бұл құбыжықтардың түп-төркіні маған жақсы мәлім. – Соны айтты да, қынынан асыл тастармен көмкерілген, жалт-жұлт еткен қайқы қылышты суырып, алып шықты. – Бір өзі бір ханның қазынасына бергісіз қылыш бұл. Қандыбалақ есімді дәу осыдан он жыл бұрын тетелес ағамды үрлап кетіп, үш жыл бойы құлдықта ұстағанда арнайы соққан қылыш еді. Осының арқасында құтқарғанмын ағамды.

Құбыжықтардың алғы легі бүл кезде баса-көктеп, төніп келіп қалып еді. Үрейді ұшырған ұндері жер жаңғырықтырғандай. Нұрлыхан еріксіз қылышына жармасты. "Жастығымды ала өлейін."

Атымтай үнсіз бас шайқаған қалпы қылышын сермеді. Сол-ақ екен, қаз-қатар тізіліп, бірін-бірі өкшелей жылжыған құбыжықтардың алғы лектері дем арасында жоқ болды. Қылышын оңды-солды сермеген Атымтай атынан түсіп, оны басынан асыра шыр көбелек айналғанда сарайды қоршаған құбыжықтар қорғаны біржола ғайып болып, болат қақпалар сыңғырлап ашыла берді.

Атына қарғып мінген Атымтай:

– Алға! – деді жанұшыра айқайлап.

Екеуі дем арасында Құддыс ханның сарайына еніп үлгірді. Іле-шала болат қақпа сарт етіп жабылды. Нұрлыхан еріктен тыс атының құйрығына қараған. Сау.

Жарқыраған хан ордасын аралап, екеуі ұзақ жүрді. Тым-тырыс. Қыбыр еткен жан баласы болсаши. Дегенмен, ордада адам бар екені бірден аңғарылады. "Міне, міне, жақын қалдың. Кел" деп шақырып тұрғандай.

Мұнара бейнелес жұз қабатты сарайдың ұшар басына көтерілгенде "ха-ха-халаған" дыбысқа жалт бұрылған Нұрлыхан басы айналып, құлай жаздады: басына хан тәжін киген бір-бірінен айнымайтын егіз адамдардан аяқ алып жүргісіз. Бәрінің де езуінде – есірік күлкі.

– Жан баласы жүріп көрмеген, бейсаут, бөгде жан ықылым заманнан аяқ аттап баспаған қорған-қамалыма баса-көктеп кірген алғашқы адамзат – сендер болдыңдар, – деді әлгілер, кенет күлкілерін тыйып. – Мақұл Хош дедік. Шартымды орындаі алсандар – аман-сау елдеріңе ораласыңдар. Орындаі алмасандар – обалдарын өздеріңе.

Алдарында – жұз Құддыс. Нарғыз Құддысты табындар арасынан. Тапсандар, жекпе-жекке шығып, ха-ха-ха, күш синасармыз.

Бір-біріне үн қатпаған қалыптары ойланған қараған Нұрлыхан мен Атымтай сиқырлы қылыш пен Гүлсімнің айнасын суырып алғып, жаң-жақтан қаумалай қоршап, сарай ішін жаңғырық-күлкіге толтырған Құддыстарға бағыттады. Қылыш пен айнаның сәулесі түскен бетте жалған Құддыстар бірінен соң бірі жоғалып, өшे берді. Біраздан соң сопиып ортада жалғыз Құддыс қалған. Атымтай сиқырлы қылышын басынан айналдыра бергенде басындағы тәжін жұлдып алғып, жерге тастаған Құддыс хан буға айналып, біржола жоқ болды.

Мызғымас берік қамалдай көріп, ғұмыр бойы қорған тұтқан әкесі көз алдында ғайып болғанда өзегін қайғы өртеген Тауыс ханзада тығылдып тұрған тасадан қылышын сермен, атып шықты.

– Жекпе-жек! – деді көзіне қан толып.

– Бұл жолы – менің кезегім, – деді Нұрлыхан, Атымтайға бұрылдып. Атымтай үнсіз басын изеді. Сонда да болса Тауыс Нұрлыханның қорғансыздығын пайдаланып, сиқырмен бір мақлұқатқа я болмаса жансыз жаңға айналдырып жібере ме деп оған қарай елеусіз қылышын бағыттаған.

Бір-біріне атойлай үмтүлған екеудің оған назар аударуға мұршалары да болмады. Тауыспен күш синаса жүріп, Ақерке мен Гүлсімнің қайда екенін бірнеше мәрте сұраған Нұрлыханға Тауыс жақ ашпады. Ақыры:

– Дәмесінің зорың, – деген келемеждеп. – Ақерке де, Гүлсім де жоқ – сендер үшін. Үзіндер үміттерінді. Мәнгіге. Сен... осы жерден... аман-сау аттанамын деп сенесің бе, Нұрлыхан, – деді сосын, моншақтай аққан терін сүртіп. – Жоқ. Әкемнің қанын өтетпей, тірі жіберсем, Тауыс атым құрысын.

Қылыштары морт сынған екеуі қолдарына найзаны алған. Найза да ақыры бір-біріне дарымай, шарт кетті. Қорамсакқа қол салып, мұнараны айнала жүріп, бір-біріне жебе жаудырған екеуі ақыр соны бір де бір оғы қалмаған қорамсақтарын сілкіп тастап, садақтарын лактырып жіберіп, аттарынан ырғып түсіп, бір-бірімен белдесуге кіріскең.

Жан алып, жан беріскең жанталас күрес үш күн, үш түнге созылды. Бойындағы бар күшін жиған Нұрлыхан өзіне омыраулай ұмтылған Тауысты жерден көтеріп алып, қайыра қағып жібергенде ол қеудесіне дейін жерге кіріп кетті. Демін енді ала берген Нұрлыханға:

– Өлтіріп кет! – деді Тауыс, қыр-қыр етіп. – Бұйтіп масқара өлімге берілгенше...

Нұрлыхан үн қатпаған қалпы оны жерден суырып алды. Сосын, қолына тағы бір қылышты ұсташқан:

– Соңғы рет күш сынасайық.

Қары талды ма әлде күш-куаттан арылып, әбден әлсіреді ме, біраздан кейін Тауыстың қолындағы қылышы иіріліп барып, анадай жерге үшып түсті. Сол-ақ екен, есірік, ессіз күлкіге бой алдырған Тауыс ханзада қынынан қанжарын суырып алып, болат сауытын айқара ашып, жалаңаш қеудесіне бойлата сұғып жіберді.

– Жау қолынан қаза тапқанша, өзімді-өзім жер жастандырайын, – болды оның соңғы сөздері.

Құддыс ханның жалғыз мұрагері өзін-өзі өмірден осылай айырды.

Сиқырлы айна мен қылыштың нұсқауымен сарай астындағы үнгірді ашқан екеуі үнгір ішінен топ-тобымен шығып жатқан мындаған жанды көріп, жағаларын ұстады. Бәрі де Құддыс ханның қаһарына үшырап, әртүрлі мақлұқаттарға айналдырылған өз елінің тұрғындары мен жат жүрттых җолаушылар болып шықты. Нұрлыхан мен Атымтайды көріп, көз жастары сақалдарын

жуған үңгір тұтқындары азаттық алғандарына нанар-нанбастарын білмей, бірін-бірі құшақтап, билей берді.

Үңгірден соңғы болып шыққан ақсақалдардың бірі:

– Қол-аяқтары байлаулы қашшама қыршын қалды ғой. Оларды кім босатпак? – деді айқайлап.

Нұрлыхан мен Атымтай үңгірге енгенде қу сүйеккө айналып, қаңқасы қалған адамдар қайта тіріліп, байларап-маталған тұтқындар жылдар бойы еңселерін езген темір бұғаудан арылып, бойларын билеген ересен қуанышты жасыра алмай, көрген жанды құшақтап, сүйіп жатты.

Табысқан жүректер

Құддыс ханның еліндегі тұтқындар толығымен азаттық алғандарына көздері жеткен Нұрлыхан мен Атымтай өздеріне алғыстарын жаудырып, бата берген халықпен хош айттысып, жолдарын жалғастыру қажеттігін, жок ізделеген жандар екендерін түсіндірген.

Болат қақпаның сыртына шыққан бетте көздеріне іліккен алғашқы жан... Баһадүр хан болды.

– Досым құдамнан шабарман жетіп, Құддыс ханның еліне бет алғандарынды айтты, – деді ол, айран-асыр қалған екеуімен құшақтасып көріспі.

– Жер бетінде – жоқ, – деді Атымтай, қамығып. – Аспаннан іздеуге тұра келеді. Фарыштың қай түкпірінен...

– Ассалаумағаләйкүм, ағайындар, – деген жарқын үн оның сөзін бөліп жіберді. Көз алдарында жарқ етіп пайда болған күлгін түстес керемет сұлу жігіт пен күміс түстес қабыршақ киім киген жігіт ағасына және қызығылт түсті алтын шашы күн сәулесіне шағылысып, қараңғы жерді жарық қылған ғажайып сұлу қызыға үшеуі өз көздеріне сенер-сенбесін білмей, демдерін іштен алғып, аңтарыла қарады.

Жігіт қолын кеудесіне қойып, сөз бастап кетті:

– Сіздер үшін біз ескі таныстармыз. Эрі – бейтаныстармыз. Ақеркенің жолбарысы мен аюын, құралайын естеріңізден шығара қоймаған шығарсыздар.

– О, оларды ұмытып...

– Сол аю, жолбарыс, құралай – біз.

– Сіздер...

– Әңгімені әріден бастап, өзімізді таныстырып өткен жөн болар. Үшеуміз де жер бетінен шексіз алыс қашықтықта жатқан бір-бір шоқжұлдызыға иелік жүргізетін патшалармыз.

Бағзы заманнан арамызда бейбіт, тату қарым-қатынас орнап, туыстарға айналып кеткенбіз.

Жеті жыл бұрын үшеумізді Farыш Keңістігін билейтін Әлемнің Әміршісі шақырып, Баһадүр хан мен Ақерке туралы айтты. “Сынақ сәті туып, қабырғасын қындық қайыстырған жылдары Ақеркеге демеу, медет қажет болады. Farыш тепе-тендігін сақтауға тікелей ықпал ететін жер бетіндегі санаулы, сирек жандардың бірі – сол. Сондықтан да оны қорғау – парызымыз. Өз елдеріңнен өздеріңдей сенетін таңдаулы адамдарды аттандырғайсындар.”

Үшеуміз бірден бір-бірімізге қарадық. Шешімді де сол сәтте қабылдал едік. Ақеркеге жәрдем беруге өзіміз аттанбақ болып, бел буғанымызды естігенде Әлемнің Әміршісі:

– Онда – күндіз ғана Жерде боласындар. Тұнде өз жұлдыздарына оралып, хандық құру қажет, – деді. – Қарауларыңдағы халықты басқарусыз қалдыруға болмайды. Жер бетіне аң бейнесінде түсуге тиіссіндер. Ақеркемен орманда жолығасындар.

Біз бұл шартқа сөзге келмей келістік.

– Бала-шағасымен аттанған Аю ғана болды. – Жолбарыс сәл жымиды. – Құралай екеуміз басымыз бос,

бойдақ болғандықтан алды-артымызыға қарайламай, сыйбай-салтан жол тарттық. Бала-шагамнан қол үзбеймін деп қорбаңбай қиғылық салып, отырып алғасын, амал жоқ...

– Бала-шагалы болғанда көрермін сені, – деді Аю, – күміс түстес киім киген жігіт ағасы, зілсіз жымып.

– Ақерке өзімнің ғарыштық егізім екенін сонда білдім, – деді Құралай.

Баһадүр жалт бұрылды.

– Қалай?!

Фарыштық қонақтарды зейін қойып, ыждағаттана тыңдаған Атымтай сөзге араласты:

– Иә, Жерүйық... Ақерке Сізben бірге сонда болып, өз халқымен жүздесіп қайтты ғой.

– Ақеркенің мәңгілік мекені – сол, – деді ішкі нұры жалт етіп бетіне шыққан алтын шашты ару. – Жер бетіндегі ғұмыры тәмамдалып, актық демін алғасын ол сонда аттанып, шексіз бақыт, шаттыққа толы мәңгілік ғұмыр кешеді. Сіз де, – Баһадүрге бұрылып, ол басын иді. – Жан жарыңыз – Таңшолпан ханыммен сонда табысасыз.

– Мен ше? – Нұрлыханның үнінен толқыныс пен абыржу анғарылды.

– Сіз... ендігі өміріңізге байланысты Ақеркемен бірге болу-болмауыңыз.

Нұрлыхан ойға батып, үнсіз қалды.

Тыныштықты Аю бұзды.

– Досым хан да келді. Аттанайық.

Атымтай іштей өлдене деп күбірлеп, қолын сілтегендे көз жауын алып, жарқ-жүрк еткен ұшқыш кілем пайда болды. Жетеуі бірдей кілемге отырған қалыптары ғарыш көгіне көтеріле берді. Ғарыш көгіне көтерілген бетте ұшқыш кілем ғайып болып, жолаушылар жүлдyzша ағып, зымыраған ақ сағым – ақбоз арғымақтарға ауысты. Жылдық жерді демде алған

арғымақтар аспан төсіне бойлап, жұлдыздан-жұлдызыға асты. Қоз арбаған тіл жетпес таңғажайып тамаша сұлу көріністерге жан-дүниелерін ынтыға суарған жер адамдары өздеріне-өздері сенер-сенбестерін білмей, бойларын билеген беймәлім мұнар сезімге еріксіз бас иіп, берілүмен болды.

Қарсы алдарынан кенет жарқыраған жұлдыз көрінді. Біртіндеп іріленіп, зорая келіп, ол көз қарықтырған ақшаңқан зәулім сарайға айналған.

– Әлемнің Әміршісі сүйікті қонақтарын қарсы алғандағы бейнесіне енген екен, – деді Жолбарыс, сарайға жақындағанда.

– Әлем Әміршісінің... бірнеше бейнесі бар ма? – Нұрлыхан таңданысын жасыра алмады.

– О, оның нағыз бейнесін көріп, біліп, тану тіпті де мүмкін емес. Өз бейнесін көрген жанның көзі қарығып, ақылынан адасуы мүмкін. Сондықтан да ол әр тіршілік иесінің даму деңгейіне, ақыл-сана, өлшем-өресіне сәйкес келетін бейнеге еніп, сол қалыпта қарсы алып, жұздесіп отырады. Мекен-тұрағының да бейнесі – басқа. Қазір ол да – жер өлшеміне сай бейнеде. Ал бізді шын көнілмен, қуана қарсы алып отырғанының белгісі – ақшанқан, ақтүс.

Жер бетінен жеткен қонақтарын Әлемнің Әміршісі құшақ жая қарсы алды. Қос құда – Баһадұр, Досым хандармен төс түйістіріп амандақан ол:

– Жер бетінде өз халқын асқан даналықпен басқара біліп, әділдікті ту етіп ұстап келе жатқан екеуің ғана, – деді оларға, ризалығын жасырмай.

Ақерке мен Гұлсімді ойлап, аландаマンдар. Амандық болса, қауышар сәттерің алыс емес. – Осыны айтып, қолын сілтегенде жарқ етіп жарық жанып, дөңгеленген мәлдір зат пайда болды. Дөңгелек зат дем арасында жыбырлаған жұлдыздар шоғырына толды.

– Міне, – деді Әмірші, мұнар-сағымға оранып, жарқыраған жұлдыздардың арасында жылтылдап тым көмескі көрінген шағын шоқжұлдызы нұсқап. – Зура шоқжұлдызы. Әйел жынысты тіршілік иелері ғана мекендейтін төртінші ғаламшарда қалдырып, жан-жағын сиқыр-дүғамен оқып, қоршап, бекітіп кеткен екен.

Әлемнің Әміршісіне алғыстарын жаудырып, жетеуі күш-қуат жиып, тыныққан бойда қанатты аттарды ерттеп мініп, Зура шоқжұлдызына қарай құстай ұшты. Аспан әлемін бес саусақтарындай білетін Жолбарыс, Аю, Құралай ұшін нысанага алған жұлдызы табу қыындық тудырмаған.

Мәссаған, безгелдек дегеннің кері, дегенмен, діттеген жерге жеткенде келді: қанатты аттар шоқжұлдызға ене алмай, ауыздықтарын қарш-қарш шайнап, кері шегін-генде Атымтай үзбей оқыған дүғаның әсерімен шоқжұлдызы бұлт болып қоршаған сағым-мұнар сейіліп, алғашқы үш нысанды қектей өткен жоқ іздеушілер төртінші нысанға келгенде амалсыз тосылды. Жер жұтып кеткендей, өзі түгіл ізі де жоқ. Шоқжұлдызы шыр көбелек айналып, ақыр соңы арада үш күн өткенде Жолбарыс буалдыр сағымға оранған күлгін түстес домалақ дененің үстінен түскен.

– Осы! – деді Атымтай, жерден жеті қоян тапқандай қуанып. – Қараши, Құддыстың қараулығын. Өзіме осында қайта оралуға жазбаса, басқа ешкім аша алмасын деп көлемін әбден кішірейтіп, құлыптап кетіпті. Ал, кәне, көрейік.

Бірнеше сағат бойы әуреленген Атымтай ақыры амалсыз бас шайқаған:

– Қайран... дәрмен жоқ. Қандай сиқыр қолданғанын...

Бәрінің үнжырғасы түсіп кеткен. Аспан тұрғындары үн қатпаған қалыптары бір-біріне қарады. Құралай Баһадүрдің жанына келіп:

– Саспаңыз, бір жөні болар, – деді ақырын.
Құралай Ақеркенің ғарыштық егізі екенін білгелі бері
оған өз қызындай қарай бастаған Баһадүр әлсіз жымиды.
Бойын билеген аңы құдікті білдіруге батпаған.

Кенет:

– Баһадүр хан, қызынды үнемі желеп-жебеп, бәле-
жала, жамандықтан қорғап жүрген ескі танысынды
ұмыттың ба, – деген Әлем Әміршісінің даусы естілді.

Дүр сілкініп, бойына күш-куат құйылған Баһадүр көк-
ке қарап, алақанын жайды:

- Е Алла, е Жаратқан, Жасаған Ием, Қыдыр бабаны
жібере ғөр бізге.

Сол-ақ екен, бүкіл әлем шұғылалы нұр-сәулеге бө-
леніп, тұманның тұтқынына айналған ғаламшар жар-
қырай ашылып жүре берді. Ғаламшардың шетінде Ақер-
ке мен Гұлсімге күлімдей қараған ақ сақалды қарт тұр
еді.

Құтқарушиын көрген бетте Гұлсім:

– Баба! Қыдыр баба! – деп айқайлап жіберді. – Аға,
сен маған Қыдыр бабамен жүздесер сәт туады деп едін
фой. Бақыттымын. Енді өлсем, арманым жок.

– О дүниеге аттануға асықпа, – деді Баһадүр, қарында-
сын күлімдей құшағына қысып.

- Баба. Шексіз алғыс Сізге.

Бұл сөзді бәрі бірге айтқан.

Үрпактарына шексіз мейіріммен күлімдей қараған
Қыдыр баба сол сәтте ғайып болды. Нұр-сәуле де біртін-
деп өше берген.

Жүзін төмен салған Гұлсім:

– Атымтай, – деді ақырын, сиқыршыға бұрылып.

– Бір саған – бар өмірім садаға, – деді ол, жүзі алаулап.

– Ақерке, мені таныдың ба? – деген Құралай Ақеркені
қапсыра құшақтай алды.

– Жаным-ау, сені танымағанда.

Әкесі мен Баһадұрдің жанында, Ақеркемен көзбе-көз кездесуге жүрегі дауаламай, қарадай мысы құрып, төменшікте, именіп тұрған Нұрлыханға Баһадұр:

– Бара ғой, балам, – деді ақырын.

Жанына жасқана жақындаған Нұрлыханды көргенде Ақеркенің гүл-нөзік ақша жүзі жан-жүрегін кернеген шексіз бақыт, шаттықтан алаулап жүре берді. Сүйгенінің көзінен өзінің кешірімге ие болғанын сезініп, жан-жүрегін жегідей жеген аңы құдігі сейіліп, үміт-самал көкірегіне үялаған Нұрлыхан дауысы дірілден:

– Қалған ғұмырымды – актық демімді алғанша, тек сағаң, сенің бақытыңа арнаймың, Ақерке, махаббатым, жаным менің, – деді сүйген жарынан көз ала алмай, ынтыға, қадала қарап.

Женіл күрсінген Ақерке сүйгенінің құшағына құлай берді.

Атымтай мен Гұлсім өзара сыр шертісүде еді.

– Ер адамдардың арасында да адал жандар болады еken. – Гұлсім танданысын жасыра алмады. – Қанша жыл... күткенсің мені, Атымтай.

– Өзінді көргелі бері ол жылдар сағымға айналып, біржола ғайып болды, – деді Атымтай, Гұлсімге ынтыға қарап. – Бір ғана өтініш-тілегім бар: енді менен бас тарта көрме.

Гұлсім үнсіз көз жұмған қалпы басын изеді.

– Гұлсім, расымен... келісесің бе?

– Неге, Атымтай?

– Маған... жар болуға. Мәңгілік жар болуға.

– Ағамның батасын алғанымыз жөн болар.

– О, Гұлсім...

– Ақерке, – деді Құралай, құлім қағып. – Фарыш төріне жолың түскенде мәңгілік мекенін – Жерүйыққа ат басын бұра кеткенің жөн болар. Халық саған арнайы сәлем

жолдап еді. Сіз де, - ол Баяндарге қарап, басын иді. – Келешек мекеніңізді көзіңізben көрсөніз. Осы тұрған бәріңізді Ақерке екеуміздің атымыздан Жерүйыққа шақырамын. Той тойлап, қуаныш-шаттыққа кенелетін кез келді-ау деймін.

– Жан иесі атаулы көзімен бір көруді арман ететін Жерүйыққа жолымыз түссе. – Аю мұртын ширатты. – О, ол дегенің...

Бәрі бірден дабырласып, жол қамына кірісті.

Өзіне үздіге қараған Нұрлыханға сүйеніп, бақыт шуағына бөленген Ақерке:

– Нариман болса, - деген.

– Нариман? – Жолбарыс пен Аю бір-біріне қарады.

– Апа! Әке! – деген дауыс естілді кенет. Ақерке мен Нұрлыхан бар әлемді ұмытып, өздеріне қарай құшақ жая жүгірген үлдарына тұра ұмтылды.

– Рахмет! – деді қуаныштан көзіне жас толған Ақерке ғарыштық достарына алаулаған жүзін бұрып.

– Арзымайды, – деді екеуі, күлімдеп.

Гүлсім мен Атымтайдың некесі Жерүйықта қылышп, асыл тастардан қаланған бақыт мекені – Арман қала бірнеше ай бойы қатарынан той-думаң, мереке-жырға бөленіп, шаттық шуағына үздіксіз шомылумен болды.

Күйеу жігіт пен қалындық:

– Бізден бақытты жан жер-көкте жоқ, - деді қуаныштарын жасырмай.

Бірақ, олардан да бақытты адамдар бар еді. Ақерке мен Нұрлыхан, Нариман болатын олар.

Аю мен Жолбарыстың жұлдыздарында болып, сый-құрметке бөленіп, аунап-қунаған қонақтар Жерге оралмас бұрын Әлем Әміршісіне барып, жүрекжарды алғыстарын жеткізді.

– Келер жылы осы уақытта – тұра бір жылдан кейін Құралай екеуміз үйленбекпіз, – деді Жолбарыс,

коштасарда. – Келініздер. Жер мен көктің арасы аңыз етіп айтып жүретін елде-жүрттә жоқ керемет той жасамақпыш.

– Ой, мақтаншақ. – Құралай қысыла құлімсіреді.

– Әрине, – деді қос құда – Баһадұр хан мен Досым хан, екеуіне сүйсіне қарап. – Тойды осында бастап, Жерде жалғастырамыз. Бүкіл әлем біздің достығымыз бен сүйіспеншілігімізге куә болсын.

– Құттықтаймын, – деді Ақерке, Құралайды елбірей құшағына қысып, бал-бұл жанған бетінен мейірлене сүйіп. – Жолбарыс – сенің сынарың, шын мәнінде.

Ақерке мен Нұрлыхан әлемдегі ең бір ұлгілі де шексіз бақыт, шаттыққа толы отбасының иелері болды. Нариманнан кейін де көрген көздің жауын алған, жан-дүниесінің кіршікісіз тазалығына ақыл-естен адастыра көз тартқан керемет көркі сай азды-көпті алты бірдей бұлдіршін сүйіп, бір өздері бір қауым елге айналған.

Ақеркенің басқан ізін сүюге даяр Нұрлыхан сүйген жарының тендессіз сұлулығына жан-дүниесінің шексіз тазалығы мен дархандығы сай екеніне әрдайым тәнті болып, бұл өмірде оны өзіне жолықтырған Аллаға шүкіршілік етумен өтті.

Екі елдің тізгінін қатар ұстаған данышпан хан мен дана ханымның қол астындағы халық қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған жерүйік заманды бастан өткеріп, өз әміршілерін әрдайым мақтан тұтып, басқан іздеріне тәу етумен болды.

Фарыштық достарымен байланыстарын үзбеген Ақерке мен Нұрлыхан өз үрпақтарына Аспан Қөгіне – жайнаған жұлдыз шоғырларынан тұратын тылсым әлемге деген шексіз сағыныш-махаббатты мұра етіп қалдырып еді.

СЫБЫЗФЫ

Баяғыда бір ханның қызы болыпты. Сұлулығы соншалық, жан иесінің жүргегін жаулап, жарқ-жүрк етіп шыққанда күннің көзін тұтылдырады екен.

Бірде ол таңғажайып, тамаша түс көреді. Түсіне аппақ нұрға малынып, шұғыла шашқан ақ киімді өйел еніп, көріп көз тоймас керемет жүзікті көрсетеді. Жүзіктің жанжағы лағыл таспен көмкеріліп, қак ортасында жарқырап көздің жауын алған гауһар тас орнатылған екен. “Осы жүзікті сыйға тартып, сырын ашқан жігіт қана саған жар бола алады” деп әлгі өйел файып болыпты.

Хан қызынан үміткер ханзада, сұлтандар мен байманап, мырзалардың талай рет тауандары шағылып, келген іздерімен кері қайтуға мәжбүр болса керек. Алайда, оның өзіне жер-көкте жоқ ғажайып жүзік сыйлаған жігітке ғана жар болам деген уәдесін құлақтары шалған бетте көнілдерінде үміт оты қайта тұтанған жүзденген жігіт ең әдемі, ең асыл деген жүзіктерін алып, хан сараяна қайта ағылады. Інжу, жақұт, зұбәржатпен көмкөрілген көп жүзіктің бір де бірі ханшаның көнілінен шықпайды. Түсінде көрген жүзікке ең болмаса бірі ұксасашы...

Сол хандықта тапшылықтың тауқыметін тартумен келе жатқан шал мен кемпір өмір сүріпті. Екеуінің көз қуанышы, көңіл жұбанышы – көздерінің қарашағындан жалғыз ұлдары бар еді. Шыр етіп жерге түскелі бері жоқшылықтың зардабын тартқанына қарамастан, ол ашық-жарқын, жайдары, ақкөніл де кеңпейіл болып өсіпті. Қайда жүрсе де, қолынан сызылған сыйбызысын тастамайды екен. Тұңғиық ойға батып, тұңілген сәттерде ата-анасының көңілін аулап, сыйбызы ойнаса, қамкөніл карттар еңсені езген ауыр ойлардан айығып, жадырап жүре береді екен.

Жазмышқа не шара? Таң бозынан тұрып, кой өргізген жігіт бірде ауыздықпен алысқан ақбоз атқа мініп, дала еркесі – ақбекеннің ізіне тұскен хан қызының ай дидарын көріп, ғашықтық дертіне шалдығады. Жатса-тұрса ханшаны ойлап, үйқы-күлкіден айрылған жігіттің сыйызғысы да жабырқау тартып, сай-сүйекті сырқы-ратқан небір мұнды әуендерді сыйылтса керек. Ханшаны көзінің қыығымен болсын бір көруді аңсаған асық жігіт хан сарайынан көз алмай, ғашықтық жырын төгілтіп ойнай береді. Ойға батып, мұнды әуенін сыйылтып отырған ол бірде ұзындығы бір қарыс таяғына сүйеніп, өз әуенін елти тыңдал түрған құртакандай ергежейліні көріп, таң-тамаша қалады. Таңданғаны соңшалық, сыйызғысы қолынан түсіп кетсе керек. Ол есін жиғанша ергежейлі еңкейіп, сыйызғыны алып, жігітке ұсынады да:

– Тағы ойнашы, – деп өтінеді.

Жігіт сөзге келмestен сыйызғысын алғып, ойнай жөнеледі. Өз әуеніне өзінің еліткені сондай, жайылып жүрген қойларын мұлдем естен шығарады. Тіпті қас қарайып, ымырт үйірлгенін де аңғармайды.

– Бір жасап қалдым ғой, – дейді оған ергежейлі. – Мұндай әсем әуенді өмірі естіген емеспін. Сыйға – сыр, сыраға – бал. Енді мен сені сый-сияптақ бөлеп, қонақ етпей жібермеймін. – Осыны айтып, ергежейлі таяғымен жерді тұртуі мұн, жер ортасынан қақ айрылып, екеуі көріп көз тоймас керемет көркем әлемнен бірақ шығады.

– Бұл – менің жер асты патшалығым, – дейді ергежейлі жігітке. – Қанша жатып, қонақ болсаң да өз еркін.

– Ата-анам іздейді ғой, – дейді жігіт, мазасызданып. – Қойларым да қараусыз қалды.

– Ол жағын ойлап, уайым жеме, – дейді ергежейлі жымиып. Сол сәт оның орнында ақ сақалы белуарына тұскен нар тұлғалы, қызыл шырайлы қарт пайда болады.

– Мен – жер асты патшалығының билеушісімін. Сонымен қатар, – ол қуақылана жымиядь. – Сенің кіндік әкеңмін.

Жігіт таңданысын жасыра алмайды.

– Ата-анам маған сіз жайлы айтқан емес.

– Уақыты жеткенде өзім айтамын деп, олардан саған мен туралы айтпауды өтініп едім. Ал енді құлақ салып, әр сөзімді мүқият тындағайсың.

Ата-анаң қырық жыл перзент көрмей, Алладан тілегені бір шикіөкпе болып еді. Мойындарына бүршаш салып, әулие-әнбие атаулыны адақтаған ата-анаң Баба Тұкті Шашты Әзиздің басында түнеп жатып, Алладан аян алады. Ол кезде елді билеген хан қазіргі Сарыхан емес, сенің әкең – Бурахан еді.

– Алла сендерден сырт айналып, бір перзентке зар еткенінің себебі – Алла берген бак-дәулетті көтере алмай, тәубаларынды ұмытып, қарапайым халықты зар жылаттындар. Күнәларынды жуып, тілеулерінді қабыл етудің жалғыз жолы бар.

Көзіңе алғаш іліккен жаңга өз қолыңмен тәжінді кигізіп, тағыңа отырғызып, фәни жалғанның алдамшы байлығынан баз кешіп, кедейшіліктің, жоқшылықтың қамытын өз еріктерінмен мойындарына ілсендер ғана Алла сендерді жарылқап, перзентті етеді, – дейді оларға аян берген Жәбірейіл періште.

– Алланың әміріне құлдық, – дейді хан мен ханым, бастарын иіп.

– Ертең ертемен жолға шығып, елге қайтындар. Ел шетіне іліккенде алдарыңнан қырық құрау шапанының жыртығынан күн көрінген қайыршы шығар. Тағынды соған беріп, қайыршының аса таяғы мен жыртық дорбасын алып, кері қайтқайсындар. Жұз күншілік жолды жаяу өтіп, Қап тауының түбіне жеткенде сылдырап ағып жатқан мөлдір бұлақты көресіндер. Сол бұлақтың түбінде

өсіп тұрған шие ағашынан шоқ жемісті үзіп жеп, бұлак суынан қанып ішіп, бөгелмей кері қайтындар. Тоғыз ай, он күн өткенде Алла тілеулерінді беріп, ақылына көркі сай, алтын айдарлы ұл тауып, бақытқа кенелесіндер, – деп періште ғайып болады.

Хан мен ханша періштенің айтқанын бұлжытпай орындалап, таң сәріде елдеріне бет алады. Алдарынан алғаш шыққан қайыршыны таққа отырғызып, өздері соның аса таяғы мен ала дорбасын алып, Қап тауына жетеді. Осы жерде дамылдалап, шоқ жүзімді үзіп жеп, бұлак суынан шөлдерін қандырғасын бөгелмей, кері қайтады. Ел шетінен қараша үй тігіп, аңдарын аулап, өлмес күндерін көріп жүре береді. Араға аттай тоғыз ай, он күн салып, Сұлушаш ханым толғатып, ақылына көркі сай алтын айдарлы ұлды дүниеге әкеледі. Алланың өмірімен мен сол түні сіркіреген жаңбырдан қорғалап, пана сұраған қайыршының бейнесіне еніп, Бураханның қараша үйінің есігін қағып едім. Куаныштары қойындарына сыймаған ата-анаң менен өз балаларына өкіл өке болуды өтінген еді. Көзінді ашқалы бері ойнап келе жатқан сыбызығын – менің сыйым. Қоштасарда мен ата-анаң сен ержетіп, оң-солынды танығанда осы сыбызығы арқылы тауып алатынымды айтып едім, – деп Жер асты патшалығының өміршісі әңгімесін аяқтайды.

Жер асты патшалығында жігіт бір айдай аунап-қунап, құрметті қонақ болады. Жер астының тандай қақтырап таңғажайыптарын тамашалап, небір асыл тастар жиылған жер асты қоймаларын емін-еркін аралап, оларды құзетуші ергежейлі – гномдардың асыл тастар жайлы әңгімелерін еліте тыңдайды. Ал патша болса, кіндік баласының сыбызығысын ертелі-кеш тыңдаудан еш жалықпайды.

Күндер өстіп өте береді. Алайда, ата-анасын, сүйген жарын ойлап, тыным-тағаты таусылған жігіт тықыршып,

жер бетіне асығады. Оның ойын айтқызбай-ақ ұғынған Жер астының әміршісі жігіттің өз еліне оралуына келісімін беріп, Жер асты патшалығынан қалаған қазынасын алуға рұқсат береді. Жігіт оған өзінің ғашық жары жайлы айта келіп, хан қызы түсінде көрген ғажайып жүзікті беруін етінеді.

Сол сәт оның көз алдында жан-жағын лағыл таспен көмкеріп, қақ ортасында гауһар тас орнатқан алтын жүзік пайда болады. Жүзіктің көркемдігі соншалық, көрген жан көзін алуы мүмкін емес-ті.

– Жер бетіне шыққанда жер қайыстырған қалың қолды көресің. Сарыханның сұлу қызына ақыл-естен адаса ғашық болып, қыз көнілі өзіне бұрылмағасын оны берсе қолынан, бермесе жолынан деп, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен жүрегін жаулап, женіп аламын деп, өз қаруының күшіне сеніп, дандайсыған шекаралас жатқан көрші елдің ханы сенің еліне қарсы соғыс ашуда. Қан майданның қызған сәтіне тап келерсің. Құлағыңа: “Жекпе-жек! Жекпе-жек!” деген үн шалынар. Міне, сол кезде сыйызғынды алып, бірінен-бірі өткен әсем өуендерді құйқылжытып ойнай бергейсің, – деп Жер астының әміршісі жігітті жер бетіне жеткізіп салады.

Айтқандай-ақ, жігіт күннің көзін тұтылдырған қалың қолдың қақ ортасынан шығады. Мұздай темір құрсанып, зор даусымен жер-көкті жаңғырықтырған сарбаздардың бірі:

– Жекпе-жек! Жекпе-жек! – деп найзасын онды-солды сермеуде.

Сол-ақ екен, жігіт еріктен тыс сыйызғысын аузына апарып, ойнап қоя береді. Жан-жүректі балқытып, тұлабойды еріткен өуезді саздар төгілді-ай дерсің! Жаңағана жауар бұлттай тұнеріп, бірін-бірі қырып салуға даяр тұрған сарбаздар сыйызғының өуеніне елітіп, қолдарындағы қаруларының қалай жерге түскенін де

байқамайды. “Жекпе-жек!” деп найзасын сермеген сарбаз атынан ырғып түсіп, қаруларын жан-жаққа лақтырып:

— Соғыс, айқас атаулының аты өшсін! Бейбітшілікпен теңесе алар не бар бұл әлемде! – деп сыйызғышы жігітті қапсыра құшақтап, бетінен сүйе береді. Оны көрген сарбаздар аттарынан түсе салып, дөңгеленіп би билеп кетеді. Қыз жүрегін жаулаймын деп сарбаздарын қарақұртша қаптатқан даңғой хан жаңа ғана атарға оғы болмай тұрған Сарыханды қолтықтап, қосыла билеп кетеді. “Керемет! Расында, соғыс, қантөгістің не қажеті бар. Осындай өнер тұрғанда... Бәрін де бейбіт жолмен шешүге болады ғой. Ханша мені қаламаса, амал нешік. Өз елімде де ай мен күндей сұлулар жетіп артылады” деп арасында тәубасына келіп те қояды.

Ай түстес аргымағына мінген Сүмбілшаш ару да осында еді. Буын-буынды еріткен әсем өуенге еліткен ол сыйызғышы жігіттің жанынан қалай шыққанын да аңғармайды. Кенет, оның көзі сыйызғышының саусақындағы жүзікке түседі.

— Эке! – деп айғай салады ол, қуанышы қойнына сыймай. – Мен өзімнің жан жарымды таптым! – Осыны айтып, жігітті қолтықтап, әкесіне қарай алып жүреді. – Міне! – дейді сосын. – Мен іздеген жүзік! Осы жүзікті сыйлап, сырын ашқан жігіт қана саған жар бола алады деп еді түсімде көрген періште.

Жігіт бір сәтке де ойланbastan жүзікті алып, қыздың саусағына кигізеді:

— Әлемдегі аруларды лағыл тасқа теңесек, солардың қоршауында ай мен күндей жарқырап, көзге түсер гауһар тас – Сен емессің бе! – дейді ол сүйгеніне.

— Дәл таптың! – дейді Сарыхан, ризалығын жасыра алмай. – Қызымын бақытынан артық ештененің қажеті жоқ маған. Күйеу балам хан бола ма, кара бола ма –

бәрібір. Өзім де кезінде қарадан шығып, хан болғанмын. Ал қырғын соғыс – қантөгісті сыйбызының әуенімен тыйған жігіт тегін болmas.

Кенет бүкіл әлем көз қарықтырған аппақ нұрға бөле-ніп жүре береді. Ақшаңқан қанаттарын қағып, аспаннан түскен періштені көріп, бәрі қоғадай жапырылып, бас иеді.

– Алланың әмірімен, сен, Сарыхан, қарадан ханға айналып, таққа отырып едің. Өз еркінмен тақтан түсіп, хандықтың мұрагері – Бураханның жан дегенде жалғыз ұлы – Нұрланға ел билігін тапсырап кезің жетті! – дейді ол саңқ етіп. – Ендігі жерде сенің қызың – Сұмбілшаш пен Нұрлан екеудің бірігіп, хандық құрып, ел билейтін болады.

– Алланың әміріне құлдық, – дейді Сарыхан.

Осы сәтте ауыздықпен алысқан алты арғымақты пар-лап жегіп, алтынмен апталып, күміспен күптеліп, ана-дайдан айқайлап көзге шалынған керемет көркем күйме көрінеді. Көзді ашып-жұмғанша алаңға жеткен күймеден Жер асты патшалығының әміршісі, Бурахан мен Сұлу-шаш ханым шығады.

Халық оларды қошаметтей қарсы алып, Бурахан мен Сарыхан төс түйістіріп амандасады.

– Ал, не тұрыс, – дейді Жер асты патшалығының әміршісі. – Той қамына кіріспейміз бе. – Осыны айтып, ол Сұмбілшаш пен Нұрланды құшағына алып, салта-ннatty түрде күмеге өкеліп отырғызады.

Сыйбызышы Нұрлан өстіп аңсаған арманына жетіп, сүйген жары – Сұмбілшашқа қосылып, ел билігін қолы-на алыпты. Ел арасында кикілжің, келіспеушілік туа қалса, ол сыйбызышын қолына алып, ойнай жөнеледі екен. Сыйбызының үні шықса, халық дау-жанжалды ұмытып, татулық пен ауызбірлік қайта орнайды екен. Ақкөңіл де әділ хан мен ай мен күндей ханымды халқы мақтан етіп, сыйлап өтіпті.

Ал Жер асты патшалығының әміршісінің кіндік баласына үнемі қамқор болып, көмекке келіп отырғанын айтпаса да болатын шығар.

АЙ АРУЫ

Ауыл шетінде мәрмар тастан қашалып салынған биік те әсем үй тұратын. Үй иесіз еді. Маңына жан жуымайтын. “Сиқырланған үй”, – дейтін бәрі. “Сиқырланғаны несі? Не сиқыры бар бұл үйдің?” деп сұрадым әжемнен. “Иесі қайта оралғанша ол жаққа аттап басуға болмайды, - деді әжем. – Дұғаланған үй ол Жан-жағын айналдыра елу адым жерге дейін шеңбер сызылған. Шеңберді аттаған адам ғайып болып, із-түzsіz жоғалып кетеді.” “Сен де сиқыршы емессің бе? – Таңданысымды жасыра алмадым. – Жұмбак үйдің сырын ашуға өнерін жететін шығар.” “Ол жұмбақтың шешілуіне көп қалған жоқ, - деді әжем, қулана жымып. – Ал саған айтарым, әлемдегі ең сұлу қызға қосылғың келе ме?” “Келеді, әрине”, - дедім ойланbastan. “Ол үшін сен қайтпасқайсар, батыр да батыл болып ер жетуге тиіссің”.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Мен бұлшық еттерім бұлт-бұлт ойнаған батыр да балуан жігіт болып ержеттім. Ал жұмбак үй сол қалпы қаңырап бос тұра берді.

Бір күні таңертен есік алдына шыққанда көз қарықтырған жарық нұрға шыдай алмай, көзімді қалқалай бердім. Әрен деп жүзімді бүрғанда көргенім – дұғаланған үйдің айшықты терезесін айқара ашып тастап, күміс сөуле шашқан шашын төгілте тарап отырған ару болды. Сұлұлығына қайран қалғаным соншалық, аузым ашылып, көзім жұмылдып, сілейіп қалыппын. Сол сәт:

– О, Ару оралыпты ғой, – деген әжемнің үні естілді.

– Ару? – Әжеме таңдана қарадым.

– Иә. – Әжем сәл жымиды. – Қазір барсан, үйдін жан-жағын қоршаган халықты көресің. Оларға қарамай, іркілмestен қақпаны ашып, үйге енгейсің.

Көзді ашып-жұмғанша мен дұғаланған үйдің алдында түрдым. Үй маңы қаракұрым халық. Берінің көзі аруға қадалған. Алайда, елу адым жерден әрі аттауға ешкімнің батылы барап емес. Мен оларға қарамастаң, қақпаны ашып, үйге ендім. Сол қалпы арудың алдына барып, қолымды қеудеме қойып, бас иіп, сәлем бердім.

– Армысың, ер жігіт! – деген сөздермен қарсы алды мені Ару.

Сол-ақ екен, қорқынышы сейілген халық үйге қарай лап қойды. Ару бәрін ашық қабақпен, жайдары қарсы алып, қонақ етті. Ауылдың бар адамдары жиналған ұланасыр той үш күн, үш түнге созылды. Тойдың ең құрметті қонағы кім болды дейсіз фой? Менің әжем.

Той бітіп, жұрт тарқарда ауылдың көнекөз қарияларының бірі Толыбай ақсақал сөз алды:

– Туған үйіңе қайта оралып, бізben қауышқаныңа қуаныштымыз, – деді ол. – Ауылдастарыңың көкейінде жүрген қалау-тілегін саған жеткізу маған жүктеліп отыр. Көңілің ұнатқан бозбаланы таңдал, тойды тойға ұластырысак.

– Тілегіңізді қуана қарсы алар едім, – деді Ару, қолын қеудесіне қойып. – Бірақ... Бір көргеннен кімнің алтың, кімнің жез екенін айыру қын фой. Рұқсат етсеңіздер, бәріне ортақ шарт қойсам деймін.

– Қоя фой, шырағым. – Толыбай ақсақал қеудесіне түскен сақалын маңғаздана сипады.

Ару жүзі жайнап, жиылғандарды шолып өтті.

– Мен тек тал шыбыққа атша мініп, Айға ұшып барып, ай адамдарының арасында жарты жыл өмір сүрген жігіттің ғана жары боламын.

Мұны естігенде үнжырғам түсіп кетті.

Тым-тырыс. Үшқан шыбынның ызыңы естілгендей.
Алайда, Арудың шартын қабыл алмаска амал бар ма?

Тыныштықты Толыбай ақсақал бұзды.

– Жарайды, балам, – деді ол, жөткірініп. – Арамыздан сенің талабыңа сай ер жігіт те табылар.

Құлағының түбінен әжем: “Арудың талабын орындаймын деп уәде бер” деп сыйыр еткендей болды. Сол-ақ екен, орныманнан атып тұрып:

– Мен шартыңызды орындаймын, – дедім Аруға. Өз сөзіме өзім, дегенмен, сенер емеспін. Мен емес, басқа біреу айтып тұргандай.

Ару үнсіз басын изеді.

Құptaғаны.

Толыбай ақсақал алақанын жайып, батасын берді.

Әжем мені күлімдей қарсы алды.

– Ару – сенің атастырған қалыңдығың, – деді ол, салған жерден. – Дегенмен, сенің өзіне лайық, лайық емес екенінді білу үшін, осы сынақты әдейі үйымдастырып отыр. – Осыны айтып, әжем маған солқылдаған көкөрім шыбықты ұсынды. – Бұл саған Айға жетуге мүмкіндік береді. Айға барып жеткеннен кейін сенімді көмекшіне, желеп-жебеушіне айналуға тиіс. Бұл тегін шыбық емес. Қажет сөтте ол кез-келген қаруға айнала алады. Ал егер аяқ астынан ғайып болса – таң қалмағасың. Іздегендегі ол қасынан табылады. – Сонын әжем шыбықты көлденең ұстап, күбірлеп әфсуиін оқып, үшкіріп барып, маған ұstattы. – Ал, жолың болсын.

...Айға мен көзді ашып-жұмғанша ұшып жеттім. Айналама көз салсам, шымқай құлғін түсті ғажайып теңіздің жағасында тұр екенмін. Әжем берген шыбығым екіжүзді алмас қанжарға айналыпты. Қауіп төнгенін бірден ұқтый. “Дайындал” деп ойладым іштей, қанжарымның сабын қыса түсіп. Ой қорытып үлгіргенімше

болмады, құлақ жара ақырған алапат үн естілді де, толқыған теңізден бұрын-соңды көрмеген алып құбыжықтың қарасы көрінді. Жан-жағын асықпай шолып шыққан ол маңдайының қақ ортасында орналасқан қызыл көзінен от шашып, маған тап берді. Мен де белді бекем буып, даяр тұр едім. Алладан қолдау тілеп, сиынып алып, құбыжықпен айқасқа кірістім де кеттім. Алғашында мені екі бұрап, бір мыти салмақ болған құбыжық қанжардың біраз “дәмін татып”, үсті-басы қанжоса болғанда шындалп ашуына мінді. Шара таусылып, тығырыққа шындалп тірелдім. Сол сәтте өзім өртегілерден талай оқыған айла есіме сап ете қалғаны. Мен құбыжықтың көзін ағызып түсірсем ғана оны женетінімді ұқтым. Әйтпегенде, құнім қараң. Оңтайлы сәтті тауып, қанжарымды құбыжықтың жан-жағына от шашқан қызыл көзіне бірнеше рет қатарынан тығып-тығып жібердім. Құбыжық жанталасты. Сәлден соң әлі құрып, құлгін теңіздің толқындарын аспанға атып, гұрс етіп құлады.

Әп-сәтте мені бір топ адам қаумалап, қоршап алды.

– Сізге деген алғысымыз шексіз, о Құтқарушы, – деді ұзын бойлы, зор денелі, иықты адам. – Тіршілік иесін тітіренткен қорқынышты құбыжық теңізден жүзіп шығып, адамдарды жалмай бастағанда тоз-тозымыз шығып, ата-мекенімізді тастай қашуға мәжбүр болып едік. Тек Киелі кітапта жазылған: “Арада алты ай өткенде Құтқарушы пайда болып, құбыжықтың көзін жояды”, – деген сөздер ғана халықты туған жерінен біржола безіп кетуден сактауда еді. Жаратқанға мың да бір алғыс. Киелі кітаптың болжамы дәл келді. Ал енді, Сізден етінеріміз, бізben бірге жүріп, құрметті қонағымыз болыңыз. Көңіліңіз қалап, осында қалсаныз, бізді адам айтқысыз қуанышқа бөлеріңіз хақ.

Айтқандай-ақ, мен сонда қалдым. Ұзамай тайпаның бір мүшесіне айналып кеттім. Маған алғаш тіл қатқан жан тайпаның көсемі екен. Ол мені өзінің туған ұлындай көріп, бар жақсылығын жасаумен болды. Тайпа адамдары да мені айрықша құрмет тұтып, қоғадай жапырылатын.

Ат орнына олар кең даланы дубірлетіп, жосыла көшіп жүрген құлан тектес жабайы жануарларға қарғып мініп, бас білдіріп алады екен. Көнілімді өзіне бірден аударған кекшұбар құланды мен де ұзамай үйретіп алдым. Ай адамдарымен бірге қиқулап аңға шығып, аң мен құсты тауғып үйдім. Бәрінен де әжем берген шыбығыма ризамын. Керек кезде қылышқа да, жебеге де айналып, талай қауіп-қатерден аман шығуыма сеп болды. Көршілес тайпалар шабуыл жасағанда да мен қол бастап, жауға шауып, бұл жаққа жолды ұмытатындей еттім.

Әне-міне дегенше зу етіп, алты ай да өте шықты. Жаздың шуақты күндерінің бірінде көсем тайпа адамдарын ашық аланға жинап, лаулатып алау жағуға бүйрек берді. Бұл – іlude бір жағылатын қасиетті от еді. Әрі бұл аланға тайпа адамдары тек аса маңызды мәселе талқыланып, шешілерде ғана жиналатын. Тайпаластарының арасында ақыық қырандай оқшауланып, дараланып тұрған көсем жан-жағына айнала қарап, сөз бастады.

– Бес жүз жыл бұрын тайпа халқы мені өздерінің көсемдері етіп сайлап еді. Содан бері осы тайпаның ыстығына күйіп, суығына тоқып, бойымдағы бар қабілетімді сарқа жұмсадым. Тайпа билігін қуатты да жас көсемге тапсырар уақыт жетті. Өз орныма мен бізді теңіз тажалынан құтқарып, қорғаушымызға айналған Батырды ұсынамын.

Қатар тұрған он екі ақсақал – тайпа кеңесінің мүшелері – келісімдерін білдіріп, бастарын иді. Кенет алан

ортасында айналып-үйіріліп, қара қарғаша жарбандал, жалп-жалп еткен қатпа қара кемпір пайда болды.

– Сиқыршы, – деді тұрғандар, демдерін іштерінен алып.

– Ұлы Көсем! – деді ол, санқ етіп. – Тайпаға қауіп төнуде. Төндіруші – Жер тұрғыны! – Бәрінің назары сиқыршыға ауды. Сиқыршының сұқ саусағы мені меңзеп тұр еді. “А” деп ауыз ашқанша оның орнында аузын арандай ашып, құйрығымен жер сабалаған аждаға тұрды. Жандәрмен шыбығымды іздедім. Соңғы күндері оның аяқ астынан ғайып болғаны сонда есіме түсті. Одан басқа қаруды мен қажет етпейтінмін. Осыны ойлап үлгіргенше шыбығымды атша мініп, ұшып бара жаттым. Аждаға да адам қалпына түсіп, ілесе ұшты.

Келесі сөтте біз өжемнің алдында тұрдық. Оған қарауға мұршам болмай, мен салғаннан сиқыршыны іздедім. О, ғажап! Сенейін бе көзіме, сенбейін бе?! Көгілдір көзі күлімдеп, алдында Аруым – аңсаған арманым тұр еді. “Бекер бөгет болдыңыз, – деді ол өжеме. – Немеренізді бір жұтып, қайта шығарғанда, тендессіз сұлу жігіт болар еді.”

– Жоқ, – деді өжем, басын шайқап. – Батыр маған осы қалпында ұнайды.

– Маған да, – деді Ару, жымиып. Соны айтты да, маған қолын ұсынды. – Аждаға айналуым – соңғы сынағым болатын. Ендігі жерде мен жан-журегіммен – тек сендікпін.

– Ал, қане, – деді өжем, қуаныш нұрын төгіп. – Батамды берейін.

Үйлену тойына біз Ай адамдарын да шақырдық. Жерде басталған той Айға барып ұласты. Мені таң қалдырғаны Ұлы көсем мен өжемнің ескі таныстардай қауышқаны болды.

Тек сонда ғана мен Арудың көсемнің қызы екенін білдім. Кезінде ол әжемді сиқырға баулып, әжем оның ең сүйікті де зерек шәкірттерінің бірі болыпты.

Араға ай салып, мен тайпаның көсемі болып сайланым. Сонда да болса, туған жермен байланысымды үзген емеспін. Бір айымыз Айда өтсе, келесі айымыз Жерде өтеді.

ҰРЛАНҒАН БЕЙНЕ

Адамзат атаулы алды-артын андалап, он-солын енді танып, балалық шақтан жігіттік дәуірге аяқ аттаған ежелгі, ерте заманда қос құрбы өтіпті. Бірі көркінен құн ұялғандай теңдессіз сұлу, ақкөңіл әрі ақылды болса, енді бірі, керісінше, тым ұсқынсыз, сонымен қатар іші тар, қызығаншақ, қарау екен. Сұлудың есімі Гүлжауhaar да, сұрықсыздың аты Әнипа болса керек. Гүлжауhaar Әнипаның мінез-құлқын жақсы білсе де, “біртіндең түзелер” деген үмітпен оның көп қылышына көз жұмып, ой-ниетін жақсылыққа бұруға күш салыпты. Тек...

Сол ауылда қыз атаулының көзінің де, көңілінің де құртына айналған Айболат атты сұлу жігіт болған екен. Көрген жанның көзінің жауын алған небір сылқым сұлуладың арасынан жанағы жігіттің жүрек таңдауы Гүлжауhaarға түсіпті. Қыз да оны бір көргеннен құлай ұнатып, беріле сүйіпті.

Жүрекке әмір жүре ме. Айболат өзінің бүл әлемде баржоғын байқамаса да, Әнипа оған ақыл-есінен адаса ғашық екен. Арайлап таң атқаннан манаурап құн батқанша бір-бірінен көз алмай, қос аққудай жарасып, қатар жүрген Гүлжауhaar мен Айболатты көрген сайын адам айтқысыз азапқа түсіп, қақ жүрегіне қанжар қадалғандай болған Әнипа он ойланып, жұз толғанып, ақыры айдай әлемге атағы жайылған сиқырлау мен жадылаудың сан қырын менгерген мыстан кемпірді іздел, елдің қыыр шетіне жол

тартыпты. Аш қасқырша анталап, жан-жүрегін мұжіп жеген ауыр ойдың салмағына шыдамай, еңсесі езілген қыз анадайдан мен мұндалап, өзіне тартқан кәусар бұлақтың жағасына келіп, демалмақ болып, тізе бүгіпті. “Ух!” деп ауыр күрсініп, енді отыра бергенде жапалақша жарбаңдал, “үф” десе ұшып кетердей, алжа-алжасы шыққан мыстан кемпір пайда болыпты.

– Иә, Әнипа, жол болсын, – дейді ол қызға еті қашып, жанары тайған шүңірек көзін қадай қарап. Алайда, бұл көздердің тұнғиық түкпіріне тығылып, тұла-бойын тінте шолған жұмбақ отты сезген қыз өз-өзінен дірілдеп, мазасыздынып жүре береді.

– Сіз... мені қайдан білесіз? – дейді ол ілкі сәт, мыстанның алжа-алжасы шығып, әжім басқан бейдауа өң-түріне туралап қарай алмай, көз жанарын амалсыз тайдырып.

– Е-хе, қызым, жердің асты мен үстінде мен білмейтін не бар десеңші одан да. Мені ізден, арнайы сапарға аттанғаныңды күншілік жерден біліп, қарсы алуға шыққаным фой. Сен іздеңген сиқыршы мен боламын.

Иә, не мұқтаждық, күндіз күлкі, түнде үйқыдан айырып, маған қарай жетелеген?

Кемпірден қарадай зәресі ұшып, қорықса да, Әнипа тісі-тісіне тимей, сақылдап отырып, оған бар қайғысы мен мұнын шағып, Айболатты Гүлжауhaarдан айырып, өзіне қаратып беруін өтінеді.

– Есесіне не қаласаң, соны берейін, шешежан, – деп жалынады ол кемпірге. – Фашықтық дерті мендеп, қу сүйегім қалып, солып біттім.

– Тәйт! – дейді кемпір, оған ытырына қарап. – Фашықтық емес, қызғаныш қой ішінді өртеп бара жатқан.

Жә, қарап көрейік.

Күбір-күбір еткен кемпір қойнынан түрлі-түсті ұнтақтарды алып, шашып жібергенде мөлдір бұлақ

демде лайланып, бүрк-сарқ етіп жүре береді. Келесі сәтте су бетіне бір-біріне үздіге қараған Айболат пен Гүлжау-хардың бейнесі шыға келеді. Ай мен күндей қос ғашықты көргенде кемпірдің өзегіне өрт түсіп, қызғаныш атты құрт көкейін тесіп жүре береді. Бір сәтке Әнипаның жай-күйін басынан кешкен кемпірдің миында сұрқия ой жылт ете қалады. Бір уыс топыракты ала салып, әлдене деп күбірлекен мысттан оны су бетіндегі суреттен көзін алмай, қадала қараған Әнипаға шашып жіберіп: "Қарға бол!" дейді қанын ішіне тартып. Сол-ақ екең, Әнипаның орнында қалбалактаған қара қарға пайда болады. Бұдан да зор бәлеге ұшырамай тұрғанда көрген беттен зәресін ұшырған мысттан кемпірден қашып құтылуға асыққан міскін алды-артына қарауға мұршасы болмай, басы ауған жаққа лағып, ұшып жүре береді.

— Ім, — дейді кемпір, жаң-жағына қоқилана қарап. — Ендігі бағыт – қырдағы ауыл

Саусағына сиқырлы жүзік салған мысттан кемпір көзді ашып-жұмғанша Гүлжау-хардың үйінің алдында тұрды. Күбірлеп, әлденені оқып, бетін сипаған кемпір әп-сәттің арасында Гүлжау-хардың бейнесіне енді де, Айболатпен кездесуге аттанды.

Айна алдында өзінің көркем, сұлу жүзіне сүйсіне қараған Гүлжау-хар аяқ астынан алжа-алжасы шыққан мысттан кемпірге айналғанын көріп, жынданып кете жаздайды. "Шынымен-ақ, бұл – мен бе? Әлде..." "Сап-сап, сабыр, — дейді сонда да болса, есті қыз, өзін-өзі қолына алып. — Ақылға салып, ойланып көрейінші. Кім де болса, маған қастандық жасап, бет-бейнемді өзгерткені анық. Айболатпен екеуміздің арамызға от салып, айыру үшін жасалған әрекет болар бұл. Сиқырға қарсы сиқыр бар. Яғни, бұл тығырықтан да шығар жол табылар."

Күні бойы бәлмесінен шықпай, ауыр ойларға берілген ару ауыл ұйқы құшағына енгенде аяғын ұшынан басып, беймәлім құла түзге бет алады. Күн жүреді, түн жүреді. Жүре-жүре, азығы мен сусыны да таусылады. Елден-ел, жерден-жер шарлап, шарқ ұрса да, жәрдем берер жан таба алмай, торығады.

Аштық пен шөлден әлсіреп, өлімші халге жеткен Гүлжауғар қу медиен жапан далада жападан-жалғызың қалғанын көріп, өмірден әбден түңілсе керек. Кенет оның қөзіне жылт еткен жарық шалынады. Кеберсіген ернін жалап, бойындағы бар қүшін жиып, алға ұмтылған қызы өлдім-талдым дегенде жылтылдаған жарыққа жетіп жығылады. Сонда ғана ол еңселі ақ үйдің алдында тұрганын аңғарады. Қарсы алдында жүзінен нұр төгілген ақ киімді кейуана түр еді.

– Хош келдің, қарағым! – дейді ол. – Әуелі әлденіп, жүрек жалғап ал.

– Білемің, сен шексіз азап шектің. Ақиқаттың жолы қашанда ауыр ғой. Басынан кешкен мұхнатынды айт-пасаң да болады: бәрін көріп отырмын.

Сенің бейненді ұрлап алған мыстан кемпір бір кездे жан құрбым еді. Екеумізді сиқыр өнеріне баулыған ұстазымыз да бір-тұғын. Кезінде ол бізден өнерімізді жақсылыққа, игі істерге жұмсаймыз деп ант алған-ды. Амал нешік, ұстазымыз көз жұмғасын-ақ жолымыз екіге айрылды. Мыстан кемпір антынан танып, жауыздық пен қиянатқа бет бұрды да, мен бойымдағы барымды жауыздықтан жапа шеккен міскіндерге берумен келемін. Мыстан кемпірдің сансыз құрбандықтарын құтқарғаным үшін өзімді шексіз бақытты санаймын. Дегенмен, шыдамның да шегі бар. Ауруын асқындырып алған адам өз ажалын өзі шақырады. Мыстан кемпірмен шешуші, ақтық айқасқа шығып, жер бетін одан құтқарап сәт туған сияқты. Сөл шыда, қызыым. Қазір... – Кейуана күлім

қағып, есікке көзін тігеді. Босағаға сүйеніп, ойлы жұзбен өзіне қадала қараған Айболатты көргенде Гүлжауhaar бетінен оты шығып, жүзін жасырып, теріс айналады.

– Адаспай, дәл таптың, балам, – дейді кейуана, Айболатты төрге шығарып. – Ал енді, әңгіменді бастай ғой.

– Мыстан кемпір сенің сұлулығынды үрлағанымен, жан-дуниенді, жүргегінді үрлай алмады ғой, – дейді жігіт. – Неге екенін, көрген бетте бойым сұып, көнілімді күдік билеп еді. Көзіне көзім түсуі мұн... сол сөтте не сезінгенімді сөзбен айтып жеткізе алмаспын. Бұл сенің емес, бөтен біреудің көзі еді! Қарсы алдында сен емес, сенің бейненді жамылған мыстан кемпір тұрғанын бірден сездім. Сонда да болса, сыр білдірмей, аяғына дейін шыдауға тырыстым. Біраз әңгіме-дүкен құрғасын алакеуімнен тұрып, үш күндік сапарға аттанатынымды айтып, қоштастым да, тұн ортасы ауа сенің сонынан аттандым.

– Мыстанның көзін байлап, күдігін жойған мен едім, – дейді кейуана. – Әйтпесе, ол сенің ойынды оқып, сол жерде сиқырлап үлгірер еді. Ал, не тұрыс. Қозғалайық.

Кейуана қолын сермен қалғанда зәулім ақ үй файып болып, оның орнында үшқыш кілем пайда болады. Кілемге отырып, үшеуі қас пен көздің арасында ауылдың шетінен шығады. Кейуана күбірлеп дүға оқып, “сұф-сұф” деп үш рет қатарынан дем салғанда жер беті қып-қызыл жалынға оранып, жан-жағына ысылдай от шашқан жеті басты аждаға пайда болады. Бұл – мыстан кемпір еді. Ақбоз атқа мініп, қырық құлаш қылышын қолына алған батырдың бейнесіне енген кейуана аждаһаның алты басын бірдей шауып, ең соңғысына енді үмтыта бергенде аждаға жалындал жанған отқа айналады. Дем арасында тасқындан төгілген теңіз сұына айналып үлгірген кейуана көкке шапшыған қып-қызыл отты

өшіруге кіріседі. Дір-дір етіп, бір-біріне жабысқан қыз берін жігіт көз алдарында өтіп жатқан жойқын айқасқа арбалған жаннан бетер қадала қарап, қозғалмастан тұрып қалады. Жер-көкке жайылған тасқын судың екпініне төтеп бере алмаған от-жалын бықсып, қара-қошқыл тұтінге айналғанда дәл ортасынан өппақ бу үшып шығып, аяға тарап кетеді. Сол сәтте Гүлжауһар да бұрынғы қалпына келеді.

— Ух! — деп ауыр демалады кейуана. — Бұндай қатты қиналмаспын. — Кейуананың өкпесі өшіп, әлі құрып тұрганын көрген Гүлжауһар мен Айболат жүгіріп келіп, қолтығынан демеп, сусын ұсынады.

Өзіне-өзі келіп, есін жигасын кейуана қанаттарын қаусырып, бір уыс болып бүрісіп, бұғып отырған қара қарғаның басынан сипап:

— Адам қалпыңа қайта келе фой, қарағым, — дейді ақырын. Қара қарғаның орнында пайда болған Әнипаны көргенде Айболат пен Гүлжауһар ан-таң қалып, кейуанаға қарайды.

Басы жерге жеткенше иіліп, үшеуінің алдында құрдай жорғалаған Әнипа жік-жапары шығып, жалбарына кешірім сұрайды:

— Кінәлімін. Қолыммен істегенімді мойныммен көтерейін. Қандай жаза болса да қынқ етпей, қабылдауға өзірмін. Тек кешіре көріңіздер, — дейді ол, көз жасын көлдетіп.

Мән-жайға қаныққасын Гүлжауһар мен Айболат:

— Откен іске өкініп қажеті жоқ. Алар жазанды онсыз да алдың. Ең бастысы, бәрібір әділдік жеңетініне, біреуге жасаған жамандығының зардабын өзің шегетініңе көзің жетті фой. Одан да бәрімізді бәледен құтқарған анамызға алғыс айт, — дейді.

— Ендігі өмірінді адалдыққа арнасан, мен үшін алғыстың үлкені сол, — дейді кейуана.

Үшеуі кейуананы ата-ана, туған-туыстарымен таныстырып, төбелеріне көтеріп күтіп, ауылдастарына баста-рынан кешкен хикмет-хикаяны жырдай ғып жеткізіпті. Сол жерде ауыл ақсақалдары жиылып, екі жастың некесін қызып, Гүлжауһар мен Айболатқа арнап, ұлан-асыр той жасапты. Тойдың қақ төрінде отырған ең құр-метті қонағы – сиқыршы әже екен. Бүкіл ел болып өтініп, кей-уананы өз ауылдарында алып қалыпты.

Әнипа болса, жамандық атаулыдан біржола безініп, адалдық, адамгершілікке біржола бет бұрыпты. Көп ұза-май, ол да өзіне лайық жақсы бір жігітпен отау құрса керек.

Ізгілік туын жоғары көтеріп, кейуананың ақыл-кеңе-сіне дәйім құлақ асып отырған сол елдің тұрғындары туған жерлерін ырыс-береке, бақ-дәuletі тасыған гүл-денген кең жазираға айналдырыпты.

МАХАББАТ ҚҰДІРЕТІ

Ертегі мен ерлікке, жауыздық пен қиянатқа толы ортағасырлардың бірінде есімі жер жүзіне жайылған құдіретті сиқыршы өмір сүріпті. Бүкіл дүние жүзін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған өйгілі сиқыршының тек өзінің кескін-келбетін өзгертіп, жас-тық шағын сақтап қалуға өл-дәрмені жетпесе керек. Си-қыршы түрін көрген жан еріксіз бетін басып, теріс айна-латындей кескінсіз, өңсіз, кейіп-кеспірден жүрдай жан екен.

Күндердің бір күнінде ол сиқырлы айнасын қолына алып, болашаққа көз жібереді. Адамзаттың бұдан бір-неше ғасыр кейінгі тұрмыс-тіршілігін көріп, көз жет-кізбек болса керек. Зәулім ғимараттар мен тас төсөлген көшелерге толы қазіргі қалалардың кескін-келбеті көні-лінен шыққаны соншалық, сиқыршы қолы қалт етсе

айнасын ала салып, болашаққа “сапар шегуді” әдетке айналдырып алады.

Тағдырдың жазуына не дауа? Асқақ Алатаудың баурайында орналасқан көріп көз тоймас көркем қалаға тамсана үңілген сиқыршының назары таңғажайып тамаша сұлу қызға түскенде таң қалғаны соншалық, қолынан айнасын түсіріп ала жаздайды. Содан бері сиқыршының қатып-семіп, солып қалған көрі жүргегі лүп-лүп соғып, махаббат отына өртеніп, өлуге сәл қалады. Күндіз-түні көкейін тескен Арман-Аруға өлсе де, тірлесе де қол жеткізуге белін бекем буған сиқыршы жатпай-тұрмай ғасырлар көгін көктей өтіп, жыирма бірінші ғасырға топ еткізіп түсірер мүмкіндік іздей бастайды. Бойындағы бар құшін сарқа жұмсал, алуан түрлі айла-тәсіл қолданып, қол астындағы дию-пері тәріздес дүлей құштерді түгел төккен сиқыршы ғасырлар арасына жол сала алмай, тауаны шағылып, салы суға кетеді. Тек Тескен Таудың түбінде Нұх пайғамбардың дәуірінен бері жасап келе жатқан көрі жын оған бұл құпияның кілті – адамзат атаулының ақыл-ой, қазына-кенін қойнауына жасырған қасиетті кітаптардың бірінде жұмбақ жазумен жазылып, жасырын сақталғанын айтқанда сиқыршы қуанғаннан көкке ұшып, жерге түсіп, жүргегі жарылып өлуге сәл қалады. Алайда, оны сарыуайымға салып, өмірден баз кешіре жаздаған бірер жағдай бар еді. Ең бастысы – көрілігі, өңсіздігі. Әртүрлі әлpetke еніп, бет-бейнесін мың құбылтар қабілеті болғанымен, өз бейнесінен бас тарту... Сиқыршы әбден сасады. Қыз өзінің өң-түрін көріп, біржола безіп кетеді-ау деген ой жанын жегідей жейді. Сосын... Бірде қыздан көзін алмай, қадала қарап, тәтті қиялға тербелеп шомған сиқыршы оның жастық пен сұлулықтың үлгісіндей өсем жігіт-пен қол ұстасып, келе жатқанын көріп, кірпідей жиырылады. Жігіттің жан-жағындағы ауласын – өрісін

окыған ол екеуі бір-біріне ғашық екенін, ол аз болса, көп ұзамай үйленгелі жүрген қалындық пен күйеу жігіт екендерін көріп, қасқа басының қақ төбесіндегі қадау-қадау сирек шашын тал-талдаپ жұлып, тұлан тұтып, жынданып өле жаздайды. Осыдан бастап ол бар әлеммен байланысын үзіп, Адам-Ата, Хая-Ана заманынан бері адамзатқа мұра болып берілген қасиетті кітаптарды актарып, сиқырлы сөздерді іздеуге кіріседі. Күндіз күлкі, түнде үйқыдан айрылып, қу сүйекке айналған орта ғасырлық Мәжнүн араға аттай алты ай салып, ізdegен сезін тауып, “uh!” деп демалса керек. Сиқырлы айна-сына соңғы рет көз салып, ғашығының мекен-тұрағын анықтап алған сиқыршы қыздың сүйген жігітінің бей-несіне еніп, бір сәтке бөгелмestен, сиқырлы сөздерді үш рет қатарынан қайталап, жиырма бірінші ғасырға атта-нады.

Әлқисса, әлгі қыз да тегін емес, Алланың рахымына ие болған, ғарыш тынысын сезініп, алыс жұлдыздармен байланыс орнатқан аса киелі, көріпкел екен. Есімі – Айнұр еді.

Сүйгенімен алансыз серуенде жүрген қыз ту сыртынан жебеше қадалған жұмбақ көзқарасты сезеді. Жер-жаһанды шолып шығып, қас-қағымда алыс жұлдыздардан хабар алған Айнұр жұмбақ көзқарастың иесін таба алмай, қорғаушы періштерінен түсінде аян берулерін өтінеді. Сол күні түсінде ол өзіне ақыл-естен адасып, ғашық болған орта ғасырлық әйгілі һарон сиқыршыны көріп, жағасын ұстап, қайран қалады. “Астаяғыраллах, – десе керек, сасқанынан. – Жас кезімде соңымнан қалмай, һаронның құрығынан сиқыршы әжемнің арқасында әзер құтылып едім. Бірақ ол – өткен өмірімде, орта ғасырларда өмір сүрген кезімде бастан өткен уақыға ғой. Енді... Осы өмірде тауып алғанын қарашы. Дегенмен... Білмейді ғой мені. Танымады.”

Құдіретті сиқыршыға қарсы тұруға қауқарсыз екенін Айнұр жақсы білетін. Сондықтан да ол орта ғасырдан өз заманына кері қайтудың амал-айласын іздестіруге кіріседі. Үш күн, үш тұн үзбей ойланған қыз ақыры аруакты атасынан аян алады.” Қасиетті таяқты қолдануға рұқсат!” – дейді бабасы. Бұл – ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде беріліп отыратын киелі таяқ еді. Оны тек тығырыққа тіреліп, ең күрделі істердің шешуін таппай қиналған сәттерде ғана, ата-бабаның арнайы рұқсаты арқылы қолдануға болатын. Жалма-жан атып тұрған Айнұр жанында жатқан киелі таяқты көріп, ата-бабасына алғыс айтады да, арнайы дұғаны оқып, таяқты жоғары көтерген қалпы қымылсыз қатып қалады. Демнің арасында ол Сүмбіле шоқжұлдызындағы қорғаушы періштесінің алдында тұрады. Періште оны он жетіге жаңа жеткен арудың бейнесінде қарсы алады. “Иә, ғасырлар арасына жол салар қасиетті сөздерді Жаратушы Иеміз маған сеніп тапсырып еді, – дейді ол – Тек, әттен, һарон сиқыршы сені жадылап, бұл өмірмен байланысыңды біржола үзіп, жиырма бірінші ғасыр жайлы ойдың өзін жадынан шығаруға үмтүлады ғой. Ол сені бүгін тұнде ұрлап әкетуді жоспарлауда. Һаронның құрығынан құтылу үшін сен бұл сөздерді қағазға түсіріп, қалдырып кетуге тиіссін. Сүйген жігітің сені сол арқылы тауып, құтқарып алады.”

Қыз періштеге сансыз алғысын айтып, сиқырлы таяқтың көмегімен жер бетіне қайта оралады. Бөлмесіне енген бетте аманат-таяқ та ғайып болады. Қолына қалам алып, қасиетті сөздерді жазуға кіріскең Айнұр қарадай маужырап, манаурап, күш-куаттан айрыла бастағанын анғарады. Сиқыршы өзіне қарсы амал қолданып жатқанын сезген қыз бойындағы бар қуатын жиып, қажет сөздерді жазып, тартпаға салып үлгіреді де, төсегіне өзер жетіп, тәтті үйқының құшағына енеді.

Көзін ашып алғанда ол сүйгені – Сәкен құшағын жайып, қарсы алдында тұрғанын көреді. “Жоқ! – дейді қыз бірден, жыланша жиырылып. – Сен – һаронсың!” Айласы іске аспағанын көрген сиқырши қаны бірден басына шауып, қолын сермеп, қызды арбауға кіріседі. Есінен айрылып, қалың тұманға бойлай еніп, батып бара жатқан қыз сүйгеніне ойша хабар беріп үлгіреді.

Шырт үйқыда жатқан Сәкен миына: “Көмекке кел! Маған қауіп төнді!” деген сөздер жеткенде дүр сілкініп, орнынан атып тұрады да, жалма-жан жиналышп, қалтаға сиятын шағын компьютері мен лазерлік автоматын алып, басқа да қажетті құрал-жабдықтарын сайладап, асыға басып үйінен атып шығады. Ойланып-толғанbastan сүйгенін құтқаруға ұмтылған ол Айнұр бұдан бірер күн бұрын серуендер жүріп, сөз арасында өзіне беймәлім қауіп төніп тұрғаны туралы айтқанын есіне алады. “Қап! – деп өкінеді іштей. – Сонда неге жай-жапсарын сұрап алмадым екен?”

Құстай ұшып, сүйгеніне жеткен жігіт қаңыраған бос бөлме мен салулы төсекті көргенде кешіккенін бірден біледі. Әйтсе де, өкінгенмен амал не? Қалыңдығын құтқару үшін қандай жойқын күшке болсын тайынбай қарсы тұруға бекінген жігіттің санасына: “Мені... он төртінші ғасырдан ізде”, – деген сөздер талып жетеді. Бұл – Айнұрдың Сәкенге қалдырған соңғы сәлемі еді.

Айнұрды алып қашқан сиқыршының қай ғасырда екенін білгенімен, сүйгеніне жетудің жолын таппай, жігіттің шақшадай басы шарадай болады. Қалың ойға берілген Сәкен кенет: “Айнұр... өзіне баар жолдың кілтін де қалдыруға тиіс қой”, – деп орнынан атып тұрады. Тұрады да, қыздың қағаздарын қарауға кіріседі. Айтқан-дай-ақ, айналасы жарты сағатта қасиетті сөздер жазылған паракты тауып алады.

Қағазды қолына алып, енді үңіле бергенде бөлме іші шұғылалы шуаққа толып, жайнап жүре береді. Аң-таң қалған жігіт ай мен қундей жарқырап, жылды жүзбен жымия қараған періштені көріп, ләм деп тіл қатуға шамасы келмей, қакқан қазықтай қалшиып, тұрып қалады.

— Бұл сөздердің иесі – мен, – дейді періште. — Айнұр қазір һарон сиқыршының тұтқынында. Қасиетті сөздер сені он төртінші ғасырға апара алғанымен, һаронды лазерлік автоматпен тізе бүктіру туралы ойлаудың өзі күлкілі. Жан-жағын “құлыштап”, бекітіп алған сиқыршыға оқ пен от дарымайтынын жадында сақтағайсын. һаронды тек өзіңе, сүйгеніңе деген сенімің мен ақылойыңың арқасында ғана женіп шыға аласың. Әрине, оны жер жастандыра алар аса қуатты қаруды саған сеніп тапсыра алар едім, алайда бұл – адамзаттың даму заңдылығына қол сұғып, ғасырлар арасындағы тепе-тендікті бұзу деген сөз. Алла тарапынан бізге адамзаттың ішкі ісіне араласуға рұқсат берілмеген. Адам өз тағдырын өзі жасауға, өз өміріндегі түйінді мәселелерді өзі шешуге тиіс. Біз тек сендерге жол нұскап, ақыл-кеңес беруге ғана хұқылымыз. Сен сиқыршыны өлтірмей, аман-саяу қалында қалдырып, ғашығынды алып қайтуға тиіссін.

Есінде болсын: өткен ғасыр тұрғындарының тағдырына араласу болашаққа яғни қазіргі өмірге кері, зиянды әсерін тигізеді.

Сиқырға қарсы тұrap – сиқыр ғана. һаронның сарайына сен тек көрінбейтін жамылғының көмегімен ғана кіре аласың. Ал енді, хош. Сәт-сапар, – деп періште оған үлпадай мамық, женіл жамылғыны ұсынады.

Көрінбейтін жамылғыны жамылдып, қасиетті сөздерді үздіксіз үш рет қайталаған Сәкен буалдыр мұнар сағымға шым-шым батып бара жатқанын аңғарады. Көзін ашқан-

да күміспен көмкеріліп, жалт-жұлт еткен асыл тастардан жасалған кереуетте алаңсыз үйқтап жатқан Айнұрды көреді. Қанша жерден тырысса да оны оята алмаған жігіт ақыры амалсыздан сиқыршыны күтеді. Араға бірер сағат салып, сиқыршы да пайда болады. Келген бетте өлденені күбірлеп, бетін сипаған ол Айнұрды демнің арасында-ақ тірілтіп, оятып алады.

– Ха-ха-ха! – дейді сосын, қарқ-қарқ күліп. – Соңынан іздел келетін күйеу жігітің қайда? Оны күтсең, сүйегі қурап, қартайып, алжа-алжасы шыққан кемпірге айналғаныңды аңғармассың. Одан да ақылға келіп, бетінді бері, маған қарай бүрғайсың, – деп қызға қарай еңкейеді.

Зығырданы қайнап, әрен тұрған жігіттің бұл бейбастақтықты көргенде төзімі әбден таусылған-ды. Жамылғыны сыйыра салып, бөлменің қақ ортасына атып шыққан ол лазерлік автоматты алып, сиқыршыға қарсы оқ боратады. Тиген жерін ерітіп, езіп жіберер қаһарлы қаруды сиқыршы шыбын шаққан құрлы көрмей, Сәкеннің өзін келемеждең, тәлкек етеді.

– Ақымақ! Сорлы! – дейді ол – Һаронды тек оның жаны тығулы жатқан жерді тапқан жан ғана о дүниеге аттандыра алады. Ал жанымның жатқан жерін менен басқа жан баласы білмейді. Білуі мүмкін де емес. Сен – жердің құрты, құртақандай ойыншиқпен менің түбіме жетемін деп жүрсің, ә?! – Осыны айтып, ол жігітке қадала қарағанда лазерлік автомат екіге бөлініп, басқа да қару-жарактары үстінен сыйырылып түседі. – Ал енді, кел! Жекпе-жекте кім женер екен.

Осы сәт Сәкен мен Айнұр ойша байланысып, бір шешімге бекінеді. Екеуі сиқыршының қарсы алдында, көзіне көзін қадап, қатар тұрып алып: ”Бас тарт бұл ние-тиңнен! Махаббат – мәңгілік. Оны жену мүмкін емес”, – деген ойды санасына сіңіре бастайды. Жан-жағына

жарқырай нұр шашқан екі жастың аурасының күштілігі мен тазалығы сондай, бар ғұмырын жауыздық пен зұлымдыққа арнаған сиқыршының шұрық-тесік өрісі оған төтеп бере алмай, ол еріксіз жастық пен сұлулықтың – махаббаттың құдіретті күшін мойындаған, бас июге мәжбүр болады. Нарон сиқыршының көзқарасы да бірте-бірте бәсендеп, өзгере бастайды. Өз сиқырынан өлшеусіз артық, қуатты күштің ықпалына біржола берілген си-қыршының көз алдынан қара перде – бүркеме сыптырылып түскендей болады.

– Құдайым-ай, махаббат деген әлемдегі ең құдіретті, қозғаушы күш қой, – деп ойлайды ол тұнғыш рет Аллаты есіне алып. – Мынау тұрган қыз бен жігіт... бір-бірі үшін жаралған рой! Қандай хақым бар еді екеуінің тағдырына қол сұғып, бір-бірінен айыруға?! – Тек сонда ғана сиқыршы кез-келген жан өзі үшін ғана емес, өзгелер үшін де өмір сұруге тиіс екенің, басқаларға жақсылық жасау арқылы ғана өмірден өз бақытында табуға болатының, бұған дейінгі бар өмірі тектен-текке, бекерге өткенін үгады.

– Келіндер, балаларым! – дейді ол, құшағын жайып.
– Батамды берейін. Соқыр едім, сендер көзімді аштыңдар. Қалған ғұмырымды ғасырлар бойы жинаған ілімім мен білімімді адамзат игілігіне арнауға ант етемін.

Осыны айтып, сиқыршы Сәкен мен Айнұрды құшағына қысып, батасын беріп, қойны-қонышын алтын мен күміске, қасиетті кітаптарға толтырып, жиырма бірінші ғасырға шығарып салған екен.

Ал Айнұр мен Сәкен қасиетті кітаптарда жазылған қағидаларды замандастарының санасына сініріп, жан-жағына шапағат, шуақ нұрын шашып, қол ұстасып, бақытты да ұзак ғұмыр сүргендерін айтпасақ та болатын шыгар.

ҚҰРБАҚАҒА АЙНАЛҒАН АДАМ

Ертегі-мысал

Әлқисса, аталмыш мекемедегі ғажайыптар тізбегі мұнымен тәмамдалмапты. Ертегіме нүкте қоярдан бұрын сіздерге сол емші қыздың басынан өткен тағы да бір оқиғаны баяндап берейін. Құлак түріп, тындал алыңыздар.

Емші қызбен бір бөлмеде қабағы салбыраған, шашы тікірейген, сұп-сұр көзі адамның өңменінен өткен жексүрін жігіт отырыпты. Жалтыраған көзәйнегі шақшырайып, сұрықсыз түрін одан бетер бұзса керек. Қайда болсын өңмендеп, “мен білем” деп тұрады еken. Сол мінезі үшін былайғы жүрттан сөз естіп, тауаны шағылып келіп, таз ашуын тырнадан алады деп емші қызға тырнағын батыра берсе керек. Қарсы қарап отырып алып: “Неге өйтпейсің, неге бүйтпейсің” деп түрткілей береді еken. Ол аз болса: “Қабілет дегеннен жүрдайсың. Сенен ештеңе шықпайды. Әңгіме, ертегі жазу неңді алған” деп бейшара қыздың шақшадай басын шарадай кылыпты.

Әлқисса, әлгі қыз жазушы боламын деп талаптанып, әңгіме, ертегі жазады еken. Шыдамның да шегі бар. Бастығым ғой әрі жасы үлкен деп үн қатпаған сайын анау жаман сыйлағанды білмейдінің кебін келтіріп, әбден басына шығып алышты. Сиқырын қолданайын десе, үстазының “өнерінді жаман іске жұмсама” деп шегелеп айтқан сөздері есіне түсіп, бата алмайды. Бірак, бірде бастығының бейбастактығынан әбден төзімі таусылған ол сиқырлы сөздер арқылы мындаған шақырым қашықтықта жүрген үстазын тауып, шақырып алып, арсыздың сазайын тарттырып, тәубасына түсіріп қоюға рұқсат сұрапты. Мән-жайға қанығып, себебін білген соң сиқыршы рұқсат беріпті. Сол-ақ еken, қыз көзілдірікті бастығын бақылдаған күрбақаға айналдырып жіберіпті. Болған

жайды білсе де әріптестері “Өзіне де сол керек” деп ләммим деместен жүре беріпті.

Арада бір күн өтеді, күйеуі жоқ, екі күн өтеді, жоқ, үш күн дегенде көзілдіріктің (солай деп атайық) әйелі әлденеден секем ала бастайды. “Тегін емес” деп ойлайды ол. Өзі де құралақан емес, жыбырлаған жәндік атаулының тілін билетін қу екен. “Араларыңа сиқырдың қүшімен адамдардың бірі түсіп кеткен жоқ па?” деп жанжануарды жинап, сұрау сала бастайды. Көп ұзамай, темір телпек киген құрбақа: “Күйеуің біздің арамызды. Ал бізге қосылуына себеп өзімен бірге отыратын емші қыздың қытығына тиую!” дейді. Қуанышы қойына сыймай, жүрегі алып-ұшқан келіншек құрбақаға алғысын жаудырып, алды-артына қарамастаң, сүрініп-қабынып, екі өкпесін қолына алып, сиқыршы қызға жүгіреді. Келе сала зарланса керек.

— Кешіре гөр, жаным. Біз үшін. Асыраушымызды қайтарып бере гөр. Шиеттей жас баласы мен мәлкілдеген кәрі шешесін мен қалай асырамақтын? — Бұны көріп, ақкөңіл қыздың жүрегі жібіп жүре беріпті.

— Жарайды, — депті анаған. — Жөні түзу әйелсің ғой. Сен болмасаң, ана арсызды мәңгі-бақи құрбақа бейнесінде қалдырар едім. — Соны айтып, дұға оқып, үшкіріп қалғанда шашы жидіп түсіп, қазанбасы жалтыраған күйеуі өз орнына отыра қалыпты. Көзі көрген жанға тікенекше қадалып, түрі тіпті жиіркенішті болып кеткен.

— Амал нешік, — дейді әйелі, күрсініп. — Бастан құлақ садақа. Шаш өсер, өзің аман болсаң болғаны.

Сол кеткеннен жексүрын жігіт мол кетіп, сиқыршы қыздың маңына жуымапты. Тіпті, біраз уақытқа дейін құрбақа болып, балдыр теріп жүрген кезі түсіне еніп, шошып оянады екен.

АЯН МЕН БАЯН

Баяғыда кемпір мен шал болыпты. Өздері үрерге иті, сығарға биті жоқ тақыр кедейлер екен. Ертеден қара кешке дейін тыным таппай, еңбек етсе де, еш нәтижесі болмапты. Дегенмен, оларды сарыуайымға салып, қа-бырғаларын қайыстырған еңсені езген жоқшылық емес, қартайғанда сүйеніш болар перзент көрмей, кубас атанғандары екен.

Бір күні кемпір мен шалдың құлағына баласызға бала беріп, өліні тірілтіп, көріні жасарттар құдіретті сиқыршы жайлыш қауесет жетіпті. Үмітсіз шайтан деген. Кемпір мен шал көп бөгелмей, буынып-түйініп, сәрсөнбінің сәтті күні жолға шығыпты. Жаяу-жалпылап, шаршап-шалдығып, өлдім-талдым дегенде барып, екеуі сынсыған ну орманның арасындағы алаңқайда орналасқан сиқыршының мекенине жетіпті. Алдарынан ақ сақалы күмістей жалтылдап, белуарына түскен, жүзінен нұр төгілген сырбаз қарт шығыпты.

— Армысындар! — дейді ол, кемпір мен шалды қошаметтеп қарсы алып. — Алдын-ала айтайың, тілеулерің қабыл болып, тоғыз ай, он күн өткенде перзент сүйесіндер. Алтын айдарлы егіз ұл келер дүниеге. Аян мен Баян деп қойғайсындар есімдерін.

Кемпір мен шал алғыстарын ағыл-тегіл жаудырып, қайтар жолға жиналғанда сиқыршы кейуанаға орман жаңғағын беріп, таң Шолпаны туганда дәнін шағып жеу керектігін ескертіпти.

Тоғыз ай, он күн өткенде кемпір толғатып, көркіне көріп көз тоймас, алтын айдарлы егіз ұл туыпты. Сол күні Жер-Әлем ғажайып нұрға бөленіп жүре берсе керек. Күн сәскеден ауғанда қоңыраулатып, алты ат жегіп, сиқыршы жетіпті. Сол-ақ екен, кедейдің қараша үйі сөүлетті сарайға айналып, жан-жақтан ағылыш, шілдеханаға жиылған халыққа толып кетіпти.

– Уа, халайық! – дейді сиқыршы. – Еліне қорған болар қос азаматты – Аян мен Баянды қарсы алғайсың. Төніп келген ажалдан әлі сендерді құтқарап осылар болар.

Аян мен Баян бірінен-бірі өткен батыр да батыл, ат құлағында ойнаған шабандоз, құралайды көзге атқан мерген болып ержетіпті. Аң аулап, саят құрып, жабайы аңды тау ғып үйіп, ата-анасын ғана емес, ауыл-аймақты тегіс асырапты. Жылжып жылдар, зымырап айлар өтіп, екеуі қалыңдық таңдар жасқа да жетіпті.

Аң аулап жүріп, Баян бірде Зуһра атты асқан сұлу қызы-бен танысады. Ол орман арасында өмір сүретін сиқыршының қызы еді. Екі жастың жүргегінде бір көргеннен тұтанған нәзік сезім алаулаған махабbat отына айналып, екеуі бір-бірінсіз тұра алмайтын халге жетіпті. Бұрын жұптары жазылмайтын Аян мен Баян бірте-бірте жеке жүріп, аң аулауға дағдыланады.

Дәл осы кезде елде жауыз сиқыршы пайда болыпты. Мақсаты – гүлденген елді құлазыған қу медиен далаға айналдырып, бейбіт халықты табанының астына салып, ерін – құл, әйелін күң ету екен. Келген бетте ол осында барлауға жіберген жәдігөй тыңшысынан бұл елде өзіне қарсы тұрып, төтеп бере алар кім бар екенін сұрайды.

– Аян мен Баян! – дейді анау бірден. – Ағайынды қос батыр. Ол екеуі бостандықта жүргенде бұл елді билеу мүмкін емес.

Сиқыршы мен жәдігөй көп бөгелмей, Аян мен Баянды іздеп, ұшып шықты.

Аң аулаудың қызығына түсіп, бар әлемді ұмытқан Аянды олар бірден тауып алды.

– Әнеге! – деді жәдігөй, оны көрген беттө. – Аян. Тек Баянды көрмей тұрмын.

– Біреуін қолға түсірсек, екіншісі ешқайда қашпас, – деді сиқыршы. – Сосын, әлдене деп күбірлеп, сиқырлы сөздердің көмегімен Аянды титімдей сұр тышқанға айналдырып жіберді.

Ал Баянды олар жер-көкті кезіп, шарқ ұрса да, іздең таппады.

– Өзі түгіл ізі де жок, – деді жәдігөй, салы суға кетіп.
– Жерге сіңіп кеткендей, жым-жылас.

– Қайда кетер дейсің, табылады, – деді сиқыршы, саспай. – Шаршадық, демалайық. Ал Баянды іздең табу – сенің мойнында. Ол қолға түспей, бізге атар таң, шығар құн жоқ.

Бұл кезде Баян Зуһрамен өңгіме-дүкен құрып, сиқырлы орманда серуендереп жүр еді. Ал жауыз сиқыршының оны іздең таппағанының себебі бұл орман тек ақ ниетті адамдардың ғана көзіне шалынатын да, қара ниет, жауыз адамдардан оны көрінбейтін перде бүркемелеп тұратын. Болашақ өмірлерін болжап, тәтті қиялдың құшағына енген екі жас өздерінен басқа бар әлемді ұмытқан-ды. Кенет құн тұтылғандай, орман үстін қара бұлт торлап, түнек орнап жүре берді. “Аян бір бәлеге ұшырады! – деді Баян, жүрегін ұстай алышп. – Қап! Неге жалғыз қалдырып едім.” “Тек тірі болғай, – деді Зуһра, сиқырлы айнасын ала беріп. – Тірі екен! – деді ол, айнаға қараған бетте. – Адамзат атаулыны құл етуді мақсат тұтқан жауыз сиқыршы сүр тышқанға айналдырып жіберіпті. Жалғыз емес тіпті. – Соны айтып, ол сөл жымиды. – Қасында серігі – ақ мысық бар. Екеуі бірін-бірі ықылас қоя тындалап отыр.”

Тышқанға айналған Аянның алдынан жасыл қөздері жалтылдан от шашқан ақ мысық шықты. Батырдың аты батыр, қанша жерден тышқан бол есептелсе де, мысықтан қорқып, қашуды Аян өзіне ар санады.

– Танып түрмyn – Аянсың ғой, – деді ақ мысық, үлпілдеген ұлпа мойнын кербездене иіп. – Сиқыршы мен жансызының Баян екеуінді қолға түсіріп, тышқанға айналдырамыз деп жоспар құрып жатқандарын естіп қалып едім.

– Uh! – деді Аян, арқасынан ауыр жүк түскендей, терен дем алып. – Баян олардың құрығынан алыста. Жауыздар оны іздел тапқанша Зуһра мен екеуінің мені құтқарып алулары да мүмкін. Ал озіңіз кім боласыз?

– Менің оқиғам ұзақ. – Ақ мысық әңгімесін бастап кетті.

– Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап, қасқыры мен қояны, арыстаны мен қабыланы жұптарын жазбас достарға айналған Гүлжазира атты ел бар жер бетінде. Мен сол елдің патшасының зарығып жүріп көрген жалғыз қызы – Алуа едім. Бағым ба әлде сорым ба, кім білсін, көркімнен күн тұтылар ерекше сұлу болып өстім. “Он алтыға толған күні қызыңа қатер төніп, ақ мысыққа айналады,” – деп сөуегейлік етіпті мен туған күні жүлдышнамашы. Он алтыға толуыма аттай бір ай қалғанда көзінің жасын көл-детіп, әкем мені жеті қат жердің астына әдейілеп салдырған сарайға түсірді. Бірақ, тағдырдың жазмышына не шара? Арада жарты ай өткенде мен қара мәрмардан қашап салынған сарайда ояндым. Қасымда қабағы жауар бүлттай түнерген қорқынышты қарт түр еді.

– Ө, ояндың ба? – деді ол, мен көзімді ашқан бетте. – Қайдамын деп таңданбай-ақ қой. Бұл сарай – сенің мәңгілік мекенің. Бүгіннен бастап сен менің яғни Қараниет сиқыршының бәйбішесің.

– Жақсылықпен еліме қайтарыңыз, – дедім, өзімді-өзім өзер билеп. – Тен – теңімен, тезек – қабымен. Түбінен қураган көрі ағаш пен жайнаған раушан гүлі қосылушы ма еді?!

Сиқыршы ызадан жарыла жаздады.

– Өшір үнінді! – деді ол, қап-қара болып тұтігіп. Сәлден соң аздап сабасына түсіп. – Жарты ай мерзім беремін, – деді маған. – Ойлан. Енді менен мәңгі-бақи құтыла алмайсың. Дегеніме көнбесең, мысыққа айналдырып жіберсімін. Аштан бұралып, жаның көзіңде көрінгенде өзің-ақ сауға сұрапсың.

“Саған әйел болғанша мысыққа айналғаным артық,”
– деп бекіндім мен.

Тұнерген қара бөлмелер еңсемді езіп өрі өке-шешемді уайымдал, көрер таңды көзіммен атқыздым. Мен он алтыға толған күні, айтқандай-ақ, сиқыршы жетіп келді.

– Қандай шешімге келдің? – деді ол, әй-шәйға қарамастан

– Тұріңе қарасам, жүргегім айниды, саған қалай әйел болмақпын, – дедім тілімді тартпай. Ойым – сиқыршының намысына тиу. Ашуға булыққаны соншалық, сиқыршы тіл-ауыздан айрылыш қалды.

– Жарайды онда, – деді әрең дегендे өзіне келіп. – Басыңа қонған бақты көпсінсөң... Осы сәттен бастап сен адам емес, мысықсың. Тағамың – тек қара су мен қатқан қара нан.

Содан бастап құр су ішіп, қатқан қара нанмен күнелтіп келемін. Тағдырыма қанша налысам да, өзімді адам бейнесіне қайта оралтып, ата-анаммен қауыштырар жан бар екенінен үмітімді үзген емеспін. – Осыны айтып, ак мысық әңгімесін аяқтады.

Аянның тышқанға айналғанын білген бетте Зуһра мен Баян жанұшырып, орман ортасында орналасқан сиқыршы атаның үйіне жеткен еді.

Сиқыршы атай кәрі арқасын күнге төсеп, қыздырынып отырған болатын.

– Не боп қалды? – деді ол жау қуғандай алқынып, әзер жеткен Зуһра мен Баянға таңдана қарап. Жауап орнына Зуһра оған айнасын ұсынды.

– Түсінікті, – деді ол, айнаға қарамай-ақ. – Қараниет жауыз ел шетіне келіп, сойқан салуға кіріскең екен гой.

– Иә, – деді Баян, тағаты таусылып. – Аянды сұр тышқанға айналдырып жіберіпті.

Осы сәт жандарынан “шиқ” еткен дыбыс шықты. Оған мысықтың мияуы қосылды. Қастарында сұр тышқан мен ак мысық түр еді.

Баян мен Зұхраның көздерінен жас шығып кетті.

– Сәл шыдаңдар, – деді сиқыршы ата. – Соны айтты да, әлдеқайдан бір кесе суды қағып алыш, әлдене деп күбірлеп, мысық пен тышқанға бүркіп-бүркіп жіберді.

Келесі сәтте мысық пен тышқанның орнында ажарлары айды ұялтқан Аян мен Алуа қол ұстасып тұрды.

– Танысындар, – деді Аян. – Гүлжазира елінің патшасының қызы Алуа.

– Ал, кәне, уақыт тығыз, – деді сиқыршы, төніп тұрған қауіпті естерінен шығарып үлгірген жастарды асықтырып. – Жеделдетіп іске кірісу қажет. Мен қазір Аян мен Баянның қолдарына сиқырлы май жағамын. Ол сендерге кез-келген қашықтыққа ұшуға мүмкіндік береді. Естерінде болсын, Қараниет жауызды жекпе-жекте жену мүмкін емес. Тек оның жанын сактап тұратын қара гүлді түбімен қопарып жұлыш алғанда ғана оны мерт етуге болады. Ал қара гүл Қараниет сиқыршының елінде орналасқан қара бақтың қақ ортасында есіп тұрған қара ағаштың түбінде. Тек таң Шолпаны туғанда ғана ол бір сәтке көрініп, жоқ болады. Қара бақтың қақпасын алты басты арыстан мен жеті басты жолбарыс күзетуде. Ал бақтың іші көз көріп, құлақ естімеген қорқынышты құбыжықтарға толы. Оларды сиқырмен құрту мүмкін емес. Тек ақ білектің күші мен ақ найзаның ұшына сүйенген жаужүрек батырлар ғана оларды жеңе алады. Екеуің соларға қарсы құреске аттануға тиіссіндер. Таң Шолпаны туғанға дейін құбыжықтарды құртып, қара гүлді жұлыш алу керек. Бұғіннен қалсандар, кеш болады.

Ағайынды қос батыр жауыз сиқыршыны жеңу үшін қандай қауіп-қатерге болсын бас тігуге даяр еді. Сөзге келмей, олар жолға жиналуға кірісті.

Алуа бойтұмарын алыш, Аянның мойнына тақты.

– Бұл сенен қауіп-қатерді аластап, қуатыңа қуат қосады, – деді ол.

Зуһра болса, саусағынан сиқырлы жүзігін шешіп алыш, Баянға кигізді.

– Бұл да сенің өмірінді сақтап, бойыңа күш-қуат құяды,
– деді ол, сүйгеніне сәт-сапар тілеп.

Сиқырлы майды жағып, Аян мен Баян жолға аттанды. Қас-қағым сәтте олар қара бақтың алдында тұрды. Арандай ашылған ауыздарынан шыққан жалын күндік жерді шарпыған алты басты арыстан мен жеті басты жолбарыс күтіп тұр еді оларды. Махаббаттары мен сенім-дерін қалқан ғып ұстаған қос батыр бірлесе қимылдарап, құбыжықтардың барлық бастарын қағып түсірді. Қақпаны ашқан бетте ақырған үндегі құлақты керең қылышп, жай адамның бойына қорқыныш ұялатып, ақылынан адастырар алапат құбыжықтар Аян мен Баянды жан-жақтан қаумалап, тап-тап берді. Олармен шайқас аяқталып, ең соңғы құбыжық өкіріп барып жер жастанғанда Аян мен Баян да қалжырап бітіп еді. Алайда, олар өздерін қолға алыш, бойларындағы бар қуаттарын жиып, қара ағаштың түбіне үмтүлды. Ағаш түбіне жеткен бетте таң Шолпаны да жарқ етті. Шолпан туған сәт жер астынан қара гүл есіп шықты. Көз жетпес жылдамдықпен қимылдаған Аян мен Баян қара гүлді түбімен қопарып, жұлыш алды.

Ағайынды батырларды отандастары бүкіл ел болып қарсы алды. Алуаның әке-шешесі де осында еді. Олар Аян мен Алуага бата беріп, бақытты да ұзак ғұмыр тіледі.

Алла тілеулерін беріп, Аян мен Алуа, Зуһра мен Баян қосылып, немере-шәберелі болып, бүкіл елді басқарып, бақытты да тату-тәтті, ұзак ғұмыр кешіпті.

АҚ БАТА

Баяғыда гүлденген ел болыпты. Жаугершілік өмір заңына айналған беймаза заманда бұл елдің адамдары береке-бірлікке толы бейбіт тұрмыс құрып, мамыражай өмір кешіпті.

Ал олардың он қанатында орналасқан елді қараниет, қаскунем, зұлым патша билесе керек. Көрші елдің күннен-күнге ғұлденіп, бақ-дәулеті артып бара жатқаны оның жанын жегідей жеп, қызғаныш оты ішін өртеп, күйдіре беріпті. Түгін тартса майы шыққан құнарлы жер де көзінің құртына айналып, тыным-тағаттан айрылыпты. Ақыры, ол тәуекелге бел буып, жер қайысқан қалың қол жинап, көрші елді шауып алуға аттаныпты. “Халқы бейқам, алаңсыз. Қаннен-қаперсіз жатыр. Тіпті түнде қарулы күзет те қоймайды екен. Қас-қағым сәтте жаулап аламыз,” – дейді оған барлауға жіберген жансыздары. “Е, бізге де керегі сол, – дейді даңғой патша, қуанышын жасыра алмай. – Құтпеген жерден барып, басып алған жөн.”

Бірақ, оның бұл ойы жүзеге аспады. Ел шетіне ілігіп, алдыңғы лек шекарадан аттай беруі мүң екен, сарбаздардың бойын адам айтқысыз үрей билеп, бірін-бірі ба-сып-жаншып, кері үмтүлді. Таңдаулы ғаскерінің бұл қылышына күйінген патша тоз-тозы шыққан сарбазда-рының басын біріктіре алмай, ақыры намысқа тырысып, топ нөкерімен алға үмтүліп еді, шекарадан өте бере көзінің алдын қара тұман қаптап, су қараңғы соқыр болды да қалды. “Мен қайдамын?” – деп қарманған алдиярды зәресі үшқан нөкерлері сарайға зембілге салып жеткізді.

Қандай ем қолданса да, патшаның беті бері қарап болмады. Не айтып, не қойғанын білмей, сандырақтаған алдиярдың халі күннен-күнге нашарлай берді. Міне, осы сәтте жанұшырған бас уәзірдің есіне бір кезде шындық үшін шырылдал, жазықсыз тұтқындарға араша түскені үшін жеті қат жердің астындағы зынданға қамалған емші түсті. Дауасыз деген дертерден демде айықтыратын құдіреті құшті ақсақал бас уәзірдің әмірімен сол сәтте-ақ зынданнан шығарылып, келесі күні патша сарайында тұрды.

— Қын, — деді бақсы, бірден басын шайқап. — Ашкөздікке салынамын деп патша ақыры нысапсыздығының сазайын тартыпты.

— Текке уақыт оздырмай, патша ағзамды аурудан айықтырудың амалын айт! — деп зіркілдеді бас уәзір, тағаты таусылып.

— Жалғыз ем бар, — деді ақсақал, ойлы. — Ақ ниетті, адад адам барып, көрші елдің топырағынан титімдей топырақты шытқа түйіп өкеліп, патшаның көзіне жағуы керек. Сонда ғана оның есі кіріп, көзі ашылады.

Бас уәзір сөзге келмей, емшінің қасына қарулы жасак қосып, көрші елге аттандырды. Межелі жерге жеткенде сарбаздарды өз жерінде қалдырып, шекарадан жаяу өткен емші алақандай шытқа бір уыс топырақты түйіп алдып, кері оралды.

Қасиетті топырақпен көзін сылауы мұн екен, көзі шырадай жанған патша арыстандай ақырып, орнынан атып түрдү.

— Жоқ, мен мұндай масқараға төзе алмаймын, — деді ол, екі иығын жұлып жеп. Осыны айтып, емшіге төнді.

— Көрші елді жаулап алуудың қандай жолы бар?

— Сап, сап, сабыр. — Данышпан қарт асықпай, саспай, сабырға шақыра сөйлемді. — Ол елді жаулап алу мүмкін емес.

Терісіне сыймай, өзер түрған патша мұны естігендे жынданып кетуге сәл қалды.

— Мүмкін емесі несі? Өзіңнің ішің соларға бұрып түрғой, ә, найсан!

Көпті көріп, көп тоқыған зерделі қарт патша сөзі сүйегінен өтсе де, қарсы сөз айтпай, сабыр сақтады. Сәл үнсіз отырған ол кенет көзін бір нұктеге қадап, толғана сөйлеп кетті:

– Е, тақсыр, бұл елдің тарихының тамыры тым тे-ренде жатыр. Заманың заманында көрші елді Қаранар деген әпербақан, есерсоқ, ұрдажық патша билепті. Бар арманы – бүкіл әлемнің билігін қолына алып, үстемдік ету екен. Осы мақсатпен ол көршилес елдерді бір-біріне айдал салып, атыстырып, шабыстыра берсе керек. Жер-дүние мұң мен зарга толып, төгілген қан тізеден келіпті.

Қаранар хан бастаған қанқұйлы жорықтардың бірінде бір кейуананың көзінің қарашығындай көріп, үміт артқан жалғыз ұлы мерт болыпты. Ақ сүтін көкке сауған кейуана жаратушы жаббар Иемізге жалбарынса керек:

– Е, Алла, жер-дүниені қан сасытқан Қаранардай жауыздан құтқара көр!

Сол-ақ екен, бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген дауыл көтеріліп, Қаранарды тозақ отына ала жөнеліпті.

Ал әлгі елдің адамдары ақылдаса келіп, ақ көңілді, ізгі ниетті, бар өмірін халыққа арнаған Абзал атты ба-тырды ақ киізге көтеріп, хан сайлапты. Содан бері көрші елдің халқы соғыс атаулыны ұмытып, бейбіт өмірге ден қойса керек. Дегенмен, аш қасқырша жалаңдал, жан-жағынан қоршаған көршілерінен қауіптенген Абзал хан сарбаздарын сайлап, ұнемі сақадай-сай отырады екен.

Бар өмірін халқының бақытына арнаған Абзал хан бұл дүниемен хош айттысып, о дүниеге аттанарда Аллаға дұғасын арнап, әулие-әнбиelerді аралап, ата-бабаларының аруағына жалбарынып, халқына бірлік-береке, баянды бейбітшілік берулерін тілейді. Тілеуі қабыл болып, түсінде әулие бабасы аян беріпті:

– Осы сәттен бастап, елінді ешқандай жау ала алмайды. Себебі, оны мызғымас берік қамал – біздің рухымыз қоршап тұр. Бұл біздің – ата-бабаларыңың аруақтарының, адалдығың мен ақжүректігің үшін саған берген сыйымыз. Алайда, сенен кейін таққа отырған хандардың сен сияқты елім деп еңіреген ерлер санатына емес,

қарақан басының қамын ойлаған Қарахандардан болулары мүмкін. Сондықтан, сендерге береке-бірлік пен бейбітшіліктің кепілі ретінде береріміз осы, – деп жұмбақ жазуларға толы әдемі тәжді ұсына тұрып, сөзін жалғастырыпты. – Бұл тәжді киген хан ешқашан да тәубасын ұмытпай, халқының қамын ойлап өтетін болады. Халқының басты бақыты – осында. Бірақ, бұндағы жазудың сыры тек хан мен оның мұрагерлеріне ғана аян болуға тиіс. Файылтан-тайып, жат жерліктердің бірі бұл жазудың құпиясына қанықса, сол сәттен бастап халқың бізден – қорғаушыларынан айрылып, жат жерліктердің боданына айналады. Бірақ, бұл сағат тек хан мен халықтың инеті бұзылғанда ғана соғуы мүмкін, ал осы тәж түрғанда ханның да, халықтың да имандылықтан безініп, адалдықтың ақ жолынан аттауы мүмкін емес, – деп ақ батасын беріпті. Ояна келгенде Абзal хан түсінде көрген тәждін жанында жатқанын көреді. Ақтық демін алар сәтінде осы тәжді мұрагеріне өз қолымен кигізіп, халқына ақ батасын беріп кетіпті. Содан бері сансыз ғасырлар өтті. Жаратқан Иеміз – Алла-Тағалаға сиынып, ата-баба аруағы мен Абзal ханның ақ батасына сүйенген халқы имандылық пен адалдықты ту етіп ұстап, бейбіт өмірді пір тұтумен келеді.

– Сен, – деді патша, емшінің сөзін аяқтапай, кеудесінен нұқып тұрып. – Бүгін түнде хан сарайына кіріп, тәжді алып шығасың.

Алайда, емші патша бұйрығын орындаудан үзілдікесілді бас тартты.

– Бір аяғым көрде, бір аяғым жерде тұрып, күнәға батар жайым жоқ, – деді ол.

Адам атаулы бетіне тік келіп көрмеген патша бұны естігендеге жарыла жаздады.

– Қамаңдар, апарып, зынданға! – деді ол, қалш-қалш етіп.

бар, – деді кенет бас уәзір, басын шайқап.

– Қандай? – Патша жалт бұрылды.

– Көрші елдің ханының тұңғыш ұлы Сырым ханының қызы Ақмарал аруға құда түсті деп естіп едім. Ханзада-ның қалындығына ұрын барған кезін аңдып, қолға түсірсе.

Мұны естігенде патшаның көзі жайнап жүре берді.

– Қарулы жасақ дайында, көрші елдің шекарасына арнаулы күзет қойындар.

– Құп, тақсыр. – Бас уәзір осыны айтып, шығып кетті.

Айтқандай-ақ, арада бірер ай өткенде Досым ханының мұрагері Алмас батыр қалындығына аттанды. Жан-жүре-гін жаулап алған Ақмарал арумен жүздесуге асыққан ханзада тыным-тағаттан айрылып, ұшарға қанаты жоқ еді.

– Бірер сөтке бөгел, балам, – деп анасы оған қоштасарда желден женіл жібек орамал ұсынды.

– Қандай қын сөттерде осы орамалды жазып жіберіп, қалындығынмен тілдесе аласың. Жаман айтпай, жақсы жоқ, жау қолына түсіп, жаның қиналса, осы орамал арқылы бізді көмекке шақырарсың.

– Алғысым... шексіз саған, – деді ханзада, анасын толқи құшағына қысып.

Ақмарал арумен қауышуға асығып, қауіп-қатер атаулыны естен шығарған ханзада Содыр патшаның жол торыған жасауылдарының қолына қалай түскендерін де білмей қалды. Қанша жерден қарсыласса да, мұздай темір құрсанған қаракүрим сарбаздарға Алмас ханзаданың үркердей тобы төтеп бере алмады.

Қол-аяғы бұғауланған Алмас ханзаданы Содыр хан қабағынан қар жауып, қаһарлана қарсы алды.

– Хан өкем күткарады деп үміттенбе, – деді ол. – Си-қырлы тәжде жазылған жұмбақ жазулардың сырны

айтсаң ғана басыңа бостандық береміз. Айтпасаң, күнің қараң.

— Отандастарының басын бәйгеге тігетін сатқынды тапқан екенсін, — деді Алмас, тілін тартпай. — Қанша жерден қинасаң да, бір ауыз сөз айтпаймын.

Патша үнсіз ғана жасауылдарына иек қақты. Адам баласын қинаса ғана жандары жай табатын жасауылдар ханзаданы сөйлету үшін бар амалды қолданып бақты. Жаны көзіне көрініп, ұсті-басы қызыл қанға боялса да, ханзада тырс етіп үн шығармады. Бірер сағат өткенде жасауылдар оны шала-жансар қалпы зынданға тастай салды.

— Есін жиганда сөйлесерміз, — деді бас уәзір, мандай терін сұртіп жатып. — Ендігі жолы ақылдырақ болар.

Ханзада есін тұн ортасы ауа әзер жиды. Кеберсіген ернін жалап, ыңырси басын көтерген оның есіне қоштасарда а纳斯ы берген жібек орамал түсті. “Орамалды қалай жаздым? — деп қинала ойлады ол. — Жаза қойған күн деде, ата-анамнан жәрдем сұрап, ел мен елді қыр-қыстырып нем бар? Екі елдің арасында соғыс ашып, бейкүнә жандардың қанын жүктеймін ғой. Не болса да, өз талайымнан көрейін.”

Ертеңінде кешегі жағдай тағы қайталанды. Тас-түйін тістеніп алған ханзада тырс еткізіп, дыбыс шығармады. Осылайша бір апта өтті. Жетінші күн дегенде шыбын жаны шырқырап, көзіне көрінген ханзада шыдай алмай, тар қапаста қамалып жатып: “Қой, бүйтіп қиналғанша күпия сөзді айтып құтылайын”, — деп ойлады, бір сәтке өзөзілдің жетегіне еріп. Сол-ақ екен, қалтасынан жібек орамал қалқып шығып, жазылып жүре берді. Орамалдың ортасында толған айдай толықсып, Ақмарал ару тұр еді.

— Шыда, жаным, — деді ол, жүзінен мейірім шапағаты төгіліп. — Азаттық алар күнің алыс емес. Абзал атаңын

аруағы желеп-жебеп, жанында жүр. – Осыны айтып, ол ғайып болды.

“Алла, бергенің шүкір, – деп ойлады Алмас. – Абзал атамның аруағы жанымда жүрсе, қандай қындыққа болсын төтеп берерім анық. Алла жазса, бостандық алып, ата-анаммен, Ақмаралыммен қайта қауышармын.”

Болаттай берік, жігерлі жігіттің балталаса да бір ауыз тіл қатпайтынына көзі жеткен Содыр патша қаһарына шындал мінді.

– Қаланың қак ортасына бағана қағып, алау дайындандар, – деп жарлық берді ол – Дандаісұған ханзаданың жазасын беріп, бүкіл халықтың көзінше отқа өртеп өлтіреміз.

Таң ағарып атқанда кісендерін салдыратып, Алмас ханзада аланға шықты. Қызылала қанға боялып, саутамтығы қалмаған тірі аруаққа қарап, бұдан бірер ай бұрын қыз атаулыны ақылынан адастырған арыстай сұлу жігітті тану тіпті де мүмкін емес еді.

Кенет аспаннан алқызыл жулдыз ағып түсті. Демнің арасында оның орнында көрген көздің жауын алып, Ақмарал ару тұрды. Жан жарын қоршаған жасауылдарға назар аудармай, ол Алмас ханзадаға қарай жүрді.

– Алсандар, жанымызды бірге алындар! – деді ол, санқ етіп.

Алғашқы сәтте аузы аңқыып, отырып қалған патша әп-сәтте есін жинап алды.

– Жоқ! – деді ол, орнынан атып тұрып. – Жоқ, сұлуым, қателесесің. Жан-жағына нұр шашқан раушан гүлін мезгілсіз солдырғаннан не шығады? Сенің орның – менің сарайымда.

– Мың асқанға бір тосқан! – Жер түбінен жарып шыққандай құдіретті үн құлағына шалынғанда Содыр патша дір-дір етіп, талып түсеге жаздады. Таныс үн! Бір ай бойы үдайы түсіне еніп, Алмас батырды аман-сауында босат-

паса, сау басы саудаға түсетінін сан рет ескерткен ақсақалдың дауысы.

Содыр патшаның алдында ақ сақалы белуарына түсіп, ақ киімге оранған Абзал ақсақалдың өзі тұр еді.

Сасқандарынан тас мүсінше қалшиып, қозғала алмай қалған халыққа қарап, Абзал ақсақал сөйлеп кетті:

– Иштарлық пен ашкөздік, жауыздық адамды адам бейнесінен айырып, айуандыққа жеткізеді екен, – деді ол. – Сосын Содыр патшаға бұрылды. – Менің елімнің күш-куаты – татулығы мен бірлігінде. Адамшылықтан, ар-ұяttан аттамай, Аллаға сиынып, ата-баба аруағын құрмет тұтатындығында. Ал иманы құшті елді жаулап алу мүмкін емес. – Осыны айтып, ол Алмас пен Ақмаралға қолын созды. Сол-ақ екен, ханзаданың қол-аяғын жаншыған кісендер өз-өзінен сыптырылып түсіп, жаралары ізім-ғайым жоғалып, тірі аруақ әп-сәтте тепсе темір ұзген жиырма бес жасар жігітке айналды. Бір-біріне күлімдей қараған Алмас пен Ақмарал қол ұстасып, Абзал аталарының алдына келіп, тізелерін бұktі.

– Бақытты болындар, – деді ата, оларға ақ батасын беріп. Сосын, халыққа бұрылды: – Патшаның үкімін өздерің шығарындар, – деді.

Қарақан басының қамын ғана ойлайтын оспадар патша халқының сенімінен баяғыда айрылған-ды. Бітіп бермейтін басқыншылық жорықтар әбден титығына жеткен халық береке, молшылықта өмір сүріп, бейбітшілікті ту еткен Досым ханның халқына қызыға қарайтын. Абзал ақсақалдың сөзі қурап тұрған қауға тасталған шаламен тең болды.

– Жазасы – жанымызда ғой. Алауы да дайын. Тұтата салса, бітті, – деген желөкпе жас жігіттің сөзін көпшілік ду етіп, іліп әкетті.

Алайда, өлім, қантөгіс десе жаны түршігетін Алмас ханзада бұл үкімге бірден қарсы шықты.

– Адам қанын жүктегеннен ауыр күнә жок, – деді ол
– Патша тағына Содыр лайық болмай шықты. Ендігі өмірін ол адап еңбегімен өз күнәларын жууға арнасын. Бас уәзір мен екеуін қой бағуға жіберейік. Бір жапырақ наның қандай еңбекпен келетініне көздері жетсін.

Соңғы сөздерді Алмас ханзада тегін айтпап еді. Өз елінде ол ханзадамын деп шіренбей, білегін сыйбанып тастап, қара жұмысқа белсене араласатын.

– Жөн! – деді Абзал ақсақал

– Солай болсын! – деді халық.

Содыр патша тағынан түсірілген соң оның халқы Абзал ақсақал мен Алмас ханзададан өз елдеріне қосып, қанаттарының астына алууды өтінді. Абзал ақсақал Алмас ханзадаға қарады.

– Әкеммен ақылдаспай, ештеңе айта алмаймын, – деді ол. Сол-ақ екен, аланда Досым хан мен Ақмарал арудың әкесі Сырым хан пайда болды. Қастарында бұдан бірер ай бұрын Содыр патша зынданға тастаған емші бар еді.

– Батаңызды беріңіз, ата, – десті олар, Абзал ақсақалдың алдында тізелерін бүгіп.

– Бәріннің де түпкі тектерің бір, – деді Абзал ата. – Ендігі жерде бақталастық, іштарлық атаулыны ұмытып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірігіп өмір сүріндер.

Жүрген жерлеріне құт-береке бітіп, жер бетінде бейбітшілік орнасын. Әумин.

Қарапайым халықтың ғасырлар бойы арманы осылай жүзеге асыпты. Ал Досым хан мен Сырым хан болса, Алмас ханзада мен Ақмарал аруды қосып, ел билігін соларға сеніп тапсырыпты. Алланың ақ жолымен жүріп, адап еңбегіне сүйенген бұл халықты ешқандай жау ала алмапты.

КӨЛ БЕТИНДЕГІ БЕЙНЕ

Аспан мен жердің арасында орналасқан сиқырлы ел бар екен. Бұл елдің ерекшелігі – оның тұрғындары қауырсын қанаттарын тағып, көздерін жұмса, әп-сөттің арасында қалаған жерлерінен шығатын. Аспан мен жердің арасында көшіп жүретін ол елдің мекен-тұрағын тауып, анықтау да қыын болатын. Себебі, оның тұрғындары бір мезгілде бірнеше өлшемде өмір сүретін-ді. Кез-келген өлшемде өмір сүре беретіндіктен олар дүние-мұлік, байлық сынды фәни жалғанның алдамшы қызықтарын қажет етпейтін. Таңғажайып, тамаша елдің тұрғындарын қолға түсіріп, жұмбак сырын ашуға тырысқан кейбір тайпалар шабуылға шыққанда олар зәулім сарай, үйлерін көзді ашып-жұмғанша жиып ұлгіріп, келесі өлшемге көше беретін. Жан-жақтан тосқауыл қойып: “Үң, қолға түсірдім-ау” деп демін енді алған жау: “Қап, бәлем” деп санын соғып қалатын.

Басты байлығы Махаббат пен Сұлулық болып саналатын бұл елді данышпан патша билейтін. Патшаның көрген жанды ақылдан адастырап ғажайып сұлу қызы бар еді. Көркінен күн тұтылар жас аруға жүрегін ұсынып, құда түсушілер легі тынбай ағылса да, патша олардың бәрінің бетін қайтара беретін. Қызы дүниеге келер түні бабасының аруағы аян беріп, ол жер бетінің патшасының ұлымен – ханзадамен тұрмыс құрып, жерде өмір сүретінін айтқан-ды. “Сол арқылы ғана екі әлемнің арасындағы тепе-тендікті қалпына келтіре аласың” – дегенді ол.

Кезінде патша жер бетінің қызына ғашық болып, алып қашып, үйленген еді. Әлемдік тепе-тендікті сақтау үшін оның орнына қызын жіберу керек екенін, өз елінің еркі мен құдіретін сол арқылы ғана сақтап қала алатынын патша сол жолы үғып еді.

Бетінен қақпай, ерке өсірген қызы ғаламның қай түкпіріне жол тартса да, патша титтей де қарсылық көрсетпейтін. Қандай қыын жағдайда қызы тапқырлықпен жол тауып, өзіне мәлім, өзгеге беймәлім өлшемдердің біріне сіңіп, ғайып болатынына патша кәміл сенетін.

Анасының қалауымен жер бетінен алынған арғымаққа мініп, бой жазып қайтуға жиналған аруға кенет: “Жерге түсіп, сейілдеп қайтсам қайтеді?” деген ой келді. Айтты – бітті. Көзін жұмып: “Жер беті. Жасыл жайлau. Адам аяғы баспаған қиян түкпір” деген қыз қас-қағым сөтте қалаған жерінде тұрды. Бұл жер бетінің жәннатқа бергісіз аса көркем өнірлерінің бірі-тұғын. Сыңсыған ну орманның ортасында орналасқан алаңқайды қақ жарып, айнакөл ағып жатты. Көлді қос қапталдан қаумалай коршап, жұпар иісі ішпей-жемей мас қылған алқызыл гүлдер құлпыра жайнап, көз жауын алуда. Белуардан келген көкорай шалғынға армансыз аунап, гүл толы алаңқайда көңіл көтеріп, біраз жүрген қыз көл жағасына келіп, өз бейнесіне үнілді. Көл түбінен өзіне құлімдей қараған ай жүзінен көзін алмай, қыз біраз тұрып қалды.

Қыз көлдің сиқырлы көл екенін білмейтін. Оған келіп, қараған әрбір жанның бейнесі су бетінде сурет болып, сақталып қалатын.

Қайтуға жиналған қыз арғымақ атын таппай, табанынан таусылды. Кенет, оның есіне анасының: “Қызым, байқа! Жер бетіне саяхатқа аттансан, тұлпарыңнан біржола айрыласың. Туған жерін таныған ат бізге қайта оралуды қаламай, амалын тауып, сонда қалады” деген сөзі түсті. Басын шайқап, жан-жағына мұңая қараған қыз сүйікті тұлпарымен іштей хош айтысты да, өз еліне қайыра ұшып кетті.

Араға артық-кемі жоқ жыл салып, көл жағасына бүкіл әлемнің билігін қолына алған құдіретті патшаның жан

дегенде жалғыз ұлы келді. Үш жыл бұрын оның көрген жанды ғашықтық отына өртеген сұлу көркіне қызықсан ғафрит үйқтап жатқан жерінен ұрлап алып, жердің қыыр шетіне, өз мекеніне алды қашқан еді. Ғафриттің сан қырлы алдау-арбау, айласына бой алдырмаған жігіт ақыры оның өзін алдап соғып, тұтқынан қашып шығып еді. Енді ғана есін жиып, қай бағытқа бет аларын білмей, төңірегін шолып тұрған жігітті қөлеңкесі құнді қөлегейлеген екі басты самұрық құс іліп алып, көл жағасына әкеліп, топ еткізді. Арасынан ине өтпейтін ну орманға түңіле қараған ханзада тағдырына шындалп налыды. Ойға батып, біраз тұрғасын: “Әуелі шөлімді қандырып, жеміс-жидек жеп алып, қалған іске сосьын барып кірісейін” деп шешкен жігіт көлге келіп, үңілген бетте өз көзіне өзі сенбей, көл бетіне қадалды да қалды. “Құдай-ау, өңім бе бұл, тұсім бе?” Су бетіндегі жансыз бейнеге еріксіз арбалған жігіт жүрегі өртеніп, үш күн, үш тұн ақылынан адасып, талып жатты.

Есін жиган бетте ғажайып суретке көз алмай, қайта қадалған жігіт: “Бұл қызың қайда жүрсе де, қай елді мекендесе де тауып алып, тек осыған үйленемін, – деп шешті. – Бірақ, әуелі бұл “тұтқыннан” шығудың амалын қарастыру керек қой.”

Ой тұңғиғына шомған жігіт ту сыртынан ат тұяның дүбірі естілгенде еріксіз жалт бұрылды. Аузынан жалын шашқан суреттей сұлу арғымак – қанатты ат тұяғымен жер тарпып, оған қадала қарап тұр еді. Ханзада өзіне бұрылған бетте пырақ басын иіп:

– Армысың, қожайыным! – деп саңқ етті. Жігіт селт етті:

– Қожайыным?!

– Иә. Мен өзінді бір жылдан бері күтудемін. Ал қазір, арқама отыр да, жалымнан мықтап ұстан. Туған жерінің

топырағына табаның тиіп, ата-анаңмен қауышар күнің жақын.

Жігіт сөзге келмestен, қанатты атқа қарғып мінді. “Құдайым-ау, бұл не ғажап?” деп қояды күбірлеп.

Әбден құдерін үзіп, өлдіге санаған ұлдары пыраққа мініп оралғанда көрі патша мен ханым өз көздеріне өздері сенер-сенбесін білмей, көкіректерін кернеген куаныштары лықси төгіліп, сүйікті ұлдарын құшақтарына қыса берсе керек. Қара жамылып, қайғы оранған сарай іші де күлкі мен шаттыққа толып, жанданып жүре береді. Жан дегенде жалғыз ұлы туған үясына аман-сau оралғанына жүрегі жарыла қуанған патша алты алашқа ат шаптырып, ұлы-дүбір той жасайды. Сонымен қатар, ұлының аяғын тұсап, өзіне лайық жар табуды армандаған әке жер-көктегі көзге түсер сұлуларды тойға арнағы шақырады. Алайда, көл бетінде көрген таңғажайып арудың арман-бейнесін жүрегінде сақтаған жігіт көрген жанды күндіз күлкі, түнде үйқыдан айырған айтулы сұлулардың бір де біріне көз қызығын салмайды. Бұны байқаған патша бір күні ұлын оңаша шақырып алып:

– Балам, жүрегінді жеген уайым бар ғой? – деп сұрайды.

Жігіт жасырмастан көл бетіндегі жұмбақ сурет жайлы баяндап береді.

– Е-е-е, – деп патша қалың қабағын түйіп, ойға батады. Енді ғана қауышып, көзайым болған сүйікті ұлын беймәлім, алыс сапарға аттандыруға тұра келетінін айтқызбай үққан данагөй қарт жолына бөгет болмай, өз бақытын табуға мүмкіндік-мұрсат беруді ойлады. “Алла өзі сақтар” деп шешеді ол. Мұлгіген қалың ойдан басын көтерген патша:

– Кіндік шешене барып, сәлем бермедің ғой, – дейді оған қуақылана қарап. – Маған келсек… Ал, балам, алақаныңды жай. Бердім батамды!

Қуанышы қойнына сыймаған жігіт алақанын жайып, тізерлеп отыра қалады. Әкесінен бата алған бетте ол анасының алдынан өтіп, қанатты атқа отырып, ел шетіне жол тартады.

Айлық жерді қас-қағымда алатын қанатты ат көзді ашып-жұмғанша алты қанат ақ боз үйдің алдында тұрды. Тысқа шығып, көзін құннен көлегейлеп, құбыла жаққа зер сала қараған кейуана кіндік баласын көрген бетте:

– Өзім де сені келеді-ау деп жол тосып тұр едім, – дейді оған, құшағын жайып.

– Кешір, апа. Ертерек келе алмадым, – дейді ханзада, кейуананы құшағына қысып.

– Оқасы жоқ, балам. Демалып, тынығып ал. Сосын... сені ұзак жол күтуде ғой.

– Апа, сіз менін...

– Иә, балам. Көл бетінен көрген жұмбақ суреттін сыры мәлім маған.

Сәл демалып, жүрек жалғағасын кіндік шешесі ханзадаға күміс жүзік ұсынып:

– Бұл жүзікті саусағыңа салсан болды; сол сәтте сүйгениңің алдында тұрасын. Есінде болсын: оның анасы – менің туған сіңлім. Осы жүзік арқылы ол сені сөзсіз тануға тиіс, – дейді.

– Сақ бол. Сәтсіздікке ұшырасаң, бөгелмей, бірден маған келгейсің. Ал, жолың болсын, – деп кіндік баласын сапарға аттандырады.

Кейуананың айтқанын айнытпай орындаған жігіт көзін ашқанда өні түгіл түсінде көрмеген таңғажайып тамаша сарайда тұрғанын көріп, өз көзіне өзі сенбейді. Қарсы алдында ай мен күндей жарқырап, сүйген қызы тұр еді. Оған көзі түсіү мүн, асықтықтың өртіне күйіп-жанған мәжнүн бар әлемді ұмытып, есінен танып, құлап түседі. Есін жиган бетте жан-жағына көз салған жігіт өзіне тандана үңілген патша мен патшайымды көріп.

қолын кеудесіне қойып, басын иіп, сәлем береді. Осы сәтте оның саусағындағы күміс жүзікке көзі түскен ханым еріксіз алға ұмынып:

— Бәсе, бұл — жердің адамы. Және жай адам емес, жер бетіндегі ең ұлы, ең әйгілі патшаның мұрагері, — дейді.

— Ал, менің апамның жүзігі сенде қайдан жур?

— Ол — менің кіндік шешем, — дейді ханзада, іркілмей жауап қатып. — Сізге сәлем айтуда.

Мән-жайға қанығып, ханзадамен танысқасын патша:

— М-м-м, — дейді ойға батып. — Қызымның мандайына жазылған жер бетінің ханзадасы осы болғаны ғой. Қанатты аттың бұны бір жыл бойы күтуі — тегін емес. Әрі бабам берген аянда: “Күйеу балаңның қолында күміс жүзік болады” деп еді ғой.

Қыз жігітті көргенде бар әлемді ұмытып, жүрегінде маҳаббат оты тұтанған-ды. Екі жастың бір-бірімен тілсіз ұғысып, табысқандарын бірден сезген данышпан патша сөзге келмей, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, қос ғашықты қосып, жер бетіне шығарып салады. Ханзада оларға жер бетіне жеткесін көп кешікпей тойға шақырып, ата-анасымен таныстыруға уәде беріп, жән жарымен бірге атқа қонады.

Көрші елдердің бірінде ғұмырын тек зұлымдық пен қастандыққа арнаған Қумүйіз атты сиқыршы бар еді. Қумүйіз атанған себебі, оның жалтыраған тақыр басының қак төбесінде қуарған жалғыз мүйіз өсіп тұратын. Оның бар күш-қуаты сол мүйізде-тұғын.

Қумүйіз сиқыршы аспан мен жер арасында өмір сүретін көшпелі елдің айдай әлемге атағы жайылған ару қызына өлердей ғашық еді. Жылдар бойы тер төгіп, қызды қолға түсірудің амалын таппай, діңкесі құрыған сиқыршы құндердің бір күнінде оның жер бетінің ханзадасына тұрмысқа шығып, соның еліне аттанғалы жатқанын біліп, қыз бен жігіттің жолына тосқауыл қойып, андуға кіріседі.

Қыздың ата-анасымен хош айтысып, жер бетіне жол тартқан қос ғашық бүл әлемдегі ең бақытты жандар еді. Ел шетіне енді ілігіп, күміс жұзікті саусағына сала берген жігіт сүйгенінің кенет сағымға айналып, бұлдырап, еріп бара жатқанын көріп, ақылынан адаса жаздайды. Ойы сан-саққа жүгіріп, қайғының қалың тұманына батқан жігіттің есіне кіндік шешесінің: “Сәтсіздікке ұшырасан, бөгелмей, маған келгейсің”, – деген сөзі түсіп, кіндік шешесінің үйіне бет алады.

Салы суға кеткен ханзаданы көрген бетте бар жәйтті айтқызыбай ұққан кейуана сиқырлы айнаны алыш, әлдене деп күбірлеп, дем салуға кіріседі.

– Сүйгенің Қумүйіз сиқыршының қолына түсіпті, – дейді ол, сәлден кейін. – Оның көзін біржола құртпай тұрып, жан жарыңмен табысу мүмкін емес. – Осыны айтып, ол жігітке алтын жұзік пен көрінбейтін жамылғы беріп, ғашығының бейнесін алғаш көрген көлге барып, бір құты су алу керектігін айтады. – Суды алғасын көрінбейтін жамылғыны жамылыш, саусағыңа күміс жұзікті салып, көзінді жұмғайсың. Көзінді ашқан бетте алдында өрім-өрім жыртық шапанға оранған қайыршы тұрар. Қумүйіз сиқыршы – сол Сен сүйгенінді іздең келерінді біліп, қалыда бас салып, сиқырлап алайын деп әдейі аңдып жүр. Төбесіндегі мүйізі жыбырлап, сиқыршыға белгі бергенде құтыдағы суды шашып жібергейсің. Әйтпесе, күнің қараң. Мүйізі арқылы ол сені көрінбейтін жамылғыдан да танып, тауып, сиқырлап ұлгіреді. Қумүйіз сиқыршыдан құтылар жалғыз жол осы.

Қумүйіздің елінде оның сиқырының құрбандығына айналған адамдар көп. Сиқыршының көзі жойылған бетте олардың бәрі адам бейнесіне қайта енеді. Алайда, жан жарыңды олардың арасынан табамын деп үміттенбе. Жауыз сиқыршы оны сарайының астынан қырық қабат құдық қаздырып, ақ сазанға айналдырып, сол құдықтың

түбінде сақтауда. Ол жерге қанатты атың бара алмайды. Дереу алтын жүзікті алып, саусағыңа салып, көзінді жұм. Сол сәтте сазан балықтың жаңында тұрарсың. Сүйгенің – сол Алтын жүзік денесіне тиген бетте ол бірден өз бейнесіне енеді. Қатты қысып, құшақтап ал да, көзінді жұм. Көзінді ашқанда Қумүйіз сиқыршының сарайының алдында тұрарсың, – деп кіндік шешесі сәт-сапар тілеп, ханзадамен хош айттысады.

Кіндік шешесінің бар айтқанын бұлжытпай орындаған жігіт Қумүйіз сиқыршыға құтыдағы суды шашып жібергенде ол шыбын-шіркей, құрт-құмырсқаға айналып, әп-сәтте көзден файып болады. Сүйгеніне асыққан жігіт алды-артына қарайламай, алтын жүзікті саусағына салып, көзін жұмады. Көзін ашқанда ол, айтқандай-ақ, құдық түбінде, өзіне жалынышты жүзбен жәудірей қараған аппақ сазан балықтың жаңында тұр еді. Балыққа алтын жүзікті тигізген бетте ол өзінің ғашығына – жан жарына айналады. Бар әлемді ұмытып, бір-біріне айқара құшақ жайған екі жас көзді ашып-жұмғанша Қумүйіз сиқыршының сарайының алдында тұрады. Сарай алдындағы алаң қаптаған қарапұрым халыққа толы еді.

Құмырсқаның илеуіндей гулеген топтың арасынан сақалы омырауын жапқан салиқалы адам сұрылып шығып:

– Біз – осы елдің байырғы тұрғындарымыз. Жер астынан жік боп шығып, екі құлағы тік боп шыққан Қумүйіз сиқыршы қаланың қақ ортасын ойып, өзіне сарай салдырып, дүйім елді тұп-тұқиянымен, тайлы-таяғын қалдырмай құртуды мақсат етіп, бәрімізді бірдей сиқырлап, жан-жануар, хайуанаттарға, өсімдік, тастарға айналдырып жіберіп еді. Басымызға төнген қара бұлтты сейілтіп, жауыз сиқыршыдан құтқарған сіздерге айтар алғысымыз шексіз. Ел билігін қолдарыңызға алып, патша тағына отыруларыңызды өтінеміз, – дейді.

Ол сөзін аяқтаған бетте алаңға жиналған халық коғадай жапырылып, бастарын жерге жеткізе иіп, топ бастаушының сөзін бірауыздан қостайтындарын білдіреді.

– Ниеттерінізге, сенімдеріңізге ризамыз, – дейді жігіт, сүйгенімен ақылдастып. – Өкінішке қарай, тілектеріңізді қабылдай алмаймыз. Алыста екі көзі төрт болып күтіп отырған ата-анамыз, еліміз бен жеріміз бар. Қарсы болмасаңыздар, араларыныздан ел сенімін арқалай алатын бір адамды патша етіп, сайлап кетсек қайтеді?

– Тандау еркін сіздерге бердік, – дейді халық.

Жігіт алтын жұзікті қолына алып, алдындағы топқа бағыттағанда ол топ бастаушыны нұсқайды. Ол, расында, елдің ең сыйлы адамдарының бірі еді. Қуанышы қойнына сыймаған халық оны төбесіне көтеріп әкетеді. Жаңа патшаны таққа отырғызып, көл-көсір сый-сияптақа бөленген қыз бен жігіт арағабірер күн салып, қанатты атқа отырып, өз елдеріне бет алады.

Сарайға енген бетте өз ата-анасының қалындығының ата-анасымен бірге отырғанын көрген жігіт тіл-ауыздан айрыла жаздайды. Қыздың анасы өзінің кіндік шешесімен алаңсыз әнгіме-дүкен құруда еді.

– Жер бетін, біздің елді қалай тауып келдіңіздер? – деген оның сауалына қайын атасы күліп:

– Қарағым-ау, біз үшін арақашықтық, уақыт жоқ қой. Әлем кеңістігінің әр түкпірі – өз үйіміз. Қалаған сөтте кез келген жерден шыға береміз, – дейді.

Ой, ұлан-асыр той басталып берді дейсің. Аспан мен жер арасындағы сиқырлы ел мен жер бетінің тұрғындары біріккен бұл тойға жиналған жаннның көпшілігі соншалық, күннің көзін тұтылдыра жаздалты.

Қанатты атқа мініп, алтын, күміс жұзіктерді саусақтарына салып, аспан мен жер арасын емін-еркін шарлаған ханзада мен ханша жүрген жерлеріне мейірім-шапағат шашып, барша армандарына жетсе керек.

МАЗМҰНЫ

Ақерке. Ертегі-повесть.....	3
Сыбызы.....	142
Ай аруы.....	149
Ұрланған бейнे.....	155
Махаббат құдіреті.....	161
Құрбақаға айналған адам.....	169
Аян мен Баян.....	171
Ақ бата.....	177
Көл бетіндегі бейнे.....	187

Әдеби-көркем басылым

Айнаш Мәуkenқызы

АЙ АРУЫ

Ертегілер

(қазақ тілінде)

Редакторы *O. Кенжебек*

Суретшісі *B. Жапаров*

Компьютерде беттеген *Ж. Жақсыбайқызы*

Корректоры *Ж. Құжиманова*

ИБ №112

Теруге 16.04.2004 ж. жіберілді. Басуға 20.04.2004 ж. қол қойылды.
Пішімі $84 \times 108^1/_{32}$. Қағазы оффсеттік. Қаріп түрі “Kz NR”. Шартты
баспа табағы 10,5. Есептік баспа табағы 8,1. Басылымы оффсеттік.
Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 970.

“Аударма” баспасы,

473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

“Астана полиграфия” акционерлік қоғамы,

473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.

**“АУДАРМА” БАСПАСЫНАН
2002-2003 ЖЫЛДАРЫ
ШЫҚҚАН КИТАПТАР**

**“Шытырман оқигалар және фантастика”
сериясы бойынша:**

М.Твен. “Том Сойердің басынан кешкендері”.

Р.Стивенсон. “Қазына аралы”.

Д.Дефо. “Робинзон Крузо”.

Г.Хаггард. “Сүлеймен патшаның кеніші”.

В.Арсеньев. “Дерсу Узала”.

Джеймс Х.Чейз. “Із қалмасын”.

Дж. Гринвуд. “Өгей бала”.

Фенимор Купер. “Могиканның соңғы тұяғы”.

Э.Сетан-Томпсон. “Кішкентай жабайылар”.

У.Мак-Гиверн. “Барлығына қарсы жалғыз өзі”.



Айнаш Мәуkenкызы 1967 жылы Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданындағы Боран ауылында туған. Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік Университетінің филология факультетін бітірген.

Еңбек жолын Марқакөл аудандық “Шамшырақ” - “Маяк” газетінде тілші, бөлім менгерушісі болып бастаған. Республикалық “Ұлан”, “Сақшы” газеттерінде, “Зерде”, “Арай” журналдарында қызмет істеген. Айнаш негізінен ертегі, фантастика және криминалдық тақырыпта жазады.

ISBN 9965-18-100-4

A standard linear barcode representing the ISBN number 9965-18-100-4.

9 789965 181009